

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК  
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИЕТІ**

**АЛИБЕКОВ С.К.**

**ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА  
БЕЙІМДЕУ**

**(ОҚУЛЫҚ ҚҰРАЛ)**

**Ақтау-2011**

УДК 343.+316.6 (075)  
ББК 67.51.60.55 я 7

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг  
университеті ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған

**Пікір жазғандар:**

**Ағдарбеков Т.А.** - Жаратылыс тану ғылымдары Ұлттық академиясының  
академигі, заң ғылымдарының докторы.

**Арғынбекова Г.И.** – заң ғылымдарының кандидаты, доцент.

**Абдукаримова Ж.С.** – заң ғылымдарының кандидаты.

**А 44 Алибеков С.К.**

Жазасын өтеген тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу: Оқулық құрал. –  
Ақтау: Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ баспа бөлімі, 2011. – 135 б.  
ISBN 978-601-7276-59-1

Оқулық құралда бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғаларды жағымды әлеуметтік ортаға бейімдеудің криминологиялық мәселелері қарастырылған. Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына барынша икемді және табысты түрде бейімделуі қылмыс рецидивінің алдын алудағы маңызды фактор ретінде қарастырылып, аталған үрдісті басқару мен бақылаудағы мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар қызметінің құқықтық негіздеріне талдау жасалынған. Оқулық құралға қылмыстық-атқару заңнамасына соңғы жылдары енгізілген толықтырулар мен өзгертулер кірістірілген.

Оқулық құрал жоғарғы заң оқу орындары мен факультеттерінің студенттеріне ҚР Қылмыстық-атқару құқығы, Криминология тәрізді пәндерді меңгеруге көмекші құрал ретінде ұсынылған.

УДК 343.+316.6 (075)  
ББК 67.51. 60.55 я 7

ISBN 978-601-7276-59-1

© Ш. Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

## КІРІСПЕ

Қазіргі таңда қоғамды толғандырып отырған мәселелердің қатарында қылмыстылық және онымен қарқынды түрде күрес жүргізу мәселесі аса өзекті болып табылатындығы айқын. Тәуелсіздігіне қол жеткізгеніне жиырма жыл енді толғалы отырған Қазақстан Республикасы өзін егемен мемлекет ретінде орынықтыра отырып, аса маңызды және көлемді әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық реформаларды жүзеге асыра білді. «Біз елімізді эволюциялық даму арнасына салып, іргелі институттық реформаларды табанды түрде жүргізе алдық» - деп атап көрсетеді Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаев [1.31.]. Қоғамдық қатынастарды әділетті реттеу және жекелей алғандағы әрбір қоғам мүшесінің құқықтары мен бостандықтарын нақты қамтамасыз ету әділетті қоғам орнатып, өзін құқықтық мемлекет ретінде орнықтырғысы келетін мемлекет үшін басты міндет болса керек.

Қоғамдық қатынастарды реттеу барысындағы өзінің басты міндеттерін мемлекет талапқа сай атқара алмаса, жеке адамның негізгі құқықтары мен мүдделерін құқыққа қайшы, соның ішінде қылмыстық қол сұғушылықтан тиімді түрде қорғай алмаса, қоғамда келеңсіз көріністердің белең ала бастайтындығы түсінікті жағдай.

Жоғарыда аталған аса ауқымды және маңызды реформаларды жүзеге асыруда Қазақстанның тәжірибесі де, шын пейілді кеңесшісі де жоқ болатын. Алайда аталған міндеттерді барынша тез және икемді шешу уақыттың өзі қойып отырған міндет болатын. Елбасы «нарықтың әлеуметтік проблемаларды өзінен-өзі шешіп бере алмайтындығы сияқты әділетті қоғам да декереттермен құрылмайды. Нарықтық романтизмнің немесе құқықтық абстракциялардың кезекті утопиясының торына түсіп қалмас үшін біз халықтың жаппай күтіп отырған нәрселерін парасаттылықпен бағалауға тиіспіз» - деп осы мәселеге ерекше назар аударады [1.63].

Статистикалық мәліметтерге талдау жасайтын болсақ 1995 жылы Қазақстанда 183913 қылмыс оқиғасы тіркеліп 111174 адам қатысқан, 2000 жылы елімізде 150790 қылмыс жасалып оған 99670 адам қатысты болса, ал 2001 жылы 152168 қылмыс жасалып оған 103471 адам қатысқан, 2002 жылы 135150 қылмыс, 2003 жылы 152168 қылмыс, 2004 жылы 143,6 мың қылмыс, 2005 жылы 146,3 мың қылмыс жасалғандығын байқауға болады.

Соңғы жылдардағы мәліметтерге көз жүгірте отырып еліміздегі криминогендік жағдайдың біршама тұрақтанғандығын анық байқауға болатындай. Дей тұрғанмен қылмыстылықтың құрылымындағы, қарқындылығындағы жағымсыз өзгерістерге байланысты жалпы жағдай әзірге өте күрделі күйінде қалып отыр. Сонымен бірге еліміздің әртүрлі аймақтарындағы қылмыстылықтың деңгейі де әркелкі болып табылады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін тағы да статистикалық мәліметтерге жүгінейік.

Құқықтық статистика мен арнайы есепке алу комитетінің Маңғыстау облысы бойынша басқармасының ақпараттық-статистикалық материалдарында жарияланған деректерге қарағанда Маңғыстау облысы бойынша 2001 жылы

3011 қылмыс, 2002 жылы 2664 қылмыс, 2003 жылы 2374 қылмыс, 2004 жылы 2926 қылмыс, 2005 жылы 2842 қылмыс, 2006 жылы 3071 қылмыс тіркелгендігін байқауға болады. Маңғыстау облысы бойынша қылмыстылық деңгейінің бес жыл ішінде, яғни 2001-2004 жылдар аралығында төмендегендігі байқалғандығымен бұл көрсеткіш 2004 жылдан бастап қылмыс деңгейінің өскендігін анық көрсетеді. Қылмыстардың ашылу көрсеткіші 2001 жылы 79,9%, 2002 жылы 80,2%, 2003 жылы 80,2%, 2004 жылы 77,9%, 2005 жылы 75,6%, 2006 жылы 63,9%, құраған. Осы мерзім аралығында Маңғыстау облысында тіркелген ауыр және аса ауыр қылмыстардың саны 10,41%, артқан немесе 2005 жылы ондай қылмыстардың жалпы саны 663-ті құраса ол көрсеткіш 2006 жылы 732-ні құраған және олардың 202-сі оның ішінде 4 қасақаналықпен адам өлтіру оқиғасы ашылмай қалған. Тіркелген қылмыстардың жалпы санының қатарында ауыр және аса ауыр қылмыстар 23,8%,-ды құраған[2, 5.].

Сонымен қатар кейбір реттерде қылмыстардың тіркелмей қалуы немесе жәбірленушілердің өздеріне қарсы жасалған қылмыстық қол сұғушылық оқиғасына байланысты күзіретті органдарға хабар бермейтіндігін ескерсек, қылмыстылықпен күрес қоғамымыздағы көкейтесті мәселелердің қатарында қалып отырғандығын мойындауымыз керек.

Қоғамдағы қылмыстылықтың алдын алудағы әралуан жүйелердің арасында шешуші маңыз әлеуметтік-экономикалық, ұйымдастырушылық пен басқару, идеологиялық, құқықтық және мәдени-тәрбиелеушілік сияттағы шараларға беріледі. «Құқықтық мемлекеттің дамуын қамтамасыз ететін құралдардың бірі дұрыс айқындалған қылмыстық-құқықтық саясат болып табылады. Біздің елімізде бұл адамды, оның өмірін, құқықтарын, бостандықтарын ең жоғарғы құндылық деп жариялаған Негізгі Заңнан келіп шығады. Заң бұзушыларға қарсы қатаң жазалау шараларынан бас тарта отырып, мемлекет олардың жауапкершілігінің ақылға қонымды түрлерін орнықтырады, ол құқықтық саясаттан және жазаны орындау жүйесін ырықтандырудан көрінеді [3.92]. Алайда қылмыстық заң бұзылған кезде, яғни жасалған қылмыспен күресте жаза қоғамдық қатынастарды қылмыстық қол сұғушылықтан қорғаудың қажетті құралы ретінде сақталып қалады. Дегенмен бас бостандығынан айыру түріндегі жаза заңға қандай сәйкестікте де жүзеге асырылғанымен, түзету колониясының жағдайында сотталған адамның жеке басындағы жағымды өзгерістерге қол жеткізудің өте күрделі іс болып табылатындығын мойындаған дұрыс. Сотталғандарды түзету қоғам мен мемлекеттің стратегиялық қажеттіліктеріне, қоғам өмірін демократиялау мен ізгілендірудің мүдделеріне ақыр аяғында, сотталған адамды түзетіп қалыпты қоғамдық-пайдалы қызметке қайтып оралуына, құқыққа сай жүріп-тұратын азаматтың дағдылары мен қажеттіліктерін сіңіруге жауап береді. Аталған мақсат сонымен бірге сотталғандардың түзелуін бірінші кезекке қоятын, қылмыскерлерге қараудың халықаралық стандарттарына да сай келеді.

Қылмыстылықтың, соның ішінде қылмыстың қайталануының алдын алуда, яғни олардан сақтандыру бағытындағы қазіргі кезеңде ұйымдастырылып жүзеге асырылуы тиіс шаралардың бірі болып, қылмыстың алдын алу мәселесін

жан-жақты зерттеу және осының негізінде кепіл-кеңестерді тұжырымдау және де оларды тәжірибеде қолданудың тетіктерін жасақтау болып табылады.

Қылмыстық жүріс-тұрыс бірнеше құқықтық пәндер арқылы зерттеледі, олардың арасында соңғы жылдары криминология және құқық социологиясы үлкен маңызға ие болып отыр. Бұл түсінікті де, себебі қылмыстылықпен күресті ғылыми тұрғыдан ұйымдастыру тек қылмыстылықтың әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәнісін терең ашу, оның себептерін талдау, сонымен бірге қылмыстылықтың алдын алу шараларын жасақтау негізінде ғана мүмкін болады дейді В. Н. Кудрявцев [4, 3.]. Жоғарыда аталған міндеттерді табысты түрде шешуге ықпалын тигізетін шаралар жүйесінде маңызды рөл, біздің ойымызша, қылмыстық соның ішінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу мәселесіне берілуі тиіс. Статистикалық мәліметтерге жүгінер болсақ, әрбір бесінші қылмыс бұрын сотталған адамдармен жасалады және де рецидивистердің үштен бірі бостандыққа шыққаннан кейін бір жылдың ішінде жаңа қылмыстар жасайды [5, 3.].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуі криминологияның маңызды мәселелерінің бірі саналады, себебі, тұлғалардың аталған санатының тарапынан жасалуы мүмкін жаңа қылмыстардан сақтандыру қылмыстылықпен күрестің негізгі бағыттарының және де рецидив мәселесінің орталық буындарының бірі болып табылады. Өкінішке орай аталған тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына әлеуметтік тұрғыдан алғандағы бейімдеу мәселелеріне, оның әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық, криминологиялық және құқықтық жақтарына әзірге жеткілікті назар аударылмай отыр. Өзінің Қазақстан халқына жасаған 2010 жылғы жолдауында Елбасы «жазасын өтеген тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу мәселесімен ешкім де айналысып отырған жоқ» деп атап көрсеткен болатын.

Сонымен бірге адамның жаңа ортаға әлеуметтік тұрғыдан бейімделу үрдісі (процесс) барынша күрделі және қарама-қайшылықты болып келеді, себебі бұл тұлғаның әлеуметтік рөлдерінің, өзін қоршаған әлеуметтік ортадағы мәртебесінің үлкен өзгерістерге ұшырауына тікелей себепші болады соның салдарынан адамның өмірлік ұстанымдар, тәлімдер мен дағдылар, әлеуметтік-өнегелік бағдарлар жүйесін қайта құруы қажеттілігінің алғышарттары пайда болады.

Адамның көзқарастарының, оның дағдылары мен тәлімдерінің белгілі бір дәрежедегі кертартпалығына байланысты жаңа ортаға бейімделу көп реттерде ішкі күйзеліс, психологиялық кедергі жағдайында өтеді. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдар үшін жаңа ортадағы әлеуметтік бейімделу процесі бостандыққа шыққан адамдардың жеке бастарының ерекшеліктерінен, қоршаған әлеуметтік ортаның сипатымен және де олардың әртүрлі шағын топтармен өзара әрекеттестігінің ерекшеліктерімен шартталатын бірқатар объективтік және субъективтік себептерге байланысты көптеген қиындықтарды пайда қылады.

Жазадан босатылғандарды бейімдеу – көп қырлы процесс. Ол сотталған адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына дайындаудың өнегелік, психологиялық және практикалық мәселелерінің, жазаны өтегеннен кейінгі олардың жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгеруінің, қоғамдық тұрғыдан пайдалы болып табылатын байланыстарын қалпына келтірудің, бейімделу үрдісінің мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан белсенді түрде басқарылуының, бостандыққа шыққан адамдардың пайдалы қызметке қайтып оралуына кедергі келтіретін жағымсыз факторларды жоюдың кешенін қамтиды. Осы айтылғандар өз кезегінде жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесін тек әлеуметтік психология тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ педагогикалық, криминологиялық және құқықтық тұрғыдан да кешенді түрде зерттеуді талап етеді.

Біздің жұмысымызда негізінен алғанда жазадан босатылғандардың немесе жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуі үрдісі жазасын түзеу мекемелерінде өтеген тұлғаларға қатысты түрде қарастырылған. Бас бостандығынан айыруға салыстырмалы түрде алғанда қоғам үшін барынша қауіпті, әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан алғанда бетімен кеткен, түзелуі, тәрбиленуі және пайдалы қызметке қайтып оралуы барынша үлкен қиындықтарды туындататын қылмыскерлердің тартылатындығы, зерттеу жұмыстарының осы бағытта жүргізілуіне себепкер болып отыр.

Сонымен қатар қоғамнан оқшаулау әсіресе ұзақ мерзімдерге, өз кезегінде пайдалы әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне, ал кейде тіпті үзіліп қалуына, сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің біршама шектелуіне, бас бостандығы өзіндегі азаматтардың күнделікті өмірдегі тап болатын көптеген тұрмыстық және еңбектегі практикалық мәселелерді шешудегі өзіндік дербестігінен айырылуын туындатады.

Жоғарыда аталған жағдайлар бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бейімделу мүмкіндіктерін мұқалтады, олардың жазасын өтегеннен кейінгі, әсіресе олар өмірдің жағымсыз жағдайларына тап боған кезде жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі процесін үлкен қиындықтарға тап қылады.

Осыған байланысты, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп бостандыққа шыққан тұлғаларға қатысты белгілі бір әлеуметтендіруді жүзеге асыру міндеті пайда болады, ол өзіне қоғамнан оқшаулаудың әлеуметтік-психологиялық салдарын жоюды, қоғамдық тұрғыдан алғандағы пайдалы қатынастарын қалпына келтіруді, қоғамдық пікір тарапынан қуатталатын қатынастар өрісіне тартуды кірістіруі тиіс, себебі осындай байланыстардың жоғалуы әдетте қылмыс рецидивінің негізгі себепшісі болады. Сонымен бірге «қоғамның тарихи нысандарының дамуына байланысты әлеуметтік бейімделудің, яғни тұлғаның берілген қоғамда үстемдік құратын нормалар, әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесіне кірігу тәсілдері де өзгереді» [6, 98. ].

Жоғарыда аталған мәселелердің ғылыми тұрғыдан зерттелуі, аталған өрістегі жекелеген сұрақтардың тиімді негізде шешімін табуына себепші болады деп сенеміз.

# **1 ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕН БОСАТЫЛҒАН ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН НЕГІЗДЕРІ**

## **1. 1 Жазасын өтеген тұлғалардың әлеуметтік бейімделуінің түсінігі**

Қылмыстық жазаның қылмыскердің жеке басына әсер етудің құралдарының бірі ретіндегі оның көзқарастары, сенімдері, тәлімдері мен дағдыларын өзгеріске ұшыратудағы объективтік мүмкіндіктерінің және жазаны өтеу барысындағы түзету мен тәрбиелеудің шектері мәселелерін зерттеудің үлкен теориялық және практикалық маңызы бар. Жазаның атқарылуын жүзеге асырушы органдардың қызметінің тиімділігінің негіздері мен көрсеткіштері, шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолданудың негіздемесі және жазаның әртүрлі, ең алдымен, бас бостандығынан айыру мерзімдерінің оңтайлылығы сияқты аса күрделі теориялық және практикалық мәселелер кешенінің шешілуі аталған тақырыптың қаншалықты терең зерттелуіне негізделеді.

Осы аталған мәселе түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың еркіндіктегі өмірге, яғни әлеуметтік ортаға бейімделуінің үрдісін басқаруды шешіп, ұйымдастырудың көптеген мәселелерімен – осындай адамдарды әлеуметтік ортадағы өмірге психологиялық және өнегелілік тұрғыдан дайындау, олардың өмірдің жаңа жағдайларына барынша тез бейімделуін қамтамасыз ету мақсатындағы оларға мемлекеттік және қоғамдық ықпал етулердің бағыттар мен нысандары туралы мәселелердің шешілуімен өте тығыз байланысты.

Сотталған адамдарды түзету және тәрбиелеудің мүмкіндіктері мен шектері туралы мәселе тек құқықтық ғана емес сонымен қатар ол криминологиялық, психологиялық, педагогикалық болып табылады. Сондықтан берілген мәселені терең зерттеу қылмыстық және қылмыстық-атқару құқықтары, криминология, психология және педагогика сияқты ғылымдардың тұтастай кешенінің мәліметтері негізінде ғана жүзеге аса алады.

Қылмыстық жаза мемлекеттік мәжбүрлеудің ерекше нысаны ретінде сотталған адамдардың түзелуіне, сотталған адамдардың және басқа да тұлғалардың жаңадан қылмыс жасауының алдын алуға қызмет жасауы тиіс. Басқаша айтқанда, жаңадан немесе қайталап жасалатын қылмыстардың алдын алу жазаның негізгі әлеуметтік қызметі болып табылады [7, 55.]. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңдарының мақсаттары мен міндеттері ретінде әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да, өзге адамдардың да жаңа қылмыстар жасауының алдын алу осы мақсаттарға сәйкес жазаларды өтеудің тәртібі мен жағдайларын реттеу, сотталғандарды түзеу құралдарын анықтау, олардың құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қорғау, әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету бекітілген [8, 3.].

Жалпы негізде айтар болсақ, қылмыстық жазалау тұтастай алғанда айтарлықтай, ең алдымен қылмыстың қайталануының алдын алуға ықпал ете

алады. Дегенмен тек жазаны және түзету шараларын қолдану ғана қылмыстың қайталануының алдын алуда шешуші рөл атқарады деп санау қате болар еді.

Әлеуметтік психологиялық қауымдастықтың тәрбиелеуші рөлі туралы айта келіп, А. М. Яковлев мынаған назар аударады «әлеуметтендірудің барынша тиімді тәсілдерінің қатарына жазалау жолымен жағымсыз жүріс-тұрысты жою тәсілінен тиімдірек болып табылатын жағымды жүріс-тұрысты ынталандыру тәсілін жатқызуға болады. Әлеуметтендірудің психологиялық сипаттағы барынша тиімді құралдарын тәрбиеленушінің алдында беделі бар тұлға ғана қолдана алады [6,154.].

Қоғам өміріндегі әртүрлі құбылыстар қарапайым түріндегі функционалдық байланыста болмайды. Олардың арасында қоғам өмірінің әлдеқандай жақтарының өзгеріске ұшырауы әлеуметтік факторлардың тұтастай кешенінің бірдей мезгілде әсер етуімен шартталатын күрделі статистикалық байланыс болады. Сонымен бірге олардың әрқайсысы өздеріне тәуелді құбылысқа дербес түрде ықпал ете алады.

Диалектикалық себеп-салдарлық сипатқа ие болатын осындай байланыстардың барысында, қоғамдық құбылыстардың дамуындағы әлдебір әлеуметтік үрдістің дамуына аталмыш факторлардың тұтастай кешенінің әрекетінің сипатын және ықпал етуінің дәрежесін ескерген дұрыс. Осы айтылғандар қылмыс, дәлірек айтқанда рецидивтік қылмыс сияқты күрделі әлеуметтік құбылысқа да толықтай қатысты.

Қылмыстылықтың жай-күйі мен қарқындылығына әлеуметтік факторлардың тұтастай алғандағы кешені әсер ететіндігі белгілі. «Қылмыстылықтың толықтай себебі – бұл қылмыстылықпен себепті және шартты байланыста тұрған әлеуметтік құбылыстардың барлық жиынтығы; қылмысты өздерінің салдары ретінде туындататын осындай себепті диалектикалық жиынтық, құбылыстардың кешенділігі сипатты болады» деп атап көрсетеді Н. Ф. Кузнецова [9, 8.]. Сондықтан қылмыстық жаза мен рецидивтік қылмыстылықты өзара функционалдық тәуелділіктегі құбылыс ретінде қарастыру онша дұрыс болмас еді. Олардың диалектикалық тәуелділігі барынша күрделірек.

Б. С. Никифоров «рецидив пен қылмыстық және түзету-еңбектік заңамасының жай-күйі және заңды қолдану практикасының арасындағы тікелей байланыс туралы болжам жасау көп жағдайда қате болып табылады» дейді. Осындай тәсілдің қауіптілігі оның ойынша қоғамның және оның өкілі – заң шығарушының назарын қылмыстылықпен күресудегі кең көлемдегі әлеуметтік ұйымдастырушылық шаралардан негізінен алғанда қылмыстық заңнаманы және оны қолдану практикасын өзгерту бойынша шараларға қарай шамадан тыс ауыстырып жіберетіндігінде [10, 10.].

Сонымен бірге жазаны қолдану мен рецидивтік қылмыстылықтың арасындағы тікелей тәуелділікті тану өз кезегінде бостандыққа шыққан адамдардың жүріс-тұрыстарына теріс ықпал ететін әртүрлі криминогендік факторларды жеткілікті дәрежеде бағаламауға алып келіп, олардың жаңа, жағымды әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісін қиындатқан болар еді.



Осы айтылғандардан кейін жаза, тұтастай алғандағы қылмыстық қылмыстылыққа әсер ететін шешуші факторлардың қатарына жатқызылмайды деген тың тұжырым қалыптасады [11,100., 12, 147.].

Осынау маңызды тұжырымды басшылыққа ала отырып, жазалаудың қылмыскердің жеке басына дербес түрде әсер етуінің мәселесін қарастырып, орындалған жаза мен азаматтың одан кейінгі жүріс-тұрысының арасындағы тәуелділікті тани отырып, оның болашақтағы өмір салтына болжам жасаған абзал [13, 267.].

Жазаны өтеу барысында және одан кейін де сотталған адамның жүріс-тұрысына жағымды да, жағымсыз да факторлар әсер ететіндіктен жеке адамның жазаны өтегеннен кейінгі мінез-құлқы тек оған қатысты жүзеге асырылған жазалау-тәрбиелеу үрдісінің нәтижелеріне ғана тәуелді болады деп санау әрине қате болар еді. Қолайлы факторлар қол жеткізілген түзеу нәтижелерін бекітеді, бостандыққа шыққан адамның жеке басының жағымды жақтарының одан әрі қалыптасуына жағдай туғызады. Біздің өміріміздегі қолайлы факторлармен салыстырғанда айтарлықтай аз болса да кездесетін жағымсыз факторлар белгілі бір дәрежеде жазаның жағымды рөлінің күшін жояды, бостандыққа шыққан адамдардың жүріс-тұрысына теріс әсер етіп, ақыр аяғында олардың жаңа қылмыстарды жасауына себепші болуы мүмкін.

Түзеу мекемесінен бостандыққа шыққандармен қайтадан қылмыстың жасалуы кейде бұрын өтелген жазамен ешқандай да байланысты емес факторлар әрекетінің нәтижесі болуы да әбден мүмкін.

Адамның психикасы, әсіресе қалыптасып қалған мінез-құлқы бар ересек адамдікі барынша кертартпалы (консервативті) және сыртқы әсер етулерге салыстырмалы түрде алғанда барынша тұрақты болып келеді. Сондықтан қалыптасып қалған көзқарастарды және сенімдерді шұғыл түрде өзгертуге тырысу әрекеті ол адамдардың тарапынан айтарлықтай ішкі қарсылықтарды пайда қылатын кездер де сирек кездеспейді.

Жазасын өтеп жүрген сотталғандардың жүріс-тұрыстары тек ғана қоғамға қарсы мінез-құлықтың белгілі бір автоматизмімен және тежеуші ырықтардың болмауымен ғана емес сонымен бірге, осы тектес жүріс-тұрыстың саналы түрде таңдалып алынуымен және мақсатты бағытымен, оның ниеттерінің тұрақтылығымен де айқындалады. Сотталған адамдар оларға көрсетілетін тәрбиелік әсер етулерді көп жағдайларда саналы түрде қабылдамай ғана қоймай, сонымен бірге оларға қарсылық білдіруге тырысады.

Сол себепті қылмыскерлерді түзеу атап айтқанда, түзеу колонияларында тәрбиелеу барынша күрделі процесс болып табылады.

Қылмыскерлерді түзетудің қиындығы көп реттерде олардың мінез-құлықтарының ниеттері, өмірлік және құндылықты ұстанымдары мен бағыттарының жүйесі көрініс табатын жеке басының, қалыптасқан қоғамдық санаға қарсылықты сипатымен түсіндіріледі. Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың жеке басының қоғамға қарсы сипаты еңбек етуден жалтарудан, берілген тапсырмаларға теріс көзқарастарынан, жазаны өтудің бекітілген тәртібін бұзудан, сотталғандардың өздігінен қызмет ету

ұйымдарының жұмысына қатысудан бас тартуынан ТМ-сі әкімшілігіне сенімсіздік танытудан көрініс беруі мүмкін.

Сотталғандарды түзету мен тәрбиелеудің қиындығы сонымен қатар олардың жеке басының қоғамға қарсылықты сипаты көп жағдайда олардың жекелеген қоғамдық құбылыстарды, әртүрлі тұлғалардың әлеуметтік рөлдерін қабылдау ерекшеліктерінен көрініс табады, олардың рухани мүдделерінің деңгейімен де түсіндіріледі. Түзеу колонияларындағы жекелеген тұлғалар жыныстық әуейіліктерге, порнографияға, құмарлықты қоздырушы көріністерге, құмар ойындарға тым әуестік білдіреді.

Бас бостандығынан айыруды орындау жазаның өзге де түрі сияқты қоғамдық қауіптілігінің және әлеуметтік-өнегелік бұзылуының деңгейі оларды қоғамнан оқшаулауды талап ететін қылмыскерлерді түзету үшін қолайлы жағдайды қалыптастыруы тиіс.

Сонымен бірге қылмыскерлерді бас бостандығынан айыру орындарында түзету және тәрбиелеу процесі өзіндік ерекшеліктерге ие болып және белгілі бір деңгейдегі жағымсыз жағдайда жүргізіледі: сотталғандардың қоғамнан оқшаулануы, жағымсыз педагогикалық орта, тәрбиелік ықпал ету құралдарының шектеулілігі және т. б.

Оқшаулау жағдайының адамдардың, негізінен алғанда эмоционалдық өрісінде кейбір психикалық бұзылуларға алып келетіндігін психологтардың көпшілігі мойындайды. Үрейлену, қорқыныш, көңілсіздік, енжарлық, жоғарғы деңгейдегі күйгелектік түріндегі әлсіздік, жұмыс қабілетінің төмендеуі сияқты психиканың жағымсыз өзгерістері адамды қоғамнан оқшаулаудың ажырамас серігі болып табылады.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың психикалық жағдайын және оқшаулау мен бас бостандығынан айыру жағдайының оларға әсер етуіне талдау жасай отырып, А.Д. Глоточкин және В.Ф. Пирожков сотталғандардың күрделі жағдайының бірі болып өзіне қамығуды, үрейді, күйзелісті, күйреуді, енжарлықты біріктіретін фрустрация жағдайы табылатындығын атап көрсетеді. Фрустрация сотталғандардың әрқайсысында әртүрлі жағдайда көрініс береді ол өз кезегінде ерекше белсенділікті (агрессия, қыңырлық, жан күйзелісі ) немесе енжарлықты, ештеңеге зауқы соқпаушылықты пайда қылады [14,32-33.]. Сотталғандардың осындай психикалық жай-күйі олармен тәрбиелік жұмыстарды жүргізуді қиындатады, еңбекпен тәрбиелеудің, саяси-тәрбиелік жұмыстардың және оқытудың нәтижелерін төмендетеді.

Сонымен бірге фрустрацияның (лат. frustratio-алдану, сәтсіздік, бос үміттену) жазаны өтеудің бастапқы кезеңімен ғана байланысты болатын сотталған адамның психикасының уақытша жағдайы болып табылмайтындығын атап өту керек. Аталған жағдай біршама уақытқа созылып және тек жазаны өтеу кезеңімен шектелмей, жазаны өтеп бостандыққа шыққаннан кейінгі жаңа ортаға бейімделу мерзімін де қамтуы мүмкін. К.Д. Шафранскаяның айтуынша, сотталған адам «кейде сондай экстремалды жағдайға тап болады, пайда болған фрустрация жағдайы ұзақ уақыт бойына

сақталады және адамның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына және өмірдегі жоспарларына ықпал жасайды» [15,173.].

Әлеуметтік психологияда фрустрация адам психикасының бейімделуге қарама қайшы жай-күйі ретінде қарастырылады. Сондықтан сотталған адамдағы ұзақ уақытқа созылған фрустрация жағдайы немесе оның бостандыққа шығу кезінде пайда болуы бостандыққа шыққан адамның еркіндіктегі өмірге бейімделуіне, оның жаңа әлеуметтік ұстанымдар мен функцияларды игеруіне кедергі келтіретін елеулі фактор болып табылады.

Адамның жеке басын қоғамнан оқшаулау сотталғандардың белгілі бір шамада қоғамнан рухани оқшаулануына да алып келеді, ал бұл болса өз кезегінде «жалған, бұрмаланған өзіндік сананы туындатады (себебі адам өзінің ойша образдарын ештеңемен салыстыра да, ештеңемен тексере де алмайды)» - деп атап көрсетеді И.С. Кон [16, 67.].

Жазаны өтеу режимінің талаптарына сәйкес сотталған адамдар ел өміріндегі көптеген әлеуметтік-саяси шараларға қатыса алмайды. Бас бостандығынан айыру орындарында көптеген тәрбиелік, идеологиялық ықпал ету құралдарын пайдалану мүмкіндігі тым шектеулі, кейде тіптен мүмкін болмайды.

Түзеу мекемелеріндегі түзету, тәрбиелеу шаралары педагогикалық тұрғыдан алғанда жағымсыз ортада ұйымдастырылады, себебі сотталған, яғни қоғамға қауіпті және әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан алғанда бетімен кеткен тұлға дәл сондай қоғамға қарсы белгілерімен сипатталатын ортаға тап болады.

Бас бостандығынан айыру орындарында «қылмыс әлемінің», «қылмыстық романтика» дәстүрлерінің өте өміршендігін нақ осымен түсіндіруге болар. Қоғамға қарсы көзқарастары мен дағдылары барынша бойларына терең сіңген тұлғалардың түзеу мекемелеріндегі қоғамға қарсы көзқарастардың негізгі ұстанушылары, насихатшылары болып табылатындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Олар өзге сотталғандардың арасында әсіресе олардың дүние танымымен әлі таныс емес жастардың арасында жолдастық, борыш, әділеттілік, адалдық туралы өздерінің ұғымдарын белсенді түрде насихаттай отырып оларға ТМ-нің әкімшілігіне сенбеу сезімдерін ұялатуға тырысады. Олардың айтқандарының қабылданып, басшылыққа алынатын жағдайлары сирек кездеспейді.

Бас бостандығынан айыруды атқарудың жоғарыда атап өтілген жағымсыз салдары сотталғандарды түзету мен тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізу жолында еңсеруге болмайтын қиындықтарға тап қылады деп айтуға әсте болмайды.

Сотталғандардың қоғамнан рухани оқшаулануының деңгейі олармен түзеу мекемелерінде үгіттік-көпшілік және насихат жұмыстарын ұйымдастырып жүзеге асыру арқылы төмендетіледі. Қазіргі уақытта қоғамды демократияландыру және адам соның ішінде сотталғандардың да құқығын қорғауды барынша жетілдіру бағытында жүргізіліп жатырған саясаттың арқасында сотталғандардың туысқандарымен, басқа да тұлғалармен кездесулеріне жағдай жасауға мүмкіндіктер туындап отыр. Еліміздің әртүрлі өңірлерінде орналасқан түзеу колонияларында «ашық есік» күндерін

ұйымдастыру оның барысында сотталған адамдардың отбасы мүшелерімен, туыскандарымен, басқа да қоғамдақ ұйымдар өкілдерімен кездесуін өткізуді жүзеге асыру дәстүрге айналып келеді. Мысалы, 2007 жылдың 9 айында еліміздің аумағындағы түзеу мекемелерінде осындай бағытта 162 шара іске асырылған.

Ақыр аяғында сотталғандардың қоғамнан рухани оқшаулануының дәрежесі өзгеріссіз қалмайтындығын да ескеру керек. Ол сотталғандарды жалпы, қатаң және ерекше режимдердегі түзеу колонияларынан бостандықтағы өмір жағдайларына барынша жақындатылған режимдегі колония-қоныстарға ауыстыру жолымен, заңда бекітілген өзге де тәртіптермен жүзеге асырылуы мүмкін [8,37-38.].

Бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысы оларды түзеуге, сотталғандардың қоғамдық пайдалы қызметпен айналысуға ұмтылысын, еңбекке адал көзқарасын қалыптастыруға, заңдардың талаптарын және қоғамда қабылданған басқа да мінез-құлық ережелерін сақтауға, сотталғандардың білімін, олардың білім және мәдени деңгейін арттыруға және одан әрі дамытуға бағытталатындығы қылмыстық-атқару заңнамасында аталып көрсетілген [8,43-44.].

Алайда осы аталғандар сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу үрдісін ұйымдастырудағы, олардың көзқарастарының; сенімдерінің, тәлімдері мен дағдыларын өзгертудегі объективтік қиындықтарды толықтай жоя алмайтындығын мойындауымыз керек. Мәселен. еліміздегі әртүрлі режимдердегі түзеу колонияларын тұтастай алғанда 2007 жылдың 9 айының қортындысы бойынша сотталғандар арасындағы кәнігі тәртіп бұзушылық өткен жылдың нақ осы мерзімімен салыстырғандағыдан 8,8% - ға өскен және бұл көрсеткіш Алматы қаласы мен Алматы облысында 86-дан 248-ге, яғни 288%-ға артуы кімді де болса алаңдатуы тиіс.

Осылайша сотталғандарды жазасын өтеу барысында түзетудің шектеулі мүмкіндіктері бас бостандығынан айыру жазасын өтеу орынынан бостандыққа шыққаннан кейін олармен одан әрі тәрбиелік жұмыстарды жүргізудің, олардың әлеуметтік ортаға табысты бейімделуі үшін қолайлы жағдайды қалыптастырудың қажеттілігін қарастырады.

Түзеу мекемелерінің сотталғандарды түзету мен тәрбиелеудегі мақсаттарына қол жеткізуінің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып бостандыққа шыққандардың тарапынан болатын қылмыс рецидиві (қайталануы) саналады. [17, 66.]. Бұл көрсеткіштің белгілі бір шамадағы шарттылығына қарамастан (ол тек сотталғандарды түзеудің мақсаттарына қол жеткізудің нәтижелерін көрсетіп ғана қоймайды) сонымен бірге, рецидивтік қылмыстылық деңгейіне бостандыққа шыққандарға әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалы, олардың еңбек және тұрмыс мәселелерінің уақытында шешілмеуі сияқты және т. б. факторлардың ықпал етуінің дәрежесін де көрсетеді.

Ендеше бас бостандығынан айыру орынынан босатылғандарды ұдайы бақылау, олардың әлеуметтік бейімделу үрдісін басқарудың қажеттілігі қылмыскердің санасын қайта қалыптастырудағы жазалаудың шектеулі

мүмкіндігімен ғана сипатталмайды сонымен бірге сотталғандарды түзеу және тәрбиелеудегі ТМ-нің жұмыстарындағы кемшіліктерді де білдіреді.

Жоғарыда көрсетілгендерге сүйене отырып қылмыстылықпен күрестің қорытынды сатысы ретінде жазаның атқарылуын емес, түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың түзелуінің нәтижелерін бекіту және оларға қадағалау ұйымдастыруды санауға толық негіз пайда болатындай.

Осы айтылғандар Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының міндеттері қатарында сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсетудің де қарастырылумен өзінің құқықтық негіздемесін тапқан. Олай болса, әлеуметтік бейімделу ұғымының мазмұнын ашуға барынша толығырақ тоқталған дұрыс деп санаймыз.

Адам о бастан-ақ қоғамдық тұлға болып табылатындықтан өзін қоршаған әлеуметтік ортамен үнемі қарым қатынаста болады және тек осындай ортада ғана ол өзін жеке тұлға ретінде көрсетіп, өзінің әлеуметтік ұстанымы мен рөлін айқындай алады.

Негізінен алғанда әлеуметтік бейімдеу мәселесі ең алдымен әлеуметтану, психология, педагогика тәрізді ғылымдармен зерттеледі. Аталған мәселені зерттеуден заң ғылымы да тыс қалмайды.

Құқықтанушылардың әлеуметтік бейімдеу, нақтырақ айтқанда жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделуі мәселесіне қызығушылық танытуы бірқатар факторларға байланысты.

Біріншіден, жаңадан пайда болған қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтың рөлі мен маңызының арта түсуі ал ол өз кезегінде қоғамда орын алып отырған байланысты байқалатын психологиялық қыметінің жылдамдығы мен ырғағының тым жеделдей түсуінен адамдар арасындағы қарым-қатыстың тұрақты түрде өсіп отыратындығынан көрініс беретін адами қатынастар үрдісінің қарқындылығынан және де олардың құқықтық реттеуді қажет ететіндігіне тікелей байланысты. Екішіден, құқық тек әлеуметтендірілген, яғни өзін қоғамның мүшесі ретінде сезінетін тұтастай алғандағы қоғамға, өзін қоршаған шағын әлеуметтік топтарға, жеке адамдарға қатысты түрде өзінің құқықтары мен міндеттерін түсінетін адамның жүріс-тұрысын реттейді. Үшіншіден, құқық әлеуметтік қатынастардың реттеушісі бола отырып өз тарапынан айтарлықтай әлеуметтендіруші күшке ие және де жеке тұлғаны әлеуметтендірудің тиімді құралы ретінде де әрекет етеді [18,128-132].

Адамның өзіне тән ерешеліктері бар жеке тұлға ретінде қалыптасуына оны қоршаған нақты орта ғана емес сонымен қатар одан да көлемдірек әлеуметтік құрылымдар және тұтастай алғанда қоғам да ықпал етеді, дегенмен олардың жеке адамға әсері ол адамға барынша жақын тұрған әлеуметтік орта арқылы беріледі және қабыл алынады. Аталған әлеуметтік орта өз кезегінде әртүрлі ұжымдар мен топтардан мысалы, өндірістік немесе оқу ұжымдары, қоғамдық ұйымдар, отбасында, тұрмыста тұрақты түрде қатынасқа түсетін топтар (жолдастары, көршілері, ағайын-туыстары) негізінде қалыптасады.

Әрбір адам бірмезгілде бірнеше әлеуметтік топтың қатарына кіреді сондықтан оның жүріс-тұрысын олардың біреуінде қабылданған жүріс-тұрыс нормасы ретінде қабылдауға әсте болмайды [6, 173.].

Сондықтан қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудің құқықтық реттелуі мәселелерін зерттеу «жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуінің» жалпы ұғымына назар аудармай мүмкін болмайды.

Адамның қоғамдық ортада өмір сүре отырып тұлға ретінде қалыптасатыны белгілі. Адамның әлеуметтенуі табиғи қасиеттер негізінде әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени орта, мектеп, өзімен жасты тұлғалардан құралған топтардың және т.б., яғни әлеуметтік орта деп аталатын қоғамдық шеңбердің негізгі ықпал етуі барысында орын алады. Осы аталған ортада адам тәрбие алады, оның психологиялық, өнегелік, құқықтық және басқа да қағидалары қалыптасады және де соларға сәйкестікте адам әлеуметтік ортада орын алған жағдайлар мен өзгерістерге тәуелді түрде өзінің жүріс-тұрыстарының одан арғы негізгі бағыттарын айқындайды. Бұл үрдісте адам оның тек енжар түріндегі бақылаушысы болып ғана қалмайды, қоршаған ортаға белсенді түрде әсер ете отырып ол оның қатысушысы болады. «Адамның мінез-құлқында оның іс-әрекеттерінде жүзеге асырылған әлеуметтік ортаның элементтері қорытылады» [6,199.]. Ендеше тұлғаның қалыптасуы «адамды адамға айналдырудың көп қырлы процесі», жеке тұлғаның қалыптасқан әлеуметтік жағдайларға белсенді түрде бейімделуі және жинақталған тәжірибені қарым-қатынас, жүріс-тұрыс, қызмет арқылы жүзеге асыруы [16, 22.].

Тұлғаны әлеуметтендіру (социализация) [лат. socialis - қоғамдық] тұлғаның қалыптасу үрдісі, берілген қоғамға, әлеуметтік қауымдастыққа, топқа тән болып табылатын білімдерді, құндылықтарды және нормаларды игеруі, жеке адамның қоғамдық өмірге тартылуы [19,735.].

Адамның өмірі мен қызметінің барысында оны қоршаған әлеуметтік орта жүйелі түрде өзгеріске ұшырап отырады. Бұл жағдай жеке адамның өзі тап болатын жаңа ортаға үнемі бейімделіп отыруға деген қажеттілігін туындатады және осының барысында жаңа әлеуметтік байланыстарды орнату ұжымның немесе ұйымның жекелеген мүшелерімен қарым-қатыс пен байланысқа түсудің сипатын өзгерту, жаңа әлеуметтік рөлдер мен қызметтерді кейде тіпті әлеуметтік бейімдік бағдарын да айқындау қажет болады.

Ендеше әлеуметтендірудің негізгі міндеті тұлғаның қоғамдағы қалыпты қызметін қамтамасыз ету болып табылады. Тұлғаның әлеуметтенуі жеке адамның қоғамға, нақты шағын топқа, өзіне ең жақын тұрған әлеуметтік ортаға бейімделуінің қажетті шарты. Әлеуметтену үрдісі жеке адамның бүкіл өмір жолында орын алады [20,40-45.].

Жекелеген ұжымдар мен топтардың жеке тұлғаларға қоятын өнегелік талаптары, оларда қалыптасқан психологиялық хал-ахуал, бекітілген тәртіптер жүйесі бір-бірімен салыстырғанда өзіндік айырмашылықтарға ие болатындығын үнемі ескеру қажет. Адамды барынша жақын қоршаған

әлеуметтік орта болып табылатын ұжымдар мен топтардағы өнегелілік және психологиялық жағдайлардағы айырмашылық жеке адамнан өзінің жүріс-тұрысын, көзқарастары мен сенімдерін, тәлімдері мен дағдыларын әртүрлі шағын топтардағы талаптарға және ондағы әлеуметтік-құндылықтық бағыттар жүйесіне белгілі бір шамада бейімдеуді талап етеді.

«Тұлғаның әлеуметтенуі» ұғымына «тұлғаның әлеуметтік бейімделуі» ұғымы өзінің ішкі мазмұны жағынан барынша жақын келеді.

Тұлғаның үнемі өзгерістерге ұшырап тұратын өзін қоршаған әлеуметтік ортаға бейімделуінің, сол ортаның өнегелік талаптарын, тәртіптерін, әлеуметтік ұстанымдарын және құндылықтық бағыттар жүйесін қабылдап алуының үрдісін әлеуметтік психологияда тұлғаның әлеуметтік бейімделу үрдісі (процесс) ретінде қарастырады.

Бейімделу (адаптация) [лат. *adaptatio* < *adaptare* - бейімделу] – 1) организмдердің құрылысы мен қызметі өзгеріске ұшыраған тіршілік жағдайларына бейімделуі; 2) әлеуметтік – жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтың өзгеріске ұшыраған әлеуметтік ортаға белсенділікпен бейімделуінің үрдісі [19,23.]. Осыдан адаптация терминінің қоғамдық ғылымдарға жаратылыс тану ғылымдарынан енгенін және әлеуметтік бейімделу ұғымының мазмұны бастапқы биологиялық мәніндегі бейімделуден өзгеше екендігін айқын аңғарамыз.

Жаңа әлеуметтік ортаға адамның бейімделу үрдісі әдетте ол адам үшін белгілі бір психологиялық қиындықтарды туындататындығы аян, себебі жаңа әлеуметтік ортаға тап болу өз кезегінде міндетті түрде сол ортаны құрайтын топтың құрылымындағы оның әлеуметтік рөлі мен міндеттерінің өзгерістерге ұшырауына алып келеді, соның салдарынан қалыптасқан дағдылар мен әдеттерді өзгерту, жүріс-тұрыстың, өзге адамдармен қарым-қатынастың жаңа ережелерін қабылдау қажеттіліктеріне итермелейді. Қоғамның тарихи нысандарының дамуына байланысты әлеуметтік бейімделудің, яғни тұлғаның берілген қоғамда үстемдік құратын нормалар, әлеуметтік және моральдық құндылықтар жүйесіне кірігу тәсілдері де өзгереді. Әлеуметтік бейімделу процесі тұлғаның жүріс-тұрысын бар мүмкіндіктердің шегінде бекітілген әлеуметтік нормаларды сақтай отырып (соның ішінде құқықтық сипаттағы) әлеуметтік ортаның талабына сәйкестендіруден тұрады.

Әлеуметтік бейімделудің барысында жеке тұлғаның және әлеуметтік ортаның олардың қоғамдық қызмет өрісіндегі бірігіп әрекет етуі орын алады. Тіршілік жағдайына адамның бейімделуі биологиялық бейімделумен салыстырғанда барынша күрделі екендігі түсінікті. Адам сана иесі бола отырып өзін қоршаған әлеуметтік ортаның ол үшін тың болып табылатын жаңа талаптарын қабылдау қабілетіне ие болып ғана қоймайды, сонымен бірге олардың дамытылуын да болжамдай біледі. Қарапайым түрдегі бейімделу қоршаған ортамен бірігіп әрекет ету үрдісін белсенділікпен реттеумен алмастырылады [21, 33.].

Осы түсініктің ғалымдар арасында барынша кең таралғанына қарамастан, оның ішкі мазмұндық жағы бірдей бағалауға ие бола бермейтіндігін айта кеткен

орынды. Әлеуметтік ортаға бейімделу мәселелерін қарастырған кейбір авторлар бейімделе білу жағына ерекше назар аударған сияқты. Олардың ұстанымы бойынша жеке тұлға қалыптасқан қоғамдық қатынастарға және олардың әлеуметтік мәртебелерінің өзгерулерімен байланысты жағдайларға селқостықпен бой үйретіп, бейімделеді [22,105., 23, 65.].

Әлеуметтік бейімделу ұғымын дәл осындай мазмұнда түсіндірудің аталған құбылыстың ішкі мазмұнын ашуда белгілі бір толықсыздыққа әкеп тірейтіні айқын аңғарылады. Егер адамның өзін қоршаған ортаға тек бейімделіп ғана қоймай, өзінің саналы түрдегі қызметімен ол ортаны өзгерістерге де ұшырататындығын ескерсек аталған толықсыздық барынша айқын көзге түсетіндей.

Олай болса өзгеріске ұшырайтын тіршілік жағдайларына жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі үрдісі оның тіршілік жағдайларына қарапайым түріндегі бейімделуі ұғымынан кеңірек мазмұнға ие болады. Әлеуметтік жағдайлардың өзгеріске ұшырауы барысында өзінің жүріс-тұрыстарын оған икемдей білу қабілеттілігі тек адамға ғана тән болады. Сонымен бірге адам санасының көмегімен әлеуметтік қызметке өзінің бейімделу үрдісін мақсатты бағытта бақылап және реттеп отырады. Адам тек түйсіктік бейімделуге ғана иек артпай, саналы түрде өмірдегі өз орынын іздестіріп таба білуі тиіс [24,197.].

Зерттеушілердің келесі бір тобы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі үрдісін оның берілген ортаның нормалар, моралдық құндылықтар, дәстүрлер жүйесіне кірігуі және өзінің жеке басының мінез-құлқын көрсетілген нормалар жүйесімен сәйкестендіруі ретінде сипаттайды [6,197.].

Берілген анықтама жеке тұлғаның аталмыш әлеуметтік нормалар жүйесіне қандай жолдар, тәсілдер арқылы кірігітіндігін көрсетпейді, яғни онда жеке тұлғаның тіршілік ету ортасымен бірігіп әрекет етуінің мазмұны ашылмайды. Бұл оның басты кемшілігі болып табылады. Әлеуметтік психологияда жеке тұлғаның әлеуметтік ортаның нормаларын меңгеруінің екі тәсілі – оларды ақыл-оймен сезіну жолы және қоршаған ортаның талаптарының жеке тұлғаның жүріс-тұрыстары мен мінез-құлқының ішкі нормаларына айналуы (интериализация) жолы аталып көрсетіледі [25,71.].

Зерттеушілердің үшінші тобы бейімделу ең алдымен жеке тұлғаның қошаған әлеуметтік ортамен белсенді түрдегі бейімделушілік байланыстарына негізделеді деп атап көрсетеді [25,44-52.]. Әлеуметтік бейімделудің өзіндік сапасы ретінде сананың белсенді қатысуы; адамның еңбек қызметінің ортаға әсері; тұрмыстың әлеуметтік жағдайларына сәйкестікте өзінің әлеуметтік бейімделуінің нәтижелерін адамның қарқынды түрде өзгертуі аталып көрсетіледі. Адамның қызметі қайта құрушы сипатқа ие болғандықтан адам қоғамы тек қарапайым түріндегі бейімделуші ғана емес, сондай-ақ бейімдеуші де жүйе болып табылатындығын атап көрсеткен Э. С. Маркарянның ұстанымы назар аударуға тұраралық [27,43.].

Алайда аталған авторлар әлеуметтік бейімделу ұғымының анықтамасында жеке тұлғаның ортамен бірігіп әрекеттесуі фактісін атап көрсете отырып осындай әрекеттестіктің қандай әлеуметтік және психологиялық тетіктердің



көмегімен жүзеге асырылатындығын және әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі табысты жүргенде нәтиже қандай болатындығын дәл басып айтпайды. Осыдан –ақ әлеуметтік бейімделу ұғымына берілген жоғарыда келтірілген анықтамалардың осы құбылыстың мазмұнын толық ашып бере алмайтындығын байқауға болады. Сонымен бірге олар «әлеуметтік ортаның жеке тұлғаның санасына және мінез-құлқына аталған тұлға тартылған қызмет арқылы әсер етуі» факторын ескермейді [28,122.].

Әлеуметтік бейімделу ұғымына анықтама беруде ең алдымен бейімделуші тұлғаның қызметтің белгілі бір түрлеріне бейімделуін және оның барысында екі үрдіс: жеке тұлға мен ортаның біріккен әрекеті және оның тіршілік ортасының нормаларының талаптарына бейімделуі қатар орын алады деп есептейтін ғалымдардың ұстанымдары біздің ойымызша шындыққа барынша жақын келетін сияқты [29,62-67. 30,9.].

Әлеуметтік орта және жеке тұлға тұрақты түрде өзара әрекеттестікте болады: әлеуметтік орта жеке тұлғаға әсер етеді, оны қалыптастырады; жеке тұлға өз тарапынан басқа адамдармен қатынасқа түсе отырып әлеуметтік ортада әрекет етеді, әртүрлі қауымдастықтардың қызметіне қатыса отырып сол ортаны құрады, оны белгілі бір әлеуметтік сапаға ие қылады. Жеке тұлға мен әлеуметтік ортаның бірігіп әрекет етуі ең алдымен адамдардың іс-әрекеттерінде көрініс табады, олар тіршілік кешетін объективтік қоғамдық болмыспен шартталады. Жеке тұлғаның психологиялық өмірі және оны қоршаған орта олардың қызметтерімен ажырамас байланыста. Осы аталған жәйтті субъектінің объектіге мақсатты бағытта әсер етуі ретінде қарастырған дұрыс.

Субъекті мен объектінің қатынасынан тыс қызметтің болуы мүмкін емес. Қызмет қашанда объектіге бағытталған субъектінің белсенділігімен байланысты. Қандай жағдайда да адам немесе адамдар тобы қызметтің субъектісі болатын болса қызметтің объектісі болып адам да, жануар да, жансыз зат та табылуы мүмкін.

«Әлеуметтік бейімдеу» ұғымының «әлеуметтендіру» ұғымымен тығыз байланысты екендігін біз жоғарыда атап өткен болатынбыз олай болса олардың қатынасын ашу, біз зерттегелі отырған мәселені жан-жақты терең талдау үшін міндетті түрде қажет болады.

Әлеуметтік бейімделу және әлеуметтену ұғымдарының қатынасының мәселесі көптеген ғалымдардың назарын өзіне аударып келеді [31,127., 32,62.].

В.И. Войтенконың пікірінше әлеуметтену өзіне бейімделуді де кірістіреді және осы термин жеке тұлға мен қоғамның бірігіп әрекет етуін ғылыми сипаттаудың ұғымдық аппаратына енгізілген себебі ол бейімделумен салыстырғанда сыйымдырақ және дәлірек [33, 27-37.]. Әлеуметтену ұғымының бейімделу түсінігінен кең екендігіне келісе отырып аталған ұғымдарды синоним ретінде қолдануға тырысумен келісе қою қиындау.

Әлеуметтенудің тек жалпы даму, қалыптасумен байланыстырылатын, ал бейімделудің қалыптасқан қарым-қатыс пен қызметтің жаңа жағдайларына тап болған кездегі бейімделушілік үрдістерімен байланыстырылатын сәттері сирек емес [34,65-70.].

Бейімделу үрдісі жеке тұлғаның дамуынан оның қалыптасуынан бөлек қарастырыла алмайды деп ойлаймыз. Сонымен бірге бейімделу үрдісі көп жағдайда жеке тұлғаның дербестік ерекшеліктеріне сәйкес келетін субъективтік тұрғыдан дамуы деп Л. М. Растова дұрыс айтады. Жеке адамның қажеттіліктері мен ішкі қозғаушыларының құрылымдары бейімделу үрдісінің негізгі түрлерін анықтап, айқындайды: әлеуметтік ортаға белсенді әсер етудің басымдылығымен сипатталатын түрі және шағын ортаның мақсаттары мен құндылықты бағдарларын енжар конформистік түрде қабылдаумен айқындалатын түрі [34,351-356.].

Өзінің сенімдері, көзқарастары, құндылықтық бағыттар жүйесі, әдеттері мен дағдылары белгілі бір шамада бойына әбден сіңісті болып қалған ересек адам үшін жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу көп реттерде оңайға соқпайды және оның барысында үлкен ішкі күйзелістер орын алады.

Тұлғаның жаңа ортаға әлеуметтік жағынан бейімделуі үрдісінің күрделілігі физиологиялық тұрғыдан алғанда бейімделудің уақытша нерв байланыстары жүйесін қайта құруды талап ететіндігімен, ал бұл өз кезегінде жүріс-тұрыстың қалыптасқан дағдысын белгілі бір шамада кей кездерде тіпті түбірімен өзгертуді талап ететіндігімен түсіндіріледі. Адамды қоршаған жаңа әлеуметтік орта оның үйреншікті ортасынан қаншама көп өзгерістерге ие болса, оның динамикалық (қарқынды) дағдысы да соншама үлкен өзгерістерге ұшырауы тиіс. Сондықтан тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі көп жағдайларда ішкі және сыртқы қайшылықтар және қақтығыстармен қатар жүреді, ал жүріс-тұрыстың жеткілікті шамадағы тұрақты тәсілі және жаңа әлеуметтік ортамен қарым-қатынастың жүйесі біртіндеп барып орнығады. Жеке тұлғаны қоғамдық өмірге кіріктірудің нақты нысандарының олқылығының мысалы ретінде кейбір жағдайларда жекелеген тұлғалардың әлеуметтік бейімделуінің қанағаттанарлықсыз жағдайда жүруінің мүмкіндігін келтіруге болады. Қылмысты қанағаттанарлықсыз әлеуметтік бейімделудің мүмкін болатын нәтижелерінің бірі ретінде қарастыру қылмыстың себептерін зерттеудің бағыттары мен әдістерін айқындауда, қылмыстылықпен күрестегі заңнаманы жетілдіруде үлкен маңызға ие болады.

Әлеуметтенудің негізгі қызметі – жеке адамның қоғамдағы қалыпты қызметін қамтамасыз ету. Бейімделу үрдісінде қоғамдық реттелген жүріс-тұрыстың жеке тұлғаның ішкі құрылымдары қызметінің оның мүдделеріне, құндылықты бағдарларына, әсерленгіштігінің (темперамент) ерекшеліктеріне сәйкестендіруге қол жеткізіледі [35, 221.].

Қорыта айтқанда «әлеуметтену» және «әлеуметтік бейімделу» ұғымдарының басты айырмашылығы біздің ойымызша олардың көлемінде немесе оларда көрініс табатын үрдістердің жүзеге асуының ұзақтығында емес, ол үрдістердің ішкі мазмұнының өзінде, олардың сапалық тұрғыдан алғандағы өзіндік ерекшеліктерінде.

Әлеуметтену үнемі және біртіндеп тәжірибені жинақтау, білімін кеңейту, тәлім алу жолымен жүзеге асырылады. Жеке тұлғаның әлеуметтік сапасы, оның көзқарастары, ұғымдары, құндылық бағдарлары, ұстанымдары, бағытталуы

жанадан қалыптасқандай болады. Бейімделу болса ендігі қалыптасқан жүріс-тұрыстың, дағдылардың, ұстанымдардың, ұғымдардың қайта құрылуы жолымен жүзеге асырылады. Егер әлеуметтену үрдісін мінездеуде әдетте жеке тұлғаның әлеуметтендіруші факторларға кері ықпалы ескерілмейтін болса, бейімделу үрдісін талдау барысында тек жеке тұлғаның бойындағы өзгерістерді ғана емес, сондай-ақ жеке тұлғаның сол ортаға әкелген өзгерістерін де ескеру қажет. Жеке адам әлеуметтік ортамен, әлеуметтік тәжірибемен қатынаса оның эталондарын орната отырып белгілі бір ортаға өзі әсер етеді. Бейімделу жеке адамның әлеуметтік ортаға кірігуімен анықталады. Адам қоғамдық өмірдің белсенді қатысушысы немесе тек оның бақылаушысы болуы мүмкін. Жеке тұлғаның әлеуметтік ортамен макро орта деңгейіндегі біріккен әрекеті әлеуметтену үрдісі арқылы орнатылатын болса, ал адамның микро ортамен (отбасы, еңбек ұжымы, оған ең жақын тұрған орта) өзара әрекеттестігі әлеуметтік бейімделу үрдісінің негізінде орнатылады.

Әлеуметтік бейімделу ұғымының мазмұнын оның «әлеуметтену» ұғымымен қатысын талдау оның төмендегідей сипатты белгілерін айырып көрсетуге мүмкіндік береді:

- әлеуметтік бейімделу дегеніміз тұлғаның және әлеуметтік ортаның шағын орта деңгейіндегі қарым-қатыс және бірлескен қызмет жағдайындағы оған бейімделу жолымен жүзеге асатын біріккен әрекеттестігінің күрделі, қайшылықты үрдісі болып табылады;
- әлеуметтік бейімделу мәселесі егер жеке адам қоғамның, өзін тікелей қоршаған ортаның нормативтік талаптарын қабылдап, оларға мойынұсынуға дайын болғанда ғана шешілуі мүмкін;
- әлеуметтік бейімделу үрдісі енжар және белсенді (басым көп жағдайларда) сипаттарға ие болады.
- әлеуметтік бейімделу – үнемі жетілдіріліп отыратын үрдіс;
- жеке тұлғаның бейімделгендігінің дәрежесін тек ғана қарым-қатыс, жүріс-тұрыс және қызмет нәтижелеріне қарап бағалауға болады.

Алайда жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісін қарапайым нобай түрінде: қоршаған ортаның ықпалы—талап етілетін жүріс-тұрыс бойынша қарастыру біздің ойымызша әсте дұрыс болмайды. Адамның жүріс-тұрысына әлеуметтік ортаның әсері оның санасы арқылы жүреді және оның өзінің жеке тәжірибесіне, оның бойындағы ұғымдар, көзқарастар, әдеттер, құндылықты бағыттар түрінде қалыптасқан санасының мазмұнына тәуелді түрде бекітіліп орын алады немесе көрініс табады. Адамның нақты ортадағы жүріс-тұрысы мотивациясының күрделі сипаты, жүріс-тұрыстың мүмкін болатын көптеген үлгілерінің ішінен біреуін таңдап алуы әрқашан сананың салыстырмалы түрдегі дербестігінің, оның ішкі және сыртқы байланыстарының көптігінің нәтижесі болып табылады.

А. М. Яковлев айтқандай «әлеуметтік ортамен ұсынылатын жүріс-тұрыс тәсілдерін таңдаудың өмірлік, үзіліссіз созылатын үрдісінде тұлға өз еркімен олардың әлде бірін таңдап алады» [36, 99.]. Жеке тұлғаны және оның әлеуметтік ортасын бейімдеу жүйесі ретінде қарастырған орынды: адамның құндылықтық

бағдарлары басым көп жағдайларда оның әлеуметтік ортасының сипатын анықтайды. «Жеке тұлға кімнің көзқарасы оның өзінің санасына барынша жақын болса сол адамдармен қатынасқа түсуді қалайды» деп атап көрсетеді И. С. Кон [16, 63.].

Адам өзін қоршаған әлеуметтік ортаның өзгеруі барысында өзінің әлеуметтік ұстанымдарына сәйкес келетін келетін әлеуметтік құндылықтарды басшылыққа алатын шағын әлеуметтік ортаға бейімделуге тырысады. Аталған жағдай жеке тұлғаға референттік яғни, жеке тұлғаның жүріс-тұрысына шешуші әсер ететін топтардың ықпалын күшейтеді, адамның сол топтардың талаптары бойынша әрекет етуге тырысуы мен әзір болуын туындатады.

Жеке адамның жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісінің күрделілігін жеке тұлғаның қоғамдағы атқаратын әлеуметтік қызметтері мен рөлдерінің әралуан болуымен, көптеген топтар мен ұжымдарға тиістілігімен және өзінің мүдделері мен қажеттіліктерін жоғарыда айтылған референттік топтардың мүдделері мен қажеттіліктеріне ыңғайластыруға мәжбүр болатындығымен де түсіндіруге болады. Сонымен бірге жеке тұлғаның және дербестікте алғандағы белгілі бір топтың құндылықтық бағдарлары жүйелері арасындағы сәйкессіздіктер, ал кейбір реттерде қайшылықтар да орын алатындығы жиі анықталады, бұл өз кезегінде қақтығыстардың туындауына себепші болып, психологиялық және әлеуметтік сәйкессіздіктердің орын алуына алып келеді. В. Г. Иванов осы мәселе бойынша былай дейді «моральдық бағалаудағы айырмашылықтар тіпті жекелеген мәністер бойынша да қайшылықтарға алып келеді, қақтығыс қаупін туындатады...Жаңа тұлға ерте ме, кеш пе әйтеуір таңдауға тап болады: өзінің ұстанымын қайта қарау арқылы әлдеқандай көзқарасын өзгерту немесе ол ортадан кету» [37,145].

Қорыта айтқанда, жеке тұлғаның жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі әрқашан психологиялық және әлеуметтік сипаттағы қиындықтарды туындатады.

Олай болса, әлеуметтік бейімделуді оның жеке тұлғаның өзін қоршаған шағын топпен біріккен әрекеттестігін оған қарым-қатыс, қызмет арқылы ең жақын тұрған әлеуметтік ортаның нормаларын, моральдық құндылықтарын, дәстүрлерін ақыл-ой арқылы сезіну жолымен немесе интериализация жолымен оған белгілі бір шамада бейімделуімен, оның жеке ұстанымдары мен әлеуметтік ортаның одан күтетін үміттері арасындағы динамикалық тепе-теңдікті орнату арқылы, субъектінің бейімделу жағдайына қол жеткізуін қамтамасыз ететін өзіндік ерекшеліктерге ие болатын, әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастыру керек.

Әлеуметтік бейімделу – сыртқы жағдайлар мен әрбір жеке адам үшін өзіндік ерекшеліктерге ие болатын ішкі жағдайлардың бірігіп әрекеттесуі барысында орын алатын күрделі де қайшылықты процесс болып табылады. Өзінің мәнісі бойынша жеке тұлғаның барлық дамуы өзгеріске ұшырайтын адамның өз кезегінде құбылып тұратын ортамен үзіліссіз әрекеті болып табылып, жеке адамнан оны қоршаған ортаның жаңа талаптарына, жаңа әлеуметтік үміттерге күрделі және икемді реакцияны талап етеді.

Бүкіл саналы ғұмырында жеке адам өзінің қызметіне өзгерістерге ұшырап отыратын ортаның жағдайларына сәйкестікте түзетулер енгізіп отыруға мәжбүр болады. Қоғамда өмір сүре отырып ондағы өзгерістерден тыс қалуға болмайтындығын мойындамау тұлғаның қоғамнан оқшаулануына алып келіп, ақыр аяғында оның қасіретіне айналады. Сонымен бірге тұлғаға ішкі қайшылықтар тән болатындығының фактісін, олардың сайып келгенде әртекті сыртқы ықпалдардың да және жеке өмірі тәжірибесіндегі қақтығыстардың да нәтижесі болуы мүмкін екендігін ескермесе есте бомайды.

Жеткілікті деңгейде әлеуметтеген және әлеуметтік бейімделген тұлғаның қылмыс жасауға жол бермейтіндігі белгілі. Бірақ өз өмірінің белгілі бір кезеңінде адамның қоғамның қолдауына ие болмайтын және кейіннен тіпті қылмыстық деп танылуы мүмкін жүріс-тұрыс нысанын тандап алуына тіптен де таң қалуға болмайды. Бұл әлеуметтік ортада орын алып отырған жағдайлар мен өзгерістерге, әлеуметтену мен әлеуметтік бейімделу үрдістерінің толықтығы мен тереңдігіне тәуелді негізде болады. Егер өмір жолының белгілі бір кезеңінде әлеуметтік бейімделу қанағаттанарлықсыз жағдайда жүзеге асатын болса бұл бейімделудің жоққа шығарылуына алып келеді. Бұл болса тұлғаның жартылай немесе толықтай әлеуметсізденуіне әкеп соғуы мүмкін. Тұлғаның әлеуметсізденуі адамның жүріс-тұрысына сөзсіз әсер ететін мінез-құлықтың өзіндік белгілерінің тоқырауға ұшырауынан көрініс табады.

Осындай тұлғаны әлеуметсізденген және бейімделмеген деп санау қалыптасқан. Оның қылмыстық соның ішінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылуы оны қайтадан әлеуметтендіруге және қайтадан бейімдеуге бағытталған әлеуметтік (аз деңгейде) және арнайы (көп деңгейде) институттардың әсеріне ұшырайды. Олар өз кезегінде әлеуметтендіру бағытындағы бейімдеуді қарапайым түрінде қайта туындату емес, жеке тұлғаның өткен және болашақтағы өмір жолдарын есепке алатын тиімді әдістер мен құралдардың жиынтығынан тұратын процесс болып табылады [38,29. 39,68-70.]. Осы айтылғандар түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандарға көп жағынан қатысты болады. Аталған мәселені барынша тереңірек талдауға тырысуымыздың да бір себебі осында.

Қылмыстық жазасын өтеуіне байланысты бостандыққа шыққан тұлғаның әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі өте күрделі болып табылады және де ол бірқатар себептерге байланысты.

Сондықтан жалпы түріндегі әлеуметтік бейімделу үрдісінен жазадан босатылғандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеке үрдіс ретінде бөліп қарастыруды ұсынған В. И. Гуськовтың пікірімен келісу қажет [40, 61.].

Бас бостандығынан айыру орынында болудың адамның жеке басының қасиеттеріне сөзсіз ықпалын тигізіп және әлеуметтік ортаға бейімделуге жағымысыз жағынан әсер ететіндігін зерттеушілердің көпшілігі атап өтеді. «Бас бостандығынан айырумен немесе шектеумен байланысты жазаны өтеу сотталған адамды қоршаған әлеуметтік ортаның, қатынас өрісінің айтарлықтай өзгеруіне, тұрақты әлеуметтік байланыстардың үзіліп қалуына сөзсіз алып келеді» - деп И. В. Шмаров өте орынды атап өткен [41,85.] Осының барлығы өз

кезегінде бағыты бойынша жағымсыз болып табылатын ортадағы тұрақты және едәуір шамадағы мәжбүрлі қатынастардың аясында орын алады.

Өзіндік ерекшеліктері басым жағдайлар және де сотталғандар арасында мәжбүрлі негізде болу көп жағдайда адамның психикасының өзіндік қасиеттеріне әсер етеді және де олардың акцентуациялануына, яғни белгілі бір жақтарына екпін түсірілуіне алып келеді. Тіршілік жағдайларының өзгеруі жеке тұлға мен ортаның арасындағы теңдіктің бұзылуына әкеп соғады. Жана жағдай бір қасиеттердің барынша жігерлі әрекет етуін талап етсе, басқасының тұншыққан күйде болуын талап етуі мүмкін. Тіпті жан-жақты дамыған адам да өзгеріске ұшыраған жағдайларда акцентуацияланған тұлға болуы мүмкін, себебі өзгеріске ұшыраған жағдайлардағы жан-жақтылық дегеннің өзі мінез-құлық қасиеттерінің жеке адам тап болған ортаға сәйкестендірілуі болып табылады [42,126.]. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу барысында және оқшаулау жағдайында бірнеше мәрте болғанда сотталғандардың мінез-құлқы «жазылмаған» нормаға айналып және еліктеме (стереотип) нысанына ие болады. Осындай тұлға әдетте әлеуметтік жағдайларға нашар бейімделеді және бейімделе алмау жағдайларына жиі ұшырайды. Сондықтан бостандыққа шыққаннан кейін және бұрынғы әлеуметтік ортаға оралғанда тұлғада бейімделумен байланысты көптеген мәселелер пайда болады. Бостандыққа шығу сотталған адамның еркін азамат ретіндегі құқықтық мәртебесін қалпына келтіріп ғана қоймайды, сонымен бірге оның әлеуметтік рөлі мен қызметтерінің айта қаларлықтай кеңеюіне алып келеді және ол өзінің белгілі бір мерзім ішінде қоғамнан оқшаулануына байланысты оларды атқаруға жеткілікті түрде дайын болмай шығады.

Жазаны өтеу барысында сотталғандар күнделікті өмірдегі көптеген мәселелерді шешу үшін бас бостандығы өзіндегі адамға қажет болып табылатын өзіндік еріктіліктен айырылады мысалы, еңбекақысын, бос уақытын өз қалауынша пайдалану, өз қалауынша тамақтану, киіну және т. б. Сондықтан сотталған адамдарда әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетін шектеп, тежейтін өмірлік енжарлық біртіндеп қалыптаса бастайды және олар бостандыққа шыққаннан кейін де қоғам өміріне белсенділікпен араласып кете алмайды, ол өз кезегінде көптеген тұрмыстық мәселелерді шешуді, қиындықтарды, еліктірулерді, жағымсыз ықпалдарды жеңуді, оларға бой алдырмауды талап етеді.

Бас бостандығынан айыру орнынан бостандыққа шыққан сотталған адамдардың әлеуметтік бейімделуінің психологиялық қиындықтары сонымен бірге олардың қарым-қатынас шеңберінің айта қаларлықтай және бірден ұлғаюымен де сипатталады. Жазасын өтеу барысында олар тек түзету мекемесінің әкімшілігімен, сотталғандардың әртүрлі топтарымен, кейбір қоғамдық ұйымдардың мүшелерімен және туысқандарының тар шеңберімен ғана қатынас жасайды. Бостандыққа шыққаннан кейін қарым-қатыс өрісі бірден кеңейеді, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік ұстанымды айқындауды талап етеді. Б.Д. Парыгин «қарым-қатынастың функциясы жеке тұлғаның немесе ұжымның

жүріс-тұрысын басқа адамдардың іс-әрекеттерімен және әртүрлі әлеуметтік факторлармен үйлестіруде, келістіруде» - деп орынды атап көрсетеді [43,110.].

Сонымен бірге өмір тәжірибесі көрсеткендей бостандыққа шыққан адамдар оған дейін қоғамнан оқшау болуына байланысты бас бостандығының болуы жағдайындағы әтрүрлі рөлдер мен функцияларды өздері қарым-қатынас жасайтын әлеуметтік топтардың талаптарына сәйкесті түрде атқаруға психологиялық жағынан дайын болмай шығатын жағдайлар сирек кездеспейді. Жеке адамның әртүрлі рөлдерді атқаруға дайын болуының деңгейі мен күтілетін әлеуметтік нәтиже арасындағы психологиялық қайшылық қақтығыстық жағдайлардың туындауына себепші болып және тұлғаның қолайлы әлеуметтік ортадан тыс қалуына жағдай туғызуы мүмкін.

Түзету мекемелерінен (ТМ) босатылғандардың бейімделуінің қиындығын бұл адамдардың бостандыққа шыққаннан кейінгі жүріс-тұрыстарына ерекше әсер ететін олардың психологиялық хал-ахуалының кейбір ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. Бір қарағанда бостандыққа шыққан адамнан көтеріңкі көңіл-күйді, қанағат сезімін, болашаққа деген сенімді күту әбден орынды сияқты болып көрінеді. Сонымен қатар олардың бойын ертеңгі күнге деген сенімсіздік, үрей сезімдері билейтін жағдай да аз кездеспейді. Аталған себептер арқылы өмірдегі болмашы жәйттерге байланысты көңіл-күйдің бірден өзгеруін, эмоциялық ширығушылықты, жүріс-тұрыстың күйзелістік жағдайларын түсіндіруге болады. Бостандыққа шыққан адамдардың осындай күйі түсінікті де: болашаққа деген сенімсіздік, отбасы мүшелері, таныстары оларды қалай қабылдайды деген үрей. Қоғамнан оқшаулау мерзімінің ұзақтығына байланысты аталған мән-жайлардың ықпалдық күші де әртүрлі болатындығы түсінікті.

Бостандыққа шыққан адамдардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің табысты түрде жүзеге асырылуы сонымен қатар өздері бостандыққа шыққаннан кейін тап болатын әлеуметтік ортаға да, яғни өздері әлеуметтік рөлін және функцияларын орындауға тиісті болатын, олардың өздерінің жүріс-тұрыстарына тигізетін ықпалы бар топтарға тәуелді болады себебі әлеуметтанушылардың жалпы пікірі бойынша ақыр аяғында жеке адамның қызметін, оның әлеуметтік ұстанымын және өмір сүру ережелерін нақ осы әлеуметтік орта айқындайды.

Соңында түзету мекемелерінен түзелу деңгейі, әлеуметтік-өнегелілік жағынан бұзылуы, жас шамасы, денсаулық жағдайы тұрғысынан алғанда әртүрлі адамдардың босанып шығатынын ескеру қажет.

Бостандықтағы өмірге қажетті деңгейдегі өнегелік және психологиялық дайындық алған, қоғаммен пайдалы әлеуметтік байланысын жоғалтпаған бостандыққа шыққан адамдар жеткілікті дәрежеде тез және табысты түрде пайдалы қызметке қайта оралып, жаңа ортаға қиындықсыз еніп, жаңа әлеуметтік рөлдерді меңгере алады. Аталған жағдайда қоғамнан тек олардың бейімделу үрдісінің барысына белгілі бір бақылау жасау, еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешуі барысында олар тап болуы мүмкін

қиындықтарды жеңуге, өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қатынас орнатуда тиісті дәрежеде жәрдем беру ғана талап етіледі.

Қылмыстық жазасын өтеп бостандыққа шыққандардың басқа санаттары үшін мысалы, ұзақ мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққан, пайдалы әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан, бостандықтағы өмірге жеткілікті дайындығы жоқ адамдар үшін әлеуметтік ортаға бейімделу қиынырақ және қарама-қайшылықты болады. Олар әдетте еңбек және тұрмыс мәселелерін шешуде, өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатыс орнатуда бірталай қиындықтарға тап болады. Бостандыққа шыққан адамдардың берілген санатына қатысты айтар болсақ олардың әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісіне мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар тарапынан белсендірек басшылық талап етіледі, олармен тәрбиелік мақсаттағы жұмыстар жүргізіліп және оларға белгілі бір нысандағы бақылау шаралары жүзеге асырылуы тиіс.

Соңында бостандыққа шыққан адамдардың кейбіреулері бостандықтағы өмір жағдайына бейімделуге, пайдалы қызметке қайтып оралуға тілек білдірмейді. Негізінен алғанда бұлар түзелу жолына түспеген, әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан алғанда толықтай бетімен кеткен тұлғалар болып табылады. Олар қоғамға пайдалы еңбекпен айналысудан жалтаруға, қоғамға қарсы байланыстарды қалпына келтіруге, қаңғыбастықпен айналысуға тырысады.

Аталған тұлғаларға қатысты мемлекеттік органдарға оларды қоғамдық пайдалы қызметке мәжбүрлеп қосу мақсатын көздейтін әкімшілік ықпал ету шараларын қолдану құқығы беріледі. Атап айтар болсақ заңмен қарастырылған жағдайдарда ТМ-нен босатылған тұлғаларға әкімшілік бақылау орнатуды осындай шаралардың қатарына жатқызуға болады.

Ендеше, ТМ-нен бостандыққа шыққан адамдардың әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісінің табыстылығы объективтік және субъективтік факторлардың кешеніне тәуелді болады, ең алдымен жазаны өтеу фактісі және оларға еңбекпен-түзету шарасының қолданылуы бостандыққа шыққан адамның жеке басына қалай әсер етті, жаңа әлеуметтік жағдайдағы өмірге олар өнегелілік және психологиялық жағынан қаншалықты дайын, мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар олардың еңбектік және тұрмыстық мәселелерін шешуді ұйымдастыруды, тәрбие жұмыстарын жүргізуді қаншалықты тиімді түрде жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылайтын болсақ, бостандыққа шыққан адамдардың әлеуметтік жағынан бейімделу үрдісін тек жазаны өтегеннен кейін жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісі, осы ортаның әлеуметтік ұстанымын және құндылық бағдарлық жүйесін қабылдауы, ерікті азматтардың әлеуметтік рөлін және функцияларын (кейде мәжбүрлеу жолымен) меңгеруі ретінде ғана пайымдаудан кеңірек қарастырған дұрыс болады. Әлеуметтік ортаға бейімдеу ұғымына, біздің ойымызша, сотталған адамдарды жазасын өтеу барысындағы оларды түзету және тәрбиелеу үрдісі де кірістірілуі тиіс себебі, ол ақыр аяғында оларды бостандықтағы өмірге өнегелілік, психологиялық және ұйымдастырушылық жағынан дайындау үрдісі болып табылады.



Жазасын өтеуден босатылғандарды әлеуметтік ортаға бейімдеу үрдісі бей-берекет түрде жүргізілмейді: ол осыған өкілетті мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен басқарылады. Сотталған адамдар жазасын өтегеннен кейін пайда болатын кейбір қоғамдық қатынастар бостандыққа шыққан адамдардың бейімделуіне кедергі келтіретін факторларды жою немесе алдын алу мақсаттарын көздей отырып құқық нормаларымен реттеледі.

Жазаны өтеуден босатылғандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін осылай ұғынуды басшылыққа ала отырып оның барлық үрдісін өзара байланысты екі кезеңге бөліп қарастыруға болады: сотталғандарды түзету мекемесінде бостандықтағы өмірге өнегелік, психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғысынан дайындау кезеңі және бостандыққа шыққандардың еркін өмір жағдайына бейімделу, олардың өздерінің әлеуметтік ұстанымы және рөлдерін анықтау, жаңа әлеуметтік ортаның талаптары мен құндылық бағдарлар жүйесін қабылдау және осы үрдісті мемлекеттік органдар және қоғамдық ұйымдар тарапынан басқару кезеңі.

Аталған кезеңдердің әрқайсысына сотталғандардың және бостандыққа шыққандардың жеке басына да және олар жазасын өтегеннен кейін бейімделетін әлеуметтік ортаға да әсер ететін өзіндік психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық құралдар тән болады.

## **1. 2 Сотталғандарды әлеуметтік ортаға бейімдеуге түзету мекемелерінде дайындау кезеңі**

Сотталғандарды түзету және тәрбиелеу—күрделі ұғым. Оны біріншіден, жазаны атқаратын органдардың қызметтік міндеті, екіншіден, жазаны өтеу барысында қылмыскерлердің жеке басын қайта қалыптастыру, олардың қоғамға қарсы көзқарасын, әдеттері мен дағдыларын өзгерту, азаматқа лайықты өнегелілік қасиеттерді олардың бойына сіңіру, үшіншіден, жазаны атқаратын органдар қызметінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің облыстар және Астана қаласы бойынша басқармаларының тергеу изоляторлары және арнайы есепке алу саласы бойынша қызметінің 2007 жылғы 9 айына жасалған шолуы бойынша біздің елімізде 75 түзеу мекемесі және 18 тергеу изоляторы жұмыс істеген. 2007 жылдың 01 қазанындағы есеп бойынша түзеу мекемелерінде 47082 сотталған жазасын өтеген, оның ішінде жалпы режимде – 16580; қатаң режимде – 18336; ерекше режимде – 3274; қоныс колониясында – 3857; емдеу мекемесінде – 4423; тәрбие колониясында – 427; түрмеде – 185 адам ұсталған. Тергеу изоляторында 7702 тұлға қамауда болған. Өртүрлі режимдердегі түзеу мекемелерінде ұсталған 47082 адамның 955-нің жеке басын куәландыратын құжаты болмаған, оның ішінде 500-і шетел азаматтары, 111-і азаматтығы жоқ адамдар болған. Маңғыстау облысының аумағында орналасқан түзеу мекемелерінде аталған мерзім ішінде барлығы 2391 адам адам ұсталған. Оның ішінде ГМ -172/8 (қоныс колониясы) 251; ГМ – 172/1 (қатаң режим) 1650; ГМ – 172/10 (туберкулезден емдеу мекемесі) 632; тергеу изоляторында – 109 адам ұсталған. Берілген деректерге қарағанда бас бостандығынан айыру

орындарында жазасын өтеп жүргендердің жалпы санының 38% қатаң режимдегі түзеу колонияларындағылар құрайтындығы анық байқалады. Маңғыстау облысына қатысты айтар болсақ барлық 2391 адамның 1650-і, яғни 68% қатаң режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеп жатқандар болып табылады. Еліміз бойынша түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқан 47082 адамның барлығының да уақыты келгенде бостандыққа шығатындығы айқын, әңгіме тек солардың қандай адам болып шығып, бостандыққа шыққаннан кейін қоғамдағы өздерінің орнын қалай табатындығында болып отыр.

Жазаны өтеу барысында сотталғандарды түзету және тәрбиелеу олардың бойында қолданыстағы заңдарға, қоғамдық тұрмыс ережелеріне деген құрмет сезімін, еңбекке деген адал көзқарасты, яғни олардан бостандыққа шыққаннан кейін орындалуы талап етілетін жүріс-тұрыстың қарапайым ережелерін олардың бойына сіңіруге бағытталған. Сондықтан сотталғандарды түзету және тәрбилеуді өзінің кеңейтілген ұғымында сотталғандарды еркіндіктегі өмірге өнегелік, психологиялық және ұйымдастырушылық жағынан олар жазаны өтеу орнына келген сәттен басталатын дайындау ретінде қарастыруға болады. «Сотталғандарды бостандыққа шығаруға дайындау мәселесін қарастыра отырып, сонымен бірізгіде бірнеше маңызды сұрақтарға жауап іздеу қажет» - деп атап көрсетеді Д. С. Чукмаитов.

- әлеуметтік бейімдеу үрдісі қай сәттен басталады (жазаны өтеу уақытында немесе сотталған адам бостандыққа шыққаннан кейін) және сотталғандарды бостандыққа шығаруға дайындауға қашан кіріскен дұрыс;

- бұл үрдіс уақытта қандай ұзақтыққа созылады және оның қандай негізгі кезеңдерін бөліп көрсетуге болады;

- қоршаған орта мен бас бостандығынан айыру орынынан босатылған адамның өзара әрекеттестігі мен ықпалының типтік нұсқаларын бөліп көрсетуге бола ма және бостандыққа шығаруға дайындауда орталық орынды не алуы тиіс [44, 188].

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің жағдайларын реттейтін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексінің 117-бабында «жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеуші сотталғандарға бостандықтағы өмірге ойдағыдай бейімделуі мақсатында түзеу колониясы бастығының қаулысымен түзеу колониясының шегінен тыс қадағалауда арнаулы жатақханаларда тұруға рұқсат етіледі. Олар түзеу мекемесі орналасқан ауданның шегінде еркін жүріп-тұра алады, туған-туыстарымен кездесу құқықтары шектелмейді» - деп бекітілген [8, 70.].

Түзету мекемесінде бекітілген режим, еңбек арқылы тәрбиелеу, құқықтық-тәрбиелік жұмыстар, жалпы орта және кәсіби-техникалық білім беру сияқты түзету және қайта тәрбиелеу құралдары кешенінің өнегелік және психологиялық әсері ақыр аяғында бір міндетті шешуге нақтырақ айтқанда, сотталғандарды пайдалы қызметке қайтаруға бағытталған.

Бас бостандығынан айыру режимі тек ғана жазалау қызметін атқармайды (қоғамнан оқшаулау жолымен сотталғандарға моральдық жапа шектіреді, олардың құқықтары мен материалдық игіліктерін шектейді) сонымен қатар

тәрбиелеу қызметін де атқарады. Жазаны өтеудің тәртібін, жүріс-тұрыстың бекітілген ережесін және күн тәртібін ұзақ уақыт бойына және жүйелі түрде сақтау сотталғандардың бойында қоғамда өмір сүру ережелерін сақтаудың тәлімі мен дағдысын қалыптастырады, әрекет ететін заңдарды сақтаудың қажеттілігін олардың санасына құяды. «Сотталғандардың нерв жүйесінің тежеу және тітіркену функцияларын басқару қабілетінің біртіндеп пайда бола бастауынан режимнің тәрбиелік ықпалының механизмі көрініс табады, яғни тек ғана қоғамнан оқшаулау жағдайында емес бостандықта да көрініс беретін, тұрақты түрде әрекет ететін тітіркендіргіштердің белгілі бір жүйесі қалыптасады. Осылайша режим сотталғандардың бейімделуге деген белгілі бір қабілеттерін қалыптастырады» - деп атап көрсетеді И. В. Шмаров [45, 22.].

Сонымен қатар жазаны өтеу режимі сотталғандарға еңбектік-түзету ықпалын табысты түрде қолдануға тиімді жағдайды қалыптастырады: сотталғандарды еңбекке және олардың еңбек тәртібін сақтауына тарту, саяси-тәрбиелік, құқықтық-тәрбиелік жұмыстарды және кәсіби, жалпы орта білім беру жұмыстарын ұйымдастыру. Ендеше жазаны өтеу режимнің аталған функциясы да сотталғандардың бойында бостандықтағы өмірде қажетті болып табылатын жеке қасиеттерді қалыптастыруға өз ықпалын тигізеді.

Сотталғандардың әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетінің қалыптасуындағы режимнің тәрбиелік қызметінің маңызын атап көрсете отырып, оларды асыра бағалауға болмайды. Режимнің тәрбиелеу мүмкіндіктері шектеулі. Режим жүріс-тұрыстың ең қарапайым дағдылары мен тәлімдерін қалыптастыруға ықпал ете алады, бірақ сотталғандардың бойында қоғамда өмір сүру ережелерін, әрекет ететін заңдарды құрметтеу қажеттілігін терең өнегелік сезінуді тәрбиелеу міндеттерін толық шешуге қабілетсіз болады.

Тәртіптілік өнегеліктік ұғым болғандықтан сотталғандарды оған тәрбиелеу олардың бойында берік идеялық сенімділікті, эмоционалдық және ерік-жігерілік қасиеттерді қалыптастыруды қарастырады. Осындай қасиеттер еңбекпен тәрбиелеу, сотталғандармен саяси, құқықтық тәрбие жұмыстарын жүргізу жолымен, режимді ұйымдастырумен қатар олардың орта білім және кәсіби-техникалық білім алуын жүзеге асырып ұйымдастыру арқылы қалыптастырылады. Тек осы жағдайда ғана сотталғандардың әлеуметтік ортаға бейімделу қабілеттілігі нық өнегелік негізге ие болады және олар бостандыққа шыққаннан кейін әртүрлі жағымсыз ықпалдарға саналы түрде қарсы тұра алады.

Сотталғандардың бойында қажетті өнегелік қасиеттерді қалыптастырудағы еңбек тәрбиесінің және оларды кәсіптік-техникалық оқытудың маңыздылығына тереңірек тоқталып жатудың қажеті жоқ деп есептейміз. Еңбек бұл – еңбекпен түзетушілік ықпал етудің бүкіл үрдісі сүйенетін негіз [46, 57.].

Сонымен қатар біз төменде көрсетілген мәселені де есте ұстаған жөн деп ойлаймыз. Қоғамдық пайдалы еңбек сотталғандарды түзетудің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бұрынғы уақытта әрекет еткен еңбекпен түзету заңнамасында және қылмыстық-атқару практикасында оның рөлі гипертрофияға ұшыратылып ол сотталғандарды түзетудің негізі ретінде

қарастырылды, ал түзеу мекемелері шын мәнінде жоспар орындауға және пайда түсіруге міндетті өндірістік кәсіпорындар ретінде қарастырылды. Қазіргі уақытта керісінше жағдай қалыптасып отыр. Экономикадағы кризис салдарынан көптеген сотталғандар еңбекке тартылмай қалып, ал қоғамнан оқшаулау жағдайында іссіздік криминогендік фактор болып табылады. Баспасөз құралдарында жарияланған деректерге қарағанда 2005 жылы бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген 35512 адамның тек 12,5 мыңы, яғни 35%-ы еңбекақы төленетін жұмыстарға тартылған [47, 3.].

Адам құқықтары және сотталғандарға қарау туралы халықаралық актілер сотталғандардың еңбек ету міндеттілігін мойындайды. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық акт сот шешімі негізінде сотталған адамдардың орындайтын жұмыстарын мәжбүрлі немесе міндетті еңбек қатарына жатқызбайды. Қылмыстық атқару Кодексінің 47; 99; 156; баптарында қоғамдық пайдалы еңбек сотталғандардың міндеті ретінде қарастырылады. Сонымен қатар барлық еңбекке қабілетті сотталғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту фактісінің өзі және олардың кәсіби дайындығының сипаты мен деңгейіне тәуелсіз түрде кәсіптік-техникалық оқыту олардың бостандықтағы өмірге табысты түрде бейімделуін қамтамасыз етеді деп есептеу қате болар еді. Егер сотталғандар жазаны өтеу кезінде қазіргі заманғы өндіріске қатысу үшін қажетті болып табылатын техникалық және кәсіптік дайындықтан өтпесе онда бостандыққа шыққаннан кейін олардың басым көпшілігі заманауи кәсіпорындарда біліктілікпен жұмыс жасай алмайды бұл өз кезегінде олардың еңбек ұжымына табысты түрде бейімделуіне қиындық туындатады.

Аталған мәселені зерттеу көрсеткендей түзету мекемелерінде сотталғандарды халық шаруашылығының кәсіпорындарында жұмыс жасау үшін жеткілікті деңгейде техникалық жағынан дайындауға қол жеткізіле бермейді. Кейбір зерттеу мәліметтеріне сай түзету мекемелерінен шыққандардың басым көпшілігі жеткіліксіз техникалық дайындықтарына байланысты түзету мекемелерінде алған мамандықтары бойынша кәсіпорындарда қызмет атқара алмаған.

Сотталғанға дейін нақты еңбек тәлімі мен мамандығы болмаған бостандыққа шыққан адмдардың еңбектік қызметіне қатысты айтар болсақ жағдай одан да жағымсыз күйде қалып отыр.

Сондықтан бас бостандығынан айыру орнынан босатылғандардың жетістікті түрде бейімделуі үшін сотталғандарды бостандықтағы еңбек қызметіне психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғыдан дайындауда еңбек арқылы тәрбиелеу барынша тиімді болып табылатын мамандықтар мен шаруашылық салаларын анықтаудың маңызы үлкен болып табылады. Түзету мекемелерінің көп жылғы жұмыс тәжірибесі көрсеткендей бостандықта бейімделудің табыстылығы тұрғысынан алғанда сотталғандардың еңбегін металл және ағаш өңдеумен байланысты өндіріс салаларында пайдалану барынша тиімді болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда сотталғандардың ауыл шаруашылығындағы және сотталған ер адамдардың тігін өндірісіндегі еңбегі барынша тиімсіздігімен ерекшеленеді.

Ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты колонияларда жазасын өтеуші сотталғандардың басым көпшілігі сотталғанға дейін қалада тұрып жұмыс жасаған. Сондықтан олардың барлығы дерлік бостандыққа шыққаннан кейін қалаға тұрғылықты жері ретінде қайтып оралған, осыған байланысты сотталғандардың берілген санаты үшін түзету мекемесіндегі кәсіптік дайындық олардың одан арғы еңбек қызметі үшін ешқандай маңызға ие болмай қалған.

Кейбір колониялардағы жұмыс жасайтын тігін өндірісі сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін еңбек ұжымына бейімдеуге психологиялық және практикалық тұрғыдан дайындауда ешқандай тиімділік бермейді. Қалыптасқан дәстүрлі көзқарас бойынша еңбектің аталған түрі тек әйелдерге тиісті деп есептелінеді. Сотталғандармен алынған мамандық әдетте бостандыққа шыққаннан кейін пайдаға аспай қалып жатады. Сотталған ер адамдарды бостандықтағы өмірге психологиялық және өнегелік тұрғысынан дайындауда олардың еңбегін тігін өндірісінде пайдалануды тиімсіз деп таныған дұрыс.

Жалпы және қатаң режимдердегі колонияларда саны жағынан басымдыққа ие болатын 18-25 жас аралығындағы сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін еңбек ұжымына бейімделуге психологиялық және ұйымдастырушылық тұрғыдан дайындау ерекше маңызды.

Жас адамдардың кәсіп және еңбек қызметінің түрін дұрыс таңдауы, социологтар мен психологтардың ортақ пікірі бойынша көп жағдайда олардың құндылықты бағдарлары мен өнегелік ұстанымдарының, жеке бастарының әлеуметтену үрдісінің алғы шарттары болып табылады. Жастарды кәсіптік бағдарлау, олардың кәсіптің түрін таңдау, мамандықтардың әлеуметтік мәртебесі мәселелерін зерттеу қазіргі уақытта өте өзекті мәселеге айналып отырғаны шындық. ТМ-де сотталған жас адамдарды кәсіптік даярлаудың мамандықтардың олар үшін тартымдылық деңгейін ескерместен жүзеге асырылатындығын мойындау керек.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жеке бастарын ішінара зерттеу барысында ТМ-де жазасын өтеп жүргендердің 18 жастан 25 жасқа дейінгілердің шамамен 10% ешқандай мамандығы болмаған. Олардың 50% бас бостандығынан айыру орындарында біліктілікті талап етпейтін жұмыстарға пайдаланылған. Сотталған жас адамдарды бостандықтағы еңбекке психикалық және ұйымдастырушылық жағынан дайындаудың әлсіздігі олардың еңбек ұжымдарына бейімделуін қиындатуы табиғи жағдай. Практика көрсеткендей олардың көпшілігі бостандыққа шыққаннан кейін мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмайды. Сотталғандарды бостандыққа шыққаннан кейін еңбек үрдісіне кірісуге психологиялық және ұйымдастырушылық жағынан дайындау, мамандықтардың әлеуметтік мәртебелерін ескере отырып сотталғандарды оларға оқытып-үйрету, еңбек тәлімдерін олардың бойына сіңіру жазасын өтегеннен кейін әлеуметтік ортаға бейімделуінің аса маңызды алғышарты болып табылады. Кез келген педагогикалық жұмыстың ерекшелігі мынада,

оның жағымды нәтижелері әлдебір тәрбиелік мәністегі амалдар мен құралдарды қолданғаннан кейін бірден емес, біршама уақыт өтіп жаңа мінез-құлықтар, дағдылар, көзқарастар адамның санасына жеткілікті түрде берік орныққаннан кейін ғана объективті түрде көрініс беретіндігінде. Аталған жағдай түзету мекемелерінде сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарға да толықтай қатысты. Оның нәтижелерін толықтай түрде тексеру негізінен алғанда сотталғандар бостандыққа шыққаннан кейін олар жаңа әлеуметтік ортаға бейімделе, жаңа әлеуметтік функциялар мен рөлдерді жүзеге асыра бастаған кезде ғана тексеруге болады. Осы уақытта әдетте бостандыққа шыққан адамның жеке басын барынша дәл сипаттайтын мінез-құлық белгілері толық шамада өз көрінісін бере бастайды.

Сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін тәрбиелік бағыттағы әртүрлі шаралардың өткізілуі тұрғысынан емес, олардың бостандықтағы өмірге өнегелік және психологиялық дайындығы, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі, қиындықтарды және қоршаған ортаның (әлеуметтік) жағымсыз ықпалдарын жеңе білуі қабілетінің тұрғысынан бағалаған дұрыс.

Адамды, әсіресе қоршаған әлеуметтік ортаның өзгеруі барысында қиындықтарды жеңе білуге тәрбиелеу педагогиканың маңызды ережелерінің бірі болып табылады. Сондықтан сотталғандарды қиындықтарды соның ішінде олар бостандыққа шыққаннан кейін тап болатындарын жеңе білуге тәрбиелеу ТМ-де жүргізілетін тәрбие жұмыстарының ең басым бағыттарының бірі болуы тиіс.

Бір өкініштісі, түзету мекемелердегі жүргізілетін тәрбие жұмыстарына талдау жасағанда бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбейтіндігі бірден көзге түседі. Кейбір жағдайларда тәрбиелеушілер сотталғандар бостандыққа шыққаннан кейін тап болуы мүмкін қоғам өміріндегі қиындықтарға талдау жасауға тіптен талпынбайды.

Сонымен қатар сотталғандарды бостандықтағы өмірге дайындау олардың бейімделушілік қабілетін жетілдіру тек ғана өнегелілік тәрбиесіне, тәртіптілік пен ерік-жігер сапасын қалыптастыруға негізделіп ғана қоймай, сонымен бірге жазасын өтеп шыққаннан кейін сотталғандардың қоғамнан шеттетілгендер жағдайында қалмайтындарын, олар бостандыққа шыққаннан кейін тап болуы мүмкін нақты қиындықтарды түсіндіруге және оларға бұл қиындықтарды жеңе білуді үйретуге негізделуі тиіс.

Сотталғандарды қоғамнан оқшаулау олардың кейбіреулерінің психикалық жай-күйіне жағымсыз әсер етіп, олардың бойында енжарлықты, күйгелектікті, жан-күйзелісі жағдайын қалыптастыратындығын біз осыған дейін де атап өткен болатынбыз. Осындай жай-күйдің ең алдымен қоғамнан, отбасынан, туысқандарынан қол үзушілік сезімімен түсіндірілетінін практика көрсетіп отыр. Ендеше бас бостандығынан айыру мерзімі қаншама ұзақ болса бостандыққа шыққан тұлғалардың да еркіндіктегі өмір жағдайларына бейімделуі де соншалықты күрделі жағдайда орын алатындығы түсінікті.

Осы тұрғыдан алғанда С.А. Салауатдиновтың «Сотталғандардың түзеу мекемесіндегі өмірге әбден бой үйретіп, бостандықтағы өмір жағдайларынан тым алшақтап кетуі, кейде тіпті олардың өзге өмір салтын есіне де алмай, қандай да болмасын өзгерістерден қорқуы ұзақ мерзімдерге бас бостандығынан айырудың айтарлықтай кемшілігі болып табылады. Түзеу колониялары жекелеген жағдайларда осындай тұлғалар үшін жапа шектіруші сапасынан айырылады және ондай тұлғалардың түзелуі жоғарғы деңгейдегі қиындықтарды пайда қылады» - деп атап көрсетуінен көп нәрсені аңғаруға болады [48, 78-88.].

Осындай жай-күйді өзгертудің ең тиімді құралы тәрбиелеушілердің сотталғандардың болашағына қамқорлық жасауы, олардың бойында мемлекет, қоғам оларды пайдалы қызметке қайтаруға тырысатындығы туралы және бостандыққа шыққанан кейін олар жұмыспен қамтылады және олардың адамгершілік қасиеті қорлыққа ұшырамайды деген сенімділікті қалыптастыруы болып табылады. Тәрбие жұмыстарының осындай нысаны тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасында жағымды өнегелік-психологиялық жағдайдың қалыптасуына себепші болады, ол өз кезегінде сотталғандардың көңіл-күйіне жағымды әсер етіп олардың бостандықтағы өмірі үшін тиянақты жағдайды қалыптастырады.

Сотталғандардың түзету мекемесінің әкімшілігіне сенбеуі, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер арасында психологиялық кедергінің болуы сотталғандарды түзету және бостандыққа шыққаннан кейін олардың табысты түрде бейімделуі жолындағы маңызды тосқауылға айналады.

Өкінішке орай кейбір түзету мекемелерінде сотталғандар мен тәрбиешілер арасындағы өзара қатынастардағы қалыптасқан жай-күйлер сотталғандардың бостандықтағы өмірге табысты түрде бейімделуіне жағдай туғызбайды. Бірінші рет сотталғандар жазасын өтеп жатқан кейбір колонияларда олардың ТМ-нің басшылығына және ең алдымен отряд бастықтарына деген көзқарастарын анықтау мақсатында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан сотталғандардың тек 40% ғана ТМ-нің әкімшілігі оларға тілектестікпен қарап, олардың болашағы туралы толғанады-деп санайтындығы анықталған.

Сотталғандардың колониялардағы тәрбиелеушілерге деген жағымсыз көзқарасының негізгі себебі, сотталғандардың түзету мекемелерінің әкімшілігіне деген сенбеушілігінен ғана емес, қылмыстылықпен күрес жүргізуші басқа органдардың өкілдеріне деген сенімсіздігінен де туындайтындығын атап өту керек. Осы органдардың өкілдеріне деген теріс пікірлерін сотталғандар көп жағдайда колониялардың тәрбиешілеріне көшіреді. Осы айтылғандар көп жағдайларда рецидивист-қылмыскерлердің ықпалында болатын сотталған жас адамдар үшін сипатты болады. Сонымен бірге тәрбиешілердің сотталғандарға деген немқұрайдылығы, олардың психикалық жай-күйін түсінуге тырыспайтындығы жағымсыз көзқарастың себептерінің бірі ретінде аталған. Әрине, осы келтірілген мәліметтердің негізінде түзету мекемелерінің барлық жүйесіне қатысты түрде жалпы қортынды жасауға әсте

болмайды. Алайда, олар бостандыққа шыққандардың табысты түрде бейімделуіне кедергі келтіретін себептерді анықтап және жоюға мүмкіндік беретіндіктен белгілі бір қызығушылықты туындатады. Аталған бағытта жүзеге асырылып жатқан шаралардың қатарында 2007 жылы түзеу мекемелерінде 44991 адамның психологтармен тексерілгендігін атай кеткен орынды. Олардың ішінде түзеу мекемелерінің карантиндық бөлімдерінде 18360 адамның немесе жанадан келгендердің 55% тексеруден өткендігін айту керек.

Сотталғандардың бойында олар бостандыққа шыққаннан кейін олардың қамқорлыққа алынатындығы туралы сенімді қалыптастыра отырып шектен шығушылыққа, яғни масылдық көңіл-күйді тәрбиелеуге жол беруге болмайды. Сотталғандардың белгілі бір бөлігінің әсіресе қайталап қылмыс жасаушылардың арасында теріс ұғым қалыптасатынын да ескеру қажет: олар жазасын өтеді ендеше мемлекетпен және қоғаммен толықтай «есеп айырысты» және ешқандай қосымша міндеттемелер олардың мойнына артыла алмайды, ал қоғам олардың қылмыстық өткенін ұмытып оларға барлық жағдайды туғызуы тиіс – деген көзқарасты басшылыққа алуға бейім.

Түзету мекемелерінің әкімшілігі сотталғандардың санасына жазаның адамды белгілі бір дәрежеде масқаралайтын іс екендігін, бостандыққа шыққаннан кейін олар өзінің жағымды, дұрыс жүріс-тұрыстарымен ғана қоғамның оларға деген сенімін қайта орнықтыра алатынын анық ұғындыруы тиіс.

Бостандықтан, әсіресе ұзақ мерзімдерге айырудың міндетті салдары болып сотталғандардың пайдалы әлеуметтік байланыстарының әлсіреуі немесе үзіліп қалуы табылатындығын біз бұған дейін де айтқан болатынбыз [49, 113.]. Ең алдымен олар бұрынғы жұмыс орнындағы еңбек ұжымы мен қоғамдық ұйымдармен пайдалы байланыстарын жоғалтады. Жазасын өтеу барысында сотталған адамның отбасының ажырасып кететін жағдайлары да сирек кездеспейді.

А.С. Михлин жүргізген зерттеулер көрсеткендей жазаның жапа шектіруші элементтері арасында (қоғамнан және отбасынан оқшаулау, құқықтық шектеу, материалдық-тұрмыстық шектеулер) ТМ-де ұсталатын сотталғандармен отбасынан және туыстарынан оқшаулау барынша шиеленісті түрде қабыл алынады. Аталған жағдай некеде тұратындарға да, бойдақтарға да толықтай негізде қатысты. Алайда сотталғандарда барынша жағымсыз психикалық жай-күй егер олардың жазасын өтеу барысында отбасы ажырасатын болса пайда болады (зерттеу мәліметтері бойынша некеде тұрған сотталғандардың 28% отбасы ажырасып кетеді). Олар басқа сотталғандармен салыстырғанда өздерін біршама нашар ұстайды еңбекке адал көзқараспен қарамайды, оқудан бас тартады. Некенің бұзылуы сотталғандардың бостандыққа шыққаннан кейінгі бейімделушілік қабілетін біршама төмендетеді. Олардың тұрмыстық жағдайларында да қиындықтарды пайда қылады. Жазадан босатылғандардың арасында ішінара жүргізілген зерттеудің мәліметтері бойынша некесі сақталғандардың 76% тұрғылықты жеріне келгеннен кейін үш апта уақыттың ішінде жұмысқа орналасқан. Ал некесі бұзылғандардың арасынан тұрғылықты



жеріне келгеннен кейін тек 24% ғана үш аптаның ішінде жұмысқа орналасқан [50, 110.]. Сондықтан сотталғандарға олардың отбасын ажырасудан сақтап қалуға, олардың отбасымен байланысын нығайтуға және оның жағымды ықпалын қамтамасыз етуге жәрдемдесу олардың бостандықтағы өмірге табысты түрде бейімделуінің маңызды шарты болып табылады. Сонымен бірге сотталған адаммен оның отбасының арасындағы нақты қалыптасқан жағдайды да есепке алу қажет, себебі осындай жағдайдың жағымсыз, ал кейде қақтығысты күйде болатын кездері де аз кездеспейді. Осындай жағдайларда сотталған адамның отбасымен байланысын қайта орнатуға әрекеттену тиісті нәтижені бермейді.

Пайдалы әлеуметтік байланыстарды жоғалту тұлғаның рухани оқшаулануын туындатады. Ол өз кезегінде сөзсіз қоғамнан әлеуметтік тұрғыдан шеттетілуге алып келеді. И.С. Кон айтқандай «индивидтің үстемдік етуші мақсаттар мен құндылықтардан шеттетілуі, индивидтің бұл қоғамдағы маңызды мақсаттар мен сенімдерді бағалаудағы берілген қоғаммен қайшылығы» орын алады [16, 258.].

Пайдалы әлеуметтік байланыстарды жоғалтудың логикалық салдары ол сотталған адамдарда қоғамға қарсы байланыстардың қалыптасуы болып табылады, олардың пайда болуы түзету және тәрбиелеу процесін біршама қиындатады, себебі аталған байланыстар сотталған адамдардың бойында құндылықты бағдарлар мен тәуелділіктердің жаңа жүйесін пайда қылмай қоймайды. Сондықтан сотталғандардың пайдалы әлеуметтік байланыстарын мысалы, еңбек ұжымымен, қолдау немесе қайтадан қалпына келтіру сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелеу-түзету жұмыстарының маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылуы тиіс.

Бостандыққа шыққаннан кейінгі олардың табысты түрде әлеуметтік бейімделуінің шарты ретіндегі сотталғандардың еңбек ұжымдарымен байланысын қалпына келтіру, ең алдымен олар сотталғанға дейін жұмыс жасаған кәсіпорындардың қоғамдық ұйымдарымен, еңбекшілер ұжымымен әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіруді қарастырады, себебі бостандыққа шыққан адамға өзіне таныс әлеуметтік ортада пайдалы байланыстарды қалпына келтіру және үзбей ұстап тұру оңайырақ болады, ал ұжым олардың жүріс-тұрыстарына әлеуметтік бақылауды тиісті деңгейде жүзеге асыра алады. Сондықтан ТМ-нен бостандыққа шыққандарды бұрынғы жұмыс орнына орналастыру олардың әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне оң септігін тигізген болар еді.

Еңбек ұжымымен әлеуметтік байланыстарды қалпына келтіру негізінен алғанда үш жылдан аспайтын мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталып түзету мекемелерінен бостандыққа шыққан тұлғаларда қиындықсыз жүзеге асады. Ұзақтау мерзімдерге сотталғандардың осындай байланыстарды қалпына келтіруі қиындау болады себебі олардың еңбек ұжымымен кеңістіктік байланысы ұзақ мерзімге үзіліп қалады, ал бұл өз кезегінде әлеуметтік байланыстың әлсіреуіне және үзілуіне сөзсіз алып келеді.

Сотталғанға дейін қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған және тұрақты тұрғылықты жері болмаған сотталғандардың еңбекшілер ұжымымен әлеуметтік байланыстар орнатуы барынша күрделі болады. Өкінішке орай, сотталғандардың арасында осындай адамдардың саны аз емес және соңғы жылдары ондайлардың саны арта түсуде.

Сотталғандардың жазасын өтеу үрдісінде, оларды түзету және тәрбиелеуде бостандыққа шығарудың алдындағы психологиялық-педагогикалық және ұйымдастырушылық дайындық кезеңін бөліп көрсету керек.

Енді, бостандыққа шығарылуға жататын сотталғандармен ТМ-нің әкімшілігі жүргізетін тәрбиелік сипаттағы шараларға тереңірек тоқталайық. Ең алдымен ТМ-нің әкімшілігі осындай тұлғалармен құқықтық мәселелер және қоғамдық тұрмыс тәртіптері тақырыбына арналған әңгімелер өткізеді. Оларға паспорт жүйесінің ережелері, сотталғандықтың құқықтық салдары, сотталғандықтың алынып тасталуы мен жойылуының негіздері мен тәртіптері туралы толық түсіндіріледі. Осындай әңгімелесулердің сотталғандардың бостандыққа шыққаннан кейінгі қоғам алдындағы жауапкершілік сезімдерін күшейтуге, олардың міндеттері мен құқықтары және олар қатаң сақтауға тиісті болып табылатын жүріс-тұрыс ережелері туралы ұғынуға өзінің септігін тигізері анық.

Осылайша сотталғандарды жазаны өтеу барысында түзету және тәрбиелеу, оларға режимнің талаптарын қолдану, еңбекпен тәрбиелеуді, кәсіптік және жалпы орта білім беруді ұйымдастыру, саяси-тәрбиелік жұмыстарды жүргізу ақыр аяғында оларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудің дайындық кезеңі болып табылады. Түзету және тәрбиелеу үрдісінің барысында бостандыққа шыққандардың жаңа әлеуметтік ортаға – еңбек ұжымына, тұрмыстағы өзіне ең таяу тұрған әлеуметтік ортаға бейімделуінің, ол ортаның талаптары мен өнегелік құндылықтарын қабыл алуының, жаңа әлеуметтік рөлдерді игеруінің әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық алғы шарттары жасакталады.

Жазаға тартылған тұлғалар түзету мекемелерінде бостандықтағы өмір үшін қажетті болып табылатын тиісті түрдегі өнегелік, психологиялық және ұйымдастырушылық дайындықтан өте отырып бостандыққа шыққаннан кейін әлеуметтік ортаға бейімдеудің маңызды кезеңіне аяқ басады.

Бұл кезең алғашқысымен салыстырғанда сапалық жағынан жаңа жағдайда жүреді және де бұл бостандыққа шыққандардың тек құқықтық мәртебесіне ғана емес, сонымен қатар оларды қоршаған әлеуметтік ортаға, қарым-қатыс өрісіне, атқарылатын әлеуметтік рөлдердің көлеміне, әртүрлі қызметтерді жүзеге асырудың бостандығына, әлеуметтік бақылаудың біршама әлсіреуіне де қатысты орын алады. Бостандыққа шыққандар қоғамның оларға қоятын талаптарына сәйкес өздерінің әлеуметтік рөлдеріне ие болып оларды орындауға міндетті болып, олардың алдына өмірдің өзі үнемі қоятын маңызды мәселелер бойынша әлеуметтік ұстанымдарын айқындауы тиіс. Осы кезеңде бостандыққа шыққандар белсенді түрде қарым-қатыс объектілерін іздестіреді, әртүрлі шағын

топтармен өзара қатынас жүйесін орнатып, өздерінің әлеуметтік мәртебесін анықтайды.

Аталған уақыт ішінде бейімделу үрдісінің қаншалықты табысты түрде жүзеге асырылуынан, түзету ықпалының нәтижелерінің қаншама берік орынығуынан бостандыққа шыққандардың одан арғы жүріс-тұрысы тікелей тәуелді болады: пайдалы қызметке қайтып оралады ма немесе қайталап қылмыс жасайды ма.

Осы процестің ұзақтығының маңызы аз болмайды. Жазасын өтеп бостандыққа шыққандар неғұрлым жылдамырақ жаңа ортаға бейімделіп, жаңа әлеуметтік рөлдерді игерсе олардың қоғамға қарсы өмір салтына қайтып оралуының мүмкіндігі де соғұрлым азаяды. Түзету мекемелерінен бостандыққа шыққандардың еркіндік жағдайында әлеуметтік бейімделу үрдісінің ұзақтығы субъективтік және объективтік сипаттағы көптеген себептерге тәуелді атап айтқанда, бостандыққа шыққан тұлғалардың жеке басының психологиялық ерекшеліктері (түзелуінің және бостандықтағы өмірге дайындығының деңгейі, әлеуметтік-өнегелік бұзылғандығының деңгейі, жас шамасы, бейімделу қабілетінің даму деңгейі), олардың айналасындағы әлеуметтік ортаның сипаты, осы процесті басқарудағы мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың жұмысы және т. б. Тәжірибе көрсеткендей жазасын өтеп шыққандардың еркіндіктегі өмір жағадайына бейімделу үрдісі әдетте алты ай бойына жалғасады. Бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің аталған кезеңінің негізгі элементтерінің бірі болып олардың әлеуметтік рөлдерді қоғам талабына сай игеруі мен атқаруы табылады.

Әлеуметтік психология жеке тұлғаның мінез-құлқын бағалауда оның атқаратын рөлдерінің сипатына басты маңыз береді.

Әрбір адамнан оны қоршаған әлеуметтік ортамен күтілетін, нормативті мақұлданған жүріс-тұрыс образын әлеуметтік рөл ретінде түсінеміз. Әлеуметтік психологияда жеке адамның рөлінің үш аспектісін атап көрсетеді:

рөл адамның берілген ұстанымымен байланыстырылған қоғамның талаптарының жиынтығы ретінде;

рөл адамның өзінің ұстанымын басшылыққа ала отырып одан қоғамның нені талап ететіндігін түсінуі;

рөл берілген ұстанымдағы адамның нақты жүріс-тұрысы ретінде [51, 27.].

Жиынтығында алынған адамның әлеуметтік рөлінің осы үш аспектісінің барлығы оның қоғамдағы жүріс-тұрысын сипаттауға мүмкіндік береді.

Өзін жеке тұлға ретінде көрсете отырып, әртүрлі шағын топтармен бірігіп әрекет ете отырып адам көптеген әлеуметтік рөлдерді жүзеге асырады: отбасы мүшесі, еңбек және оқу ұжымының мүшесі, әртүрлі шағын топтардағы жеке қатынастардың қатысушысы. Алайда жекелеген адамдармен атқарылатын әлеуметтік рөлдердің саны бірдей болмайды. Ол олардың жас шамасына (рөлдердің барынша көп саны адамның әлеуметтік кемеліне келген шағында тиісті) әлеуметтік және құқықтық мәртебесіне, жынысына, ұлттық әдет, дәстүрлерге және т.б. тәуелді болады.

Бас бостандығы бар адамның жаңа әлеуметтік рөлді игеруі біртіндеп жүзеге асырылады. Ол бұл рөлдерді жүзеге асыруға өнегелік және психологиялық жағынан дайындалады, әдетте ол оның әлеуметтік мәртебесін түбегейлі өзгерістерге ұшыратумен байланысты болмайды жүріс-тұрыстың қалыптасқан дағдысын түп-тамырымен қопаруға әкеп соқпайды және өмір салтын бүтіндей психологиялық қайта құруды талап етпейді. Уақыт өте келе жеке тұлғаның әлеуметтік байланыстарының біртіндеп көбеюі мен баюы орын алады және соған сәйкес ол жаңа әлеуметтік рөлдерді игереді.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамның азаматтық-құқықтық және әлеуметтік мәртебесінде шұғыл өзгерістер орын алады – еркіндіктегі адамнан ол тұтқынға айналады ол өз кезегінде одан тек әлеуметтік ұстанымдарын ғана емес бүкіл психикасын қайта құруды, жаңа талаптарға дағдылануға, жаңа әлеуметтік рөлдерді игеруді талап етеді.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің жүйесі барынша шектеулі болады. Жазасын өтей жүріп олар төмендегідей рөлдерді жүзеге асырады.

1. Жазаны атқару режимінің талаптарынан пайда болатын рөлдер. Өздерінің құқықтық мәртебесіне және қылмыстық-атқару заңнамасының талаптарына сай түзету мекемелеріндегі сотталғандар күн тәртібін және жүріс-тұрыс ережелерін сақтау бойынша міндеттерді орындауы тиіс. Бостандығынан айырылғандарға тән болатын әлеуметтік рөлдердің осындай түрі негізгілерінің бірі болып табылады және олардың әлеуметтік мәртебесін негізінен сипаттайды. Бұл рөлдерді жүзеге асырудың тәртібі қылмыстық-атқару құқығының нормаларымен нақты түрде тиянақталып бекітіледі.

2. Сотталғандардың еңбек қызметінен пайда болатын рөлдер. Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан алғанда олар барлық азаматтардың өндірістік қызмет процесінде атқаратын рөлдерімен сәйкес келеді. Бірақ сотталған адамдарда олардың көлемі барынша шектеулі болады. Сотталғандардың еңбек ұжымына айта қаларлақтай өзіндік ерекшеліктер тән болады. Ақыр аяғында бостандығынан айырылғандардың еңбек қызметі құқық нормаларымен барынша нақтылықты түрде кестеленген, олар өздерінің қызметін тиісті емес түрде орындағаны үшін күшейтілген жауаптылыққа тартылады, олардың жұмысы үнемі бақылау астында жүргізіледі.

3. Сотталғандардың орта білім беретін мектепте, кәсіптік-техникалық училищеде, техникалық курстарда оқуларына байланысты туындайтын рөлдер.

4. Сотталғандардың көркемөнерпаздық және басқа ұйымдарының жұмыстарына қатысуынан туындайтын рөлдер. Сотталғандардың өзіндік ұйымдары белгілі бір шамада еңбекшілердің өзіндік ұйымдарының нұсқасын құрайды. Осындай ұйымдардың жұмыстарына қатыса отырып сотталғандар келесідей әлеуметтік рөлдерді орындайды: түзету мекемесінің әкімшілігіне тәртіпті сақтауда көмек көрсету, басқа сотталғандарды оқуға, мәдени-көпшілік жұмыстарға тарту.

Сотталғандардың бұл рөлдері барынша әрқилы және пайдалы әлеуметтік белсенділіктің дамытылуына ықпал жасайды, сотталғандардың бостандыққа

шыққаннан кейінгі қоғамдық өмірге қатысуының психологиялық және ұйымдастырушылық алғы шарттарын қалыптастырады. Сонымен қатар олардың айтарлықтай шектеулі түрде жүзеге асырылатындығын атап өткен орынды. Өзіндік ұйымдардың жұмысы ТМ-нің әкімшілігінің толық бақылауында болады, олардың шешімдері түзеу мекемесінің бастығымен бекітіледі.

5. Сотталғандардың ресми және ресми емес топтардың мүшелері ретіндегі әлеуметтік рөлдері.

Сотталғандардың қоғам мүшелері ретіндегі өзге де әлеуметтік рөлдері туралы айтатын болсақ олар сотталғандармен тіптен орындалмайды немесе күшті шектеулерге ұшырайды. Мысалы, түзету колониясында ұсталатын тұлға әке бола отырып өз балаларын тәрбиелеу мүмкіндігіне ие бола алмайды, бірақ отбасына материалдық көмек көрсету міндеттілігінен босатылмайды.

Оларды қоғамның талаптарына (әлеуметтік үміт етулер) сәйкестікте жүзеге асыру әлеуметтік рөлдердің аспектілерінің бірі болып табылады. Психологияда әлеуметтік үміттердің екі тобы бөлініп көрсетіледі: нормативті бекітілген түрінде және жүріс-тұрыстың жазылмаған ережелері түрінде. Үміт етулердің екінші тобының шеңбері қатаң шектеулі болып табылмайды және әлдеқандай рөлді атқаратын адаммен түсіндірілуі үшін кең мүмкіндіктер береді.

Сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің көптеген түрлерінің өзіндік ерекшелігі болып оларды орындау тәртібінің қылмыстық-атқару құқығының нормаларымен нақты реттелетіндігі табылады. Сотталғандармен қатынас және әртүрлі шағын топтармен әрекеттестік өрісінде орындалатын әлеуметтік рөлдер ТМ-нің әкімшілігімен бақылауға алынады.

Сотталғандардың әлеуметтік рөлдері бұл тұлғалардың қатынас жүйесімен ажырамас байланыста болады. Жазаны өтеу кезінде олар негізінен ТМ-нің әкімшілігімен және өзі сияқты сотталғандардан тұратын өзін қоршаған әлеуметтік өзара әрекеттестікте болады.

Сотталғандардың қатынас өрісі шектеулі болғандықтан, олардың әлеуметтік рөлдерді орындауы негізінен жазаны өтеу шарттарынан туындайтын талаптарды және де өзін қоршаған орта ТМ-нің әкімшілігі мен сотталғандар ұжымының талаптарын орындаумен шектеледі. Уақытша әлеуметтік байланыстар сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің көлеміне айтақаларлықтай ықпал етпейді. Сонымен қатар тұлғалардың бұл санатының уақытша әлеуметтік байланыстары біртіндеп әлсірейді немесе тіптен үзіліп қалуы мүмкін.

Байланыстардың тар шеңбері, әсіресе ұзақ мерзімдерге бас бостандығынан айырылған жағдайларда, сотталған адамның еркін адамның әлеуметтік рөлдерін орындау тәлімдері мен дағдыларын біртіндеп жоғалтуына алып келеді. Осыған байланысты олар жазасын өтеп шыққаннан кейін бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуге деген объективті қажеттіліктің пайда болатындығы түсінікті жағдай.

ТМ-нен босатылған адамның әлеуметтік рөлдерінің көлемі мен жаңа әлеуметтік ортамен қатынасының сипаты айтақаларлықтай және бірден

өзгеріске ұшырайды. Бостандыққа шыққан азамат жаңа әлеуметтік рөлдерді, ең алдымен бостандыққа шыққан адамның рөлін игеруі тиіс, себебі оның құқықтық және әлеуметтік мәртебесі басқа азаматтардың мәртебесінен сәл өзгешелеу болады. Сонымен қатар ол өзі жазасын өтеу барысында дағдысын жоғалтқан немесе сотталғанға дейін тиісті емес күйінде жүзеге асырылған бірқатар рөлдерді жаңадан игеруі тиіс. Әлеуметтік рөлдер шеңберінің кеңеюімен сотталғандардың қатынас жүйесі де міндетті түрде кеңейеді.

Бостандыққа шыққандардың жаңа әлеуметтік рөлдерді табысты түрде игеруі мен атқаруы үшін жазаны өтеу барысының өзінде-ақ оларға тиісті түрдегі психологиялық және практикалық дайындық керек. Практика көрсеткендей осындай дайындықтың барынша тиімді түрі оларды әкімшіліктің бақылауымен бостандықтағы өмірге барынша жақындатылған жағдайда өмір кешетін колония-қоныстарға ауыстыру болып табылады.

Колонияның аталған түріндегі сотталғандардың ұсталу тәртібі олардың отбасымен бірге тұруы мүмкіндігін қарастыратыны белгілі, сотталғандар әкімшіліктің рұқсатымен колонияның аумағынан тыс бақылаусыз жүруге, өздерімен бірге ақша ұстап және оларды шектеусіз пайдалануға, кездесулерді шектеусіз алуға, жеке шаруашылықтарын жүргізуге құқылы болады.

Алайда сотталғандардың барлығы бірдей жазаны өтеудің соңғы кезеңдерінде колония-қоныстарға ауыстырылмайды. Сондықтан көптеген сотталғандарды, атап айтқанда түзелу жолына түспегендерді бостандықтағы жаңа әлеуметтік рөлдерді игеруге дайындау негізінен бас бостандығынан айыру орындарында жүзеге асырылады. Олармен әңгімелесулер өткізіледі, отбасымен, жақын туыстарымен байланыстар орнатып оларды бекіту бойынша шаралар жүзеге асырылады. Өкінішке орай, сотталғандарды теориялық жағынан оқыту еркін адамның әлеуметтік рөлдерін іс-тәжірибесінде игеруді толықтай алмастыра алмайды.

Осы арада бір түсініксіздеу жағдай қалыптасатындай. Түзелу жолына нық түсіп және бостандыққа шыққаннан кейін пайдалы қызметке қайтып оралуға тырысатын тұлғалар үшін оларды колония-қоныстарға аудару арқылы бостандықтағы өмірге бейімделу үшін жағдай қалыптастырылады. Сонымен қатар түзелу жолына түскісі келмейтін немесе жазасын өтеу кезінде түзелгендігінің белгісін көрсетпеген тұлғалар ТМ-нен бостандықтағы өмірге қажетті практикалық дайындықсыз босатылады. Практика көрсеткендей әкімшілік бақылау түріндегі алдын алу шарасы әрдайым тиісті дәрежедегі тиімділікті қамтамасыз етпейді.

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелерінде 2007 жылдың 9 айында жүргізілген тәрбиелік жұмыстарға жасалған шолу материалдарына қарағанда сотталғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстар аясында «Ашық есік күндері» шеңберінде 162 шара жасақталып жүзеге асырылған. 2007 жылдың 15 мамырында Наурыз мейрамына арналып ең үздік сурет және қолөнер туындысының республикалық байқауы өткізілген. Байқауға 65 сурет және түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқандармен орындалған 106 қолөнер туындысы ұсынылған.

Жоғарыда көрсетілген және басқа да шаралардың арқасында республиканың түзеу мекемелерінде жазасын өтеп жатқандардың арасында тәртіп бұзушылық 1000 адамға шаққанда (2006 жылдың 9 айында 256 болса, 2007 жылдың 9 айында 241 болған) яғни 5,9% төмендеген.

Алайда сонымен бірге осы мерзім ішінде 1000 адамға шаққандағы тәртіп бұзушылықтың көрсеткіші Қызылорда облысының мекемелерінде 54%, Қостанай облысында 41%, Батыс Қазақстан облысында 27%, Астана қаласында 19,3%, Алматы қаласы және Алматы облысында 18,7%, Ақмола облысында 11% және Оңтүстік Қазақстан облысында 8,9% артқан. Біз сілтеме жасап отырған шолу материалдарына қарағанда аталған мерзімде жасы 30 дейінгі сотталғандардың ішінде 6600 адамның орта білімі болмаған және олар республиканың түзеу мекемелеріндегі жалпы білім беретін мектептерде білім алған оның ішінде мемлекеттік тілде 1058 адам оқыған. Қазіргі таңда республиканың түзеу мекемелерінде 50 жалпы білім беретін оқу орындары ашылып қызмет жасауда олардың 6-і орта мектеп, 33-і кешкі мектеп, 10 оқыту-консультативтік пункт және 1 филиал болып табылады.

Сонымен бірге кейбір колония-қоныстарда сотталған адамдардың орта білім алуға деген құқықтары бұрынғысынша бұзылған күйінде сақталған. Мәселен, Қарағанды облысындағы АҚ – 159 /20 мекемесінде орта білімі жоқ 13 сотталған адам жазасын өтегенімен оларға орта білім беру мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген. Түзеу мекемелерінде және тергеу изоляторларында қылмыстық жазасын өтеп жатқан сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарына діни бірлестіктерді тарту және олардың арасында діни экстремизм, терроризм және сепаратизм идеяларының таралуына жол бермеу мақсаттарында қылмыстық жазаны атқару жүйесінің барлық аумақтық бөлімдерінде 2007 жылдың 2-ші тоқсанында Ішкі саясат департаментінің, Әділет департаменттерінің дін істері бөлімдерінің, діни конфессиялар өкілдерінің қатыстырылуымен «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылып өткізілген.

Қазіргі уақытта 39 діни және 42 қоғамдық бірлестіктермен қатынастар орнатылып жұмыстар жүзеге асырылуда. Сотталған адамдардың діни жораларды жүзеге асыруы үшін 167 мекен-жай бөлініп жабдықталған олардың ішінде бөлек ғимараттарда орналасқан 21 мешіт, 10 шіркеу бар. Сотталғандардың ішінде 7729 адам өздерінің дінге сенетіндігін көрсеткен. 2007 жылы діни бірлестіктердің өкілдері 2802 рет түзеу мекемелерінде болып сотталғандармен кездесулер өткізген.

Аталған шаралардың сотталғандар арасындағы моральдық-психологиялық жағдайды тұрақтандырып, олардың болашақта еркіндіктегі өмір жағдайларына барынша табысты бейімделуіне жағымды ықпалын тигізері сөзсіз [52, 3].

Түзету және қайта тәрбиелеу үрдісінің қаншалықты табысты түрде жүзеге асырылғанынан, ТМ-де оның міндеттерінің қаншалықты шешілгенінен бостандыққа шыққандардың еркіндіктегі өмір жағдайларына әлеуметтік бейімделуінің үрдісі тікелей тәуелді болады.

### **1.3 Еркіндіктегі өмір жағдайларына бейімдеу үшін бостандыққа шыққан тұлғалардың жеке басын зерттеудің маңызы**

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның қылмыстық - атқару заңнамасымен қарастырылған акция екендігі және қылмыстық - атқару құқығы ғылымының зерттеу пәні болып табылатындығы белгілі. Алайда, жазасын өтеп жатқан тұлғалардың түзелуі мен тәрбиеленуінің процесі басқа да ғылымдар, мәселен, педагогика, психология, әлеуметтік психология және тағы басқалар тұрғысынан зерттеледі. Осы аталған ғылымдардың жалпы қағидаларын және тиісті әдістерін қолданудың нәтижесінде педагогиканың (еңбекпен түзеу педагогикасы), психологияның (еңбекпен түзеу психологиясы) ерекше салалары қалыптасып, сотталғандар еңбегінің экономикасының теориялық тұжырымдары жасақталады.

Түзеу мекемелерінің қызметі негізінен алғанда сотталғандардың және басқа да адамдардың тарапынан қылмыс жасаудан жалпы және жекелей сақтандырудың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталғандықтан, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару криминологиялық сипаттағы фактор да болып табылады. Осыған байланысты заң әдебиеттерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның атқарылуы мен оның салдарының мәселелеріне жеткілікті назар аударылмай келеді деп санауға толық негіз бар сияқты. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның атқарылуының мәселелерін теориялық тұрғыдан зерттеу негізінен алғанда сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін шараларды ғылыми негіздеуге бағытталған. Сонымен бірге, біздің ойымызша еңбекпен түзеу қызметі жазаны атқару барысында орын алған криминогендік мән – жайларға да ықпал етуі тиіс. Ол өз кезегінде сотталған адамдардың жазаны өтеу барысында және жазаны өтегеннен кейін жасауы мүмкін қылмыстарының алдын алып, сақтандыру үшін маңызға ие болады. Сондықтан, еңбекпен түзеушілік ықпал ету үрдісінде еңсерілуі, өз кезегінде жазаны өтеп жатқан немесе жазасын өтеп шыққан тұлғалар тарапынан жасалуы мүмкін қылмыстардың алдын алуға мүмкіндік беретін мән – жайларды анықтау қажеттілігі пайда болды.

Сотталған адамдардың жазаны өтеу барысында немесе жазасын өтеп шыққаннан кейінгі жасайтын қылмыстары мен өзге де құқық бұзушылықтарымен табысты түрде күрес жүргізу үшін бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны атқару немесе оны өтеп шыққаннан кейін пайда болатын криминалдық құбылыстар туралы білім қажет болады [53, 133.].

Осыған байланысты криминологияда пенитенциарлық криминология немесе криминопенология деп аталатын жаңа ғылыми бағыттарды тұжырымдап, жасақтау туралы ұсыныстар жасалған [54, 138-139.].

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу барысында және бостандыққа шыққаннан кейін сотталғандармен жасалатын қылмыстарға жүргізілген криминологиялық зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда пенитенциарлық (еңбекпен-түзеу) криминологияны жеке криминологиялық



теория ретінде қарастыруға толық негіз бар сияқты. Ол өзіне криминологияның зерттеу нәрсесінің барлық элементтерін кірістіргенімен онымен өзінің мазмұндық сипатымен сәйкес келмейтін өзіндік ерекше зерттеу пәніне ие болады.

Криминологияның зерттеу пәнінің бірінші элементі – қылмыстылықты (біздің жағдайымызда бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандар арасындағы қылмыстылық және қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың қылмыс жасауы) талдау осындай өзіндік ерекшелікті айқын көрсетеді. Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың өзегі және оның шеңберімен қамтылатын қылмыстар оны қылмыстылықтың басқа барлық түрлерінен ерекшелейді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың себептері және қылмыс жасауға ықпал ететін мән-жайлар да өзіндік ерекшеліктерге ие. Түзеу мекемелеріндегі қылмыстылыққа әрине, қылмыстылықты тұтас алғандағы себептер кешені жанама негізде болса да ықпал ететіндігі түсінікті. Дегенмен криминологиялық және әлеуметтік-психологиялық зерттеулердің мәліметтерін басшылыққа алар болсақ еркіндіктегі өмір жағдайында алынған қылмыскерлік тәжірибе мен бас бостандығынан айыру орындарындағы мінез-құлықтың арасындағы тікелей тәуелділік байқалмайды [54, 140.]. Мүмкін бұл жағдай керісінше, яғни бас бостандығынан айыру орындарында алынған қылмыскерлік тәжірибе бостандықтағы өмір жағдайларында қылмыс жасауға ықпал ететін болар. Біздің ойымызша мәселе арнайы зерттеуді талап етеді. Тұтасымен алғандағы қылмыстылықтың шарты болып табылатын себептік кешен бір жағынан жазаны атқару кезінде орын алатын процестер және құбылыстармен еңсеріледі немесе бейтараптандырылады. Екінші жағынан бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаға тән болып табылатын әлеуметтік-психологиялық механизмдердің әрекет етуіне байланысты өз кезегінде бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталғандар арасындағы қылмыстылықтың шарты болып табылатын жаңа жағымсыз мән-жайлар пайда болады. Сондықтанда түзеу мекемелеріндегі қылмыстылықтың себебі өзінің негізінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның атқарылуына сипатты болып табылатын құбылыстар және процестермен байланысты деп санауға толық негіз пайда болады.

Қылмыстық жаза өзінің табиғаты бойынша қарама-қайшылықты құбылыс болып табылады. Тұтасымен алғандағы қылмыстылықпен күрес өрісіндегі қоғамдық қатынастарды реттеудің жағымды, бірақ барынша өткір құралы бола отырып ол сонымен бірге әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық сипаттағы белгілі бір жағымсыз салдарды туындатады. Аталған салдар өзінің барынша айқын көрінісін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану барысында табады [55, 45.]. Олар өзінің адамның жеке басына ықпал ету күші бойынша жазаның мазмұнын құрайтын негізгі жапа шектіруші және түзеу-тәрбиелеуші шаралардан асып түседі [56, 79.]. Бұл өз кезегінде тұлғаның жазаны өтеу барысындағы және одан кейінгі мінез-құлқына айтарлықтай әсер

етеді. Осы жағдайда түзеу колонияларындағы қылмыстылық, сондай-ақ жазаны өтегеннен кейінгі қылмыстылық бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның атқарылуының әлеуметтік жағдайларының қазіргі орын алып отырған барлық жүйесімен, ең алдымен сотталғанға дейінгі өмір жағдайларымен және жазаның нақ осы түріне тән болатын қоғамнан оқшаулау жағдайларымен тығыз байланысты деп тоқтам жасауға негіз береді [57, 94-99.].

Жазаны атқару мен өтеудің сипатынан туындайтын сотталғандарды қоғамнан қатаң оқшаулау шарасы сотталған адамдарға кейбір қалыпты өмірлік қажеттіліктерді (қарым-қатыс, жүріп-тұру, жыныстық қажеттілік т.с.с.) толық қанағаттандыруға мүмкіндік бермейді. Ол өз кезегінде оларды қанағаттандырудың тәсілдерін белсенді түрде іздестіруге (соның ішінде құқыққа қайшы әдістермен де) итермелейді және де осы жағдай сотталғандардың қылмыс жасауына да алып келуі мүмкін. Қанағаттандырылмаған өмірлік қажеттіліктердің, заңды институттардың дисфункциясын толтыруға бағытталған нормативті негізде реттелмеген қызметтердің өмірде стихиялы түрде орын алуына алып келуінің мүмкіндігін зерттеушілер атап көрсетеді [58, 88-89.].

Адамның кез келген соның ішінде қоғамға қарсы жүріс-тұрысы да жеке тұлғаның ортамен өзара әрекеттестігінің нысаны болып табылатындығын ескере отырып, түзеу мекемелеріндегі қылмыстылықтың себептерін айқындаудың алғы шарты болып жазаны өтеу барысындағы сотталғандар арасындағы орын алатын құбылыстар мен процестерді терең талдау болып табылады деп санаймыз.

Жеке тұлғаның мінез-құлқына оны тікелей қоршаған әлеуметтік ортаның барынша күшті ықпал ететіндігі белгілі. Осы айтылған жағдай біз қарастырып отырған тұлғалар санатына да қатысты. Сотталған адамдардың өзара әрекеттестігі бір жағынан жазаны өтеу режимінің, яғни әрекет етуші заңнама талаптарымен, ал екінші жағынан олардың арасында қабылданған формальдықсыз нормалар және де қалыптасқан құндылықтар мен рөлдерді бөлісумен реттелетін (сотталғандардың субмәдениеті) ерекше орта құрайды [59, 110-111.].

Қылмыскердің жеке басы да криминологияның зерттеу пәнінің элементі болып табылатындығы белгілі. Пенитенциарлық криминологияға қатысты айтар болсақ, онда әңгіме қылмыскердің жеке басының ерекше түрі сотталған адамның жеке басы туралы болады.

Бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстар қоршаған әлеуметтік ортаның криминогендік сипатымен түсіндіріледі. Сотталған адамдардың өзіне ең жақын әлеуметтік ортамен бірігіп әрекет етуінің нәтижесінде оларда әртүрлі қоғамдық құбылыстарға деген тұрақты көзқарас қалыптасады. Ол көзқарас қоршаған өмірдің белгілі-бір құбылыстарына жауап қайтаратын психологиялық реакциялардың қағидалары түрінде бекіп, жеке тұлғаның мінездерінің қасиеттерін және жеке басының ерекшеліктерін айқындайтын факторға айналуы әбден мүмкін. Сондықтан жазаны өтеу барысында қылмыс жасаған сотталғандардың жеке басын зерттеудің міндеті –

құқыққа қарсы мінез-құлықты детерминациялаушы заңдылықтарды танып-білу болып табылады.

Сотталғандардың барынша криминогендік топтарын анықтау теоретикалық тұрғыдан да және практикалық тұрғыдан да белгілі-бір қызығушылықты туындатады, себебі ол жазаны өтеу барысында немесе бостандыққа шыққаннан кейін қылмыс жасауға жол беретін сотталған адамның бет-бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал ол өз кезегінде осындай адамдарға қатысты дербес-сақтандырушылық ықпалдарды ғылыми тұрғыдан негіздеуге және олардың бұдан былайғы жүріс-тұрыстарына болжам жасауға мүмкіндік туғызады. Түзеу мекемесінде немесе одан бостандыққа шыққаннан кейін қылмыс жасайтын сотталған адамның жеке басының өзіндік қасиеттерін зерттемей қылмыстық мінез-құлықтың механизмін және оның себептерін ашып түсіндіру қиын болады.

Сондықтан жазаны өтеу барысында немесе оны өтеп бостандыққа шыққаннан кейін қылмыс жасайтын сотталғандардың жеке басы қылмыстық-мінез құлықтың себептік шарттылығының тізбегіндегі негізгі бөлшектердің бірі бола отырып, пенитенциарлық криминология пәнінің мазмұнындағы өзінің дербес және маңызды орынын алуы тиіс. Сайып келгенде осы айтылғандар бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққандардың арасындағы қылмыстылықпен күрес өрісінде жүзеге асырылуға тиісті шаралар кешенінің тиісті элементі ретінде қабылдануы керек деп санаймыз.

Рецидивтік қылмыстылықпен күрес мәселелерін шешу үшін түзеу мекемесінен бостандыққа шығар кезінде сотталған адамның жеке басын зерттеудің маңызы зор екендігін тағы да бір қайталап өтсек артық болмас. Ғылыми әдебиеттерде сотталғандардың жеке басы негізінен алғанда еңбекпен-түзетушілік ықпал етулердің объектісі, жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамасы ретінде ғана қарастырылған сияқты [60, 57-120.].

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың жеке басының ерекшеліктері және олардың жазаны өтеп шыққаннан кейінгі бейімделу үрдісіне тигізетін әсері қылмыстық-атқару құқығы бойынша жұмыстарда шындығын айтқанда, терең зерттелмеген.

Бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделу ендігі қалыптасып болған тұлғаның өмірдің жаңа жағдайларына икемделуі ретінде қарастырылатындықтан түзеу мекемесінен бостандыққа шыққан жеке тұлға әлеуметтік бейімделудің субъектісі ретінде әркет етсе керек.

Бас бостандығынан айыру орынынан босатылған адам өзін қоршаған ортадан өзіне қажеттіні алумен ғана айналысатын, белгілі бір деңгейдегі танып-білуші тіршілік иесі ретінде ғана емес, сонымен бірге нақ сол ортада өзі де әрекет етіп, оны өзгертуші ретінде де бағалануы тиіс. Ол өзін қоршаған тар түсінігіндегі және кең көлеміндегі, яғни микро және макро деңгейдегі әлеуметтік ортаның ықпалымен өзгерістерге ұшырай отырып сонымен бірге сол өзін қоршаған ортаны өзінің қажеттіліктері мен сұраныстарына бейімдеу арқылы әлеуметтік ортаны да өзгерістерге ұшыратады.

Жазаға тартылған тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеудің екінші кезеңінің механизмін дұрыс түсіну үшін, олардың жаңа әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуіне кедергі келтіретін факторларды бейтараптандыру немесе жою үшін, сонымен бірге осы процесті тиімді түрде басқару үшін мыналарды біріншіден, олардың жеке бастарының кейбір әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін, екіншіден, олар жазасын өтегеннен кейін бейімделетін нақты әлеуметтік ортаны, ол ортаның бұл адамдардың одан арғы жүріс-тұрысына әсер етуінің механизмі мен сипатын білу қажет.

Жазадан босатылғандардың жеке бастарының әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қасиеттерін қарастыру барысында адамның жеке басын және оның қасиеттерін берілген адамның басқа адамдармен тікелей және жанама түрде бірлесіп әрекет етуінің үрдісінде пайда болатын әлеуметтік маңызды қасиеттерінің жиынтығы ретінде қарастыратын әлеуметтік психологияда жалпы қабылданған ортақ анықтаманы басшылыққа алған дұрыс.

Заң саласындағы зерттеу әдебиеттерінде қылмыскердің жеке басын танып-білудегі ыңғайлылық үшін оның әлеуметтік маңызды қасиеттерін жүйелеудің бірнеше танымал тәсілдері де баршылық. Мысалы, Ю. Д. Блувштейн ол белгілерді өзіндік ерекшеліктерге ие болмайтын оған демографиялық сипаттағы – жынысы, жас шамасы, отбасы жағдайы, тұрғылықты жері және т.б., және әлеуметтік белгілерді кірістіретін өзіндік ерекшеліктері бар белгілер (білім, мәдениет, кәсібі, еңбекке қатысы және т.с.с.) қылып бөледі [61, 7.].

Сотталған адамның жеке басын зерттеу үшін белгілердің келесідей топтары әлеуметтік және демографиялық; жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері; кінәлі адамның қылмыс жасауымен және қылмыстық қызметімен байланысты ерекшеліктері зерттелуі тиіс – деп есептейді А. С. Михлин [62, 10-11.].

Біздің ойымызша, сотталғандардың жеке басының белгілерін өзіндік ерекшеліктері бар және ерекшеліктері жоқ ретінде бөліп қарастырмайтын А. С. Михлиннің пікірі көңілге қонымдырақ сияқты. Әрине бұл жерде белгілі бір шекараны белгілеу қиын және де оның ешқандай практикалық маңызы да жоқ болар. Сонымен бірге сотталғандардың жеке басын зерттеуде және қылмыстық мінез-құлықтың барысында басымдыққа ие болатын жалпы белгілер мен қасиеттерді талдау барысында Ю. М. Антонян айтқандай «бұл тұлға таным нәрсесі сапасында зерттеушінің алдында қарама қайшылықтардың тұтас бірлігіндей көрініс береді. Ол алдымен аталған бірлікті оның жекелеген бөлшектерін талдау үшін бөледі, ал сосын оларды бастапқы тұтастығында алайда жеке дара талданған күйінде қайта біріктіреді. Осындай жолмен бір жағынан оның барлық элементтерінің арасындағы байланыстарды кірістіре отырып құбылыстың жүйелік жай-күйіне қол жеткізілсе, екінші жағынан – қайшылықтардың әрбір тарапын түсіндірудегі бұрмалаушылық пен біржақтылық еңсеріледі» [63, 56.].

Жұмысымыздың бұл бөлімінде ең алдымен түзету мекемелерінен босатылғандардың жаңа әлеуметтік ортадағы мінез-құлқына айтақаларлықтай әсер ететін, бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің бағыттарын

анықтайтын олардың жеке бастарының әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қасиеттеріне талдау жасауға тырыстық. Түзеу мекемелерінің жұмыс тәжірибесін зерттеу сотталғандарды өмірдің жаңа жағдайларына психологиялық тұрғыдан дайындау бағытындағы арнайы жұмыстардың ұйымдастырылуының қажеттілігін айқын көрсетіп отыр [64, 605.].

Сотталған адамдардың жас шамасының сотталғандардың жүріс-тұрыстарына тікелей ықпал ететіндігін атап көрсету қажет. Осы айтылғандар М. Б. Метелкин және А. С. Михлин жүргізген зерттеулердің нәтижелерімен де расталады [65, 34.].

Біздің жүргізген зерттеулеріміздің нәтижесіне жүгінер болсақ, бас бостандығынан айыру жазасына бірінші тартылғандардың басым көпшілігін, яғни 95,1% 18-49 жас аралығындағы адамдар құрайды. Бұдан бас бостандығынан айыру жазасына салыстырмалы түрде алғанда «жас» адамдардың тартылатындығын анық байқауға болады.

Тұлғаның отбасының болуы не болмауы, оның адамға ықпал етуінің дәрежесі, бұл отбасының өзіндік ерекшеліктері – адамның жүріс-тұрысының қалып жасауындағы маңызды фактор.

Сотталған адамның отбасы жағдайын есепке алу ретроспективалық тұрғыдан да – сотталған адамның мінездемесі және жазаны өтеу барасындағы психологиялық-педагогикалық ықпал ету тұрғысынан, сонымен бірге сотталған адамды постпенитенциарлық кезеңде қайтадан әлеуметтендіруде де айрықша маңызға ие болады.

1979-1999 санақ материалдарына талдау жасағанда бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандардың отбасы жағдайын сипаттайтын мәліметтер жалпы алғанда жағымсыз сипатқа ие. Мысалы, 1970 жылы сотталғандардың 49,9% некеде тұрмаған болса, 1979 жылы 59,1%, 1989ж – 62,2%, 1994ж – 63,7%, 1999ж 69,1% құраған. Жас шамаларына қатысты түрде 18-24 жастың арасындағалардың 88,2%. 25-29 жастағылардың 65,6%, 30-39 жастағылардың 36,8%, 40-49 жастағылардың 28,3%, 50-55 жастағылардың 31,3%, 56-60 жастағылардың 25% некеде тұрмаған.

Зерттеу барысында 18-29 жас аралығындағылардың 77% жуығының некеде тұрмайтындығына назар аудардық. Жас шамасының психологиясында 19-28 жас «жастық» шекарасы ретінде айқындалады, кейбір реттерде 20-30-ға дейінгі аралық адам дербес, тәуелсіз өмір сүруге тырысатын, әлеуметтік белсенділіктің барлық түріне тартылатын және көптеген әлеуметтік ролдерге ие болатын ер жетудің біріншісі фазасы ретінде қарастырылады. Нақ осы кезеңде адам некеге тұрып, жас отбасының мәселелерін шешеді. Осындай өмірлік тәжірибенің болмауы адамның өзінен-өзінің оқшаулануына, жақын адамдарынан шеттеуіне алып келеді, адам бей-берекет қарым-қатынастарға түсіп, оның жүріс-тұрыстары болжауға болмайтындай күйге ұшырайды және бұл жағдай әлеуметтік психологияда жеке тұлғаның аномалды түрде дамуы ретінде қабылданады.

Сотталған адамдардың отбасының ыдырауы әлі күнге дейін күрделі мәселе күйінде қалып отыр.

Егер алынған мәліметтер бойынша зерттеу жүргізілген сотталғандардың орташа алғандағы өтеген жазасы 1,4 жылды құрайтындығын ескерсек, онда тіркелген некеде тұрған сотталғандардың жыл сайын 6,4 отбасы, яғни 1000 сотталған адамның 64-нің отбасы ажырасып кеткен. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының тұрғындары арасында 1996-2000 жылдары ажырасу 1000 тұрғынға шаққанда 2,2% құраған (1996ж 2,6%, 1999ж 1,7%). Олай болса, сотталған адамдардың отбасының ажырасып кетуі жиірек кездеседі. Біздің мәліметтеріміз бойынша ажырасқандардың негізгі үлес салмағы 30-39 жас аралығындағыларға (45,3%) тиісті.

Көптеген зерттеулердің көрсетуі бойынша білім деңгейі жалпы алғандағы адамның және соның ішінде сотталған адамның жеке басын сипаттаудағы маңызды белгі болып табылады. Жалпы алғанда криминологияда білім деңгейінің жоғарылығы антикриминогендік фактор ретінде танылады: адамның білімі жоғарлаған сайын оның қылмыс жасауының ықтималдығы төмендейді. Жазаны атқару өрісінде сотталғандардың білім деңгейі сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарына және бостандыққа шыққаннан кейін де әлеуметтік ортаға бейімделуіне белгілі бір шамада ықпал ете алатын фактор ретінде ескеріледі.

Бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталғандардың білім деңгейіне жасалған зерттеулердің мәліметтері жалпы алғанда оның әсіресе 30 жасқа дейінгілер арасында жоғары екендігін көрсетіп отыр. Зерттелген контингенттің 70% орта білімге ие.

Сотталғандардың білім деңгейінің бұл көрсеткіші сотталғандардың арнайы санағының 1994 жылғы (55,9%), 1989 жылғы (60%) мәліметтерімен салыстырғанда жоғары болса, 1979 жылғы (28,1%) және 1970 жылғы (11,6%) мәліметтермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары.

Зерттеу барысында алынған мәліметтерге жүгінсек сотталған адамдардың білім деңгейі көп жағдайда олардың жас шамасымен айқындалуы. Бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет 18 жасқа толғанға дейін сотталғандардың басым көпшілігі тиісінше толық емес орта және орта білімге ие. 18-24 жас арасындағылар санатының 0,6% жоғары білімі, 27,2% орта, арнаулы-орта білімі барлар болып табылады.

25-29 жас арасындағылар санатында білім деңгейі біршама жоғары олардың 5,3% жоғары білімді болса, 40,6% жалпы орта білімге ие. Барынша ересек адамдар тобында білім деңгейінің төмендеуі байқалады. Мәселен 30-39 жас шамасындағыларда жоғары білімі барлар 3,4%, 40-49 жастағыларда 2,2%, 50-59 жастағыларда 1,9% құрайды. Бұл жерде әңгіме негізінен алғанда бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталғандар арасында жүргізілген зерттеулердің мәліметтері туралы болып отырғандығын еске сала кеткіміз келеді.

Сотталған адамдардың білім деңгейі мен жазасын өтеу барысындағы олардың жүріс-тұрысының сипаты арасындағы белгілі бір байланыстың бар екендігі байқалады. Білім деңгейі жоғары тұлғалар өзінің мінез-құлқы бойынша қай жағынан алғанда да білім деңгейі төмендермен салыстырғанда өздерін

жағымды көрсете білген. Осынау маңызды факторды түзеу мекемелерінің қызметкерлері сотталғандарды түзету ісінде ескере білгені дұрыс.

Олар білім деңгейі жоғары тұлғаларды басқа сотталғандармен жұмыс жасауға тарта білуі тиіс. Олардың мәдени деңгейі, жалпы дамуы, арнайы білімдері жазасын өтеп жатқан басқа тұлғаларға белсенді ықпал етуге жағдай туғызады.

Сотталған адамның жеке басының әлеуметтік-демографиялық сипаттамасының белгісі ретіндегі оның сотталғанға дейінгі еңбек қызметінің маңыздылығы біздің ойымызша тұлғаның қоғамдық өндіріске қатысу деңгейін, меңгерген мамандығын, біліктілігін, тәлімдері мен ұсынақтарын айқындауға мүмкіндік беретіндігінде және де ол жазаны өтеу үрдісінде сотталғандармен жүргізілетін жеке жұмыстар бағдарламасының негізі болып табылады. Дәлелді себептерсіз жұмыс жасамайтындар немесе заңды негіздегі табыс көздеріне ие болып табылмайтындар қоғамның барынша криминогенді бөлімі болып табылады, себебі аталған жағдайларда басқа да келеңсіз көріністер мысалы, тұрақты мекенінің болмауы қатар орын алады. Осындай тұлғалар жазаны өтеу барысында да, жазаны өтегеннен кейін де мемлекет тарапынан көмекке мұқтаж болады.

Бас бостандығынан айыру жазасына бірінші рет сотталып жазасын өтеп шыққандардың 54,3% қамауға алынғанға дейін еш жерде жұмыс жасамаған, оқымаған. Салыстыру үшін айтар болсақ сотталғандардың зерттеу мақсатында таңдалып алынған тобының қатарынан бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын бұрын өтегендердің 92% соңғы сотталуының алдында еш жерде жұмыс жасамаған және оқымаған. Бұл көрсеткіштер өзіне назар аударуды талап етеді. Егер олардың алғашқысы тұрғындарды еңбекпен қамтудағы жалпы әлеуметтік жағымсыздықты көрсететін болса, екіншісі жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуіндегі шешімін таппаған өткір мәселелердің айқын көреткіші болып табылады. Сотталғандар санағының материалдары белгілі бір жұмысы жоқтардың үлес салмағының үнемі артып отырғандығын көрсетеді: 1970 жылы – 10,6%, 1979 жылы – 14,9%, 1989 жылы – 24,8%, 1994 жылы – 35,1%, ал Ресей Федерациясында 1999 жылы жүргізілген сотталғандар санағының материалдары бойынша сотталғандар арасындағы белгілі бір жұмысы жоқтардың үлес салмағы 56,3% құраған (Қазақстанда аталған кезеңде мұндай санақ жүргізілмеген).

Сотталғандардың жеке басын бағалауда қылмыстық-құқықтық сипаттамасының белгілері ерекше маңызға ие болады. Олар қылмыстың қоғамдық қауіптілігінің деңгейін айтақаларықтай шамада айқындап бере алады, сотталған адамды сотталушы орындығына, одан кейін бас бостандығынан айыру орынына алып келген оның жеке басының мінез-құлқының қасиеттеріне сипаттама береді. Жеке тұлғаның қылмыстық-құқықтық сипаттамасын зерттеу сотталған адамның болашақта түзелуінің мүмкіндігіне белгілі бір шамада болжам жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстарының барысында алынған мәліметтерге қарағанда зерттелген топтың арасында барынша кең таралғаны жеке адамға қарсы

қылмыстар – 32,2%, меншікке қарсы қылмыстар - 40%, халықтың денсаулығына және адамгершілікке қарсы қылмыстар - 19% құрап отыр.

Қатысушылықпен жасалған қылмыстардың қоғамдық қауіптілігінің жоғары екендігі белгілі. Әдетте топтанып жасалған қылмыстар ауырырақ зияды салдарға әкеп соғады және де қылмысты топтанып жасайтындар жеке іс-әрекет жасайтындармен салыстырғанда қауіптірек болады.

Біздің жүргізген зерттеуіміздің мәліметтері бойынша сотталғандардың 64,8% қылмысты қатысушыларсыз жасаса, 32,2% қылмыстық заңды топтасып бұзуға жол берген.

Осылайша бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп жүргендердің жеке басын белгілі бір дәрежеде жеткілікті деңгейде зерттеу жолымен ғана олардың жазасын өтеп шыққаннан кейінгі жүріс-тұрыстарына соның ішінде әлеуметтік ортаға бейімделу қабілетіне де негізді түрде болжам жасауға болады деп санаймыз.

Бостандыққа шыққандардың одан арғы жүріс-тұрыстарының және бейімделуінің табыстылығы тұрғысынан алғандағы жеке басының барынша маңызды қасиеттерінің бірі олардың түзелу деңгейі немесе дәрежесі болып табылады.

Осыған дейін де атап өтілгендей түзету дегеніміз әрқайсысы көзқарастардың, сенімдер мен дағдылардың, құндылық бағдарларының тұтастай жүйесінің өзгерістерге ұшырау дәрежесін сипаттайтын бірқатар кезекті кезеңдерден тұратын қылмыскердің жеке басын қайта қалыптастырудың қарқынды үрдісі болып табылады.

Сотталғандарды түзету үрдісінің эволюциялығы, ал кейде қарама-қайшылықтылығы адамның жеке басының қасиеттерінің біртіндеп қалыптасатындығымен түсіндіріледі.

Осыған дейінгі уақыттарда әрекет еткен еңбекпен-түзету заңнамасында және еңбекпен-түзету педагогикасының теориясында сотталғандардың түзелуі мен қайта тәрбиеленуінің үш сатысы немесе дәрежесі ажыратылып көрсетіледі.

Бірінші дәрежеге қол жеткізу барысында сотталған адамның бойынан түзелгендіктің белгілі бір белгілері көзге түседі. Ол өзінің мінез-құлқымен және еңбекке деген көзқарасымен бұрынғы қылмыстық жолдан бас тартып пайдалы қызметке қайтып оралуға шын ниетімен тырысатындығын көрсетеді. Әдетте осы кезеңде сотталған адамның қарым-қатыс өрісі өзгеріске ұшырайды, ол жекелеген шағын топтармен өзара қатынастарында жаңа бағыт ұстанады. Ол өздерін жағымсыз түрде ұстайтын, түзелу жолына түскісі келмейтін сотталғандардың ықпалынан шығуға, түзету мекемесінің әкімшілігінің сеніміне ие болуға тырысады. Психологиялық жағынан алғанда бұл кезең жазаны өтеудің барынша қиын кезеңі болып табылады және кейбір реттерде бас бостандығынан айыру орынынан бостандыққа шыққанға дейін созылуы да мүмкін.

Қылмыскердің жеке басын белгілі бір дәрежеде қайта қалыптастыру – күрделі және қайшылықты процесс болып табылады. Сондықтанда өзінің әлеуметтік-өнегелік бағдарын, жүріс-тұрыстарының мақсаттары мен ниеттерін



өзгертетін адамның әрекеттері де кейде қайшылықты күйде болады. Сонымен қатар ол адамның қарама-қарсылықты екі бағыттың психологиялық әсер етуін бастан кешіретіндігін ескеру қажет: бір жағынан, түзету мекемесі әкімшілігінің, сотталғандардың өзіндік ұйымдарының жағымды ықпалдары, екінші жағынан - әлеметтік-өнегелік тұрғыдан алғанда бетімен кеткен қылмыскерлердің тарапынан болатын жағымсыз ықпал. Осының барлығы сотталғандардың жүріс-тұрыстарының тұрақсыздықтың және де құқық бұзушылықтардың, эмоционалдық көңіл-күйлердің орын алуларын түзелудің көрсетілген сатысына қол жеткізу барысында әлі де болса жиі кездесетіндігін түсіндіреді.

Осыған байланысты түзету мекемесінің әкімшілігі түзелу жолына түскен адамның жүріс-тұрысындағы тұрақсыздықты жазаны өтеудің бекітілген тәртібіне саналы түрде бағынғысы келмеу ретінде бағалап қателіктерге бой алдырады.

Осындай кездерде сотталғандардың санасында орын ала бастаған жағымды өзгерістерді ескермей оларға әсер етудің қатал шараларының қолданылуы олардың жеке басындағы жағымды өзгерістерді белгілі бір дәрежеде тоқырауға ұшыратады.

Түзелудің бірінші сатысына қол жеткізу сотталғандар үшін әлдеқандай құқықтық салдарды туындатады. Оларға (жазаның жартысынан кем емес мерзімін өтегеннен кейін) ұсталу жағдайлары жақсартылуы мүмкін, ал ерекше режимде жазасын өтеп жүрген тұлғалар камера типтес орындардан жалпы түрдегі тұрғын жайларға ауыстырылуы мүмкін.

Екінші саты сотталған адамның түзелу жолына берік түскендігін білдіреді. Ол өзін ұзақ уақыт бойына жағымды ұстайды, еңбекке және оқуға адал көзқараспен қарайды, өзіндік ұйымдардың жұмыстарына қатысады. Сотталған адамның барлық мінез-құлқы оның көзқарастары мен сенімдерінің өзгергендігіне, оны сотталушы орындығына алып келген өнегелік кесірліктердің түзелгендігіне куәлік береді.

Түзелудің екінші сатысына жету сотталған адам өзінің түзелгендігін толықтай дәлелдеді дегенді білдірмейді. Түзетушілік әсер ету үрдісінің берілген сатысында оның сенімдері, жеке басының қоғамға қарсы бағыттағы қасиеттері өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың ескі дағдылары және тәлімдері кей кездерде өзгеріссіз күйінде қалады. Ересек адамда жүріс-тұрыстың жаңа стеротипінің қалыптасуы ескі тәлімдер мен дағдылардың әсеріне көбірек ұшырайды. Бірқатар жағдайларда тіпті құндылық бағдарлар жүйесінің өзгеруі олардың міндетті түрде өзгерістерге ұшырауына алып келе бермейді. Психологиялық көзқарас тұрғысынан адамның жеке басының осындай қасиеттерінің тұрақтылығы олардың тек ой-өрістік ғана емес, сонымен қатар адам қызметінің сезімдік және қозғалыстық өрістерін де қамтитындығымен түсіндіріледі. Сондықтан олар барынша кертартпалық күйде болып және уақыт өте келе адамның бойына сондай терең сіңісіп адамның ерік жігері мен санасынан тыс, ал кейде адамның еркіне қарсы белгілі бір әрекеттерді жасауға итермелеуі мүмкін. Адам психикасының аталған ерекшелігіне назар аудара отырып А. Г. Ковалев былай деп атап көрсетеді

«сотталғанды қайта тәрбиелеудегі сәтсіздіктер дағдыларға тиіспей, сананы қайта қалыптастырумен шектелумен түсіндірілетін болар» [66, 97.].

Осылайша сотталған адам түзелудің екінші сатысына қол жеткізуі барысында оның көзқарастарында, сенімдерінде, санасында жағымды өзгерістер ендігі жерде орын алды деп саналады, бірақ олар мінез-құлықтың тәлімдері мен дағдыларында берік орнықтаған.

Түзелудің осы сатысына қол жеткізу сотталғандар үшін белгілі бір құқықтық салдарды туындатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 82-бабында бекітілген ереже бойынша жалпы және қатаң режимдегі бір түзету колонияларының аумағында сондай-ақ тәрбиелеу колонияларында сотталғандар жазаны өтеудің жәй, қатал, жеңілдетілген және жеңілдік берілген жағдайларында бола алатындығы бекітілген. Мысалы, Қылмыстық-атқару кодексінің 116-бабының 2-бөлімінде жазаны өтеудің бекітілген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты айын өтегені бойынша еңбекке адал қараған жағдайда сотталушы жеңілдетілген жағдайларға көшірілуі мүмкін екендігі бекітілген.

Түзелудің үшінші сатысы жазаны өтеу және түзетушілік әсер етулерді қолдану барысында сотталған адамның тек ғана қоғамға қарсы көзқарастары және сенімдері, құндылық бағдарының бүкіл жүйесі өзгеріске ұшырап қойған жоқ, сонымен қатар ол қоғамға пайдалы жүріс-тұрыстың жеткілікті дәрежедегі тұрақты тәлімдері мен дағдыларын алды, бостандықтағы өмірге, бостандыққа шыққаннан кейін өзі тап болуы мүмкін қиындықтарды жеңуге психологиялық жағынан дайын.

Осы тұрғыдан бас бостандығынан айыру орындарынан сотталғандардың қандай санаттары босанып шығатындарын қарастыруға болады.

Жекелеген түзеу мекемелерінен жазадан босатылғандардың арасында жүргізілген ішінара зерттеулердің және түзету мекемелеріндегі олардың жеке істерін талдаудың нәтижесінде олардың жалпы санының 62,6% жазаны өтеу кезінде өздерін дұрыс ұстап жазаны өтеу режимін сақтаған, еңбекке және оқуға адал көзқараста болып, өзіндік ұйымдардың жұмыстарына қатысқан яғни өздерінің түзелгендігін дәлелдеген немесе түзелу жолына нық түскен. Түзету мекемелерінде болған кездерінде түзелгендіктің кейбір белгілерін көрсеткендердің саны 24,4% құраған, ал зерттелгендердің жалпы санының тек 13% өздерінің түзелу жолына түспегендіктерін көрсеткен.

Бір қарағанда, бұл мәліметтер бостандыққа шыққандардың басым көпшілігінің жағымды ортада жылдам бейімделетіндігі, пайдалы қызметке қайтып оралатындығы және оларға қатаң бақылауды жүзеге асыру мен тәрбиелеу жұмыстарын жүргізудің қажеттілігінің жоқтығы туралы сенімді қорытындылар жасауға негіз болатындай. Оларға тұрғылықты жерлеріне келгеннен кейін тек еңбек және тұрмыс мәселелерін шешуде көмек көрсетілсе болғаны олар қатардағы азаматтардың қарапайым өмір салтын кешетіндей көрінеді. Алайда мұндай үзілді-кесілді қортынды жасауға әсте болмайды. Түзету мекемесінен босатылған көптеген адамдардың бостандықтағы өмір

жағдайындағы мінез-құлқы түзету мекемесіндегі жүріс-тұрыстарынан айтақаларлықтай өзгеше болатындығы шындық және ол бірқатар мән-жайлармен түсіндіріледі. Біріншіден, жазасын өтеп жүрген сотталғандар мен бостандыққа шыққандардың өмір жағдайлары аса маңызды айырмашылықтарға ие. Екіншіден, бостандыққа шыққаннан кейін кейбір тұлғалар жағымсыз ортаға тап болады, еңбек және тұрмыстық қиындықтарды бастарынан кешіреді ол өз кезегінде олардың мінез-құлықтарына жағымсыз әсерін тигізеді. Үшіншіден, бас бостандығынан айырылу жағдайынан бірден бостандыққа шығу жекелеген өздерінің көзқарастары мен дағдылары тұрақсыз болып келетін сотталған адамдарды өздерінің қажеттіліктері мен тілектерін жаңа жағдайдағы нақты мүмкіндіктерімен есептей алмай қалуына алып келеді.

Сондықтан оқшаулау, үнемі бақылауда ұстау, өмірдің барлық жағын қатаң тәртіпке бағындыру орын алмайтын еркін өмір жағдайында бостандыққа шыққан адамның мінез-құлқы жан-жақты тексеруден өтеді және оның жеке басының ұстанымын айқын көрсетеді. И. И. Карпец «ол түзелді ме, жоқ па оны шындығында оның бостандықтағы өмірі көрсетеді» - деп өте дұрыс айтқан сияқты [12, 157.].

Олардың одан арғы жүріс-тұрысының сипаты тұрғысынан алғанда жазадан босатылғандардың жеке бастарының өзге бір белгісі болып олардың әлеуметтік-өнегелік бұзылғандығының деңгейі, дәрежесі табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан әртүрлі адамдардың түзелмеушілік, яғни әлеуметтік-өнегелік бұзылушылық деңгейі, өнегелік кесірліктерінің тереңдігі, қоғамға қарсы тәлімдерінің беріктігі әртүрлі болатындығы табиғи жағдай. Сонымен бірге жасалған қылмыстың қоғамдық қауіптілік дәрежесі және сипаты қылмыскердің әлеуметтік-өнегелік бұзылғандығының дәрежесімен әрдайым сәйкес келе бермейді. Ауыр деп саналмайтын қылмыстар үшін бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бұзылғандық дәрежесі тұрғысынан алғанда, ауыр қылмыстар үшін бірінші рет сотталғандармен салыстырғанда әлеуметтік-өнегелік жағынан бетімен кетушілігінің басымырақ болатындығы сирек кездеспейді.

Сондықтан жасалған қылмыстың сипатын, қоғамдық қауіптілік дәрежесін сотталған адамның әлеуметтік-өнегелік бұзылушылық дәрежесімен тікелей байланыстыру және осыған бола оның одан арғы мінез-құлқы туралы қорытынды жасау тым ұшқалақтық болар еді.

Әдебиеттерде бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан барлық тұлғаларды шартты түрде үш топқа бөледі.

1. Жазаны өтеу кезінде өзінің толық түзелгендігін көрсеткен тұлғалар. Бостандыққа шыққаннан кейін олар адал еңбекке араласуға тырысады. Кейде осындай тырысушылық бостандыққа шыққан адам бейімделу барысында тап болуы мүмкін көптеген қиындықтарды еңсеруге мүмкіндік береді.

2. Тәрбиесінде ақаулықтары бар тұлғалар. Бұл ақаулықтар бостандыққа шыққандардың дүние танымында, құқықтық санасында (әдетте оның жекелеген аспектілерінде), моральдық және өнегелік бағдарларында және де еңбек тәлімдерінде орын алуы мүмкін. Осы санаттағы тұлғалардың бостандыққа

шыққаннан кейінгі жүріс-тұрыстарының жағымды болжамы көп дәрежеде олар тап болатын әлеуметтік ортаның жағдайларына тәуелді болады.

3. Жазаны өтеу үрдісінде түзелмеген тұлғалар. Бас бостандығынан айыру орындарында болған кездерінде олар бірқатар себептерге байланысты өздерінің қылмыстық көзқарастарынан, бейімділіктерінен, ұстанымдарынан ал кейде тіпті қылмыстық дүние танымдарынан қол үзбегендер. Ең қауіптісі олар кейбір жағдайларда бас бостандығынан айыру орындарында өздерінің қылмыстық тәжірибесін байытып, қылмыстық бейімдіктері мен дүние танымын дамытуға қол жеткізеді. Бостандыққа шығуды олар қылмыстық қызметтерін одан әрі жалғастырудың мүмкіндігі ретінде қарастырады [64, 608].

Сонымен қатар сот сотталғандарға түзету колониясының түрін тағайындағанда әдетте екі негізді – жасалған қылмыстың ауырлығын және бұрынғы қылмыстық әрекеттерін ескеретіндігін қатерде ұстау керек. Оның соңғысына қатысты айтар болсақ кез келген соттылық емес бұрын бас бостандығынан айыру орнында жазасын өтеу фактісі назарға алынады. Сондықтан жалпы режимдегі колонияға бұрын бірнеше рет сотталғанымен, бірақ бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталып отырғандар жіберіледі. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 48-бабы 5-бөлімінің б-пункті бойынша қасақана кішігірім немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға тұңғыш рет сотталған адамдарға және қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бас бостандығын шектеу алты ай мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған адамдарға жалпы режимдегі түзеу колонияларына тағайындалатындығы бекітілген.

Жалпы режимдегі түзеу колонияларында дағдылы жағдайларда осы түзеу мекемесіне келген сотталғандар, сондай-ақ жазасын өтеудің қатаң және жеңілдетілген жағдайларынан көшірілген сотталғандар өтейді. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазасы болмаған және дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде алты айын өтегені бойынша еңбекке адал қараған жағдайда сотталушы жеңілдетілген жағдайға көшірілуі мүмкін. Өзінің түзелгендігін дәлелдеген және тағайындалған жаза мерзімінің үштен екісін жеңілдетілген жағдайларда кемінде алты айын өтеген сотталғандар жеңілдікті жағдайларға көшірілуі мүмкін. Осы айтылғандардың барлығы ҚР ҚАК-нің 116-бабында бекітілген. Осыдан байқайтынымыз жалпы режимдегі түзеу колонияларында жазаны өтеудің дағдылы, жеңілдетілген, жеңілдікті және қатаң жағдайларының бекітілгендігі.

Ақыр аяғында сотталған адамның әлеуметтік-өнегелік бұзылғандығының дәрежесін бағалай отырып оның түзету мекемесіне түскен сәтіндегі емес, жазадан босатылу сәтіндегі жүріс-тұрысын есепке алған дұрыс.

Әлеуметтік-өнегелік бұзылғандықтың дәрежесі көбіне-көп жеке тұлғаның қоғамға қарсы ұстанымының пәрменділігіне тәуелді болады. В. Н. Кудрявцев «бұл жерде өте кең көлемдегі бірден бірге басқыштаушылық (градация) мүмкін болады, оның бір шетінде – аса қауіпті рецидивистің белсенді, тұрақты, қоғамға қарсылығы айқын ұстанымы, ал екінші жағында субъектінің санасындағы әлсіз

көрініс беретін индивидуалистік элементтер тұрады» - деп атап көрсетеді [67, 35.].

Сотталғандардың санасындағы өнегеліктік ақаулықтардың осындай кең көлеміне қарамастан оларды жеке тұлғаның өнегеліктік ақаулықтарының тереңдігіне, тұрақтылығына, яғни әлеуметтік-өнегелілік бұзылғандығының дәрежесіне тәуелді түрде жекелеген санаттарға бөлуге болады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында түзелгендіктің белгісін көрсетпейтін сотталғандарға қолданылатын бірнеше ұғымдар пайдаланылады.

Қылмыстық-атқару құқығы және түзету педагогикасы бойынша жазылған әдебиеттерде режимді кәнігі бұзушылар ретінде оларға қолданылған тәрбиелік сипаттағы шараларға қарамастан бас бостандығынан айру орындарында қоғамға қарсы өмір сапалтын кешетін, пайдалы қызметке қайтып оралғысы келмейтін тұлғалар аталады. Дегенмен, біздің ойымызша «сотталған адамның түзелу жолына түсуді қасарысып қаламауы» ұғымы әлеуметтік-өнегелілік тұрғыдан бұзылғандықтың тереңдігін, жеке тұлғаның қоғамға қарсы ұстанымының беріктігін барынша дәлірек сипаттайтын болса, режимді бұзу егер біз оған құқық нормаларымен реттелетін жазаны өтеу тәртібі ретінде анықтама беретін болсақ онда ол сотталған адамның адамның тек тәртіпсіздігінен көрініс береді. Жеке адамның мінез-құлқының тек осы жағы ғана, оның барлық жағымсыз жақтарын жеткілікті түрде толық сипаттап бере алмайды.

Осылайша, әлеуметтік-өнегелік бұзылғандықтың жоғарғы дәрежесі сотталған адамның түзелу жолына қасарысып түспеуінен және тәрбиелеуге көнбейтіндігінен көрініс табады.

Бостандыққа шыққан адамды түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтін адам санатына жатқызу мәселесін шешу барысында, оның жазаны өтеу кезінде қанша рет тәртіп бұзғанын ғана басшылыққа алуға болмайды. Бұл жерде ең бастысы, сотталғандарға тәрбиелік әсер ету шараларының қолданылғанына қарамастан қоғамға қарсы бағытталған жүріс-тұрыстың жүйелі түрде орын алуында болар. Сонымен қатар сотталған адам теріс қылықтарды жасаған уақытта, ол әртүрлі тәртіп бұзушылықтарды жасаған кезде олардың ұйымдастырушысы болды ма, әлде белсенді қатысушысы болды ма есепке алған аса маңызды болады.

Бостандыққа шығар алдындағы жағымсыз мінез-құлық түзелу жолына қасарысып түспеудің айқын дәлелі болып табылады.

Соңында бостандыққа шыққан адамның жеке басына баға беруге оның жасаған теріс қылықтарының сипаты ықпалы етуі тиіс мысалы, олар өрескел тәртіп бұзушылықтар болып табылады ма, (карта ойнау, түзету мекемесі әкімшілігінің талаптарына бағынбау, жұмысқа шығудан бас тарту, бұзақылық әрекеттер) әлде олардың маңызы шамалы ма, (уақытында төсектен тұрмау, рұқсат етілмеген орында темекі тарту, бекітілген киім үлгісін сақтамау).

Сондықтан сотталған адамның жазасын өтеу барысында түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтіндігінің белгілері ретінде төмендегілерді қарастыру қажет:

жазаны өтеудің бекітілген тәртібін жүйелі түрде ұзақ уақыт бойына бұзушылық;

қолданылған тәрбиелік әсер ету шараларына қарамастан бостандыққа шығар алдында режимді бұзу, еңбекке адал көзқараспен қарамау, түзету мекемесінің әкімшілігіне бағынбаушылық;

режимді бұзу әрекеттерін ұйымдастыру немесе оларға белсенділікпен қатысу, өткізілетін тәрбиелік шараларға кедергі келтіру.

Жоғарыда аталған белгілерге бостандыққа шыққан адамның жас шамасы, жасаған қылмысының сипаты, бұрынғы қылмыстық қызметі ескеріле отырып бағалануы тиіс.

Түзету мекемелерінің түрлеріне қатысты түрде айтар болсақ олардағы түзелу жолына түскісі келмейтін тұлғалардың саны тұрақты емес. Ол негізінен колониядағы режим түріне тәуелділікте өзгеріп тұрады.

Жалпы режимдегі бірқатар колониялардағы сотталғандардың құрамына талдау жасағанда бостандыққа шыққанға дейін жазаны өтеудің бекітілген тәртібін жүйелі түрде және кәнігілікпен бұзатындар сотталғандардың жалпы санының 3,6% құраған. Қатаң режимдегі осындай сотталғандардың саны біршама көбірек болып олар – 6,8% құраса, ал ерекше режимде бұл көрсеткіш – 7,7% болған. Сонымен бірге түзелу жолына ерегесіп түспейтін сотталғандардың белгілі бір бөлігінің сот шешімі бойынша жазаны одан әрі өтеу үшін түрмелерге ауыстырылатындығын ескеру керек. Түзету мекемесінің осы түрінде негізінен түзелу жолына ерегесіп түспейтін тұлғалар топтастырылады.

Жазаны өтеу кезінде түзелу жолына қасарысып түскісі келмеген бостандыққа шыққан адамдардың көпшілігі үшін өздерінің қоғамға қарсы көзқарастарының дұрыс екендігін сендіруге тырысушылық сипаты басым болады. Олар өздерінің жүріс-тұрыстарын ақтауға тырысып бағады, арамтамақтық пен жатып ішерлікке олар өздерінше «өнегелілік» негіз бергісі келеді. Олардың көпшілігі арсыздықпен, ашық түрде өз көзқарастарын білдіреді. Әдетте олар бостандыққа шыққаннан кейін қоғамға қарсы өмір салтын кешуін тоқтатпайды.

Түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтін бостандыққа шыққандардың арасында режимді бұзудың ұйымдастырушыларының немесе оның белсенді қатысушыларының қатарына жатқызуға болмайтын, бірақ жазаны өтеу кезінде қоғамға қарсы мінез-құлқы жүйелі сипатта орын алатын тұлғалар тобы да болады. Бұлар негізінен өнегелілік тұрғысынан алғанда бетімен кеткен, жеке тұлға ретінде тоқырауға ұшыраған, көпшілігі маскүнемдікке шалдыққан адамдар болып табылады. Бас бостандығынан айыру орындарында олар өздерінің енжарлығымен, теріс ықпалдарға оңай түсетіндіктерімен ерекшеленеді.

Сотталған адамдардың берілген санаты үшін әлсіз көрініс беретін жүйкелік реакциялар, тежеуіш процестердің басым болуы, селқостық, жігерсіздік, иланғыштық, нық сенімдердің болмауы тән. Жағымсыз орталарда олар теріс ықпалдарға оңай беріледі, бірақ дұрыс еңбек ұжымдарында өзін жағымды түрде ұстай біледі.

Бұл адамдар бостандыққа шыққаннан кейін қолайсыз жағдайларда немесе жағымсыз ортаның ықпалымен өздерінің мінез-құлықтарының сипатын өзгертуі мүмкін.

Түзету мекемесінен босатылғандардың келесі санаты жазаны өтеу кезінде жағымсыз мінезделген және түзелу жолына түспегендер болып табылады. Олар жазаны өтеу барысында режимді бұзуға жол беріп, ішкі тәртіп ережелерін сақтамаған. Олар жол берген тәртіп бұзушылықтар арасында мысалы, жұмысқа шықпау тәрізді қауіптірек түрлері де кездесуі мүмкін. Дегенмен осындай тәртіп бұзушылықтар кәнігілік сипатқа ие болмаған. Осындай адамдардың көпшілігі оқудан, өзіндік ұйымдардың жұмыстарына қатысудан жалтарған, өздерінің еңбек міндеттемелерін орындауға ықылас білдірмеген.

Жазадан босатылғандардың арасындағы қылмыстың алдын алуға арналған зерттеу еңбегінде И. В. Шмаров мынаны атап көрсетеді «ТМ-де сотталғандардың бостандыққа шығар алдындағы мінез-құлқына бізбен жүргізілген ішін-ара зерттеу, түзелу жолына түспеген тұлғалар санының колониялардың әрбір түрінде айтақаларлықтай айырмашылықтарға ие екендігін көрсетті: Бұл тұлғалардың саны жалпы режимдегі колонияларда, күшейтілген режимдегі колониялармен салыстырғандағыдан көбірек, ал қатаң және ерекше режимдегі колонияларда жалпы режимдегі колониялармен салыстырғандағыдан әлдеқайда көбірек» [45, 41]. Біз бұл жерде Қазақстан Республикасының қылмысты-атқару жүйесінде күшейтілген режимдегі колониялардың жоқ екендігін ескерте кеткен орынды деп ойлаймыз.

Сотталғандардың түзелуіне қол жеткізу үшін түзетушілік бағытта әсер ету үрдісінің белгілі бір уақыт ішінде жалғастырылуы тиіс екендігі белгілі. Осы аталған уақыт сотталған адамның жеке бастарының қасиеттерін зерттеуге, оларға кәсіптік білім беруге, жалпы орта білімге тартуға, өнегелік және құқықтық тәрбие беруге және с. с. жұмсалуды тиіс. Басқаша айтар болсақ тәрбиелеу үрдісі өзінің мазмұнына сотталғандарға олар жазаларын өтеу кезінде қолданылатын педагогикалық ықпал ету шараларының белгілі бір кешенін кірістіруі тиіс. Қысқа мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғаларға қатысты педагогикалық әсер ету шараларының аталған кешенін қолдануға мүмкіндік бола бермейді. Оларға жазаны қолданудың жеткіліксіз тиімділігін және оның мақсаттарына әрдайым қол жеткізіле бермейтіндігін осымен түсіндіруге болады.

Жазаны өтеу кезінде түзелу жолына түспеген адамдар санының ерекше режимдегі колонияларда біршама көп болуының себебін тек ғана колонияның осы түрінде ұсталатын барынша қауіпті және әлеуметтік-өнегелік тұрғысынан алғанда барынша бетімен кеткен қылмыскерлерді түзетудің күрделілігімен ғана түсіндірмей, сонымен қатар түзелу жолына берік түскен тұлғалардың ерекше

режимдегі колониялардан қатаң режимдегі колонияларға содан кейін колония қоныстарға аударылатындығымен де түсіндіру керек.

Осылайша түзету мекемесінен түзелгендіктің және әлеуметтік-өнегелілік жағынан бұзылғандықтың әртүрлі дәрежесіндегі адамдар бостандыққа шығады. Олардың біреулері тәриеге көніп немесе түзелу жолына нық түсіп және қоғамға пайдалы қызметке қайтып оралмақ ниетте болса, басқалары түзелгендіктің белгілерін ғана көрсетіп өздерінің жүріс-тұрыстарында, көзқарастарында тұрақтылық белгісін танытпайды, үшіншілері түзелмеген күйінде бостандыққа шығады және де нақ осылардың тарапынан қоғамға қарсы жүріс-тұрыстың күтілетіндігі табиғи жағдай.

Дегенмен бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққандардан үмітпен күтілетін мінез-құлық әрдайым ақтала бермейді. Бұл жағдай заң әдебиеттерінде бірнеше рет аталып өтілген. И. И. Карпец қылмыстың қайталану көрсеткішінің өздерін бас бостандығынан айыру орындарында «өте нашар» (28,5%) және «өте жақсы» (20,4%) ұстағандар арасында барынша жоғары екендігін, ал одан кейін өздерін «тек нашар» (14,9%) және «орташа» (13,2%) ұстағандар тұрғанын атап көрсетеді [12, 157].

И. В. Шмаровтың жүргізген зерттеулеріне сәйкес ТМ-де ұсталған кезеңде өздерін жағымды жағынан көрсеткен 311 сотталған адамның бостандыққа шыққаннан кейінгі екі ай ішінде тек 223-і ғана өздерін дұрыс ұстауды жалғастырған, ал қалғандарының арасынан 25 адам өзін жағымсыз түрде ұстап, 63 адам өздерінің жүріс-тұрыстарында тұрақсыздықтың белгісін танытқан. Тұрақсыз мінез-құлқымен сипатталатын тұлғалардың арасынан тек 101 адам бостандыққа шыққаннан кейін өз бойларынан тұрақсыздықтың белгілерін көрсеткен болса, 17 адам өздерін жағымды түрде ұстап, 6 адам теріс мінез-құлқын көрсеткен.

Түзету мекемелерінен бостандыққа шыққаннан кейін зерттелгендердің жүріс-тұрыстары сипатының өзгеруі И. В. Шмаровтың пікірінше төмендегідей негізгі себептермен түсіндіріледі: жазаны өтеу кезінде өздерінің нағыз сенімдері мен көзқарастарын жасыра білуімен (бұл ең алдымен бірнеше рет сотталғандарға қатысты); қоғаммен пайдалы әлеуметтік байланыстарын жоғалту, бостандықтағы өмір жағдайларына психологиялық-педагогикалық тұрғыдан дайын болмауымен; өмірілік ұстанымдары мен әлеуметтік ортаның талаптары арасындағы қайшылықтармен; мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың бостандыққа шыққан адамдардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешудегі қызметтерінің кемшіліктерімен [45,43]. Осы айтылғандар жазаны өтеу кезінде жағымды мінезделген тұлғалардың жүріс-тұрыстарына жасалған талдаудың материалдарымен көрнекі түрде дәлелденеді.

Осыған дейін де аталып өтілгендей осы топтың ішінен 25 адам тұрғылықты жеріне келгеннен кейін алғашқы күндерден-ақ қоғамға қарсы өмір салтын кешкен. Осындай жүріс-тұрыстың сипатын тек әлеуметтік ортаның жағымсыз сипатымен ғана түсіндіруге болмайтындығы да шындық себебі адамның жеке басының дербес ерекшеліктері оның әлеуметтік рөлдерді таңдауына және оларды жүзеге асыруына айтарлықтай ықпал етеді



Адамдардың бұл тобын зерттеу олардың кейбіреулерінің өздерінің шынайы көзқарастары мен сенімдерін шеберлікпен жасыра біліп, ТМ-нің әкімшілігін жаңылыстыра алғандығын көрсетеді. Олардың жеке істерінде ондай адамдардың арамтамақтықпен күн кешіп, басқа адамдарды режимді бұзуға айдап салғандары туралы мәліметтер баршылық.

Алайда бұл мәліметтерге жеткілікті назар аударылмаған және де осындай адамдардың жүріс-тұрыстары тәрбиешілердің бақылауынан жиі тыс қалып қойып отырған. Бостандыққа шыққандардың көрсетілген тобының ішіндегі көптеген адамдар бұрын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталған және негізінен пайдакүнемдік қылмыстар үшін сотталған. Тәжірибе көрсеткендей тұлғалардың нақ осы санаты жазаны өтеу жағдайларына тез бейімделеді және өздерінің шынайы бет-бейнелерін шеберлікпен бүркемелей біледі.

Жазаны өтеу барысында жағымды мінезделген бостандыққа шыққан адамдардың көпшілігі (88 адам) бостандыққа шыққаннан кейін өздерін тұрақсыз ұстаған: қоғамдық орындарда мас күйлерінде жүрген, қоғамдық тәртіп ережелерін бұзған, жұмсқа орналасуға ықылас білдірмеген. Зерттеу көрсеткендей осындай жүріс-тұрыстың негізгі себептері болып түзелу мен тәрбиеленудің жеткіліксіз деңгейі ғана емес, сонымен бірге қоғаммен әлеуметтік пайдалы байланыстарын жоғалту, бостандықтағы өмір жағдайларына психологиялық-педагогикалық жағынан дайындықсыз болу, еңбек және тұрмыстық жағдайлардағы объективтік қиындықтар да себеп болатындығын байқауға болады.

Бостандыққа шыққаннан кейін тұрақсыз жүріс-тұрыс үлгісін көрсеткен тұлғалардың қатарынан 17 адам 10 жылдан артық жаза өтеген. Олардың барлығы дерлік отбасынан ажырап, туысқандарымен байланыстарын жоғалтқан. Бостандыққа шыққан сәттен бастап алғашқы уақыттарда өздерінің жалғыздығына қатты күйзеліп ішімдікке салынған.

Бостандыққа шығу барысында алған қаражаттарын үнемді жұмсай алмай біраздан соң олар ақшасыз қалған. Егер бостандыққа шыққан осындай адамдарға дер кезінде тиісті жәрдем жасалмаса олардың жаңа қылмыстарды жасауы әбден мүмкін.

Жазасын өтеу кезінде жағымды мінезделген бостандыққа шыққандардың басым бөлігінің тұрақсыз сипаттағы жүріс-тұрысын олардың тұрғылықты жеріне келгеннен кейін уақытында жұмысқа орналаса алмауымен түсіндіруге болады. Олардың ішінде 32 адам бостандыққа шыққан сәттен бастап екі айдың ішінде жұмысқа орналаса алмаған (негізінен алғанда бұлар сотталғанға дейін тұрақты мекені мен жұмыстары болмаған адамдар).

Бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісін басқару тұрғысынан алғанда адамдардың аталған санатының жас шамаларындағы ерекшеліктердің маңызын атап өткен орынды. Түзету мекемелерінен бостандыққа шығып зерттелген адамдардың шамамен 50% 25 жасқа толмаған адамдар. Бұл адамдар ересектермен салыстырғанда өздерінің психологиялық ерекшеліктері жағынан айырмашылықтарға ие болады. Оларға сыртқы әсерлерді тез қабылдау, жоғарғы эмоциялық көңіл-күй, намысшылдықтың тым

әсерлі сезімі, өздерінің әрекеттері мен қылықтарын сын көзбен бағалай білудің жетіспеушілігі, пікірлерінің турашылдығы, өмірдегі кейбір әсіресе, қақтығыстық сипаттағы жағдайларды дұрыс бағалай білмеу тән болады.

Көрсетілген жас шамасындағы тұлғалар үшін сонымен бірге жеке байланыстар қатарының күрт артуы, жастарға үлкен ықпал ететін және жеке тұлғаның көзқарастарын, сенімдерін, және дағдыларын қалыптастыратын ресми және бейресми байланыстарға түсу жағдайлары жиі орын алады.

Жас сотталғандардың қатарынан бостандыққа шыққандардың жазасын өтеуі кезіндегі жүріс-тұрыстарын сипаттай отырып олардың барлығының өздерін ересек жастағылармен салыстырғанда жағымсыз түрде ұстағандарын атап өту керек. Ішін-ара жүргізілген зерттеудің мәліметтері бойынша кейбір түзету мекемелерінен бостандыққа шыққан 25-жасқа толмаған адамдардың 50% жуығы жазаларын өтеу кезінде жағымсыз жағынан мінезделген, ал бостандыққа шыққан 30 жастан 40 жасқа дейінгілердің тек 32% жағымсыз мінездемеге ие болған. ТМ-нен босатылған 25 жасқа дейінгілер үшін әдетте қоғамға қарсы жүріс-тұрыстың біршама «тәжірибесіне» және қылмыстық өткеннің үлкен «өтіліне» ие тұлғалар ұйымдастырушысы болып табылатын қоғамға қарсы топтарға бірігуге тырысушылық ерекше сипатты болады.

Осылайша түзету мекемелерінен босатылған 25-жасқа дейінгі тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері мемлекеттік органдардың және жұртшылықтың тарапынан аталған тұлғалардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісіне ерекше назар аударуы қажеттілігін білдіреді.

Жекелеген зерттеушілердің пікірінше, жасы егде тартқан сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу мәселелерін бөлек қарастыру керек [68, 67-73.]. Ең алдымен, сот оларға жазаны өтеу орынын егде адамдарға деген ізгілікті, аяушылық қағидаларына сай келетіндей етіп белгілегені дұрыс. Олардың жаза мерзімін өздерінің денсаулығына кесел келтірмейтіндей географиялық, климаттық жағдайларда өтеп, жазаны өтеу орны олардың отбасылық немесе өзге де қоғамдық пайдалы байланыстарын мүмкіндігінше тезірек қалпына келтіруге жағдай туғызуы тиіс.

Кейбір зерттеушілер болашақта «қарттар» үшін жазаны өтеудің мамандандырылған орындарын ұйымдастыруды ұсынады. Жасы егде тарқан адамдардың өздерінің бас бостандығынан айыру орындарында жас адамдармен салыстырғанда өзгеше ұстап, әдетте өзге болашақтық бағдарларды басшылыққа алатыны кұпия емес және т.б. Олар үшін қылмыстық жазаны өтеудің мамандандырылған орыны талап етілмесе де, оларға күшейтілген әскери күзеттің қажеті де болмас, бірақ қосымша дәрігерлік көмектің және қызмет көрсетушілердің қосымша саны, олар атқара алатын жұмыстардың өзіндік түрлері және тағы басқалардың қажет болатындығы сөзсіз. Бұлар біздің қазіргі түсінігіміздегі қылмыстық жазаны өтеу орындарынан бөлек, яғни күзетілетін мүгедектер мен қарттар үйіне көбірек ұқсауы тиіс [69, 25-26.].

Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген жасы егде тарқан қылмыскерлер дәрігерлік көмекпен, олардың жас шамасына, денсаулығына, біліктілігіне сай келетіндей олар орындай алатын жұмыспен

қамтылуы тиіс. Олар бостандыққа шыққаннан кейінгі әлеуметтік бейімделуі табысты түрде жүзеге асуы үшін оларды сотталғандардың өзіндік ұйымдарының жұмыстарына тартылулары ынталандырылып отбасымен, туысқандарымен, еңбек ұжымдарымен байланыстарының сақталуы немесе қайтадан қалпына келтірілуі мақсатын көздейтін шаралар жасақталып жүзеге асырылуы керек деп санаймыз. Осы айтылғандар тәжірибе және көптеген криминологиялық зерттеулер көрсеткендей олар үшін ерекше маңызға ие болады, себебі олардың көпшілігі бостандыққа шыққаннан кейін туыстық және басқа да байланыстарын жоғалтып ешкімге қажет болмай қалады. Осыдан кейін олардың үйсіз-күйсіз күн кешіп, қаңғыбастыққа салынуы басталады.

Әрбір бостандыққа шыққан жасы егде тарқан адамның қолында зейнетақы алуға, мүгедектер мен қарттар үйіне орналасуға және тағы басқаларға мүмкіндік беретін құжаттарының болуының маңызы зор. Бостандыққа шыққан қарт адамның олармен бірге тұруының мүмкіндігі туралы оның туысқандарымен алдын ала келісім жасалғаны дұрыс. Еңбек қабілеттілігі болған жағдайда осындай келісімдер кәсіпорындар мен мекемелердің әкішліктерімен де жасалына алады.

Қазіргі кездегі еліміздегі жағдай қарттар мен мүгедектер үйіне мемлекет тарапынан берілетін материалдық және қаржылай көмекті ұлғайтып олардың жағдайын, ондағы тұрмыс-тіршілікті жақсартуға мүмкіндік береді. Тұрғын үйі жоқ қарт адамдарға діни және басқа да қоғамдық ұйымдар қол ұшын беріп, көмек жасай алады. Сайып келгенде – бұл өте күрделі әлеуметтік мәселе және де ол өркениетті жолдар мен тәсілдер көмегімен шешілуі тиіс. Жасы егде тарқан қылмыскерлерге деген ізгілікті көзқарас – қоғам мәдениетінің сенімді көрсеткіштерінің бірі деп санаймыз.

## **2 ЖАЗАСЫН ӨТЕП ШЫҚҚАН ТҮЛҒАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР**

### **2.1 Жазасын өтеп шыққан тұлғалар арасындағы рецидивтік қылмыстылықтың ерекшеліктері**

Бостандыққа шыққан адамдардың көпшілігінде еркіндіктегі өмір жағдайларына әлеуметтік бейімделу үрдісі негізінен алғанда табысты түрде жүзеге асырылады. Олар жаңа әлеуметтік рөлдерді жеткілікті дәрежеде тез игереді, пайдалы әлеуметтік байланыстарын қайтадан қалпына келтіріп, әдеттегі өмір салтына қайта оралады. Алайда бостандыққа шыққандардың белгілі бір бөлігінде аталған процесс қанағаттанарлықсыз жағдайда өтіп, жағымды нәтижелерді бермейді.

Бостандыққа шыққандардың өмір салты әдеттегі әлеуметтік ортаның талаптарына жиі сәйкес келмейді, ол ортаның ұстанымдары мен тәртіптеріне қайшы келеді, жеке тұлға мен оны қоршаған әлеуметтік ортаның арасында өнегелік және психологиялық кедергі, әлеуметтік шеттетілу жағдайы пайда болады, ал бұл өз кезегінде сотталған адамның пайдалы әлеуметтік байланыстарының әлсіреуіне алып келеді, оның қоғамға қарсы көзқарастары мен дағдыларының қайтадан қалпына келіп және белсенділігінің артуына жағдай туғызады.

Бостандыққа шыққан адамның жағымды ортаның дұрыс ықпалы өрісінен тыс қалуы, әлеуметтік шеттетілу жағдайының негізгі теріс салдарының бірі болып табылады, бұл оның жүріс-тұрысына қоғамға қарсы топтардың ықпалының артуына сөзсіз алып келеді; осындай әлеуметтік шеттетілудің дәрежесі неғұрлым үлкен болса, бостандыққа шыққан адамның жаңа қылмысты жасауының мүмкіндігі де соғұрлым үлкен болады.

Кейбір жағдайларда бостандыққа шыққандардың өздерінің де қылмыстық өткендерінен қол үзгісі келмейтіндігін де есепке алмасқа болмайды.

Бостандыққа шыққан әртүрлі адамдардың еркіндіктегі өмір жағдайларына және әлеуметтік ортаға бейімделулерінің бірдей болмайтындығы табиғи жағдай. Олардың біреулері пайдалы әлеуметтік байланыстарын тіптен қалпына келтірмейді және дұрыс ортаның жағымды ықпалының өрісінен тыс қалады; басқалары пайдалы әлеуметтік байланыстарын тек ішін-ара қалпына келтіріп, құндылықты бағдарлары және талаптарының жүйесі бойынша әртүрлі шағын топтардың ықпалында қалады, нәтижесінде олар әлеуметтік рөлдердің қақтығыстарын бастарынан өткізеді, ал олардың жүріс-тұрыстары тұрақсыз сипатқа ие болады.

Постпенитенциарлық, яғни бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар арасындағы қылмыстылықтың кейбір мәліметтеріне көз жүгіртер болсақ мынадай көрсеткіштерді байқауға болады. Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан тұлғалардың арасынан алғашқы бір жылдың ішінде 1986 жылы 74119, 1987 – 54598, 1988 – 49240, 1989 -44 987, 1990 – 40678, 1991 – 37845 адам қылмыс жасаған, бұлар өз кезегінде сотталғандардың жалпы санының 1988 жылы – 27,8 %, 1989 – 24,4%, 1990 –

19,1%, 1991 – 16,8% құраған. Осыған сәйкес 1986 жылдан бері постпенитенциарлық қылмыстың жалпы саны мен үлес салмағының азайғандығын байқауға болатындай дегенмен жағдай әлі күрделі күйінде қалып отыр.[70, 399.].

Бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделу үрдісі жағымсыз жағдайда жүзеге асатын бостандыққа шыққан адамдарды қалыпты ортадан «шеттетілуін»ң дәрежесіне тәуелді түрде бірнеше санатқа бөлуге болады:

әлеуметтік байланыстары бұзылған тұлғалар;

әлеуметтік байланыстары әлсіреген тұлғалар.

Әлеуметтік байланыстарын жоғалтқан бостандыққа шыққан тұлғалардың негізгі санатын тұрақты тұрғылықты мекені және жұмысы жоқ тұлғалар құрайды. Олардың басым көпшілігі қаңғыбастықпен айналысады.

Осындай тұлғалар бостандыққа шыққандардың ішіндегі қайталап қылмыс жасауға ең бейім тұрғандарының санатына жатқызылады.

ТМ-нен бостандыққа шыққан адамдардың қаңғыбастықпен айналысатындары әдетте пайдалы әлеуметтік байланыстарын толықтай жоғалтқан және олар қоғамнан нақты шеттетілген тұлғалар болып табылады. Олардың көпшілігі әлеуметтік-өнегелік тұрғысынан алғанда азғындауға ұшыраған. Олар ендігі жерде қоғамға бейімделе алмайды және оған талпынбайды да.

Бірқатар түзеу мекемелерінде жазаларын өтеп жүрген бірнеше рет сотталғандарды ішін-ара зерттеу, бас бостандығынан айыру орындарынан еркіндікке шыққан тұлғалардың 13,6% тұрақты тұрғылықты мекені және кәсібі болмағандығын көрсеткен.

ТМ-нен бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуі үрдісінің табыстылығы көп жағдайда аталған процестің ұзақтылығына тәуелді болады.

Бостандыққа шыққандар неғұрлым уақытында жаңа әлеуметтік рөлдерді игерсе, пайдалы әлеуметтік байланыстарын қалпына келтірсе, жағымды ортадағы қатынас өрісін кеңейте түссе, осы кезеңде оған қойылған әлеуметтік бақылау тиімдірек болса оның жаңа қылмыстарды жасауының мүмкіншілігі соғұрлым азаяды. Жағымды әлеуметтік қоршаған орта бостандыққа шыққан адамдарды қоғамдық пайдалы өмір салтына, олардан талап етілетін әрекеттер мен қылықтарды жасауға деген белсенділікті ынталандырады.

Керісінше, бостандыққа шыққан адамдар олардың бейімделуі кезінде жағымды әлеуметтік ортаның ықпалынан тыс қалатын болса, жұмыс жасамаса немесе жұмыс орыны мен тұрғылықты жерін үнемі ауыстырса, қоғамдық пайдалы қатынастарын қалпына келтірмесе онда бұл олардың бостандықтағы өмірге икемделуінің мерзімін ұзартады, олар қоғамға қарсы өмір салтын кеше бастайды және бірқатар жағдайларда қайталап қылмыстар жасайды.

Бейімделу үрдісінің ұзақтығын анықтау мақсатында қатаң режимде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың бір тобына зерттеу жүргізілген. ТМ-нен бостандыққа шыққан уақытпен және жаңа қылмыс жасаған уақыт аралығындағы олардың олардың өмір салтын зерттегенде жаңа қылмыстарды жасауға оларды өмірдің жаңа жағдайларына қанағаттанарлықсыз бейімделу

алып келген. Атап айтқанда зерттеу жүргізілгендердің 24% жаңа қылмысты жасау сәтінде жұмыс істемеген, 12% тұрақты тұрғылықты мекен-жайы болмаған, олардың 42% қоғамдық, әкімшілік, және тәртіптік шараларға тартылған.

Көрсетілген тұлғалар бостандыққа шыққан сәттен бастап есептегенде бір жыл ішінде жаңа қылмыс жасауға жол берген. Олардың 27% бостандыққа шыққаннан кейін бастапқы үш айдың ішінде жаңадан қылмыс жасаса, 34% 4-6 айдың ішінде, 39% 7-12 айдың ішінде қайталап қылмыс жасаған.

Зерттеу жүргізілгендердің соңғы тобына қатысты түрде айтар болсақ, олардың қайталап қылмыс жасауға жол беруін, бостандыққа шыққаннан кейінгі алты ай ішінде еркіндіктегі өмір жағдайына қанағаттанарлықсыз күйде бейімделуінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады, себебі олардың осы аталған мерзім ішіндегі жүріс-тұрысы жағымсыз мінезделген.

ТМ-нен бостандыққа шыққан тұлғалардың қайталап қылмыс жасауының қарқындылық деңгейіне өзге де зерттеушілермен жүргізілген талдауға қарағанда бостандыққа шыққан адамның одан арғы мінез-құлқының қалыптасуына жазаны өтегеннен кейінгі алты ай ішіндегі оның бейімделу жағдайының шешуші маңызға ие болатындығын айқын аңғаруға болады.

Осыдан кейін ТМ-нен бостандыққа шығарылғандардың тарапынан қылмыстың қайталануы олардың еркіндіктегі өмірге бейімделу үрдісінің сипатымен тығыз байланысты екендігін байқаймыз. Бостандыққа шыққан адамдар еңбекке орналаспаған немесе тиісті емес жағдайда орналасқан, пайдалы әлеуметтік байланыстарын қалпына келтірмеген, жаңа әлеуметтік рөлдерді игермеген кезеңде олардың тарапынан қайталап қылмыс жасауға барынша жиі жол беріледі.

Ендеше ТМ-нен босатылғаннан кейінгі алғашқы алты ай әлеуметтік бейімделудің барынша маңызды кезеңі болып табылады. Нақ осы аталған уақытта әлеуметтік бейімделу процесін басқару бойынша барынша қарқынды жұмыстарды жүргізу, бостандыққа шыққандардың тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыстарына, олардың қарым-қатыс өрістеріне жан-жақты бақылау қою талап етіледі.

Егер бостандыққа шыққан адамдар жұмысқа орналаспаса немесе орналасқаннан кейін көп ұзамай жұмыстан шығып кететін болса, тұрақты тұрғылықты жері болмаса не оларды үнемі ауыстыратын болса, қоғамдық өмір ережелерін бұзса бұл бейімделу үрдісінің қанағаттанарлықсыз жағдайда жүзеге асырылып жатқандығының, жаңа қылмыстарды жасау үшін нақты жағдайлардың бар екендігінің айғағы болып табылады.

Әлеуметтік ортаға бейімделу кезеңі және қылмыстың қайталануының қарқындылығы сонымен бірге жазадан босатылған адамның жеке басына, ең бірінші кезекте жас шамасына, бұрынғы қылмыстық өткеніне, қылмысты жасаудағы ниетіне тәуелді болады.

Біз осыған дейін де ТМ-нен босатылған 30 жасқа дейінгі адамдардың бейімделу процесінің күрделілігіне және оның салдары – берілген санаттағы

тұлғалардың арасындағы қылмыстың қайталануының қарқындылығына назар аударған болатынбыз.

Сонымен қатар жазадан босатылғандардың бұрынғы соттылығының саны, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің мерзімі және олардың тарапынан қылмыстың қайталануының арасында белгілі бір тәуелділіктің бар екендігін атап өткен орынды.

И. И. Карпецтің жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде алынған мәліметтер бойынша бас бостандығынан айыру орынынан босатылған адамдарда бұрын сотталғандық қанша көп болса, олардың арасында белгілі бір кәсібі жоқ тұлғалардың саны сонша көп болады және олардың бейімделу процесі де соншалықты күрделі жағдайда жүреді. Олар басым көп жағдайларда жұмысқа орналаса алмайды, әлеуметтік пайдалы байланыстарын қалпына келтіру, жаңа әлеуметтік рөлдерді игеру олар үшін үлкен қиындықтарды туындатады.

Қазіргі таңда жазасын өтеп шыққан адамдарды жұмысқа орналастыру мәселесі бұрынғыдан бетер шиеленісіп кеткен: біріншіден ол адамдардың біліктілігінің төмендігі (олар өндіріс үшін маман ретінде ешқандай қызығушылық туғызбайды, ұйымдар мен кәсіпорындардың әкімшіліктерін бұрынғыдай ондай адамдарды жұмысқа алуға міндеттеу мүмкін емес); екіншіден (еңбек елдің әрбір еңбекке қабілетті азаматы үшін конституцияда бекітілген міндет ретіндегі сапасынан айырылған) сондықтан ондай адамдардың өнегелік-құқықтық жағынан алғандағы құлдырауларына сәйкес олар үшін қоғамдық өндірістен тысқары жеңіл жолмен ақша табуға тырысу сипатты болады; үшіншіден кәсіпкерлік құрылымдарда жұмысқа орналасу мүмкіндігінің кеңейе түсуі жағымды факторлармен қатар аталған қызмет өрісіне қылмыстық субмәдениеттің де дендеп енуі қаупін пайда қылады ол өз кезегінде коммерциялық және сондай басқа да ұйымдардың жұмыс әдістеріне ықпал етіп, кәсіпкерлік пен заңға қайшы қоғамға қарсы қызметтің арасындағы шекараның жойылуына жағдай жасайды [71, 740.].

Сонымен қатар кәсіпорындар мен мекемелер әкімшілігінің бұрын бірнеше рет сотталған бостандыққа жаңадан шыққан адамдарға негізді түрде сақтықпен, көп жағдайда сенбестікпен қарауы да олардың әлеуметтік бейімделуін қиындата түседі.

Осыдан кейін аталған тұлғалардың бейімделу процесін басқару бірінші рет сотталған адамдарға қатысты қолданылатын нысандар мен әдістер арқылы жүргізіле алмайтындығын мойындау қажет.

Бостандыққа шыққан адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесімен айналысқан зерттеушілердің пікірінше ондай адамдарды бостандықтағы өмір жағдайына икемдеудің тиімді нысандарының қатарына олар үшін арнайы бейімдеу орталықтарын құру жатқызылады, ондай орындарда түзелу жолына түспеген тұлғалар олардың өздері үшін барынша қолайлы жағдайларда жаңа әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделіп, әлеуметтік пайдалы қатынастарын қалпына келтірулері тиіс.

ТМ-нен бостандыққа шыққан рецидивистердің әлеуметтік бейімделуін жоғарыда көрсетілген нысандарда басқарудың қажеттілігі олардың бейімделу

үрдісінің күрделілігі және уақыт жағынан алғандағы ұзақтығымен ғана емес, сонымен қатар осындай тұлғалардың қылмыстық жағдайды өздерінің де қалыптастыратындығымен байланысты, себебі қылмыстық мақсатқа қол жеткізу үшін әрекет етуге дайын болу тек қалыптасқан жағдайдан емес, көп реттерде оған қарамастан да пайда болады.

Бостандыққа шыққан адамдар өздері сол үшін жазасын өтеген қылмыстардың сипаты, олардың бостандықтағы өмірге бейімделуінің ерекшеліктері және олармен жасалатын жаңа қылмыстардың сипаты арасындағы белгілі бір тәуелділіктің болуының мәселесі үлкен практикалық қызығушылықты туындатады.

Криминологиялық әдебиетте рецидивистермен жасалатын қылмыстардың сипаты арасында белгілі бір тәуелділіктің болатындығы туралы тұжырым жиі айтылады. Осыған байланысты И. И. Карпец сотталғандығының саны арта түсуіне байланысты қылмыскерлер қылмыстың белгілі бір тұрақты түріне маманданатындығын жазған [12, 115]. Осы мәселеге В. Н. Курявцев және А. М. Яковлев назар аударған [67,34., 72, 49.].

Жасалатын қылмыстардың сипаты арасындағы осындай тәуелділік рецидивистердің жеке бастарының айқын және жеткілікті түрдегі тұрақты қоғамға қарсылығымен түсіндіріледі.

Криминологиялық зерттеулердің мәліметтері бойынша жасалатын қылмыстардың сипаты арасындағы барынша тығыз тәуелділік ұрлық, тонау, қарақшылық, бұзақылық үшін сотталған адамдарда болады.

Бұрын жазасын өтеген 274 адамның арасында арнайы рецидивті зерттеген И. И. Карпецтің мәліметтері бойынша олардың 211-і біртектес қылмыстар жасаған. Ұрлық және қарақшылық үшін сотталған 169 адамның 129-ы бұрын нақ осындай қылмыстар үшін жазасын өтеген; қалтаға түсу арқылы ұрлық жасағаны үшін қайтадан сотталған 73 адамның 63-і бұрын осындай қылмысы үшін сотталған [73, 115-116.].

А. А. Герцензонның мәліметтері бойынша бұзақылық үшін қылмыстық жауаптылыққа тартылған тұлғалардың арасындағы арнайы рецидив 35% құраған [74, 91.].

Сонымен қатар Г. А. Аванесовтың арнайы рецидив туралы келтірген мәліметтері көңіл аударуға тұрарлық. Оның жүргізген зерттеулері бойынша екі рет сотталғандар арасындағы арнайы рецидивтің шамасы 30% ; үш рет сотталғандардың арасында – 37,5% ; төрт рет сотталғандарда – 46,8% ; бес рет және одан да көп сотталғандарда 50% құраған [75, 47.].

Осыдан кейін аталған тұлғалардың бостандыққа шыққаннан кейінгі жүріс-тұрысы, олардың бейімделуінің жағдайлары және олармен жасалатын жаңа қылмыстардың сипаты арасында тәуелділік бар ма деген сұрақ пайда болады. Егер жоғарыда келтірілген мәліметтерге жүгінер болсақ ондай тәуелділіктің бар екендігін анық байқауға болады.

Ұрлық, тонау, қарақшылық жасау жолдарымен меншікке қол сұғушылық жасағандары үшін бұрын сотталған тұлғалар үшін егер олар түзелу жолына түспеген болса олардың бойында жоғарғы деңгейдегі қоғамға қарсылықты



қасиеттердің болуы сипатты болады. Осыған байланысты В. Н. Кудрявцев «Пайдакүнемшіл типтің қоғамға қарсы көзқарасының барысында оның негізгі мүдделері жеке басының материалдық пайдасына бағытталады. Өмірдегі ұстаным жүріс-тұрыстың ниеттері мен мақсаттарын ғана емес, сонымен бірге, оларға қол жеткізудің құралдарын да анықтайтындықтан пайдакүнемдік ниеттегі қоғамға қарсы ұстанымды басшылыққа алатын субъект әдетте, материалдық баудың заңды жолдарын іздеп әуре болмайды» - деп жазған [67, 34.].

Ұрлық, тонау және қарақшылық үшін сотталған тұлғалар үшін арамтамақтық, мәдени және білім деңгейінің төмендігі, рухани сұраныстарының жұтаңдығы, маскүнемдікке салыну сипатты болатындығы криминологиялық әдебиеттерде жиі аталып өтіледі.

Олар қоғамға қарсы орталарда жылдам бейімделе алады. Басқаша айтқанда олар қоғамға қарсы мінез-құлықтың тәлімдері мен дағдыларын бойларына барынша тереңірек сіңірген.

Егер жазаны өтеу процесінде олар түзелмесе, онда бостандыққа шыққаннан кейін де олар бұрынғы өмір салтын кешуге тырысады.

Жазасын өтегеннен кейін бостандыққа шыққандардың әртүрлі санаттарының арасындағы қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспайтындарын салыстырғанда онда меншікке қарсы қылмыс жасағандардың үлес салмағы күш қолданумен қылмыс жасағандардан екі есеге дерлік артық болған. Олардың арасындағы жұмыс жасағандарға қатысты түрде айтар болсақ олар негізінен еңбек өтілі өте аз адамдар болып табылады. Олардың басым көпшілігі біліктілікті талап етпейтін жұмыстарға ғана тартылған.

Келтірілген мәліметтер бостандыққа шыққан адамдардың берілген санатына кіретіндердің еркіндіктегі өмір жағдайларына барынша қиын және ұзақ бейімделетіндігін көрсетеді. Нақ осындай тұлғалардың арасында бұрынғы қоғамға қарсы байланыстарын қалпына келтіруге, қоғамдық бақылаудан жалтаруға тырысушылықтың барынша жоғарғы деңгейі көрініс береді; олардың арасында «қылмыстық романтиканың» дәстүрлерін берік сақтаушылық жиі бой көрсетеді.

Ұрлық, тонау, қарақшылық шабуыл жасау түріндегі пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстар үшін сотталған адамдардың жеке бастарының осы көрсетілген ерекшеліктері олардың бейімделу үрдісін басқарудың сипатын айқындайды ондағы негізгі басымдық олардың өндірістегі, тұрмыстағы және қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыстарына жан-жақты бақылау қоюға және олардың қоғамға қарсы шағын топтармен байланыстар орнатуының алдын алуға бағытталған шараларға берілуі тиіс.

Күш қолдану сипатындағы қылмыстар үшін сотталған тұлғаларға тәртіпке бағынбаушылық, жеке адамға және қоғамға деген айқын силамаушылық, өркөкіректік, әпербақандық тән болады. Олардың жүріс-тұрыстарының көп жағдайда аффективтік сипатқа ие болатындығы белгілі. Осыған байланысты В. Н. Кудрявцев күш қолданушылық сипатындағы қоғамға қарсы ұстанымдағы

субъектінің негізгі қасиеттері менмендік, құқық тәртібі талаптарын мойындамау болып табылатындығын атап көрсеткен [67, 34.].

Бостандыққа шыққаннан кейінгі бұл тұлғалардың жүріс-тұрысы, егер олар жазаны өтеу кезінде түзелу жолына түспеген болса, онда олармен жасалған қылмыстардың сипатымен өзара тығыз байланысты болады. Олардың бостандыққа шыққаннан кейінгі жүріс-тұрыстарын зерттеу көрсеткендей аталған тұлғалардың көпшілігі үшін әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіру барысындағы белсенділік, жаңа ортада өздерін танытуға деген тырысушылық тән болады. Алайда тәртіпке бағынуды қаламаушылық, өздерін көпшілік ортасында ұстай білмеуі, әртүрлі сипаттардағы жүгенсіздіктерге бейім болуы салдарынан олар қоғамдық тәртіпті жиі бұзады, басқа адамдардың жеке басын кәнігі түрде сыйламаушылыққа жол береді.

Сонымен бірге олардың жеке бастарында, әдетте күні бұрын ойластырылмаған ниетпен қоғамға қарсы қылықтарды жасау қасиеттерінің де кездесіп жататындығына назар аудару қажет.

Жазадан босатылғандардың әлеуметтік бейімделу мерзімі мен олардың тарапынан қайталап қылмыс жасаушылықтың қарқындылығы және ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді қарастыруды қортындылай отырып, бостандыққа шыққандардың еркіндіктегі өмірге бейімделу үрдісін басқарудың уақытында және олардың тұрғылықты жеріне келісімен басталуы тиіс екендігін атап өту қажет. Ол жұмыстар ТМ-нен босатылғаннан кейінгі алғашқы алты ай бойына ерекше белсенділікпен жүзеге асырылуы тиіс.

Осы үрдісті басқару бостандыққа шыққан адамдардың өздерінің әлеуметтік рөлдерін иеленуі, пайдалы әлеуметтік байланыстарды орнатуы, еңбек ұжымымен қатынас өрісін кеңейтуі және қоғамға қарсы топтардың жағымсыз ықпалдарын жою үшін барынша оңтайлы жағдайларды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Әлеуметтік бейімделуді басқару немесе осы процеске басшылық жасау жазадан босатылған уақытты, бостандыққа шыққан адамның жас шамасын, олардың қылмысты жасаудағы ниеттерін есепке ала отырып жүргізілуі тиіс.

## **2. 2 Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың кейбір санаттарының құқықтық шектелуі**

Жазаны өтеуден босатылу ерікті азамат мәртебесін қайтадан қалпына келтіреді. Бұл жазасын өтегеннен кейін бостандыққа шығу фактісінің қылмыстық-атқару құқықтық қатынастарының тоқтатылғандығын және соған сәйкес сот үкімі мен жазаны атқару режимінен туындайтын заңнамамен қарастырылған шектеулер үшін негіздің ендігі жерде жоқ екендігін білдіреді. Сонымен бірге ондай адамдарға түзетушілік ықпал ету шараларын қолданудың негіздері де күшін жояды.

Өзіміз жоғарыда атап өткендей, соттылық институты және соның негізінде қабылданған нормативтік актілер жазасын өтеп бостандыққа шыққан адам үшін бірқатар өзіндік міндеттер мен құқықтық шектеулерді туындатады.

Жазасын өтегеннен кейін бостандыққа шыққан адамдардың құқықтық шектелулерінің және өзіндік міндеттерінің көлемін айқындау, бұл адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін, олардың әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісіне басқару жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметтеріндегі заңдылықты қамтамасыз ету үшін үлкен маңызға ие болады.

Әрекет етуші заңнаманы тиісті деңгейде зерделейтін болсақ жазадан босатылғандардың құқықтық мәртебесінің өзіне бірқатар бөліктерді кірістіретін жеткілікті түріндегі күрделі институт екендігін анық аңғаруға болады. Ол жазасын өтеп жатқан тұлғалардың және қылмыстық жазаға тартылмаған тұлғалардың құқықтық мәртебесінен айтақаларлықтай айырмашылықтарға ие. Бұл өз кезегінде қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың арнайы құқықтық мәртебесі туралы мәселе көтеруге мүмкіндік береді. Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың құқықтық мәртебесі туралы айта отырып аталған тұлғалар санатының әртүрлі болатындығын да ұдайы есте ұстаған жөн, себебі олардың қатарына әртүрлі құқықтық шектеулермен байланысты болатын қылмыстық жаза түрлерін өтегендер, жазаны өтеу басталғанға дейін сотталған адамдар болған әлеуметтік байланыстардың үзілу деңгейі бірдей болып табылмайтын тұлғалар кіреді.

Өтеуден босатылған тұлғалардың қоғамдық ортаға бейімделуінің күрделілігін айқындайтын қылмыстық жазалардың өзіндік ерекшеліктерін негізге ала отырып оларды бірқатар топтарға бөлуге болады.

Олардың бірінші тобына сотталған адамды қоғамнан оқшаулауға байланысты жазаларды жатқызамыз. Қазіргі қолданыстағы қылмыстық заңнама бойынша олардың қатарына қамауды, тәртіптік әскери бөлімде ұстауды, бас бостандығынан айыруды жатқызамыз. Қылмыстық жазалардың аталған түрлері көп санды құқықтық шектеулерді туындатып сотталғандарға көптеген міндеттерді жүктейді. Қоғамнан оқшаулауға тартылған тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің мәселесі барынша күрделі болып табылады.

Жазаны өтеудің барлық уақытында өзінің азаматтығын сақтай отырып сотталған адам олар үшін заңда арнайы қарастырылған және сот үкімі мен жазаның белгілі бір түрін өтеудің режимі арқылы бекітілген шектеулердің негізінде өзінің құқықтық мәртебесіне ие болады.

Қылмыстық жазасын өтеп шығу тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің басым көпшілігінің қайтадан қалпына келтірілуіне мүмкіндік береді. Ол өзінің қалауы бойынша тұрғылықты жерін таңдауға, өзінің таңдаған кәсібі бойынша жұмысқа орналасуға, оқуға түсуге, өз қалауы бойынша жалақысын немесе басқа да табыстарын жұмсауға толық көлемде өзінің саяси және азаматтық құқықтарын жүзеге асыруға және т.б. құқылы болады.

Сонымен бірге, біздің ойымызша, жазасын өтеп шыққан адамдарға тиісті болып табылатын жоғарыда аталған құқықтар мен міндеттерді бостандыққа шыққандардың құқықтық мәртебесінің элементтері ретінде қарастырмау қажет. Олардың басым көпшілігі жасалған қылмыс пен өтелген жазамен байланысты

емес және де барлық азаматтар үшін де сипатты болып табылады. Біздің пікірімізше бостандыққа шыққандардың құқықтық мәртебесіне тек жазасын өтеп шыққандарға ғана сипатты болып табылатын құқықтық мәртебенің элементтері немесе құрамдас бөліктері кірістірілуі тиіс.

Жазасын өтеп шыққан адамның құқықтық мәртебесі әртүрлі заңи фактілермен айқындалады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – жазаны өтеу және оны өтеуден босатылу. Оның біріншісі, яғни жазаны өтеу сотталған адамның құқықтарын айтарлықтай (әртүрлі жаза түрлерін өтеу барысында әртүрлі деңгейде) шектеуді, оның көптеген әлеуметтік байланыстарының үзілуін білдірсе, екіншісі, яғни жазаны өтеуден босату олардың қалпына келтірілуін білдіреді.

Жазасын өтеген адамның құқықтары оның бостандыққа шыққан сәтінен қалпына келтірілетін болса, оның әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруі күрделі және ұзақ уақытты талап ететін үрдіс болып табылады. Шындығын айтар болсақ әлеуметтік ортаға бейімделу дегеніміздің мәнісінің өзі осы.

Осы процестің барынша тез, табысты және қиындықсыз өтуіне мемлекет пен қоғам мүдделілік танытуы тиіс. Бұл үшін қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамға көмек көрсетіліп, жағдай туғызылуы керек.

Жалпы алғанда қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік бейімдеуге қатысты негізгі бірқатар мәселелерді біз зерттеулік жұмысымыздың осыған дейінгі бөлімдерінде сөз еткен болатынбыз сондықтан оларға қайталап тоқталып жатудың қажеті жоқ болар деп санаймыз.

Сонымен бірге қоғамдық пікір бостандыққа шыққан адамның бұрынғы қылмыстық өткенін және оның жаңадан қылмыс жасауының мүмкіндігін ескерусіз қалдыра алмайтындығы белгілі. Сол себепті белгілі бір дәрежедегі сақтық шараларын нақтырақ айтқанда, бостандыққа шыққан адамның кейбір құқықтарын шектеумен, оған арнайы міндеттер жүктеумен, құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың барысында оның жауаптылығын күшейтумен байланысты шаралар алынуы мүмкін.

Осы аталған және де біз болашақта сөз қылатын жағдайлардың барлығы жазасын өтеп шыққан адамның құқықтық мәртебесінің қалыптасуына ықпалын тигізеді. Зерттеушілердің басым көпшілігі құқықтық мәртебенің екі элементін атап көрсетеді – арнайы құқықтар және арнайы міндеттер.

Бостандыққа шыққан адамдардың арнайы құқықтарының болуы туралы мәселеге кейде күдікпен қарауға тура келеді. Шындығында да қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдарды басқа азаматтарда жоқ қандай да болмасын құқықты беріп оларды басымдық жағдайына ие қылуға қандай негіз болуы мүмкін?

Осы сұраққа жауап беру үшін жазаны өтеудің барысында сотталған адамдардың көптеген қоғамдық қатынастардан тыс қалып және бірқатар құқықтарынан айырылатындығын есте ұстаған жөн. Жазаны өтеуіне байланысты олар кейбір құқықтарын пайдалана алмайды. Бұл жағдайлар өз кезегінде осы адамдардың бостандыққа шыққаннан кейінгі әлеуметтік бейімделуін күрделендіре түсуі мүмкін. Сондықтан орын алған құқықтық

шектеулердің орынын толықтыру үшін және әлеуметтік бейімделудің табысты түрде жүзеге асырылуы үшін қажетті шектерде бостандыққа шыққандардың бірқатар өзіндік құқықтары белгіленген. Бұл құқықтардың барлығын шартты түрде үш топқа бөлуге болады.

1. Материалдық жәрдем алу құқығы. Ол жазаны өтеп шыққан адамдарды тұрғылықты жерлеріне немесе жұмысына дейін, I және II топтағы мүгедектерді сондай-ақ 60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдерді олардың өтініші мен жазаны атқарушы мекеменің ұсынуы бойынша әлеуметтік қорғау органдары мүгедектер мен қарттар үйіне жіберіп оларды тегін жолақымен қамтамасыз етуден, жолда жүргенде азық-түлікпен немесе оларды сатып алу үшін ақшамен, қажетті маусымдық киімі, аяқкиімімен оларды сатып алуға қаражаты болмаған жағдайда оларды мемлекет есебінен қамтамасыз етуден көрініс табады.

2. Тұрғылықты орынына бару кезінде көмек алуға деген құқық. Бұл түзеу мекемелерінен босатылатын денсаулық жағдайы бойынша ұдайы күтімге мұқтаж адамдар, сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жерлеріне туыстарына немесе алып кетуге келген өзге адамға не түзеу мекемесінің қызметкеріне ертіп жіберілуі болып табылады.

3. Жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін алу құқығы.

Жазаны атқарушы мекеменің әкімшілігі қамау мерзімі біткенге дейін екі айдан не бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру мерзімі біткенге дейін алты айдан кешіктірмей сотталған адамды еңбекке орналастыруға және тұрмысын жайластыруға дайындықты бастауы тиіс.

Жоғарыда аталған құқықтардың барлығы бостандыққа шыққан адамдардың жазаны өтеуі барысында үзіліген әлеуметтік байланыстарының орынын толтыру мақсаттарын көздейді. Сонымен бірге олар бостандыққа шыққан адамның қалыпты тұрмысқа енуіне жәрдем беріп, оны жаңа қылмыстарды жасауға итермелеуі мүмкін жағдайларды жоя отырып алдын алушылық немесе сауықтыру маңызына ие болады.

Бостандыққа шыққан адамдардың арнайы міндеттерінің қатарына оларға қойылатын құқықтық шектеулерді жатқызуға болады. Кез келген міндеттілік әрекеттен (тұлға бір нәрсе істеуі тиіс) немесе әрекетсіздіктен (тұлға бір нәрсені істеуден бас тартуы тиіс) өз көрінісін табады.

Қайсыбір зерттеушілер құқықтық шектеулерді алдын алушы және жазалаушы қылып бөледі [76, 204.]. Олардың соңғысының қатарына тұлғаның құқыққа қарсы жүріс-тұрысының барысында тұлғаның жауаптылығының күшейтілуінің мүмкіндігін кірістіреді.

Осы айтылған пікірмен келісуге болмайтын сияқты. Себебі кез келген шектеу белгілі бір құқықтың бар болуымен байланыстырылады. Сонымен бірге сотталған адамның (бақа да тұлғалардың) қылмыс жасауға деген ешқандай құқығы жоқ екендігі айқын. Сондықтан осындай мәнісіндегі құқықтың шектелуі туралы әңгіме қозғаудың қажеті болмайтын сияқты. Қоғамдық тәртіпті бұзу «құқығы» туралы да айтуға болмайды. Сондықтан да шартты

түрде сотталған адамды қоғамдық тәртіпті бұзғаны үшін бас бостандығынан айыру орынына жіберуді құқықтық шектеу ретінде қарастыруға әсте болмайды.

Сонымен қатар біздің ойымызша, осы аталған жағдайда сотталған адамның арнайы міндетін қарастыруға да болмас. Мысалы, қайталап қылмыс жасаған адамға жазаны күшейтуді соттың міндеті деп (онда да барлық уақытта емес) санауға болар бірақ ол кінәлі адамның міндеті болып табылмайды. Осы айтылғаннан құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың барысында жауаптылықтың күшейтілуінің мүмкіндігін жазадан босатылғанның құқықтық мәртебесінің дербес бөлігі ретінде қарастыруға негіз туындайды.

Осындай мүмкіндік сипаты бойынша әртүрлі болып табылатын құқық бұзушылықтың барысында бірдей деңгейде жүзеге асырылмайды. А. С. Михлин жауаптылықты күшейтудің барлық жағдайын салдарға тәуелді түрде үш топқа бөлуге болады деп санайды.

1. Қылмысты саралаудың өзгертілуімен, жазаның түрі мен мөлшерінің тағайындалуымен байланысты салдар.

1.1. Соттылықтың болуы әрекетті саралаудағы өзгерістерге алып келуі мүмкін. Кейбір қылмыс құрамдарында жаңа қылмысты жасау саралаушы белгі болып табылады. Осының барысында саралау тек арнайы рецидивтің екі нысанында өзгеріске ұшырауы мүмкін – нақ сол қылмысты жасаған кезде (ұқсас рецидив) немесе біртектес (біртектес рецидив) қылмысты жасау барысында. Олардың алғашқысына бұзақылық, екіншісіне – ұрлық, тонау, қарақшылық және т.б. мысал бола алады. Жалпы рецидив әрекет етуші заңнама бойынша саралаушы белгі болып табылмайды.

1.2. Кейбір жағдайларда бұрынғы жасалған қылмыс тұлғаны аса қауіпті рецидивист деп тану үшін негіз бола алады. Бұл жағдайда соттылықтың саны мен жасалған қылмыстардың сипатының сәйкестігі маңызға ие болады.

1.3. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу (соттылықтың жойылуына немесе алынуына тәуелсіз) осы жазаға қайталап тартылған тұлғаға түзеу колониясының қатаңырақ режимдегі түрін тағайындауға негіз болып табылады.

1.4. Бұрын әлдебір қылмысты жасаған тұлғаның қылмыс жасауы, ауырлатушы мән-жай ретінде қарастырылып және бұл қылмыстардың сипатына тәуелсіз түрде жазаны баптың санкциясының шегінде көтерілуіне алып келуі мүмкін.

2. Қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату мүмкіндігінің жойылуымен байланысты салдар.

2.1. Қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігінің жойылуы. Бұрынғы соттылықтың болуы тұлғаны заңда бекітілген негіздерде қылмыстық жауаптылықтан босатуға бөгет болуы мүмкін.

2.2. Жазадан босату мүмкіндігінің жойылуы. Сотталғандық үкімнің атқарылуын кейінге қалдыруға кедергі болуы мүмкін.

2.3. Жазаны өтеуден босату мүмкіндігінің жойылуы.

2.3.1. Бұрын сотталғандықтың болуы шартты түрде соттауды қолдануға мүмкіндік бермеуі мүмкін.

2.3.2. Кейбір жағдайларда соттылықтың болуы (немесе олардың саны) шартты түрде мерзімінен бұрын босату барысында жазаның міндетті түрде өтелуге тиісті бөлгінің өзгеруін туындатуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда бұл институтты қолдануға жол бермейді.

2.3.3. Соттылықтың болуы кейбір реттерде рахымшылық жасауды қолдануға мүмкіндік бермейді.

3. Жазадан және жазаны өтеуден босатуды қолданудың күшін жоюмен байланысты салдар. Бостандыққа жіберілген адамның бостандыққа шығару шарттарын бұзуы жазадан босатудың күшін жоюға негіз болып табылады.

3.1. Құқыққа қайшы жүріс-тұрыстың жазадан босатудың күшін жоюға алып келуі мүмкін әртүрлі жағдайларының ішінен сотталғандарды шартты-мерзімінен бұрын босатуды атап көрсету керек. Бұл жерде бостандыққа жіберілген адамға бірден-бір шарт – жаңа қылмысты жасамау қойылады. Оны бұзу жаңа қылмыс үшін тағайындалған жазаға бұрынғы жазаның өтелмеген бөлігін ішінара немесе толықтай қосып тағайындауға алып келеді. Қоғамға қарсы жүріс-тұрыстың басқа барлық түрлері мысалы, қоғамдық тәртіпті бұзу, еңбек тәртібін бұзу және басқалар осындай салдарды туындатпайды [5, 13].

Осы мәселеге қатысты еліміздің әрекет етуші заңнамасына соңғы уақыттарда енгізілген толықтырулар мен түзетулер туралы біз төменіректе арнайы тоқталамыз.

Жалпы алғанда, сотталған адамның құқықтық мәртебесін талдау жазаны өтеудің жағымсыз салдары, оларды негізінен алдын алу мақсаттарында жасақтайтын заң шығарушының еркінің негізінде пайда болатындығын көрсетеді.

Бірқатар жағдайларда заңшығарушы әлдеқандай құқықтық шектеулерді жасақтау мақсатын өзінің алдына қоймайды ғана емес, керісінше оларды қажетсіз деп те санайды. Алайда қылмыстық жазаны өтеу фактісінің өзі, сотталған адам басынан өткізген жағдайлар, оның құқықтарына қойылған шектеулер өздігінен жағымсыз салдарға алып келуі әбден мүмкін. Бұл қылмыстық жазаны өтеу барысында әлеуметтік ортаның өзгеруімен, жазаны орындау барысында сотталған адамдардың әлеуметтік байланыстары мен қарым-қатыс өрісінің шектелуімен, олардың әлеуметтік функцияларының өзгерістерге ұшырауымен, көптеген әлеуметтік қатынастардан тыс қалуымен сөзсіз байланысты [41, 84-88].

Мысалы, сотталған адам жазаны өтеу кезінде өзінің мамандығы бойынша жұмыс жасамағандықтан кәсіптік шеберлігін жоғалтты делік бұл өз кезегінде жазаны өтегегенге дейінгіден аз мөлшерде жалақы алуына әкеп соқтырады. Бостандыққа шыққаннан кейін ол өзі үшін сотталғанға дейінгі тартымды, өзіне ұнайтын жұмысына орналаса алмауы мүмкін.

Жазаны өтеуіне байланысты жоғарғы білім ала алмады, ал бостандыққа шыққаннан кейін жасының ұлғайып қалуы себепті оқу орынына түсе алмады. Жазаны өтеу кезінде сотталған адамның отбасының ыдырап кетуі оның бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуіне үлкен қиындықтар келтіреді және ол үшін моральдық жағынан да күйзелісті жағдай болады. Осы аталған

және басқа да жағдайлардың барлығында бостандыққа шыққан адам жазаны өтеу салдарынан қолайсыздықтарға ұшырайды, зиян немесе құқықтық шектеулер тартады.

Бірқатар осындай жағдайларда мүмкіндігінше жағымсыз факторлардың әсерін әлсіретуге бағытталған шаралар жасақталып жүзеге асырылады. Осыған дейін де атап өткеніміздей кейбір реттерде сотталғандарға арнайы құқықтар да беріледі. Мемлекет және қоғам сотталған адамдарға қатысты жағымсыз салдардың туындауына тіптен де мүдделі емес. Әрине кейбір жағдайларда мысалы, тұрғын үймен қамтамасыз етуде тек қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдар емес құқыққа сай жүріп-тұратын көптеген азаматтар да үлкен қиындықтарды бастан кешіруде ондай жағдайда мемлекет сотталғандар үшін арнайы жеңілдіктер қарастыра алмайтындығы түсінікті жағдай. Алайда қылмыстық жазасын соның ішінде ұзақ жылдарға бас бостандығынан айыру жазасын өтеп келген тұлға басқа азаматтармен салыстырғанда қолайсыздықтар мен қиындықтарға көбірек ұшырайтындығы анық. Сол себепті де мемлекет және қоғам олардың тағдырына алаңдаушылық білдіріп олардың қоғамымыздың толыққанды азаматтарының қатарына тезірек кірігуіне қолдан келгеннің бәрін жасауы тиіс деп санаймыз.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың құқықтық шектелуінің жазадан босатылғандардың құқықтық мәртебесінің аса күрделі элементі болып табылатындығына назар аударған дұрыс. Ол жазадан босатылған тұлғаның құқықтық мәртебесіне барынша көп шамада әсер етеді және оны өзге азаматтардың құқықтық мәртебесінен айырмашылықтарға ие қылады. Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың жаңадан қылмыс жасауынан сақтандыру құқықтық шектеудің ең басты мақсаты болып табылатындығы ешқандай күмән туғызбайды. Оның бұрынғы жасаған қылмыстары ескеріле отырып, оның тарапынан жаңадан заң бұзушылық қаупі бар болғанда бостандыққа шыққан адамға қызметтің белгілі бір өрістеріне араласуға тыйым салынады. Мысалы, пайдакүнемдік ниетпен қылмыс жасағаны үшін сотталған адамға материалды жауапты лауазымдарда жұмыс жасауға тыйым салу жаңа қылмыстардан сақтандыру мақсатын көздейді.

Кейбір зерттеушілер құқықтық шектеулерден жазалау элементтерін көреді. Бұл элементтердің бостандыққа шыққандардың құқығын шектемейтіндігін тек ғана бостандыққа шыққандардың құқыққа қарсы жүріс-тұрысының барысында жауаптылықтың күшею мүмкіндігін қарастыратындығын, яғни өздерінің құқықтық табиғаты бойынша құқықтық шектеулер қатарына жатқызылмай, бостандыққа шыққан адамның құқықтық мәртебесінің дербес элементі болып табылатындығына назар салған дұрыс.

Сонымен қатар кейбір шектеулердің мақсаты жеке сақтандыру шеңберінен тыс тұрады. Мысалы, соттылығы бар тұлғаларды құқық қорғау органдарына жұмысқа қабылдауға тыйым салынады. Егер осыған дейінгі айтылған жағдайдағы сияқты әңгіме нақты қылмыс түрлері мысалы, лауазымдық қылмыстар үшін сотталғандар жөнінде болса онда берілген тұлғаның қызмет



бабын пайдаланып қылмыс жасауының алдын алу мақсаты қойылып отыр деп есептеуге болар еді.

Алайда құқық қорғау органдарына кез келген қылмыс үшін соттылығы бар тұлға қабылданбайды. Сондықтан әңгіме тек берілген норманың жалпы сақтандырушылық рөлі туралы ғана болуы мүмкін. Бірақ іс біздің байқауымызша мұнымен шектелмейтін сияқты. Аталған органдардың қызметкерлері өздерінің қызметтік жағдайларына байланысты әділсоттылықты жүзеге асыруға қатынасады. Сондықтан өзі заңды бұзып және қылмыс жасаған тұлға құқық қорғау органдарының қызметкері болуға лайық емес деп есептелінеді.

Олай болса бостандыққа шыққандарды құқықтық шектеудің мақсаттарының бірі жүзеге асырылуы қоғаммен барлығына бірдей емес оған барынша лайықты азаматтарға рұқсат етілетін құқықтарды сотталғандардың пайдалануына тыйым салу болып табылады. Аталған мақсатты (тиісінше құқықтық шектеулер тобын) шектеуші деп атауға болады.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып құқықтық шектеулерді сақтандырушы және шектеуші етіп бөлуге болады.

Сонымен бірге құқықтық шектеулерді оларды қандай фактілердің туындатқандығына тәуелді түрде жүйелеуді де дұрыс деп санаймыз. Өзіміз байқағандай құқықтық шектеулерді енгізудің негізгі мақсаттарының бірі жаңа қылмыстардың жасалуынан сақтандыру болып табылады. Дербес түріндегі сақтандыру жұмыстарын ұйымдастыру барысында ескерілуге тиісті болып табылатын көптеген мән-жайлардың арасында жасалған қылмыстың сипатының ерекше маңызға ие болатындығы белгілі. Кейбір қылмыстар үшін жазадан босатылған тұлғалар арасында рецидивтің мүмкіндігі айта қаларлықтай болмаса, кейбір түрлері үшін керісінше тым жоғары болады. Сондықтан сақтандыру мақсатындағы құқықтық шектеулер тек қылмыстың белгілі бір түрлері үшін тағайындалған жазаны өтеп шыққан тұлғаларға қатысты болады.

Бірқатар жағдайларда осындай құқықтық шектеулерді бекіту жасалған қылмыстың сипатының басқа да факторлармен сәйкестігіне тәуелді (сотталғандықтың саны, тұрғылықты жері, еңбек қызметінің түрі және т. б.) болады.

Шек қоюшы құқықтық шектеулер қылмыстың сипатына тәуелді болмайды. Олар кез келген қылмыс үшін соттылығы бар тұлғаларға кейбір лауазымдарды иеленуге тыйым салудан көрініс табады. Шектеулердің осындай түрі тек кейбір құқық қорғау органдарына және жекелеген сайланбалы лауазымдарға қызметке тұратын тұлғалар үшін бекітіледі.

Құқықтық шектеулердің екінші тобы жазаны өтеу фактісінен туындайды. Аталған шектеулердің кейбіреулері жазаның жапа шектірушілік элементтерінің нәтижесі (бас бостандығынан айыру жазасын өтеу уақытын еңбек өтіліне қоспау), басқалары жазасын өтеуші тұлғаның ерекше құқықтық жағдайымен байланысты (бас бостандығынан айырылғандарға мемлекеттік сақтандыру жүрмейді, олар жазаны өтеу барысында жұмыста еңбек қабілеттілігін

жоғалтқан жағдайда мүгедектігіне байланысты зейнетақы алмайды), үшіншіден тұлғаның өзінің тұрғылықты жерінде болмауына байланысты туындайды (мысалы, тұрғын үйге деген құқығын жоғалту). Осы қарастырылған жағдайларда тағайындалған жазаның түрі (кей реттерде тұрғын үйге құқығын жоғалту үшін) немесе өтелген жазаның (еңбек өтіліне кірістірілмеу үшін) мерзімдері маңызға ие болады.

Құқықтық шектеулердің берілген тобына қатысты заң кейде олардың орынын толтырудың (компенсация) мүмкіндігін қарастырады. Мысалы, жазаны колония қоныста өтеу уақыты және түзеу жұмыстарын өтеу уақыты сот арқылы сотталған адамның жалпы еңбек өтіліне кірістірілуі мүмкін.

Үшінші топқа тұлғаның бостандыққа шыққаннан кейінгі құқыққа қайшы жүріс-тұрысының салдары болып табылатын құқықтық шектеулерді жатқызуға болады. Сонымен бірге құқыққа сай жүріс-тұрыстың барлық азаматтар үшін міндетті болып табылатындығының фактісі мән-жайлардың аталған тобын еске түсіруге кедергі болмайды әрине, әңгіме сотталғандарға қойылатын шектеулер турасында болып отыр. Бостандыққа шыққандардың құқықтық жағдайының өзіндік ерекшеліктері болып құқыққа қайшы жүріс-тұрыстың туындататын өзгедей құқықтық салдары табылады. Мәселен, кез келген азаматтың қоғамдық тәртіпті бұзуы әкімшілік жауаптылықты туындатуы мүмкін болса, соттылығы бар тұлға үшін белгілі бір жағдайларда әкімшілік қадағалау орнатылуы мүмкін.

Берілген топқа қатысты болып табылатын құқықтық шектеулермен құқыққа қайшы жүріс-тұрыстың барысындағы жауаптылықтың күшейтілуінің мүмкіндігін араластыруға болмайды.

Әрбір құқықтық шектеудің шығу тегін айқындай отырып олардың әлеуметтік шарттылығы және сотталғандарды біздің жағдаймызда қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды түзеу және тәрбиелеу нәтижелерін бекітудегі рөлі туралы айтқан дұрыс, ол өз кезегінде оларды жетілдіру туралы ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Бостандыққа шыққан адамның құқықтарын қамту сипатына тәуелді түрде құқықтық шектеулерді жүйелеу заң әдебиеттерінде кең таралған. Осы аталған негіз бойынша қылмыстық-құқылық және жалпы құқықтық шектеулер ажыратылып көрсетіледі [77, 91.].

Біздің ойымызша жүйелеудің аталған нысанының маңыздылығы ешқандай күмән туғызбауы керек. Себебі ол құқықтық шектеулерді шектелетін құқықтардың өрісіне тәуелді түрде жүйелеуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге зерттеушілердің кейбіреулерінің қылмыстық-құқықтық шектеулердің болатындығына келіспейтіндігін атап өткен дұрыс. Бұл аталған жағдай біздің ойымызша жалпы қылмыс атаулының немесе сонымен байланыстының барлығына заңмен тыйым салынғандығынан туындайтын сияқты болып көрінеді. Бостандыққа шыққан адамның құқыққа қайшы жүріс-тұрысының барысында жауаптылықтың күшеюінің мүмкіндігі бостандыққа шыққан адамның құқықтық мәртебесінің дербес элементі ретінде танылуы тиіс [5, 29.].

Сотталғандардың құқықтық жағдайларын зерттеу олардың құқықтарының әртүрлі құқық салаларының нормаларымен шектелетіндігін көрсетеді. Қазақстан Республикасының Конституциясының 39-бабының 1-бөлімінде «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрлысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» - деп бекітілген [78, 11.].

Кейбір авторлар мемлекеттік құқық өрісіндегі құқықтық шектеулерді атап көрсетеді. Осы орайда Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 4-бабының 4-бөліміндегі «сотталғандағы заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алып тасталмаған адам Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің соның ішінде партиялық тізімдер бойынша, мәслихаттардың депутаттығына кандидат, сондай-ақ өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүшелігіне кандидат бола алмайды» - деп көрсетілгенін атай кеткіміз келеді [79,3.]. Біздің пікірімізше аталған шектеулерді еңбек құқығы өрісіндегі кейбір құқықтық шектеулердің негізінде қарастырған дұрыс сияқты. Қазақстан Республикасының 2007 жылы 15 мамырда қабылданған жаңа Еңбек кодексінде еңбек заңнамасының негізгі принциптерінің бірі ретінде адам мен азаматтың еңбек саласындағы құқықтарының шектелуіне жол бермеу бекітілген. Сонымен бірге еңбек шартын жасасуға қойылатын шектеулерге қатысты еңбек шартын... соттың заңды күшіне енген үкіміне сәйкес белгілі бір лауазымға тұру немесе белгілі бір қызметпен шұғылдану құқығынан айырылған... адамдармен жасасуға жол берілмейтіндігі бекітілген [80, 18.].

Осы көрсетілген құқықтық шектеулер мен өзіндік міндеттердің көлемі жасалған қылмыстың сипаты мен қоғамдық қауіптілігінің дәрежесіне, соттылығының санына, жазаны өтеу барысындағы және бостандыққа шыққаннан кейінгі мінез-құлқына, өтелген жазаның түріне, жазадан босатылуының негіздеріне тәуелді түрде болады. Сондықтан бұл құқықтық шектеулер мен міндеттерді ТМ-нен бостандыққа шыққан тұлғалардың санаттарын есепке ала отырып қарастырған дұрыс болады.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың кейбір санаттарының құқықтық шектелуі туралы айтқанда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған тұлғаларға қойылатын құқықтық шектеулер мен оларға жүктелетін міндеттерді және жазасын өтегеннен кейін әкімшілік қадағалау қою барысындағы құқықтық шектеулер мен жүктелетін міндеттер турасында айырып айтқан дұрыс болады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 70-бабы бойынша сот мерзімінен-бұрын шартты түрде босатуды қолдана отырып, сотталған адамға қылмыстық Кодекстің 45-бабының бірінші бөлігінде көзделген міндеттерді жүктеуі мүмкіндігін және ол адамның бұл міндеттерді жазаның өтелмей қалған бөлігі ішінде орындауы тиіс екендігі бекітілген. Мамандандырылған органға хабарламай тұрақты тұратын, жұмыс істейтін және оқитын жерін өзгертпеу, мамандандырылған органның рұқсатынсыз белгілі бір жерлерге бармау,

оқудан және жұмыстан бос уақытта тұрғылықты жерінен кетпеу, басқа да жерлерге бармау міндеттері осындай міндеттер болып табылады [81, 25.].

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға өзге де әлдеқандай шектеулер қойылмауы тиіс. Олар тәуліктің кез келген мерзімінде үйлерінен шығуға, қоғамдық орындарға баруға, отбасымен бірге тұруға ерікті. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға жүктелетін міндеттерді ол адамның жазаның өтелмей қалған бөлігі ішінде орындауының тиістілігі заңда бекітілгенімен, олар еңбекке деген адал көзқарастың және үлгілі жүріс-тұрыстың барысында мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның мінез-құлқына бақылау жасауды босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша жүзеге асыратын мамандандырылған уәкілетті мемлекеттік органның ұсынысы бойынша сот арқылы мерзімінен бұрын тоқтатылуы да мүмкін.

Сонымен қатар, біздің ойымызша, қазіргі қолданыстағы қылмыстық-атқару заңында осы уақытқа дейін мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға қатысты құқықтық шектеулер мен міндеттер жүйесі жеткілікті деңгейде қарастырылып бекітілмеген сияқты болатын. Сондай-ақ мерзімінен бұрын-шартты босатылғандарға бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық органдардың құзіреттері туралы мәселе де заңнамада тиісті шешімін таппаған.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға тиісті деңгейде зер сала қарағанда мерзімінен бұрын-шартты босатылғандардың құқықтық жағдайын бас бостандығын шектеуге сотталғандармен салыстырып, олардан белгілі бір ұқсастықтарды табуға болатындай, себебі Қылмыстық кодекстің 45-бабында бекітілген бас бостандығын шектеу жазасына тартылған адамдарға жүктелетін міндеттердің Қылмыстық кодекстің 70-бабы арқылы жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарға да сот арқылы мысалы, алкогольге салынудан, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, жыныс жолдары арқылы жұғатын аурулардан емделу курсынан өтуді, отбасын материалдық қолдауды жүзеге асырудың жүктеле алатындығынан байқалады. Алайда мерзімінен бұрын-шартты түрде босату мен бас бостандығын шектеудің заңдылық табиғаттары өзгеше болып табылады мысалы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босату жазаның дербес түрі болып табылмайды.

Бостандыққа шыққан тұлғалардың аталған санатына қоғамдық бақылауды жүзеге асырудың тәжірибесі алуан түрлі болуы мүмкін. Ондай тұлғаларға өмірлік тәжірибесі мол, беделді адамдар тарапынан тәлімгерлер тағайындау, тиісті мерзім арасында олардың есебін тыңдау белгілі бір тиімділікке қол жеткіздіруі мүмкін.

Дегенмен, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандардың міндеттері қылмыстық-атқару заңнамасында осыған дейін айқын тұжырымдалмағандықтан, олардың қоғамдық бақылаудан жалтарғаны үшін жауаптылығы бекітілмегендіктен, ал қоғамдық ұйымдардың олармен жұмыс жүргізудегі құқықтары айқындалмағандықтан олармен жүргізілетін немесе жүргізілуге тиісті жұмыстар бетімен жіберілген десе де болады. Осыған байланысты арнайы әдебиеттерде мерзімінен бұрын-шартты түрде

босатылғандарға қойылатын заң талаптарының тым босаң екендігі туралы әділетті пікірлер айтылып келген болатын.

Қазіргі уақытта «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 наурыздағы заңының қабылдануына байланысты аталған мәселе біршама тұрақтылық сипатқа ие болды [82, 37-38.].

Атап айтқанда Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі 178-1, 178-2 жаңа баптармен толықтырылды. Осы аталған заң нормаларында жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен босатылған адамның тұрғылықты жері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен – ішкі істер органдары, ал әскери қызметшілерге қатысты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі айқындайтын тәртіппен әскери бөлімдер мен мекемелердің командованиясы жүзеге асыратындығы бекітілді. Сонымен бірге жоғарыда көрсетілген органдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды жазасының өтелмеген қалған бөлігі ішінде жеке есепке алуды жүзеге асырып, оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылайды. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам бақылаудан жалтарған жағдайда уәкілетті орган оның тұратын жерін және жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексінің 178-2 – бабында көрсетілген міндеттердің бірін дәлелді себепсіз екі реттен артық орындамауы оның міндеттерді орындаудан қасақана жалтаруы болып табылады. Сонымен бірге егер, шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам жазасының өтелмеген қалған бөлігі ішінде бірнеше мәрте әкімшілік құқық бұзушылық не сол үшін оған әкімшілік қамау қолданылған құқық бұзушылық жасаса немесе міндеттерді орындаудан қасақана жалтарса, уәкілетті орган сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазасының өтелмеген қалған бөлігін атқару туралы ұсыным енгізеді.

Қылмыстық-атқару кодексінің 178-2 бабында жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың төмендегідей міндеттері бекітілген:

- 1) тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өтуге;
- 2) ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрғылықты жерінен кетпеуге;
- 3) ішкі істер органдарын жазбаша хабардар етпей тұрғылықты жерін, жұмыс және оқу орынын ауыстырмауға;
- 4) жұмыстан және оқудан бос уақытта ішкі істер органдары белгілеген жерлерге бармауға;
- 5) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;
- 6) жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірілген залалды немесе мемлекетке келтірілген материалдық залалды өтеу жөнінде шаралар қолдануға;

7) ішкі істер органдарының талабы бойынша шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның жүріс-тұрысын бақылауды жүзеге асыруға қажетті түсініктер мен өзге де құжаттарды беруге;

8) ішкі істер органдарына шақырту бойынша келуге міндетті. Дәлелді себептерсіз келмеген кезде, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам күштеп әкелінуі мүмкін.

Сонымен қатар аталған бапта шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі салық органына Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жыл сайын кірістері туралы декларация және салық салу объектісі болып табылатын, соның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлердегі мүлкі туралы мәліметтер беруге міндеттілігі бекітілген. Аталған Заңның қабылдануына байланысты ондағы талаптарды жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында 2007 жылдың 21 тамызында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің № 340 «Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» бұйрығы шыққан [83, 3.].

Осы Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру ережесі жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдарды есепке алу және оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылау тәртібін айқындайтын негізгі акт болып табылады. Ережеде бекітілген талаптар бойынша жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар тұрғылықты жеріне келген соң ол ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне қойылып және оған бақылау ісі ашылып, тіркеуге алынуы тиіс. Соттың адамды жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босату туралы қаулысының болуы бақылау ісін ашуға негіз болып табылады. Өзіне жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсаттарында ішкі істер органдары;

1) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдар таңдап алған тұрғылықты жеріне келген күні бақылау істерін ашады және профилактикалық есепке қояды;

2) тұрғылықты жері бойынша профилактикалық жұмысты жүзеге асырады;

3) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың құқық бұзушылықтар, сот жүктеген міндеттерді орындаудан жалтаруы, қылмыстық пиғылдары, дайындап жатқан немесе жасаған қылмыстары туралы ақпаратты дер кезінде алу үшін жедел-іздістіру және өзге де мүмкіндіктерді қолданады;

4) мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам туралы ақпарат алу мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері және органдарымен өзара іс-қимыл жасасады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесінің органдары мен мекемелерінен тұрғылықты жеріне мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам келгеннен кейін ішкі істер органының бастығы мерзімінен бұрын босатылған адамдарға жүктелген міндеттерді белгілеу жөнінде сотқа хабарлама дайындап және оны үш тәулік ішінде ауданның (қаланың) сотына жолдауы тиіс.

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі сот ішкі істер органдарының хабарламасын алғаннан кейін жазаның өтелмеген мерзімі кезеңінде адамның нақты іс-әрекеттері, міндеттерді орындаудың уақыты, орыны мен әдісі туралы қаулы шығарады. Міндеттерді белгілеу туралы сот қаулысын алысымен ҚАПО – ның бастығы немесе оның орынбасары учаскелік полиция инспекторының қатысуымен мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамға оны бұзған жағдайдағы жауапкершілікті түсіндіреді.

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адам тұрғылықты жеріне келмеген немесе тұрғылықты жері бойынша бес тәулік бойы белгісіз себептермен болмаған және міндеттерін орындаудан өрескел жалтару фактілері анықталған кезде, учаскелік полиция инспекторы бұл туралы ҚАПО-ның бастығына жазбаша түрде баяндайды және оның тұрған жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша алғашқы іс-шараларды жүргізеді. Бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және міндеттерді орындаудан қасақана жалтарған жағдайда ҚАПО-ның бастығы сотқа мерзімінен бұрын-шартты түрде босатуды алып тастау және жазаның өтелмеген бөлігін атқару туралы шешім қабылдаудың мүмкіншілігі туралы дәлелді ұсынысты, материалдарды және бақылау ісін қоса жібереді.

Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға қандай құқықтық шектеулердің қойылуының тиістілігі туралы мәселенің белгілі бір пікірталастарды туғызатындығы, әрине қалыпты жағдай. Біздің ойымызша олардың көлемі бас бостандығын шектеу мен шартты түрде сотталғандарға қойылатын шектеулерден артық болмауы тиіс.

Қайта қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшін жоя отырып, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның сотталуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған жазасының өтелмеген мерзімінің аяқталуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатудың күшінің жойылуы, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамның өлімі оған қатысты бақылау ісін жүргізуді тоқтаудың негізі болып табылады.

Бұрынырақта жүргізілген зерттеулердің көрсетуі бойынша мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандардың 70% қоғамдық ұйымдармен бақылауға алынғаннан кейін өздерінің жұмыс орындарын ауыстырып бақылаудан жалтаруға тырысқан. Осының барысында кәсіпорындардың әкімшіліктері де, кадрлар бөлімі де осындай адамдардың мекемеден кеткендігі туралы қоғамдық байқау комиссиясына хабарламаған.

Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын-шартты босатылған адамның сот оған жүктеген міндеттемелерді жазаның өтелмей қалған бөлігінің ішінде орындауы тиісті екендігі Қылмыстық кодекстің 70-бабының 2-бөлімінде бекітілген. Аталған мерзім өткеннен кейін бұл міндеттер алынып тасталады деп санауымыз қажет. Мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға қойылатын бақылау мерзімінің қысқартылуының немесе ұзартылуының мүмкіндігі заңнамада қарастырылмаған. Біздің ойымызша бақылау мерзімін

уақытынан бұрын тоқтату мүмкіндігінің заңда қарастырылмауы заңдағы олқылық болып табылады.

Шындығында, заңда шартты түрде сотталған адамға тағайындалған сынақ мерзімінің егер ол адам өзінің түзелгендігін дәлелдеген жағдайда уақытынан бұрын тоқтатылуының мүмкіндігі қарастырылған, сонымен қатар әкімшілік бақылау мерзімінің де бақылауда тұрған адам өзінің түзелу жолына нық түскендігін дәлелдеген жағдайда қысқартылуының мүмкіндігі бекітілген. Ендеше, мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға жүктелетін міндеттердің мерзімінен бұрын тоқтатылуының мүмкіндігі де заңда бекітілуі әділетті болады деп санаймыз.

ТМ-нен жаза мерзімінің бітуіне байланысты бостандыққа шыққан тұлғаларға қатысты айтар болсақ (егер оларға әкімшілік бақылау орнатылмаған болса) оларға қоғамдық ұйымдар арқылы тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастырған дұрыс болады. Егер осындай адамдар бірнеше рет сотталған болса ондай адамдармен бақылау комиссиялары соттылық мерзімінің сақталуының барысында тәрбилік жұмыстар жүргізуі тиіс.

### **2.3 Әкімшілік бақылау**

Жазаны өтеудің құқықтық салдары бостандыққа шыққандардың бірқатар құқықтарын шектеумен және олардың жаңа міндеттемелерінің пайда болуымен байланысты. Бұл ең алдымен осындай шектеулердің құқықтық негіздемесі туралы мәселе көтереді. Қылмыстың жасалуына байланысты пайда болатын қылмыстық-құқылық қатынастарды талдау осындай қатынастардың әдетте жазаны өтегеннен кейін тоқталтылмайтындығын және де соттылық мерзімінің шегінде сақталып қалатындығын көрсетеді. Соттылық жағдайы азаматтардың құқықтарын шектеп және оларға белгілі бір міндеттерді жүктеудің құқықтық негіздемесі болып табылады.

Түзеу мекемесінен босатылғандардың түзелудің және әлеуметтік-өнегелік тұрғыдан бұзылғандықтың әртүрлі деңгейімен сипатталатындығын біз осыған дейін де айтқан болатынбыз. Сонымен қатар олар жасаған қылмыстарының сипаты бойынша да, бұрынғы қылмыстық өткені, өздерінің өтеген жазаларының түрлері, бостандыққа шығу негіздері бойынша да айырмашылықтарға ие болады. Соңында аталған тұлғалардың бостандық жағдайындағы өмірін құқықтық реттеудің өрісі де өзіндік айырмашылықтарға ие болуы тиіс.

Заңның олардың бейімделу үрдісін басқаруды бірдей нысанда және көлемде реттей алмайтындығы түсінікті жағдай. Осыны ескере отырып заң аталған үрдісті басқарудың тікелей құқықтық негіздерін бекітеді.

1996 жылғы 15 шілдеде қабылданған «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатын әкімшілік қадағалаудың мазмұнын айқындайтын және оны қолдану кезіндегі заңдылықтың құқықтық кепілдіктерінің жүйесін баянды ететін негізгі



нормативтік-құқықтық акт болып табылады. Сонымен қатар аталған заң қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың белгілі бір санаттарына ғана қатысты қолданылатындығын алдын ала айтып кеткеніміз жөн.

Осылайша әлеуметтік бейімделу процесін басқарудың құқықтық негіздемесінің күрделі иерархиясына деген қажеттілік оның жазадан босатылғандардың барынша әртекті болып табылатын санатын қамтуына байланысты туындайды. Сондықтан берілген процесті басқаруды құқықтық реттеудің сипаты және де бостандыққа шыққандардың субъективтік құқықтарын шектеудің дәрежесі де ерекшеліктерге ие.

Жазадан босатылғандардың жүріс-тұрыстарын бақылаудың негіздемелері әртүрлі. Алайда олардың барлығы ең басты бір факті – тұлғаның заңды күшіне енген сот үкімі негізінде белгілі бір жазаға сотталуынан бастау алады.

Айыптау үкімінің заңды күшіне енген сәтінен сотталған адам соттылықтың жойылуының заңда бекітілген мерзімі өткенге дейін немесе соттылықтың алынуы туралы сот ұйғарымы шыққанға дейін сотталған болып саналады. Басқаша айтар болсақ ТМ-нен бостандыққа шыққандарға қойылатын қадағалау мен бақылаудың жоғарыда аталған тікелей негіздемелері барынша жалпы негіздеме – тұлғаның соттылығына сүйенеді. «Алынбаған соттылық – тұлға оған тағайындалған жазаны өтегеннен кейін де үкім өз күшін сақтап қалады дегенді білдіреді» - деп атап көрсетеді А. М. Яковлев [72, 38.].

Сондықтан жазадан босатылған адам мен мемлекеттің арасында қылмыстық құқықтың нормасымен реттелетін белгілі бір қоғамдық қатынастар сақталады, ол өз кезегінде мемлекетке соттылық мерзімінің шегінде сотталғандардың жүріс-тұрыстарын белгілі бір көлемде реттеуге құқық береді [84, 133.].

Соттылық сонымен қатар бостандыққа шыққан адаммен тәрбие жұмыстарын жүргізудің негіздемесі болып табылады мәселен, ҚР ҚК-нің 77-бабында соттылықтың мерзімінен бұрын алынуының шарттары ретінде сотталған адамның жазаны өтегеннен кейін өзін мінсіз ұстауы бекітілген.

Жоғарыда айтылғандарды тұжырымдасақ, әлеуметтік бейімдеу процесін басқарудың жалпы құқықтық негіздемесі – соттылық оған басшылық жасау үшін заңи негізді қалайды, ол тікелей құқықтық негіздер болса оларға қатысты аталған процесс жүзеге асырылуға тиісті сотталғандардың санатын бекітеді, олардың субъективтік құқықтарының шектелу көлемін және де бейімделу процесін басқаратын органдар мен олардың құзіреттерін айқындайды.

Енді әлеуметтік бейімдеуді басқарудың жалпы құқықтық негіздемесі мәселесіне толығырақ тоқталайық. Соттылықтың болуы жазадан босатылған адам үшін бірқатар жалпы азаматтық салдардың туындауына себепкер болады. Б. С. Никифиров «ескіру мерзімдері өткенге дейін орын алған сотталу фактісі сотпен тағайындалған жазаны өтеуде немесе одан босатылғанда сотталған адам үшін белгілі құқықтық шектеулерді туындатуы мүмкін немесе туындатады» - деп атап көрсетеді [85, 110.]. Соттылық ұғымына анықтама бере отырып В. В. Еркасин және Л. Ф. Помчалов «Соттылық дегеніміз тұлғаның жасаған қылмысы үшін оның сотпен белгілі бір шамадағы жазаға сотталу факторына байланысты пайда болған құқықтық жағдайы, ол аталған тұлға үшін

қылмыстық-құқылық және жалпы құқықтық сипаттағы белгілі бір салдарды туындатуынан көрініс табады» - деп тұжырымдайды [86, 5.].

Сондай-ақ соттылықтың қылмыстық-құқылық салдарының мәселесі П. Евтеевтің, С. И. Зельдовтың еңбектерінде жеткілікті дәрежеде толық қарастырылған.

Қазіргі уақытта соттылықтың жалпы азаматтық салдары белгілі бір қызығушылықты туындатып отыр.

Соттылық фактісінің бар болуы өздігінен тұлғаның субъективтік құқықтарын шектеу, оған бақылауды жүзеге асыру үшін негізді қалыптастырмайды. Соттылық жазасын өтеп шыққан адам үшін жалпы құқықтық салдарды тек егер бұл заңда тікелей көрсетілген болса ғана туындатады.

Соттылық жағдайы бостандыққа шыққан адам үшін заңға сәйкестікте төмендегідей жалпы құқықтық салдарды туындатуы мүмкін: соттылық жазадан босатылғандарға әкімшілік қадағалауды және қоғамдық бақылауды жүзеге асыру үшін негіз болады; соттылық тұрғылықты жерінен өз бетінше кету бостандығына шектеулер қоюы мүмкін; соттылық белгілі бір лауазымды иеленуге шектеу қоюы мүмкін.

Қорыта айтқанда, соттылық бостандыққа шыққандардың субъективтік құқықтарын шектеу үшін негіздерді белгілей отырып олардың әлеуметтік бейімделуін жетістікті түрде басқару үшін қажетті алғышарттарды қалыптастырады. Алайда соттылық институтының маңызы осымен аяқталмайды.

Соттылық институты жазадан босатылғандарға заңмен қарастырылған құқықтық шектеулердің қолданылуының заңдылығына белгілі бір құқықтық кепілдіктерді қалыптастырады. Оның күшін жою немесе оның болмауы құқықтық шектеулерді сотталғандарға қатысты анықталмаған мерзімге қолдануға мүмкіндік берген болар еді. Ол өз кезегінде заңдылық қағидасының мәнісі мен мазмұнына қайшы келер еді.

Соңында аталған институт жазасын өтеп шыққан тұлғаларды түзеу және тәрбиелеу нәтижелерін бекітуде, олардың тараптарынан жасалуы мүмкін жаңа қылмыстардың алдын алуда белгілі рөл атқарады, себебі өтелген жазаның қылмыстық-құқылық және жалпы құқықтық салдары олардан өздерінің жүріс-тұрыстарына деген жауаптырақ көзқарасты талап етеді, өздерінің әрекеттерінің салдары туралы ойлануға мәжбүр етеді. Жазадан босатылу өз кезегінде тек оны өтеген адамдарда ғана белгілі міндеттердің пайда болуын туындатып қоймайды сонымен қатар бірқатар мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың да міндеттерін пайда қылады.

Азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығына қол сұғушылықтың бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың да тарапынан орын алатын жағдайы сирек кездеспейді. Олардың тарапынан орын алуы ықтимал құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу шараларының қатарына әкімшілік бақылауды жатқызамыз.

Әкімшілік бақылау институтының саларалық мазмұны мен оның заңнамада бекітілуінің тарихына қысқаша шолу жасайтын болсақ төменде көрсетілгендерге көз жеткізуге болады.

Кеңес Одағында әкімшілік қадағалау КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1966 жылдың 26-шілдесінде бекітілген [87, 597.].

Осы аталған акт арқылы Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан тұлғаларға милиция органдарының қадағалау жасауы туралы Ереже бекітілген. Аталған Ережеге 1970 және 1981 жылдары толықтырулар мен өзгертілер енгізілген [88, 206., 89, 232.].

Сондай-ақ аталмыш Ережеге 1981 жылдың 5-наурызында енгізілген өзгерістерге сәйкес әкімшілік қадағалау ішкі істер органдарымен жүзеге асырылды. Кеңес заманында КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасының 1983 жылдың 22-қыркүйегіндегі Жарлығы арқылы енгізілген өзгерістермен аталған ереже Кеңес Одағы ыдырағанша әрекет етіп келген болатын [90, 584.].

Сол уақыттағы бекітілген тәртіп бойынша әкімшілік бақылау нақты тұлғаларға ішкі істер органдарымен (милиция) немесе еңбекпен-түзеу мекемесінің әкімшілігімен, яғни әкімшілік тәртіппен орнатылатын. Осыған байланысты ол өзінің әлеуметтік тағайыны бойынша қылмыстылықпен күресуге бағытталған шаралардың жалпы жүйесіне кірістірілгенімен әкімшілік құқықтың нормалары арқылы реттелген болатын. Әкімшілік қадағалаудың орнатылуы бас бостандығынан айыруға бірнеше рет сотталғандарға, ең алдымен аса қауіпті рецидивистерге және бірінші рет болса да ауыр қылмыс жасаған тұлғаларға нақты бақылау қоюды білдірді. Аумақтық ішкі істер органдары арқылы жүзеге асырылған әкімшілік қадағалау жазасын өтеп шыққан бірақ бостандықта жүріп қоғамға зиян келтіруі мүмкін деп санауға негіз бар тұлғаларға құқықтық шектеу қою арқылы мәжбүрлі негізде алдын алу және ең бастысы тәрбиелік ықпал ету үшін қажет болатын.

Әкімшілік қадағалаудың осы тақылеттес рөлі оның ең алдымен, бас бостандығынан айыру жазасының тағайындалуы фактісіне байланысты қойылуы мән-жайларымен салыстырмалы түрде түсіндірілгенде айқын ұғыныла алады. Осы тұрғыдан алғанда, әкімшілік қадағалауға тән болып табылатын бостандыққа шыққан адамның жүріс-тұрысына қойылатын бақылау ол адамға түзеу мекемесінде жүзеге асырылған ықпал етулердің жалғасы іспеттес. «Әкімшілік қадағалау – бұл қылмыстық жазаның сақтандырушылық мақсаттарына қол жеткізудің жаза өзінің тікелей әрекет етуін тоқтатқаннан кейінгі қосымша құралы болып табылады» [91, 88-89.].

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру әкімшілік және қылмыстық құқықтардың осындай қадағалау қойылған адамдардың талаптарды бұзғандығы үшін жауаптылығын қарастырған нормалардың көмегімен қамтамасыз етілді. 1966 жылдың 4-тамызында КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының «Әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны үшін жауаптылық туралы» Жарлығы шықты [92, 769.]. Кейіннен одақтас республикалардың әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстерінің қабылдануына байланысты оларда да әкімшілік жауаптылық енгізілді.

Қазақстан Республикасының 1996 жылдың 15-шілдедегі «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Заңы аталған қатынастардың мазмұнын айқындайтын және әкімшілік қадағалауды қолдану барысында заңдылықтың сақталуына кепілдікті қамтамасыз ететін негізгі нормативтік акт болып табылады.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін, сондай-ақ экстремизмнің белгілері бар қылмыстары үшін, ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін жазаларын өтеуші немесе қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп сотталған адамдарға, егер олардың жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқы өздерінің түзелу жолына қасақана түскісі келмейтіндігін және қоғам үшін қауіпті болып қала беретіндігін дәлелдесе әкімшілік қадағалау тағайындалатындығы ҚР Қылмыстық – атқару кодексінің 179-бабында да бекітілген [8, 72.].

Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғалардың құқықтық шектелулері мен міндеттері туралы әңгіме ете отырып, ең алдымен олардың тек заңда бекітілген міндеттерді атқарып және құқықтарды пайдаланатындығын баса айтқан дұрыс. Құқықтарын шектеу және қосымша міндеттер жүктеу тек заң негізінде және соның көлемінде ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Әкімшілік бақылауда тұрған адамдарға басқа ешқандай құқықтық шектеулер қоюға немесе қосымша міндеттер жүктеуге жол берілмеуі тиіс.

Біз енді Қазақстан Республикасының заңнамасындағы әкімшілік қадағалаудың құқықтық сипаттамасына және оның бостандыққа шыққан адамдарға қатысты қолданылуының ерекшеліктеріне толығырақ тоқталамыз.

Әкімшілік қадағалау деп заңмен көзделген, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, бірақ мінез-құлқында қайталама қылмыс істеуі мүмкін деп қауіптенетін адамдарға профилактикалық шара ретінде қолданылатын қадағалауды айтамыз. Әкімшілік бақылаудың мақсаты – ол түзеу мекемесінен босатылып шыққан сотталғандар жаңадан қылмыс жасамауын ескерту және оларға профилактикалық-тәрбиелік әсер ету. Бұл шараны бақылайтын адамдардың жұмыс орнында, тұрған жерінде адамгершілік абыройы мен намысына тию және беделін түсіру сияқты мақсат жоқ [93, 211.].

Қазақстан Республикасының бұл заңы Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілетін әкімшілік қадағалаудың мазмұнын белгілейді және оны қолданғанда құқық жүйесінің заңдылығына кепілдігін бекітеді.

Бұл заң әкімшілік қадағалаудың мақсаты мен міндеттерін белгілейді, олар: бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандар жағынан қайталама қылмыс болдырмауды ескерту; олардың құқық бұзуды жібермеуін ескерту мақсатында мінез-құлқын қадағалау.

Кәмелетке толмаған, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, аса қауіпті қайталап жасаған қылмысы үшін ауыр және өте ауыр қылмыстары үшін жазаларын өтеуші немесе қасақана жасаған қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп сотталған адамдарға, егер олар жазасын өтеу кезінде түзелу жолына түскісі келмейтінін байқатып және қоғам

үшін қауіпті болып қала беретіндігін көрсетсе, босатылғаннан кейін де ішкі істер органдарының ескерткеніне қарамастан үздіксіз қоғамдық тәртіп немесе өзге азаматтардың құқығын, басқа да құқықты бұза берсе, онда әкімшілік қадағалау тағайындалады.

Түзеу жолына қарсы және оған ерегесіп түскісі келмейтінді былай түсіндіруге болады, - ол адамның тұрақты теріс көзқарас білдіруі, жазаны өтеу (ұстау) өне бойы бұзуы және тәрбиелеу шараларының әсеріне көңіл қоймауын айтар едік. Тұрақты кереғар мінез-құлықтың айғағы – ол бас бостандығынан айыру орнынан босатқанда онда үш тіпті одан да көп алынбаған тәртіптік жазалар, олардың ішінде айып қапасында немесе камера тәрізді үйде отыруы, т.б. болып табылады.

Бұл дәрежедегі босатылғандарға әкімшілік бақылау қоюдың негізі болып соттың заңды күшіне енген үкімі, онда бұл адам өте қауіпті қайталанба қылмыскер екені танылуы керек; ал Қазақстан Республикасы «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау қою туралы» Заңның 2-бабының «а», «б» тарауларында көрсетілген басқа адамдар жөнінде – түзеу мекемелерінің, аудандық (қалалық) ішкі істер органдарының әкімшілік бақылау қою керектігін дәлелдейтін материалдары болуы керек.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар жөнінде әкімшілік бақылау қою үшін материалдарды жинауға тек қана жазаны атқарушы мекемелер мен органдардың құқы бар, ал бас бостандығынан айыру орындарынан босатылып, бірақ ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамастан өне бойы қоғамдық тәртіп пен өзге адамдардың құқын бұза беретін, босағаннан кейінгі үш жыл бойы өзі таңдап алған тұрған жерінде құқық бұзатындар жөнінде – аумақтық (аудандық, қалалық) ішкі істер органдары жинайды. Мұнымен бірге, көрсетілген адам қоғамдық тәртіпті сондай-ақ басқа да құқық бұзғаны үшін бір жылдың ішінде екі реттен кем емес әкімшілік жолымен жазалануы керек немесе қоғамдық ұялту әрекетіне ұшырауы керек және тағы да жыл ішінде осындай тәртіп бұзса ғана аумақтық органдар сотқа әкімшілік бақылау қою туралы өтініш хат жібереді.

Түзеу мекемесінен босатылғандарға әкімшілік қадағалау қылмыстық-атқару жүйесінің тұрған жеріндегі түзеу мекемесі бастығының ұсынуы бойынша соттау тәртібімен аудандық (қалалық) соттың шешімімен белгіленеді.

Бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамдар жөнінде сот тұрған жерінде тек қана ішкі істер органаның аудандық, қалалық бөлім бастығының ұсынуы бойынша осындай тәртіп қолданылады.

Әкімшілік бақылауды тағайындау үшін сотқа ұсыныспен бірге үкімнің көшірмесі мен бұл адамға әкімшілік бақылау қою керектігін дәлелдейтін басқа да материалдар жіберіледі.

Соттың мәжілісіне әкімшілік бақылауын қоюға ұсынылған адам шақыралады, ал сотталғандар ісі қаралғанда, сот мәжілісі түзеу мекемесінде жүргізіледі. Сот мәжілісіне міндетті түрде ұсыныс жасаған органның уәкілі қатысады, ал бақыланушы тілек білдірсе, оның қорғаушысы қатысады.

Істі қарғаннан кейін сот қаулы шығарады, ол орындалу үшін аудандық (қалалық) ішкі істер органының бастығына, ал Заңның 2-бабының «а», «б» тармақтарында көрсетілген жағдайларда түзеу мекемесінің бастығына жіберіледі.

Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 11 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғалардың есебін жүргізудің Ережесі ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік бақылау қою туралы» Заңын жүзеге асырудағы қызметін реттейтін негізгі ведомствалық нормативтік акт болып табылады.

Аталған Ережеде әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғалардың есебін жүргізудің тәртібі айқындалған.

Ішкі істер органының әкімшілік қадағалауды орнату мен іске асыруды қамтамасыз ететін қызметтер өздеріне ғана тән функцияларын орындайды. Мысалы, бас бостандығынан айыру орындарының мекемелері өте қауіпті қайталама қылмыс жасаған қылмыскерлердің және басқа да босатылғандардың арасындағы әкімшілік бақылауға алынуы тиісті адамдардың толық есепке алынуын қамтамасыз етеді, олардың жаза өтеп жүргендегі мінез-құлқы жөнінде мәлімет жасайды, сотқа әкімшілік бақылау қоюдың қажеттілігі туралы дәлелді ұсыныс дайындайды. Бұл жұмысқа түзеу мекемелерінің барлық бөлімдері, қызметтері, бөлімшелері қатысады, мысалы, арнаулы бөлім бас бостандығынан айыру орнынан босатылғанға дейін үш ай бұрын әкімшілік бақылауға алынуы тиісті адамға, ол жөнінде мәліметтерді тәрбиелеу, оперативтік және режим бөлімдеріне береді; тәртіптік жазалары мен мадақтаулары туралы мәліметтердің, мінездемеде көрсетілгендерді жеке басы ісінің материалдарымен сәйкестігін салыстырып тексереді.

Түзеу мекемесі оперативтік-бөлімдерінің басқа қызметтерімен біріге отырып босатылатын адамдар жөнінде мәліметтер жинау шараларын жүргізеді, ал ол мәліметтерді ішкі істер органдарына жібереді.

Жасақ бастықтары арнайы бөлімінің берген тізіміне сәйкес әкімшілік бақылауда болатын босатылғандарға мінездеме жазады.

Айрықша, оперативті бөлімдер мен жасақ бастықтарынан керекті материалдарды режим бөлімі алып және танысқаннан кейін түзеу жолына қарсы ерегесіп түскісі келмейтіндіктерін дәлелдейтін, әкімшілік бақылауға алынатын адамдарға материалды әзірлейді; өте қауіпті қайталанба қылмыстыларға мұндай мәліметтерді беру міндетті емес, себебі олар Заңның 2-бабының «а», «б» тармақтарына сәйкес әкімшілік бақылауға мінезіне қарамастан алынады. Жиналған материалдарды түзеу мекемелерінің тұрақты істейтін комиссиясына талқылау және әкімшілік бақылауды қоюды әлде қоймауы туралы шешім қабылдау үшін береді. Комиссия жиналған материалдарды қарап, босатылатын адамның мінез-құлқы оның түзелу жолына түсуді қаламайтынын білдіретін болса, онда сот алдында әкімшілік бақылау қою керектігін білдіріп шешім қабылдап қалуы шығарады да оны жиналған материалдарға қосып сотқа жібереді.

Сотталғанға бас бостандығынан айыру орнынан босатыларда соттың әкімшілік бақылау қою, оның мерзімі туралы соттың қаулысы таныстырылады, ол оған қол қояды.

Түзеу мекемесі әкімшілігі босатылғанға оның құқы мен міндеттері, тұратын таңдап алған жеріне бару мерзімі туралы түсіндіреді және таңдап алған тұратын жеріне бармағаны немесе әкімшілік бақылаудың жалтару мақсатында өз бетімен тұрған жерін тастап кеткені үшін жауаптылыққа тартылатынын ескертеді. Әкімшілік бақылау қою жөіндегі қаулыға сәйкес болатын шектеулер туралы да ескертіледі.

Бақыланушы босатылған күні әкімшілік бақылау қою жөіндегі қаулы оның таңдап алған тұратын жеріндегі ішкі істер органына жіберіледі.

Заңның 6-бабына сәйкес әкімшілік бақылау 6 айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді. Егер де бақыланушы әкімшілік бақылау ережесін немесе оған белгіленген шектеулерді бұзса, тіпті ол құқық бұзған болса, ішкі істер органдарының дәйекті ұсынысы бойынша, соттың қаулысымен бақылау мерзімі ұзартылады, ол әр ретте алты айға, бірақ екі жылдан аспауы керек.

Әкімшілік бақылау қойылған адам бақылау ережесін немесе белгіленген шектеулерді бұза қалса, онда Қазақстан Республикасы белгіленген Заң тәртібімен жауапқа тартылатындығы заңның 18-бабында аталып көрсетілгенімен оның қандай жауаптылық екендігі ашып көрсетілмеген [94, 3.].

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 366-бабында әкімшілік қадағалау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық қарастырылған онда өзіне қатысты қадағалау белгіленген адамның әкімшілік қадағалау туралы заңдарды бұзуы, - ескерту жасауға немесе айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғатындығы көрсетілген. Аталған баптың екінші бөлігінде әкімшілік жаза қолданылғаннан кейігі қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер,- айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде, ал егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының жеке басын ескере отырып бұл шаралардың қолданылуы жеткіліксіз деп танылатын болса,- он бес тәулікке дейін қамауға алуға әкеп соғатындығы бекітілген [95, 131.]. Әкімшілік қадағалау ережелерін кәнігі түрде бұзушыларға алынатын әкімшілік жазалау шараларының тиімділігінің мәселесі бүгінде ашық қалып отырған сияқты.

Сонымен қатар, біз мына мәселеге назар аударған дұрыс деп есептейміз кезінде әкімшілік қадағалау ережелерін кәнігі бұзған адамдардың қылмыстық жауаптылығының мәселесі көптеген пікірталастардың туындауына себепші болған болатын. Қазірігі қолданыстағы заңнамада оның көрініс табуы туралы сөз қозғар болсақ, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 362-бабының 3-бөлімінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қалуы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы – бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына,

не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатындығы бекітілген [81, 130.].

Әкімшілік бақылау қойылған адамдарға шектеулер қойылуы да мүмкін, ол бақыланушының мінез-құлқына, тұрмыс қалпына және оның жеке басын мінездейтін жағдайларға және т.б. байланысты.

Бақылау астындағыларға шектеулердің келесі түрлері қолданылуы мүмкін: ішкі істер органы белгіленген уақытта тұратын үй-жайын тастап кетуге тыйым салу; қаланың белгілі бір аудандарына баруға тыйым салу (мысалы, вокзалдарда, аэропортта) сондай-ақ бақылау жүргізетін ішкі істер органын ескертпей аудан, қала шегінен шығуға тыйым салу. Бұл адамдар жергілікті ішкі істер органында айына бірден төрт ретке дейін тіркеліп тұруы мүмкін [94, 2.].

Аталған мәселенің төңірегінде түсінбеушіліктер болмас үшін полиция органдары бақылауда тұрған адамдардың аптаның қай күндері, тәуліктің қай уақыттарында өз үйлерінен кетуіне болмайтындығын дәл белгілеуі тиіс. Көрсетілген шектеулер бақылауда тұрған адамның жұмыс уақытын және оның жұмысындағы ауысымдарды, оның қоғамдық және отбасылық міндеттерін орындауына байланысты ерекшеліктерін және азаматтардың өзге де құқықтары мен заңды мүдделерін ескере отырып белгіленуі тиіс.

Практика көрсеткендей полиция органдары белгілі бір мезгілде үйден шығуға тыйым салуды тәуліктің кешкі сағаттарына қатысты қолданады егерде бұл бақылауда тұрған адамның жұмысымен байланысты болмаса. Кейбір кездерде полиция органдары берілген шектеулерді аптаның барлық күндеріне емес, тек демалыс алдындағы күндерге, демалыс күндеріне, сонымен қатар мереке күндеріне қатысты түрде қолданады. Мысалы, жұма, сенбі, жексенбі күндері сағат кешкі 20-дан кейін бақылауда тұрған адамға өз үйінен шығуға тыйым салынады. Әкімшілік бақылауда тұрған адамның қаланың немесе ауданның белгілі бір аймақтарына баруына тыйым сала отырып полиция органдары ондай адамдардың қоғамға қарсы топтардың ықпалына түсіп кетуіне немесе осындай топтардың бақылауда тұрған адамға жағымсыз әсер етуінің алдын алу мақсатын көздейді.

Полиция органдары бақылауда тұрған адамға баруға тыйым салынған барлық орындарды айқын көрсетуі тиіс және ол қоғамдық орындар деген жалпылама атаумен аталмауы тиіс. Осындай жеткілікті түрде айқындалмаған тыйым салулар құқықтық шектеулердегі анықсыз жағдайларға тап қылып бақылау ережелерін жасанды түрде бұздыруға соқтыруы мүмкін және ол бақылауда тұрған адамдарға тиісті дәрежеде түзетушілік ықпал етпейтіндігін есте ұстау керек.

Сонымен қатар құқықты шектеудің берілген түрін қолдану барысында бақылауда тұрған адамның өмір жағдайларын және қала немесе ауданның қоғамдық өмірінің сипатын есепке алу қажет. Мысалы, бұдан бұрынырақта шығарылған бір қаулыда бақылауда тұрған адамға поселканың орталығына баруға тыйым салынған, ал ондағы жалғыз дүкен мен асхана орталықта орналасқан. Осындай шектеулер сотталған адамға түзетушілік ықпал етудің орынына кері нәтижелер беруі мүмкін.



Ішкі істер органдары әрбір адамның жағдайына байланысты шектеулерді толық көлемде немесе жартылай белгілейді. Ол бақыланушының мінез-құлқына, отбасының жағдайына, жұмыс істеп жүрген орны мен оның тәртібіне және басқа да жағдайларға байланысты.

Жоғарыда көрсетілгендерге сәйкес ішкі істер органының ұсынысы бойынша шектеулер сот шешімімен қысқартылады, сондай-ақ «әкімшілік қадағалау туралы» Заңның 7-бабы көрсеткен шектеулер көлемінде олардың толықтырылуы да мүмкін.

Шектеулер қою немесе оларды өзгерту туралы қаулымен бақыланушы таныстырылып, оған ол қол қояды.

Әкімшілік бақылауға қарасты адам оған қойылған шектеулерді сақтауы тиіс, яғни шақыруы бойынша ішкі істер органына көрсетілген уақытына баруы керек, егер де тұрған немесе жұмыс істеп жүрген жерін өзгертетін болса ауызша немесе жазбаша түсініктеме беруі керек, сондай-ақ қызметпен немесе жеке жұмысымен аудан, қала шегінен шығарда әкімшілік бақылау жүргізетін ішкі істер органының қызметкерлеріне бір тәулік ішінде ескертуі керек. Осындай құқықтық шектеудің мақсаты әкімшілік бақылау қойылған адамның бақылаудан жалтаруына жол бермеу болып табылады.

Ішкі істер органының рұқсатымен басқа елді мекенге барғанда бір тәуліктен артық болатын болса ішкі істер органдарына тіркелуі керек.

«Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» Қазақстан Республикасы Заңында бұл адамдардың құқығы да көрсетілген. Олардың сотта әкімшілік бақылау қою мен шектеу шараларын қолдану жөіндегі материалдарымен танысуға қақы бар. Ол өзінің жауапты еместігіне немесе оған тәртіп бұзғаны жөінде тағылған кінәға қатысты еместігіне түсініктеме беріп дәлелдей алады. Әкімшілік бақылауды мерзімінен бұрын тоқтату, оған қойылған шектеулерді алып тастау жөінде өтініш білдіріп және ішкі істер органында бақылауды тоқтату туралы шешіммен таныса алады.

Біздің ойымызша, әкімшілік қадағалауды дұрыс жүзеге асыру үшін тұлға әкімшілік қадағалауға алынған деп есептелетін сәтті дәл анықтау маңызға ие болады. Себебі дәл осы сәттен бастап, қадағалауға алынған тұлға мен оны жүзеге асыратын органның арасында өзіндік ерекшеліктерге ие болатын құқықтық қатынастар пайда болады, ол бостандыққа шыққан адамның әкімшілік қадағалау ережелерін қатаң сақтау міндетімен, ал ішкі істер органында оның сақталуын талап ету құқығының пайда болуымен, сипатталады. Сонымен бірге қадағалауда тұрған адамның бекітілген шектеулерді ескере отырып өзінің азаматтық мәртебесін жүзеге асыру құқығы сақталады және де әкімшілік қадағалау ережелерін сақтай отырып заңда тікелей қарастырылған қатаң шектеулерге бағыну міндеті пайда болады. Ішкі істер органы қадағалауда тұрған адамнан тек ғана көрсетілген шектеулермен шартталатын міндеттерді орындауын талап етеді. Әкімшілік қадағалау мерзімінің басталу уақытын дәл анықтау оның аяқталу мерзімін де дәл анықтауда маңызға ие болады.

Әкімшілік бақылаудың заңда бекітілген тоқтатылу тәртібі төмендегіні қарастырады: ұзарту жөнінде негіз болмаса белгіленген мерзімі өткеннен кейін; тұрмыста, жұмыста оң мінез көрсетіп түзелу жолына бекем түскенін бақылау керек болмағанда; одан соттылығы алынғанда; оны емдеуге ықтиярсыз емдеу-профилактика мекемесіне жібергенде; бақылаушының сотталуына, қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

Әкімшілік бақылауды тоқтату туралы оны бақылап жүрген ішкі істер органының қызметкері қаулы шығарады да оны аудандық, қалалық ішкі істер органының бастығы бекітеді. Мерзімінен бұрын әкімшілік бақылау тоқтатылғанда ішкі істер органының бастығы дәйекті ұсыныс жазып оны сотқа жібереді.

Соттың немесе ішкі істер органының әкімшілік бақылауды тоқтату туралы қаулысы бақыланушыға таныстырылады, ал ол оған қол қояды.

Ішкі істер органы әкімшілік бақылауды жүргізгенде заңдылықтың сақталуын Қазақстан Республикасы Бас Прокуроры және оған қатысты прокурорлар бақылайды.

## **2. 4 Еңбек және тұрмыс мәселелерін шешудің маңызы**

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуінің аса маңызды факторы олардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу болып табылатындығы анық. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңында әртүрлі деңгейдегі әкімдіктер жазаны өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін көрсетуде жәрдемдесетіндігі бекітілген [8, 72.].

Жалпылама түрінде алғанда жұмысқа орналасу және тұрмысын жайластыру дегенді әрбір бостандыққа шыққан адамның жасаған қылмысының сипатына, бас бостандығынан айыру орынында болуының ұзақтығына, жас шамасына, отбасы және тағы да басқа жағдайларына тәуелсіз түрде тұрғын үймен қамтамасыз етіліп және жұмысқа алынуын түсінуіміз керек. Олай болмаған жағдайда ондай адам қаңғыбастыққа, арамтамақтыққа салынып оның аяғы олардың қайталап қылмыс жасауына алып келетіндігі түсінікті. Өмірлік маңызға ие болатын осынау мәселелер жарым-жартылай шешілсе немесе тіптен шешілмеген жағдайда бейімделу кезеңінің, тіпті табысты түрде жүргізілген психологиялық және құқықтық дайындыққа қарамастан жағымды жағдайда аяқталатындығы туралы әңгіме қозғауға болмайды.

Еңбек және тұрмыс мәселелерін шешудің айқын байланысының бар болуына қарамастан сотталғандарды бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шығаруға дайындаудың аталған элементтерін өздерінің мазмұнына ие болатындықтан оларды жеке талдау қажет болады.

Еңбек және тұрмыстық жайластыру термині еңбекпен-түзету құқығы бойынша бұрынырақта жазылған әдебиеттерде кеңнен қолданылады [41, 85.]. Алайда оны құрайтын әрбір элементтің анықтамасы шындығында берілмеген. Еңбекке орналастыру жұмыспен қамтамасыз ету ретінде бірегей түсіндіріледі.

Тұрмыстық жайластыру тек күрделірек мазмұнға, өзінің тегінде көп аспектілікке ие болып ғана қоймайды сонымен бірге негізгі орынды иемденеді. Бостандыққа шыққандардың тұрмыстық мәселелерін шешудің аса маңызды бөлшегі болып оларды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің табылатындығымен ерекшеленеді. Баспанасы жоқ адамның жұмысқа орналасып ел қатарлы күн кешуі тіптен мүмкін болмайтын жағдай. Сонымен бірге тұрмысты жайластыру тек тұрғын үй мәселесін шешумен ғана бітпейтіндігі тағы белгілі. Сол себепті әдебиеттерде «тұрғын үй» емес «тұрмыстық» жайластыру терминінің қалыптасуы кездейсоқ емес.

Адамның қоғамдық тіршілік иесі ретіндегі мәнісі оның өзіне жақын адамдармен өзара қарым-қатысында көрініс табады және де ең алдымен олармен байланысқа түсудің ықпалымен өмірлік құндылықтар туралы дұрыс немесе бұрыс ұғымдар, қоғаммен және моралдық тұрғыдан қуатталатын қажеттіліктерді қанағаттандырудың мүмкін жолдары, тиісті мінез-құлық туралы көзқарастар қалыптасады [96, 43.].

Жеке адамның кемшіліктері мен оның тұлға ретінде қалыптасуы жүзеге асқан отбасының кеселдері арасындағы байланыс криминологтармен дәлелденген. Отбасының криминогендікке қарсы фактор ретіндегі рөлі де жалпыға аян [97, 33.]. Қылмыс жасау және сотталу фактісі көп жағдайда отбасының қылмыстық ниеттердің пайда болуы мен жүзеге асырылуына қарсы тұра алмағандығын немесе отбасының өзі белгілі бір шамада осындай ниеттердің пайда болуына бастау болғандығын немесе сырттай бақылаушының рөлін атқарғандығын көрсетеді. Дегенмен де отбасы кез келген адам үшін құндылық болып табылатындықтан сотталған адам үшін тұрмыстың жайлылығы ең алдымен отбасымен байланысты болады.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету, отбасылық және туыстық қатынастарды қалпына келтірумен қатар тұрмыстық жағдайды жайластыру үшін бостандыққа шығатын да және бостандыққа шыққандарға да көрсетілетін материалдық көмектің маңызы зор. Аталған мақсатта ҚР қылмыстық-атқару Кодексінде ...бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды өтеуден босатылатын адамдар тұратын жерлеріне немесе жұмысына дейін тегін жолақымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жолда жүргенде азық-түлікпен немесе ақшамен қамтамасыз етілетіндігі сонымен бірге бостандыққа шыққан адамның қажетті маусымдық киімі, аяқкиімі мен оларды сатып алуға қаражаты болмаған жағдайда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар мемлекеттік қаражат есебінен киіммен және аяқкиіммен қамтамасыз етілетіндігі сондай-ақ оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мөлшерде бір жолғы ақшалай жәрдемақы берілуінің мүмкіндігі қарастырылған [8, 72.].

Жоғарыда аталып өтілген материалдық көмек түрлері бостандыққа шыққан адамдардың тұрмысын жайластыруға тікелей бағытталған көмек болып табылады. Бостандыққа шығатын және бостандыққа шыққан адамдарға көмек көрсету туралы мәселе жазаны өтегеннен кейінгі өмірді бірқалпына келтіруде үлкен маңызға ие болады.

Аталған көмектің көрсетілуінің екі негізгі себебі бар деп есептелінеді. Ең алдымен бұл – бостандыққа шыққан адамға алғашқы уақытта (жұмысқа орналасып және жалақысын алғанға дейін) белгіленген мөлшерде материалдық көмек көрсету. Екінші себеп біріншісімен тығыз байланысты – материалдық көмек көрсету мүмкіндігінің болуының өзімен-ақ жазасын өтеп шыққан адамдарға пенитенциарлық кезеңнен кейін де қамқорлықтың жасалуын атап көрсетеді.

Жоғарыда қарастырылған аспектілер – тұрғын үй мәселесін шешу, отбасы және туыстық қатынастарды қалпына келтіру, сондай-ақ материалдық көмек көрсету жазасын өтеп шыққан тұлғалардың тұрмысын жайластыру болып табылады.

Түзеу мекемелерінде бостандыққа шыққандардың тұрмысын жайластыруға көмек көрсету мақсатында көптеген істер атқарылуда ол өз кезегінде олардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуі үшін маңызға ие бола отырып және де жазадан босатылғандардың рецидивтік қылмыстылығының алдын алу факторының ролін атқарады.

Қазақстан Республикасының түзеу мекемелеріндегі тәрбиелік жұмыстардың 2007 жылдың 9 айындағы жәй-күйі туралы шолудың материалдары бойынша көрсетілген мерзім ішінде түзеу мекемелері жергілікті атқарушы билік органдарына сотталғандардың бостандыққа шығатындығы, олардың тұрғын үйінің, еңбек қабілеттілігінің және мамандықтарының бар екендігі туралы 9242 хабарлама жіберсе, аудандық немесе қалалық ішкі істер органдарына бостандыққа шыққандардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу туралы 8881 өтініш жасаған. Олар бойынша 3674 жауап алынған болса оның 2829-ы мәселені негізінен шешудің мүмкіндігі туралы жауап болған [52, 1.].

Жазасын өтеп шыққандардың басым көпшілігінің отбасына қайтып оралатындығын оған тіпті отбасылық және туыстық қатынастары күрделі жағдайда қалғандары да тырысатындығын практика көрсетіп отыр. Оларды қайтадан қалпына келтіруге тырысу көп реттерде оң нәтиже береді, әдетте отбасы бостандыққа шыққан отбасы мүшесін қабылдауға онымен бірге тұруға тілек білдіреді. Бұл өз кезегінде ТМ-де бостандыққа шығар алдында тұрмысын жайластыру мәселесін шешу жолындағы міндеттерін атқаруды біршама жеңілдетеді. Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандардың басым көпшілігінің қылмыс жасағанға дейін тұрақты тұрғылықты жері болған және де олар сол жерге барып орналаса алады. Аталған тұлғаларға қатысты түрде жазаны өтегеннен кейін тұрғылықты жерді таңдап алу мәселесі барынша қарапайым түрде жүзеге асырылады: отбасымен бірге тұрудың мүмкіндігі анықталып, туысқандарының келісімі алынады.

Сонымен бірге, бостандыққа шыққандардың белгілі бір саны сотталғанға дейін тұрақты тұрғылықты жері болғанымен ол жерге барғысы келмейді немесе бара алмайды. Олардың қатарына отбасы мүшелеріне немесе жақын туыстарына қатысты қылмыс жасағандар және осыған байланысты туындаған қарым-қатыстар сотталған адамның бұрынғы мекен-жайына қайтып баруына мүмкіндік бермейді (туыстарының немесе бостандыққа шыққан адамның өзінің

үзілді-кесілді бас тартуы). Бостандыққа шыққандардың аталған санатына қатысты тұрмыстық жайластыру мәселесі өте өткір күйінде қалады, алайда ол мәселенің шешілуінің күрделілігі оның маңыздылығын ешқандай төмендетпейді және оларды шешу жөнінде шаралар жасақталып жүзеге асырылмауы тиіс дегенді әсте білдірмейді.

Тұрмыстық жайластыру мәселелерін оң шешу үшін бостандыққа шыққан адамдардың тұрғылықты жерін таңдаудағы жоспарын және бұрынғы мекен-жайында өмір сүруінің мүмкіндігін уақытында анықтау қажет болады. Өзінің бұрынғы тұрғылықты жеріне қайтып баруға тілек білдірген бостандыққа шыққандардың өздері де олардың болашақ өмірлерінің барынша айқындығына қарамастан психологиялық сипаттағы қиындықтарды бастан кешіреді: бас бостандығынан айыру орынында болғаннан кейін оларды отбасы мүшелері қалай қабылдайды, отбасындағы қарым-қатыстар қалай қалыптасады, тұрмысын жайластыруда отбасы мүшелерінің және туыстарының қандай нақты көмегіне сенім артуға болады және т. б.

Жоғарыда өзіміз атап көрсеткен себептерге байланысты бұрынғы тұрғылықты жеріне қайтып орала алмайтын бостандыққа шыққан адамдар одан да күрделі жағдайды бастан кешіреді, оған оларды жаңа орында қалай қабылдайды, қандай әлеуметтік ортаға тап болады, оның бас бостандығынан айыру орынынан бостандыққа шыққанынан басқа ол туралы ешнәрсе білмейтін адамдармен қарым-қатыстың қалай қалыптасатындығы жөніндегі анықсыздықтар себеп болады.

Әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделудің міндетті шарттарының бірі болып табылатын тұрмысын жайластыру мәселелері ер адамдар мен әйелдерде әртүрлі шешілетіндігін ескерте кеткен жөн. Бейімделу процесі әйелдер үшін әрқашанда күрделірек болады: олардың жазасын өтеу барысында отбасының ыдырауы жиі кездеседі, отбасылық және туыстық қатынастарды қалпына келтіру әйелдер үшін қиынырақ соғады, жеке басты әйелдер отбасын құруда қиындықтарға жиі тап болады, тұрмыстың жайсыздығы оларға күшті ықпал етеді. Қылмыстық жазасын өтеп шығатын әйелдер саны еркектермен салыстырғанда әлдеқайда аз болғанымен олардың барлығы да тұрмысын жайластыру мәселесін шешуде қарқынды түрдегі көмекті қажет етеді.

Сондықтан бостандыққа шығаруға дайындау барысында тұрмысын жайластыруға көмек көрсетуге қатысты аталған мәселелерді ескере отырып жүзеге асырған дұрыс. Бұл тек ғана тұрғын үй мәселесін шешуді, отбасылық және туысқандық байланыстарды қалпына келтіруге көмектесу және материалдық көмек көрсетуді білдіріп ғана қоймайды, сондай-ақ бостандыққа шығатындырдың санатының есебін жүргізуді де талап етеді (әйелдер; тұрғын үйі жоқтар – тұрғын үйі барлар; бұрынғы тұрғылықты жеріне қайтып оралудан бас тартудың объективтілігі, ол туралы өтінішке тәуелсіз түрде көмекке деген мұқтаждықтың нақтылығы және т. б.).

Әрекет етуші қылмыстық-атқару заңнамасы бойынша әртүрлі деңгейдегі әкімдіктердің жазаны өтеуден босатылғандарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа да түрлерін

көрсетуге жәрдемдесетіндігі бекітілген. Әрине жазаны өтеуден босатылған адамдарға әлеуметтік ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында көмек көрсету туралы ереженің заңда бекітілуінің белгілі бір жағымды жақтарының бар екендігін атап көрсете отырып, алайда оларды жүзеге асырудың шын мәнінде тым күрделі екендігін мойындау қажет.

Бұрынғы уақытта тұрғын үймен қамтамасыз ету негізінен алғанда мемлекеттің міндеті болып табылса қазіргі уақыттағы тұрғын үй мәселесі маңында қалыптасқан жағдай бәрімізге белгілі. Қазіргі уақытта еліміздің ірі өндіріс ошақтарындағы, облыс орталықтарындағы пәтер бағасының шарықтап кеткені сондай ұзақ жылдар бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққандар ғана емес, бостандықта болып біршама табыс тауып жүргендер үшін де қол жетпес арманға айналып отыр. Дегенмен біздің елімізде жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың өзінің оң нәтижелерін беріп, көптеген өндіріс салаларының жандана бастауы белгілі бір шамада жұмысшы күшіне деген сұранысты туындатып отырғаны да шындық. Осы жағдайда бостандыққа шыққан адамдардың жұмысқа орналасуға деген мүмкіндігінің барынша кеңейе түсуі объективті жағдай. Жазасын өтеп шыққандардың еңбекке орналасуы олардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуінің, жеке өмірлерін қалыпты жағдайға келтірудегі шешуші факторлардың бірі екендігін тағы бір атап өтсек артық болмас. Зерттеу әдебиеттерінде «әлеуметтік бейімдеу механизмдерінің сапалық ерекшеліктері ең алдымен мақсатты бағыттағы еңбек қызметімен байланысты» екендігі аталып өтіледі [26, 49.].

Қоғамдық пайдалы еңбек өрісіне араласа отырып адам өзінің өміріне қажетті тіршілік көзіне ие болады, өзінің әртүрлі материалдық және рухани қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігіне ие болады. Еңбек ұжымында ол өзін жеке тұлға ретінде қалыптастырып, бекітеді өзінің әлеуметтік қарым-қатынасқа, жеке қатынасқа деген табиғи әлеуметтік қажеттілігін жүзеге асырады, өндірістік міндеттерді шешуге ат салысады. Еңбек ұжымында тәрбиелік процестердің жүзеге асырылатындығының және де азаматтардың көрсетілген санаттары үшін жазаны өтеу барысында қол жеткізілген жағымды нәтижелердің орнықтырылуының маңызы өте зор.

Еңбек ұжымдары қоғамдық ортаны тұтастай алғандағы өзіндік ерекшелікті құбылыстардың иесі болатын шағын орта болып табылатындығы да шындық бірақ нақты ұжымның сипатына байланысты өзіндік дербес нысандарында көрініс табады. Олай болса жазасын өтеп шыққан тұлғаны қоршаған ең жақын әлеуметтік ортаның қандай болуына көп нәрсе тәуелді.

Осылайша қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың уақытында жұмысқа орналасуы олардың қалыпты тіршілік етуіне мүмкіндік беретін, қарым-қатысқа, қоғамдық-саяси өмірге қатысуды жүзеге асыруға жағдай туғызатын оларды қоғамдық пайдалы еңбек өрісіне тарту болып табылады.

Бостандықтағы өмір жағдайында жазадан босатылғандар олардың мамандығы мен біліктілігі ескеріле отырып өндіріс түрін тандап алу мүмкіндігіне ие болды, дегенмен аталған мәселені нақты шешуде бірталай қиындықтарға тап болады. Жағымсыз ықпал ететін әртүрлі факторларға

байланысты өзара байланыс жүйесі жеткілікті деңгейде ұйымдастырылмаған болып шығады.

Біріншіден, ТМ-нен ақпарат келіп түсетін кәсіпорындар мен ұйымдардың кадр бөлімдері бұл органдарға бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды жұмысқа орналастырудың мүмкіндіктері туралы толық мәліметті әрдайым бере бермейді, сондықтан тәрбиешілер сотталған адамға оның бұрынғы жұмыс орны бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы уақытында ақпарат бере алмайды.

Екіншіден, бостандыққа шыққандар бұрынғы тұрғылықты жеріне әрдайым қайтып бара бермейді сол себепті барлық дайындық жұмыстары текке ұйымдастырылған болып шығады.

Үшіншіден, бостандыққа шыққан адамды оның жүріс-тұрысына бұрынғы қоғамға қарсы байланыстарының жағымсыз ықпал етуін болдырмау үшін оларды бұрынғы кәсіпорынға жұмысқа орналастыру көп реттерде тиімді бола бермеуі де мүмкін.

Бостандыққа шыққан адамды оны еңбек ұжымының қалай қабылдайтындығы, қарым-қатынастың қалай қалыптасатындығы оған деген белгілі күдіктіліктің болуының жағдайлары толғандырмай қоймайды. Егер ол өзінің бойынан ұжымға «кірігіп» кететін ерік-жігерді таппаса өндірістік те, жеке де өзара қатынастарды дұрыс орнықтыра білмесе «бірнеше топтың ішінде ілініп тұратын, олардың бірде-бірімен тұтас қабылданбайтын маргиналды адам» мәселесі пайда болуы мүмкін [96, 43.].

Қоршаған тұрмыстық орта, отбасы, жұмыстағы әріптестері, өндірістік бригада мүшелері – барлық осы аталған топтар адамның өмірінде бірдей рөл атқармағанымен әркім үшін қажетті болып табылатындығы шындық. Жұмыстағы әріптестерімен дұрыс қалыптаспаған қатынас өмірдің ағысына, оның бағытына жағымсыз ықпал етуі мүмкін. Бостандыққа жаңадан шыққан адамның осындай сәтсіздіктері кейде оларды жұмыс орынынан кетуге итермелейді, жаңа жұмыс орынын іздеуге мәжбүр етеді және де ол көп жағдайларда онша сәтті бола бермейді. Орын алуы мүмкін осындай сәтсіздіктер адам өзінің тұрғын жайын анықтап, жұмысқа орналасып, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналысуға кірісетін өз кезегінде құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың алды алу бағытында аса маңызды болып табылатын әлеуметтік ортаға бейімделудің бастапқы кезеңінің табыстылығына ықпал етеді.

Егер бұрынғы кездері бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды бақылау мен жұмысқа орналастыруға аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімдері белсенді араласқан болса қазіргі уақытта сотталғандар түзету мекемелерінен бостандыққа шыққаннан кейін және тұрғылықты жеріне келген соң халықты жұмыспен қамту орталықтарына барып жұмысқа орналасуға жәрдемдесуге өтініш жасаулары тиіс. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда бостандыққа шыққандардың тек 30% ғана өз бетімен арнайы көмексіз жұмысқа орналаса алатын мүмкіндігі болған. Еліміздің кейбір аймақтарындағы жұмыссыздыққа және кәсіпорындар мен ұйымдардың бұрын сотталған адамдарды жұмысқа қабылдауға мүдделілік танытпауына

байланысты шыққаннан кейін өзіне жұмыс табуға тырыспайтын тұлғалар санаты да кездеседі. Біздің ойымызша – дейді Д.С.Чукмайтов аталған мәселені құқықтық реттеуде ҚАІБ ТМ-нен бостандыққа шыққандардың жұмысқа орналасуына бақылау жасау және әртүрлі сылтаулармен жұмысқа нақты орналасу мүмкіндігінен жалтарып жүргендерді профилактикалық есепке алу өкілеттігін беру қажеттілігін қайта қарастыру керек [44, 206-207.]. Сонымен қатар аталған міндеттерді шешуді жеңілдету үшін мемлекеттің тарапынан тиісті қолдау болған жағдайда ІІМ жүйесінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың еңбегін пайдалануға бағытталған қосалқы шаруашылықтар, уақытша еңбек қатынастарын, әлеуметтік бейімдеу орталықтарын ұйымдастыру мүмкін болар еді – деп атап көрсетеді автор.

Қоғам өміріне нарықтық қатынастардың барынша дендеп енуі, өндіріс құралдарына деген жеке меншіктің заңдастырылуы аталған мәселені шешуді аса күрделі етіп жібергендігі де шындық. Өндіріс құралдарына деген жаппай мемлекеттік меншік жойылған уақытта, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар негізінен нарықтық қатынастарды дамытуға бағытталған заңнамалар негізінде жұмыс жасап кезде бостандыққа шыққан адамдарды жұмысқа орналастырып, олардың тұрмысын жайластыруда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың да мүмкіндіктері тым шектеулі екендігі түсінікті болса керек.

Оның үстіне көптеген кәсіпорындардың қазіргі уақытқа дейін тоқырау жағдайынан толық шыға алмай жатқанын, қылмыстық жазасын өтеп шыққандар түгілі құқыққа сай жүріп-тұратын азаматтардың өзіне де жұмыс табу оңай шаруа емес екендігін ескере отырып бұрын сотталған адамды жұмысқа қабылдауға қай кәсіпорынның басшысы құлықтылық таныта қоюы мүмкін. Осы ретте кәсіпорын басшыларына қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамды жұмысқа алуға өтініш жасауға болғанымен мәжбүрлеуге әрине ешкімнің құқығы жоқ. Сонымен бірге негізгі өндіріс ошақтары орналасқан ірі қалаларды тұрғын үй бағасының шарықтап өсіп кетуін қосар болсақ бостандыққа шыққан адамның алдында самсаған, шешуі тым қиын әлеуметтік мәселелер пайда болады. Сондай-ақ бостандыққа шыққандардың бірқатарының әртүрлі қоғамға қарсы топтардың ықпалына түсіп, олардық формалдықсыз нормаларын басшылыққа ала бастайтындығын жүргізілген зерттеу жұмыстары көрсетіп отыр [98, 94., 99,116]. Осындай жағдайда сотталғандарды әлеуметтік ортаға бейімдеу үрдісі қиыншылықтарға ұшырап оның ақыры бостандыққа шыққандарды жаңадан қылмыстар жасауға итермелеуі әбден мүмкін.

Жоғарыда айтылғандар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісінің құқықтық реттелуі мен ұйымдастырылуы мәселесінің күн тәртібіне өткір қойылып отырғандығының дәлелі болып табылады. Біздің пікірімізше, аталған мәселені шешудегі басым бағыттар мыналар болуы тиіс: бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісін құқықтық реттеуді жетілдіру; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешудегі жергілікті атқарушы билік органдарының міндеттері мен



құзіреттерін заңнамалық негізде айқындау; қазіргі уақыттағы тұрғын үй мәселесінің аса өткірлігін ескере отырып, жергілікті жерлердегі әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмыстарын және түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандарды әлеуметтік бақылау нысандарын жетілдіру.

Қазіргі уақыттағы біздің еліміздегі құқықтық реттеу жүйесінің жазасын өтеп шыққан тұлғаларға өздерінің еңбек етуге, денсаулығын қорғауға, әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілуге деген конституциялық құқықтарын толық дәрежесінде жүзеге асыруға кепілдік бермейтіндігін өкінішке орай атап өтуге тиіспіз. Дей тұрғанмен өзін әділетті санайтын қоғам өзінің әрбір мүшесінің тағдырына сергектікпен қарап, оның өмірден лайықты орнын табуына жағдай жасауы тиіс. «Қоғам өзінің әрбір мүшесінен пайдалы азамат жасауға жағдай туғызуы тиіс, ол оның тіпті құлдырауы немесе түзетілуі мүмкін қателіктер жасаған кезінде де ерік-жігерін жұмсауға міндетті. Ендеше, жеке тұлғаның оны әлеуметтік бейімдеу мақсатындағы әсер етулерге құқылы болуы табиғи нәрсе» [100, 260.].

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың әлеуметтік мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы билік органдарының шешуші маңызға ие болатындығы айқын. Кеңес заманында аталған мәселелерді шешумен негізінен жергілікті билік органдарының атқару комитеттері айналысқандығы белгілі. Олардың осы бағыттағы қызметтерінің құқықтық негіздері болып КСР Одағының еңбекпен-түзету заңнамасының негіздері және одақтас республикалардың Еңбекпен-түзету кодекстері табылды олар жазасын өтеп шыққан адамдарды мүмкіндігінше олардың мамандықтары бойынша жұмысқа орналастыруға міндеттейтін. Халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің атқару комитеттері жазасын өтеп шыққан адам өтініш жасағаннан кейін он бес күн ішінде оны жұмысқа орналастыруға тиісті болатын. Жазасын өтеп шыққан адамды жұмысқа орналастыру туралы жергілікті атқару комитеттерінің тапсырмалары кәсіпорындардың, мекемелердің және ұйымдардың басшылары үшін міндетті болатын болса, қазіргі жағдай тіптен өзгеше.

Қазіргі уақытта қалыптасқан мемлекеттік билік органдары жүйесінде негізгі атқарушы билік жергілікті әкімдіктердің қолында екендігі белгілі. Олардың қызметін реттейтін әрекет етуші заңнамада олардың мойынына ондай (жазасын өтеген тұлғаларды жұмысқа орналастыру) міндеттер жүктелмеген. Қазақстан Республикасы қылмыстық – атқару кодексінің 178 – бабында көрсетілген жергілікті әкімдіктердің жазаны өтеуден босатылған адамдарға жұмысқа орналасуда және тұрмысын жайластыруда, сондай-ақ әлеуметтік көмектің басқа түрлерін көрсетуде жәрдемдесетіндігінің бекітілуі шындығын айтқанда, оларды ештеңеге міндеттемейді.

Осы тұрғыдан алғанда бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісінің құқықтық реттелуі мен ұйымдастырылуының кезек күттірмейтін міндеті болып аталған тұлғалардың еңбекке араласуы мен тұрмысын жайластыруға байланысты мәселелердің тұтастай кешенінің заңнамалық негізде шешімін табуы болып

саналады. Аталған мәселеге қатысты қоғамда қалыптасып отырған пікірлер негізінен осыны меңзейді.

Түзеу мекемелерінен босап шыққан адамдардың тұрмыс-тіршіліктік мәселелерін шешудегі мемлекеттің және қоғамның тарапынан алғандағы жалпы түрдегі әлеуметтік жәрдем көрсету туралы тілегін жариялау мақсаты ғана білдірілмеуі тиіс. Осындау көмекті көрсетуді жүзеге асырудың тетіктері жасақталып, бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан адамдарға олардың тіршілігі үшін маңызы бар мәселелерді шешуге жәрдемдесу қызметтік міндеті болып табылатын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың нақты санатының айқындалуы талап етіледі. Сонымен бірге бостандыққа шыққандардың тұрғылықты жеріне келу мерзімі; арнайы жатақханаларда немесе интернаттарда уақытша орналасу мүмкіндігі, тұрақты жұмысқа орналасқанша уақытша еңбекке араласу немесе тіршілік үшін қажетті деңгейдегі жәрдемақы беру мәселелері заңнамалық негізде шешілгені дұрыс деп санаймыз.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан адамдарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісін басқаруды құқықтық негізде реттеу мәселесін шешу бағытында жасалған ұсыныстар баршылық. Солардың қатарына Д. С. Чукмайтов және С. Жорабековпен жасалған «Жазадан босатылған адамдардың бейімделу үрдісіне арнайы көмек көрсету туралы» заң жобасын жасақтап қабылдау туралы ұсынысты жатқызуға болады. [44, 218., 101, 89-90.].

Олардың пікірінше аталған заң қабылданған жағдайда онда төменде көрсетілгендер бекітілуі тиіс: әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз етудегі мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың құзіреттері мен қызметтерінің негізгі бағыттары; жазасын өтеп шыққан тұлғалардың құқықтық жағдайы; олардың еңбекке араласуы мен тұрмысын жайластыруының тәртібі; олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің ұйымдастырылуы. Сонымен қатар олардың ойынша жергілікті атқару органдарын бостандыққа шыққандарды жұмысқа орналастыру үшін нақты кәсіпорындарға жолдама беру және кәсіпорынның әкімшілігіне тапсырма беру өкілеттігіне ие қылу керек; бостандыққа шыққандарды жұмысқа алған кәсіпорындардың еңбек ұжымдарын белгілі бір жеңілдіктер беру жолымен материалдық жағынан мүдделендіруді қамтамасыз ете отырып берілген тапсырманы орындамаған лауазым иелерінің әкімшілік жауаптылығын енгізу қажет. Одан басқа әлеуметтік көмек көрсетілуі мүмкін тұлғалардың санаты анықталуы тиіс. Әлеуметтік жәрдем ету шаралары әртүрлі негіздер бойынша жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатылғандарға, сондай-ақ маскүнемдіктен, нашакорлықтан мәжбүрлеу арқылы емдеуден өткен сотталғандарға; тәрбиелік сипаттағы мәжбүрлеу шараларына тартылған кәмелетке толмағандарға; әлеуметтік пайдалы қатынастарын жоғалтқан азаматтардың өзге де санаттарына қатысты жүзеге асырылғаны дұрыс. Сонымен қатар зейнеткерлік жастағы және мүгедек адамдарға жәрдем жасауға басты назар аударылуы тиіс. Түзеу мекемелерінен босанып шыққаннан кейін адамдардың аталған тобы тіршілікке

қажетті ешқандай қаражаты болмағандықтан өмірде кездесетін тұрмыстық мәселелердің шешімін табуға тым қауқарсыз болады.

Жүргізген зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып И. В. Шмаров «көптеген бостандыққа шыққандар жұмысқа әлі орналаспаған немесе тиісті емес жағдайда орналастырылған, әлеуметтік пайдалы байланыстарын қалпына келтірмеген, жаңа әлеуметтік рөлдерді игермеген кезде олар жаңа қылмыстарды барынша көп жасайды» - деп тұжырым жасайды [45, 72-73.].

Бостандыққа шыққан адамдардың жоғарыда аталған санатына нақты көмек көрсету мақсатында олардың әлеуметтік мәселелерін шешудің жана нысандарын қарастырған дұрыс. Осы тұрғыдан алғанда шет елдерде жүзеге асырылып өзінің тиімділігін нақты көрсеткен тәжірибелерді үлгі ретінде пайдаланған әбден дұрыс болар еді. Мәселен, Польшада түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтін тұлғаларға сақтандыру шараларын алу үшін құрылған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының іс-тәжірибесі белгілі бір қызығушылықты туындатады.

Польшаның Қылмыстық-атқару кодексіне сәйкес жазадан босатылғандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу және олардың тарапынан жаңадан қылмыстар жасалуының алдын алу мақсаттарында Польшада бас бостандығынан айыру орыны болып табылмайтын, әлеуметтік бейімдеу орталықтары ұйымдастырылған. Бұл орталықтарға соттың шешімі бойынша бұрын қасақаналық қылмыстары үшін екіден кем емес сотталған, бір жылдан кем емес мерзімінде бас бостандығынан айыру жазасын өтеген, жазасын өтегеннен кейін бес жылдың ішінде бір тектес қылмысты қайталап жасаған және жазаны өтеу тәртібін кәнігі және жүйелі түрде бұзатын тұлғалар жіберіледі. Сонымен бірге онда олар қоғамдық тәртіпті бұзып, оларға белгіленген шектеулерді сақтамайтын болса жіберілуі мүмкін. Әлеуметтік бейімдеу орталықтарында болудың ең жоғарғы мерзімі бес жылдан аспайды.

Шектеулі бостандық жағдайында жазасын өтеп шыққандарға қосымша тәрбиелік ықпал ету, бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің дәрежесін тексеру және қоғамды орын алуы мүмкін құқық бұзушылықтардан қорғау әлеуметтік бейімдеу орталықтарының тікелей міндеті болып табылады. Жазасын өтеп шыққан тұлғаларға көмек көрсетуді ұйымдастырудың міндеттілігі Польшаның Қылмыстық-атқару кодексінің нормаларымен жергілікті билік органдарына (воеводалар) және қоғамдық ұйымдарға жүктелген [102, 67.]

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу процесін реттеуге арналған заңдар бірқатар шетелдерде қабылданған. Мысалы, Жапонияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешу 1950 жылғы «Постпенитенциарлық қамқорлық туралы» заңмен реттеледі. Оған сәйкес бейімделуге көмек көрсету міндеттілігі үкіметке, атап айтқанда құрамында сыннан өту қызметі бөлімі бар әділет министірлігіне жүктеледі. Сыннан өту қызметі бөлімінің бастығы бостандыққа шыққан адамға көмек көрсетуді аталған тұлғаларға тапсыра алады: 1) бөлімінің штаттағы қызметкеріне; 2) қоғамдық ұйымның өкіліне; 3)

тиісті рұқсаты бар жеке тұлғаға. Көмек көрсету бостандыққа шыққан адам ол туралы өтініш жасаған кезде көрсетіледі. Заңда жұмысқа орналасу, емделу, бос ұйымдастыру, материалдық көмек көрсету және басқа түріндегі көмек көрсетудің мүмкіндігі қарастырылған. Қайта бейімдеу бағытындағы көмек бас бостандығынан айыру орнынан босатылған күннен бастап алты ай бойына көрсетіледі [103, 73-74.].

Чехия және Словакияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға көмек көрсету «Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны атқару туралы» заңмен реттеледі онда көмектің нақ осындай түрі «сотталғандарды түзетуді аяқтау бойынша шаралар» ретінде қарастырылған.

Берілген заңдарда түзеу-тәрбиелеу мекемелерінің, жергілікті билік органдарының және шаруашылық ұйымдардың міндеттері барынша айқын белгіленген. Ол бойынша сотталғандарды түзетуді аяқтау үшін қажетті жағдайларды (жұмыспен және уақытша тұрын үймен қамтамасыз ету, тәрбиелеу мақсатындағы шаралары жүргізу) қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып қалыптастыру (мемлекеттік басқару нысанындағы) міндеті егер еңбек қызметін атқару «азаматтық кіршіксіздікті» талап етпейтін болса жұмысқа қабылдау барысында бостандыққа шыққан адамдар мен басқа тұлғалар арасында айырма жасауға құқықсыз болуымен айқындалады. Аудандық ұлттық комитетінің ұсынысы бойынша шаруашылық ұйымы бос орын болған жағдайда жұмысқа бостандыққа шыққан адамды қабылдауға сондай-ақ қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып оған қамқорлық жасауға міндетті. [102, 79.].

Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу мәселелері көптеген шетелдік мемлекеттерде әртүрлі нысандарда жүзеге асырылып шешілетіндігін жоғарыда көрсетілген мысалдардан-ақ байқауға болады. Сонымен бірге әртүрлі «алыс» және «жақын» шетелдердегі аталған мәселені шешудегі жинақталған іс-тәжірибелер зерттеу жұмыстарында, заң әдебиеттерінде біршама толық қарастырылған сол себепті оларды қайталап жатудың қажеті бола қоймас деп ойлаймыз.

Сондай-ақ біздің елімізде қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың арнайы санаттары үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтарын ашу туралы ұсыныстар да жаңалық емес, зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ұйымдастырылуы мен қызмет атқаруының қағидасы жағынан барынша ұқсас келетін мекемелердің шетелдерде көп уақыттардан бері біршама табысты түрде жұмыс жасап келе жатқандығын біз анық аңғардық. Атап айтар болсақ Англияда және басқа да бірқатар елдерде сотталғандарды мерзімінен бұрын-шартты босатуға дайындау кезінде ашық түріндегі түзеу мекемелері барынша кеңнен пайдаланылады. Оларда сотталған адамдарға түзеу мекемесінің аумағынан шығуға рұқсат етіледі. Сотталған адамның болашақтағы бостандық өмір жағдайларына дағдылануының мақсатын көздейтін өзге да режимдік жұмсартулар қолданылады. Осыған ұқсас «ашық» бөлімдер Германияның, Чехия мен Словакияның түзеу мекемелерінде қызмет жасайды.

АҚШ-да жаза мерзімінің белгілі бір бөлігін өтеген (үштен бірінен кем емес) және мерзімінен бұрын-шартты түрде бостандыққа шығу құқығына ие болғандар бостандықтағы өмір жағдайларына дайындалуы үшін қоғамдық түзету орталықтарына жіберіледі. Сотталған адамдар орталық түрін толықтай бостандыққа шыққанға дейін дұрыс өмір жағдайларын қалыптастыру мақсатында өздеріне жұмыс іздестіреді, туыстары және таныстарымен байланыс орнатады. Бастапқы кезеңде олар әлі жұмысқа орналаспаған кезде олар орталықтан күніне екі рет тамақтандырылады. Жұмысқа орналасқан сотталғандар өздерін-өзі асырауға көшіріледі. Сотталғандар әдетте қоғамдық түзету орталықтарынан тыс жерде жұмыс жасайды орталықтың қызметкерлері жұмыс күнінің бойында олардың жүріс-тұрыстарын мезгіл-мезгіл тексеріп тұрады. Сотталған адамдар орталықтың әкімшілігінің рұқсатымен өздерінің туыстары мен таныстарына барып тұруға құқылы.

Сонымен бірге аталған орталықтарда мадақтаулар мен тәртіптік шаралар жүйесі бар. Жағымды жүріс-тұрыстары үшін сотталған адамның жалпы жатын бөлмеден екі орындық бөлмеге ауысуға мүмкіндігі қарастырылған. Жазаны өтеудің бекітілген тәртібін бұзушылар үшін үш рет ескертуден кейін бас бостандығынан айыру орындарына қайтару туралы мәселе қарастырылады.

Швецияда бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар үшін қайта бейімдеу орталықтары құрылған. Оларда бұрын сотталған адамдар белгілі бір шамадағы болмашы ақы үшін өздерінің еңбек және тұрмыстық мәселелерін шешкенге дейін тұрғын үй, тамақ ала алады.

Жоғарыда көрсетілген шетелдік тәжірибелерді үлгі ете отырып соларға ұқсас қайта бейімдеу орталықтары Санкт-Петербург, Бұқара, Самара, Ярославл және тағы басқа қалаларда ашылып, өздерінің тиімділіктерін іс жүзінде дәлелдей білген. Сондай-ақ Ресейдің Кемерово облысында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған жасы егде тарқан қылмыскерлерге арналған арнайы интернаттың жұмыс тәжірибесі де белгілі қызығушылықты туғызуы тиіс деп ойлаймыз.

Біздің елімізде әлеуметтік ортаға қайта бейімдеу орталықтарын ашудың қажеттілігі туралы Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан Республикасында құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы туралы» 1994 жылғы 12 ақпандағы қаулысында атап көрсетілгенімен өкінішке орай, әртүрлі объективтік себептерге байланысты ол жүзеге аспай қалған.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққандарды қайта бейімдеу орталығы біздің елімізде алғаш рет Оңтүстік Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы жанынан тәжірибелік негізде ашылып біршама жағымды нәтижеге қол жеткізген болатын. Аталған бейімдеу орталығының қызметі туралы зерттеу жұмыстарына барынша толық айтылған да болатын [44, 221., 101, 92.]. Өкініштісі осы жұмыстың тек тәжірибе жүзінде қалып қойғандығы.

Біздің еліміздегі қазіргі қалыптасқан жағдай қандай дейтін сұраққа жауап іздер болсақ біз бірден аталған мәселені, яғни әлеуметтік бейімдеу мәселесін шешуде соңғы жылдары көптеген алға басушылықтардың, біршама жетістіктердің бар екендігін айтуға тиіспіз. Осы мәселені шешуде 2000 жылғы

16 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 408 Қаулысы шешуші қадам болғандығын атап көрсету керек. Аталған қаулыда белгілі тұрғылықты жері, кәсібі және күн көрістік қаражаты жоқ тұлғаларға әлеуметтік, дәрігерлік және басқалай көмек көрсету және халықтың санитарлық-эпидемиялық саулығын қамтамасыз ету және де қоғамдық тәртіпті нығайту мақсаттарында облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне 2000 жылдың 1 маусымына дейін тұрғындар саны 100 мың адамнан асатын қалаларда белгілі тұрағы жоқ тұлғалар үшін әлеуметтік бейімдеу орталықтарын құру туралы ұсыныс жасалған болатын.

Халықтың қолайсыз жағдайларда өмір сүріп жатқан немесе әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген топтарын тиімді интеграцияланған қоғам құру мақсатында бірдей әлеуметтік мүмкіндіктермен және экономикалық дамумен қамтамасыз ету БҰҰ Бас Ассамблеясының 1969 жылғы 11 желтоқсандағы қарарында жарияланған Әлеуметтік прогресс және даму декларациясының талаптарына сай келетіндігін атап өткен дұрыс. Бейімдеу орталықтарын қаржыландыру жергілікті бюджет есебінен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2000 жылдың 25 сәуіріндегі № 99 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік бейімдеу орталықтарының қызметін ұйымдастырудың Ережесіне сай орталық орналасқан мекен-жайларда: 1) еркектер мен әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің бөлек тұруына арналған бөлмелер; 2) ас әзірлеу немесе ас қабылдауға арналған тұрмыстық бөлмелер немесе асхана; 3) әкімшілік, кезекшілік, полиция постысы, медициналық қызметкерлерге арналған бөлмелер; 4) жеке заттарды сақтау камерасы; 5) кір жуатын, санитарлық жүйелер; 6) санитарлық тексеріс, жуынатын бөлмелер және дезактивациялау камерасы; 7) оқшаулау бөлмелерінің болуы шарт.

Қоғамдық тәртіпті қорғау, қылмыстың және басқа да құқық бұзушылықтардың алдын алу және оларға уақытында тосқауыл қою мақсаттарында ішкі істер органдарының күшімен бейімдеу орталықтарында полицияның тәулік бойына кезекшілігі ұйымдастырылады және оның жұмыс режимі мен тәртіптері ішкі істер органдарымен бекітіледі. Полициялық постар Орталықтардың әкімшіліктері мен облыстық және қалалық ПД арасындағы келісім-шарттардың негізінде жергілікті атқарушы билік органдарының келісімі бойынша орналастырылады.

Бейімдеу орталықтарының жұмыс режимі және онда тұру ережелері орталықтың директорымен жергілікті атқарушы билік органдарымен келісе отырып бекітіледі.

Тұрғылықты мекен-жайы, кәсібі, күн көріс қаражаты жоқ адамдар соның ішінде бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған осындай санаттағы тұлғалар әлеуметтік бейімдеу орталықтарына өздерінің өтініші немесе құзіретті органдардың жолдамасы бойынша тәулік бойына қабылданады. Әлеуметтік бейімдеу орталықтарында жеке басын куәлендіретін құжаттары жоқ тұлғалар орталық орналасқан жердегі әділет органдарына жазбаша арыз жазу немесе

орталықтың директорына өтініш жасау арқылы жеке басын куәлендіретін құжаттарды жасақтай алады. Әлеуметтік бейімдеу орталығына келген әрбір адам міндетті түрде дәрігерлік тексеруден және санитарлық өңдеуден өткізіледі. Төменде көрсетілген аурулары болған жағдайларда адамдар бейімдеу орталықтарына қабылданбауы мүмкін: 1) процестің белсенді сатысындағы туберкулез; 2) жұқпалы аурулар; 3) ауру адамның өзіне және айналасындағы адамдарға қауіптілік туғызуымен айқындалатын мінез-құлықтың бұзылушылығымен қатар жүретін психикалық аурулар; 4) алкогольдық, наркотикалық мас жағдайында болу.

Әлеуметтік бейімдеу орталығына келіп түскен әрбір адамға қайта бейімдеудің барынша мүмкін үлгісін таңдап алуға көмек беретін әлеуметтік карта, жеке іс жасақталады. Орталыққа орналастырылған адамдар өздеріне-өздері қызмет көрсетумен айналысуға міндетті және қоғамдық-пайдалы жұмыстарға, өндірістік шеберханалардағы жұмыстарға, орталықтың бөлмелерін, аумағын жинастыру бойынша жұмыстарға тартылуы мүмкін. Әлеуметтік бейімдеу орталықтарындағы түнеуге арналған төсек-орын ақысыз негізде беріледі, сонымен бірге бейімдеу орталықтарында зейнетақыны, тиісті түүрдегі мүгедектік жағдайында жәрдемақыны рәсімдеу және қарттар мен мүгедектер үйіне орналастырудың мүмкіндіктері қарастырылған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында осындай 21 Орталық ұйымдастырылып жұмыс жасауда. Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аталған өріске қатысты жарияланған мәліметтеріне қарағанда 2003 жылы әлеуметтік бейімдеу орталықтарында болған 1537 адамға жеке басын куәлендіретін құжаттарды алуға жәрдем берілсе 2005 жылы ондай адамдардың саны 2172-ге жеткен. 2003 жылы 1038 адамға бастапқы медико-санитарлық көмек көрсетілсе 2005 жылы осындай адамдардың саны 5708-ге жеткен.

Әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жәрдемімен зейнетақы және жәрдемақы рәсімделіп және қалпына келтірілген адамдар саны 2005 жылы 1,7 % ға артқан 2003 жылы олардың жалпы саны 235 адам болса, 2005 жылы 404 адамды құраған. 2003-2005 жылдары әлеуметтік бейімдеу орталықтары 558 адамды дәрігерлік-әлеуметтік мекемелерге, 724 адамды туысқандарына, 224 адамды жатақханаларға орналастырған. Әлеуметтік бейімдеу орталықтарында еңбекпен қамтамасыз ету мақсаттарында өндірістік шеберханалар ашылып және мамандықтарды игеруге жағдай жасалуда. Республика бойынша әлеуметтік бейімдеу орталықтарының ықпал етуінің арқасында 2003 жылы 1094 адам, 2004 жылы 1137 адам, 2005 жылы 1299 адам жұмысқа орналастырылған болса, 2003 жылы 729 адам, 2005 жылы 874 адам қоғамдық жұмыстарға қатыстырылған. Сонымен бірге әлеуметтік бейімдеу орталықтарында 2003 жылы 23 адам, 2005 жылы 72 адам қайта дайындықтан өткізілген.

Қазақстан Республикасының еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тұрғылықты жері, кәсібі, тіршілік үшін қаражаты жоқ тұлғаларға арналған әлеуметтік бейімдеу орталықтарының қызметі туралы

мәліметтеріне қарағанда аталған бағытта бірталай жұмыстардың атқарылып жатқандығы аңғаруға болады. Біздің мақсатымыз, осы келтірілген мәліметтердің қаншасы бас бостандығынан айыру орындарынан жазасын өтеп шыққан адамдарға қатысты екендігін зерттеу және осы өрісте шешімін таппаған қандай мәселелер бар және оларды табысты түрде шешу үшін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан қандай шаралар жасақталып жүзеге асырылуы тиіс, соларға нақты талдау жасау арқылы, аталған мәселені шешудігі басым бағыттарды айқындау болып табылады.

Жергілікті жерлердегі әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмыстарына талдау жасағанда осы өрісте әліде болса шешімін таппаған мәселелердің бар екендігі анық байқалады. Қазіргі уақытта өмірден өз орының таба алмай, нарықтық заманның қатаң заңдарына икемделе алмай қалған тұлғалар үшін аталған бейімдеу орталықтарының маңызы өте зор деп санаймыз. Төменде көрсетілген таблицадан жыл сайын бейімдеу орталықтарына орналастырылған адамдар санының өсіп келе жатқандығын анық байқауға болады.

№ пп	Ұйымдастырылған шаралар	2003 жыл	2004 жыл	2005 жыл
1	Барлық қабылданған адамдар саны	4322	5295	6839
2	Жеке басын куәлендіретін құжат алғандар	1537	2280	2172
3	Дәрігерлік-әлеуметтік мекемелерге орналастыру	193	234	241
4	Туыскандарына орналастырылғандар	300	424	-
5	Жатақханаға орналастырылғандар	159	65	-
6	Кәсіптік көмек көрсетілгендер	2021	2435	2245
7	Жұмысқа орналасуға көмек берілгендер	1094	1137	1299
8	Қоғамдық жұмыстарға жіберілгендер	729	682	874
9	Дайындықтан және қайта дайындықтан өткендер	28	15	72
10	Бейімдеу орталықтары жанындағы өндірістік шеберханаларға тартылғандар	170	601	-
11	Жұмыс жасап тұрған шеберханалар саны	18	21	16
12	Зейнетақы мен жәрдемақыларды рәсімдеуге және қайтадан қалпына келтіруге жәрдем етілді	235	274	404
13	Мүгедектігін анықтауға жәрдем етілгендер	111	131	201
14	Алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілгендер	4038	4109	5708



2005 жылдың 1 қаңтарында республикамызда осындай 20 орталық қызмет жасаған, жұмыс жасап тұрған бейімдеу орталықтардың саны бойынша Қостанай, Шығыс Қазақстан, және Қарағанды облыстары алдыңғы орында. Алматы қаласында 250 орындық орталық, Астана қаласында 150, Оңтүстік Қазақстан облысында 128, Семей қаласы мен Жамбыл облысында 100, Қостанай қаласында 75, Ақтөбе қаласында 75, Өскемен қаласында 60, Рудный, Арқалық, Қарағанды, Жезқазған, Павлодар, Көкшетау, Петропавловск, Орал қалаларында және Маңғыстау облысында 50 адамға, Қызылорда қаласында 30 адамға арналған бейімдеу орталықтары жұмыс жасауда.

Қостанай облысының үш қаласында, яғни Рудный, Қостанай және Арқалық қалаларында жұмыс істеп тұрған бейімдеу орталықтарында 2006 жылдың 1 қыркүйегінде 487 азамат тіркелген олардың ішінде 55-і зейнеткерлік жасқа жеткендер. 2005 жылы Қостанай қаласында орналасқан әлеуметтік бейімдеу орталығында 1100 адам баспана тауып олардың ішінде 514 адамға тіркеуге тұруға және тіркеуден шығуға көмек көрсетілген, 337 адамға жеке басын куәландыратын құжаттар рәсімделген, 304 адам жұмысқа орналастырылған, 60 адамға зейнетақы тағайындалып, 22 адамға мүгедектігі бойынша жәрдемақы алуға мүмкіндік жасалған. Өскемен қаласындағы әлеуметтік бейімдеу орталығында 2000-2003 жылдары 905 адамға жеке басының куәлігі берілген, 585 адам тұрақты немесе уақытша жұмысқа орналастырылған, 626 адам интернаттарға немесе туысқандарына орналастырылып, 248 адамға зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы алуға мүмкіндік жасалған. 2004 жылы әлеуметтік бейімдеу орталығын ұстау үшін облыстық бюджеттен 13,3 млн теңге бөлініп, 646 адамға әлеуметтік қызмет көрсетілген.

Алматы қаласының халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің ақпараты бойынша қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығында нақты тұрғылықты жері жоқ 319 адам тұрып жатқан болса олардың 36-сы зейнет жасындағы адамдар болып табылады. Қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығы жұмыс жасаған төрт жыл ішінде барлығы 81 мың адамға көмек көрсетілген. 2005 жылы 130 адамға жеке басын куәландыратын құжаттар және қазіргі уақытта аса қажет болып саналатын ӘЖК (СИК), СЕН (РНН) сияқты құжаттарға ие болуға жәрдем жасалған, 15 адам мүгедектігіне байланысты қарттар және мүгедектер үйіне орналастырылған. Қазіргі уақытта Әуезов және Жетісу аудандарында қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығының бөлімшелерін ашу мүмкіндіктері қарастырылуда. Алматы қалалық тұрақты тұрғылықты жері жоқ тұлғаларды әлеуметтік бейімдеу орталығының статистикасына қарағанда орталықта тұрып жатқан 18-35 жас аралығындағы адамдардың 80% шетелдіктер болса, 50 жастан жоғарғылардың басым көпшілігі қазақстандықтар болып табылады.

Сонымен қатар әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмыстарын ұйымдастыруда көптеген кемшіліктер мен шешілмеген мәселелердің бар екендігін айта кеткен жөн. Республиканың барлық орталықтарына жылдың қыс мезгілдерінде орналасуға тілек білдірушілердің санының күрт артуы сипатты болып табылады. Мәселен, Петропавловск қаласындағы әлеуметтік бейімдеу

орталығы 50 адамға арналған, ал облыстың тұрғындарының жалпы саны 661800 адамды құрайтындығын ескерсек аталған орталықтың тым тарлық ететіндігі түсінікті жағдай.

Статистикалық мәліметтерге қарағанда республикамыздағы бейімдеу орталықтарының контингенті 70% ішкі істер органдарының көмегімен, 18% тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдарының көмегімен, 12% орталыққа өздерінің өтініші бойынша орналасатындығын байқауға болады.

Еліміздің Алматы, Астана, Қарағанды, Өскемен сияқты ірі өндіріс ошақтарында орналасқан әлеуметтік бейімдеу орталықтарыда орын жетіспеушілігі айқын сезілуде. Осыған байланысты облыстарда әрбір 200000 адамға шаққанда 30-50 орындық бір әлеуметтік бейімдеу орталығы ашу мәселесі күн тәртібінде тұр. Кейбір облыстарда әлеуметтік бейімдеу орталықтары елді мекендерден тысқары орналасқан және оларға тек көлікпен және бірнеше рет көлікті ауыстыру арқылы ғана жетуге болады бұл өз кезегінде жол қаражаты жоқ адамдарға қиыншылықтар туғызады. Мәселен, Ақтау қалалық әлеуметтік бейімдеу орталығы соңғы уақыттарға дейін қаладан 30 шақырым жердегі Маңғыстау кентінде орналасқан болатын және оның мекен жайын көпшілік адамдар біле бермейтін. Сонымен бірге аталған кенттің жаңадан ұйымдастырылған Мұнайлы ауданының орталығы айналуына байланысты қалалық бейімдеу орталығын Ақтау қаласына көшіру мәселесі туындады. Жергілікті билік органдары аталған орталық үшін уақытша қамауда ұстау изоляторының бұрынғы ғимаратынан басқа ешнәрсе тауып бере алмаған сияқты.

Ақтау қаласының әлеуметтік бейімдеу орталығы 2001 жылы 50 адамға арналып ашылған болса онда қазіргі уақытта 89 адам тұрып жатыр және олардың тек үшеуі ғана түзеу мекемелерінің жолдамасымен орналастырылғандар. Ақтау қалалық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мәліметтері бойынша түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққан адамдарды жұмысқа орналастыру туралы 2006 жылы 96 хат келген болса олардың тек екеуі ғана қалалық жұмыспен қамту орталығына өздері келіп хабарласып жұмысқа орналасқан. 2007 жылдың 9 айында түзеу мекемелерінен 92 хат келген болса қалалық жұмыспен қамту орталығына жазасын өтеп шыққандар арасынан 5 адам өздері келіп хабарласып олардың төртеуі тұрақты жұмысқа орналастырылған 2 адам жергілікті бюджет есебінен оқып мамандық алған. Сонымен бірге халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерлерінің сөзіне қарағанда түзеу мекемелеріне келген хаттарда көрсетілген бостандыққа шыққан адамдардың мекен-жайлары көп жағдайда шындыққа сай келмейтіндігін атап көрсету керек. Біздің ойымызша бұл жерде сотталған адамдардың бостандыққа шыққаннан кейінгі оларға қойылуы мүмкін бақылаулардан жалтару мақсатында өздерінің тұрғылықты мекен-жайы туралы бұрмаланған ақпаратты беруінде сияқты.

Жағымды шешілуі өз кезегінде әлеуметтік бейімдеу орталықтарының жұмысын жақсартып қылмыстық жазасын өтеп шыққан адамдардың қоғам өміріне барынша белсенді және табысты кірігуіне мүмкіндік туғызатын

мәселелер ретінде төмендегілерді атап көрсетер едік: 1) халық тығыз қоныстанған ірі қалалар мен облыстардығы бейімдеу орталықтарындағы орынның жетіспеушілігі; 2) кейбір бейімдеу орталықтарының елді мекендерден жырақта орналасуы оның өз кезегінде оларға барып-келуде қиындықтарды туындатуы; 3) бейімдеу орталықтарында орналасқандар үшін жаңа жұмыс орындарын ашудағы жетіспеушіліктер; 4) бейімдеу орталықтарының кейбір қызметкерлерінің өздерінің тікелей міндеттеріне адал қарамауы; 5) бейімдеу орталықтарынан босатылған адамдарды арзан әлеуметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесінің шешімін таппауы салдарынан оларды белгілі бір мекен-жайға тіркеу мәселесінің пайда болуы; 6) әлеуметтік бейімдеу орталықтарына орналастырылған азаматтардың санатымен жұмыс жасауда тәжірибесі бар кәсіби психологтар мен әлеуметтік қызметкерлердің жетіспеушілігі.

Аталған мәселелердің оң шешімін табуы қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуіне игі әсерін тигізері хақ деп санаймыз. Біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесі осыны айқын көрсетіп отыр.

## **2. 5 Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың қайталап қылмыс жасауының алдын алудағы қоғамның рөлі**

Қылмыстық жазаның соның ішінде бас бостандығынан айыру жазасының қылмыстылықпен күресте қашалықты тиімділігіне қатысты пікірталас күн тәртібінен әлі күнге түспей келе жатқан мәселе.

Сонымен қатар әлі де болса бас бостандығынан айыру жазасының мәжбүрлі шара ретінде қолданылып келе жатқандығын атап көрсету керек. Мәселен, Маңғыстау облысының соттарымен 2005 жылы 1143 адам сотталған болса олардың 421-і, яғни 29,2% бас бостандығынан айыру жазасына тартылған. 2006 жылы қылмыстық жауаптылыққа тартылып сотталған 1197 адамның 312-і, яғни 26,1% бас бостандығынан айыру жазасына тартылған. Олардың ішінде 1 жылға дейінгі мерзімге 19 адам, 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге 123 адам, 3 жылдан 5 жылға дейінгі мерзімге 89 адам, 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге 75 адам тартылған. 2007 жылдың 9 айындағы мәліметтер бойынша заңды күшіне енген сот үкімдеріне сай 314 адам қылмыстық жауаптылыққа тартылып олардың 116-сы, яғни 36,9% әртүрлі мерзімдерге бас бостандығынан айыруға тартылған [104, 3.].

Сотталғандардың әртүрлі санаттары үшін бас бостандығынан айырудың салдары төмендегідей болуы мүмкін: 1) жетекші формальдысыз топтардағы қызметтің арқасында белсенділігі сақталып қалған, алайда қоғаммен қабылданған құндылықты-нормативтік бағдарларға қарама қайшылықты болып келетін өмірлік ұстаным (өмір философиясы); 2) бас бостандығынан айыру орындарының әкімшілігі мен формальдысыз жетекші топтардың сотталғандардың негізгі бөлігіне ықпал етудегі күресінде бейтараптық сақтауға тырысушылықтың негізінде қалыптасқан жеке белсенділікті тежейтін енжар, аңдысын аңду ұстанымы; 3) арнайы психологиялық немесе психиатриялық

араласуды талап ететін бейімделу механизмінің әлсіреуі немесе бұзылуы, жеке тұлғаның патологиялық өзгерістерге ұшырауы.

Аталған салдар біздің ойымызша, бас бостандығынан айырудың жеткіліксіз дәрежедегі тиімділігінің көрсеткіші болып табылады. Олар өз кезегінде басым жағдайларда постпенитенциарлық болып табылатын рецидивтік қылмыстылықтың жай-күйін түсіндіруге көмек береді. Бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққандардың арасында қылмыстың қайталануы мүмкіндігінің алғашқы алты айда өте жоғары екендігін және уақыт өте келе бейімделу механизмінің қалпына келтірілуімен немесе қоғамның ықпалымен өмір ұстанымының жағымды өзгерістерге ұшырауына байланысты төмендейтіндігі туралы біз зерттеу жұмысымыздың осыған дейінгі бөлімдерінде айтқан болатынбыз. Адам өзіне бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған бірінші қылмысын жасаған кезде оның жас шамасы неғұрлым жас болса оның қайталап қылмыс жасауының мүмкіндігі де соғұрлым жоғары болатындығын және бостандыққа шығу мен жаңа қылмысты жасау аралығындағы уақыт мерзімі де барынша қысқа болып келетіндігін баса көрсету керек, бұл орайда әңгіме бас бостандығынан айыру орындарындағы ортаның жас адамдарға барынша қарқынды ықпал ететіндігінде болып отыр.

Жазаның тиімділігіне қатысты қалыптасқан пікірлерге келетін болсақ олар негізінен жазаның тиімділігінің белгісі жазаның әдебиеттерде көрсетілген барлық мақсаттарына қылмыстан сақтандыру мақсатынан басқасына жазаны қолдану фактісінің өзімен-ақ қол жеткізіледі (жапа шектіру, сазайын тарттыру, әділеттілікті қалпына келтіру) сондықтан олардың тиімділігі үшін ешқандай негіз қажет емес немесе олардың тиімділігін белгілеу әлдеқандай нақты негіздермен есептеліне (түзету, тәрбиелеу және т.с.с.) алмайды дегенге саятын сияқты.

Олай болса жазаның тиімділігі ретінде нені түсінуіміз қажет? Аталған мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастар.

Еңбек арқылы түзетушілік ықпал етумен байланысты атқарудың тиімділігі ретінде жазаның мақсаттарына қол жеткізудің табыстылығы түсініледі – деп И. В. Шмаров дұрыс болжам жасайды [105, 62.]. А. М. Яковлевтың пікірінше «жазаның – қоғамның қауіпсіздігін нақты қамтамасыз етудің дәрежесі» - болып табылады [106, 101.]. А. Е. Наташевтың ойынша «қоғамдық санаға және сотталған адамға ықпал ету нәтижесінде жазаның мақсаттарын нақты жүзеге асыруды (қол жеткізу деңгейін) жазаның тиімділігі ретінде бағалау қажет» [107, 164.].

Қылмыстылықтың қарқындылығы жазаның қылмыстылықтан сақтандыру мақсатына қол жеткізудегі ықпалының бірден-бір нақты белгісі болып табылады.

А. Е. Наташев төмендегілерді ажыратуды ұсынады: а) жаза жүйесінің тұтастай алғандағы және оның жекелеген түрлерінің тиімділігі; б) әлдебір қоғамдық қауіпті іс-әрекеттерге қылмыстық-құқықтық тыйым салудың тиімділігі; в) жазаның оны тағайындау және атқарылуы сатысындағы тиімділігі; г) сотталған адам жазаны өтегеннен немесе мерзімінен бұрын-

шартты бостандыққа шыққаннан кейінгі түзеу және тәрбиелеу нәтижелерін бекіту бойынша шаралардың тиімділігі [107, 164.].

Жазаның тиімділігі атап айтқанда, түзеу мекемесінің тиімділігі әртүрлі көрсеткіштер бойынша бағалануы мүмкін, олардың қатарында рентабельдік, өзін-өзі қаржыландыру, өндірістік жоспарларды орындау, мәдени-тәрбиелік жұмыстар жоспарын орындау, тәртіп бұзушылықтардың қарқындылығы және т.б. көрініс табуы мүмкін. Алайда «тиімділіктің құқықтық ережелердің нәтижелері мен мақсатының арақатынасының көрсеткіші ретіндегі және шаруашылықты басқарудағы үнемділік, рационалдық ретіндегі тиімділіктің әртүрлі құбылыс» екендігіне дұрыс назар аударылған [108, 31.].

Бұл көрсеткіштердің бірде-бірі түзеу мекемелерінің алдында тұрған негізгі міндеттерге сай келмейді және де оның қызметінің тиімділігінің бірден- бір нақты көрсеткіші болып берілген түзеу мекемесінен бостандыққа шыққан тұлғалар арасындағы жеткілікті деңгейдегі ұзақ уақыттық мерзімде дұрыс есепке алынған рецидивтің деңгейі табылады [109, 348-349.].

Көптеген зерттеушілер түзеу мекемелерінің және жазаны атқаратын басқа да органдардың қызметін бағалау үшін басшылыққа алынатын әртүрлі белгілерді атап көрсетеді. Мысалы, И. В. Шмаров осындай белгілердің қатарына: жазасын өтеп шыққан тұлғалардың тарапынан жасалған рецидивтік қылмыстардың деңгейін; жазаны өтеу кезіндегі сотталғандардың арасындағы қылмыстылықтың деңгейін; түзеу мекемелерінің және жазаны атқаратын өзге де органдардың жалпы сақтандырушылық қызметтерінің нәтижелерін жатқызады. Дегенмен бұл аталған белгілердің әрқайсысы жалпы түрінде маңызға ие болғанымен оларға бірқатар ескерпелер жасаған орынды деп ойлаймыз. Әртүрлі жазаны өтеп шыққан тұлғалардың қылмыстылығының деңгейін салыстыру көрсеткіштік негіз болып табылмайды, себебі ол тек осынай жазаны атқарушы органдардың жұмысының сапасына ғана тәуелді емес, бірінші кезекте әртүрлі жазаға тартылатын тұлғалар контингентінің сапалық тұрғыдан айырмашылықтарға ие болатындығына тәуелді. Егерде бас бостандығынан айыруға сотталғандар мен айып салуға немесе қоғамдық жұмыстарға тартуға сотталғандардың арасындағы рецидивтің пайызын салыстырар болсақ онда бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққандар арасында рецидивтің барынша көп болуы әбден мүмкін. Бұл бас бостандығынан айыру айып салу мен қоғамдық жұмыстарға тартумен салыстырғанда тиімсіз дегенге дәлел бола алмайды, тек бас бостандығынан айыруға барынша ауыр қылмыс жасаған тұлғалар және барынша кәнігі қылмыскерлердің тартылатындығымен түсіндірілсе керек.

Осы көрсетілгендерге назар аударуымыздың себебін біз қылмыстық жазаны соның ішінде адам үшін аса құнды болып табылатын бостандықтан айырумен байланысты бас бостандығынан айыру жазасын қолданудың өзі де рецидивтік қылмыстылықты толықтай жоя алмайтындығын дәлелдемек мақсатта келтіріп отырмыз негізінен алғанда жазаның тиімділігінің мәселесі өте күрделі мәселе және оны тереңірек талдау жалпы алғанда біздің жұмысымыздың міндеті болып табылмайды деп ойлаймыз

Ендеше бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның жағымсыз салдарын шектеуге тырысқан дұрыс. Осы айтылғандардан кейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан мүлде бас тарту қажет деген пікір әрине қалыптаспауы керек. Дегенмен бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға тартылып бостандыққа шыққан тұлғалар арасындағы қылмыстың қайталануын қалай шектеуге болады және осы өрісте қоғамдық ұйымдардың рөлі қандай? Осы мәселені біз зерттеу жұмысымыздың келесі бөлімінің негізгі арқауы еткелі отырмыз.

Бас бостандығынан айыру орындарында жазаны атқару қаншалықты тыңғылықты және нәтижелі ұйымдастырылса да, сотталған адамның мінез-құлқында жағымды өзгерістер қаншалықта орын алса да жазадан босатылғандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу барысында арнайы шаралар жасақталып жүзеге асырылуы тиіс.

Біз жұмысымыздың осыған дейінгі бөлімдерінде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан және әкімшілік қадағалауда тұрған тұлғаларға қойылатын шектеулер және оларға ұйымдастырылып, жүзеге асырылуға тиісті шаралар туралы барынша толық айтқан болатынбыз.

Біздің пікірімізше, жазасын өтеп шыққан қылмыскерлерді бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісінің табысты түрде жүзеге асырылуы тек әділет және ішкі істер органдарының қызметтерінің негізінде ғана мүмкін болмайды аталған міндеттердің талапқа сай жүзеге асырылуы қылмыстың қайталануының алдын алудағы, олардан сақтандырудағы аса маңызды фактор екендігін ескере отырып оған мемлекет және қоғам тұтастай мүдделілік танытуы тиіс.

Түзеу мекемесінен босатылған алайда әкімшілік қадағалауға алынуға жатқызылмайтын, сондай-ақ жазадан мерзімінен-бұрын шартты түрде босатылған тұлғаларға қатысты қоғамдық ұйымдар олардың тұрмыстағы және өндірістегі жүріс-тұрыстарына бақылауды жүзеге асырып, тәрбиелік мақсаттағы жұмыстарды жүргізеді.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеу кезінде жүргізілген және жазасын өтеп бостандыққа шыққаннан кейін жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың сабақтастығы түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққан тұлғаларды еркіндіктегі өмір жағдайларына табысты түрде бейімдеудің бір шарты болып табылады. Осы аталған жұмыс бостандыққа шыққан адамның жеке басының ерекшеліктерін, ең алдымен оның мінез-құлқының жағымды және жағымсыз қасиеттерін, түзету мен тәрбиелеудің қол жеткізілген деңгейін есепке ала отырып жазаны өтеу кезінде жағымды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берген тәрбиелік ықпал етудің амалдары мен құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылғаны дұрыс.

Бостандыққа шыққан адамдармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының сабақтастығының негізгі алғышарттарының бірі болып қоғамдық ұйымдардың, ең алдымен ол адамдардың тұрғылықты жеріндегі бақылау комиссияларының түзеу мекемелерімен барынша ұйымдастырылған деңгейдегі өзара әрекеттестігі табылатындығы ақиқат.

Бостандыққа шыққан адам тұрғылықты жеріне келіп жұмысқа орналасқаннан кейін бақылау комиссиясы немесе ол жұмысқа орналасқан кәсіпорынның (мекеменің) қоғамдық ұйымы ТМ-нің әкімшілігіне бостандыққа шыққан адам туралы, оның жұмыс орыны мен тұрмыс жағдайлары туралы ақпарат беруі тиіс, сондай-ақ онымен тәрбиелік жұмыстарды жүргізудің барынша тиімді нысандары туралы ақпаратты сұратуы керек. Өз кезегінде ТМ-нің әкімшілігі қоғамдық ұйымдарға бостандыққа шыққан адамның жасаған қылмысының сипаты, өтелген жазаның мерзімі, бұрынғы сотталғандығы, жазаны өтеу кезіндегі мінез-құлқы, түзелуінің дәрежесі, оның жеке басының жағымды және жағымсыз қасиеттері және де бостандыққа шыққан адаммен қандай тәрбиелік жұмысты қандай бағытта жүргізу қажет екендігі туралы ақпаратты беруі қажет. Осындай мазмұндағы ақпараттың болуы қоғамдық ұйымдарға аталған тұлғалармен тәрбиелік жұмыстарды барынша ұйымдастырылған және тиімді бағыттарда жүргізуге көмек береді.

Өкінішке орай бостандыққа шыққан адамдармен бақылау комиссиялары және басқа да қоғамдық ұйымдардың кеңес заманында жүргізіп жинаған озық тәжірибелері біздің қоғамымыздағы кейінгі жылдары орын алған әртүрлі факторларға байланысты ешқандай қолданылмай қалған десек де болады.

Аталған кезеңде ұйымдастырылып жүзеге асырылған, өзінің тиімділігін нақты өмір жағдайларында айқын дәлелдеген озық тәжірибелерге зерттеу жүргізу және де оларды қазіргі күн талаптарына барынша икемдей отырып тәжірибеде пайдалану біздің ойымызша өзінің тиімді нәтижесін берері хақ.

Жергілікті атқарушы билік органдарында, атап айтқанда әртүрлі деңгейлердегі әкімдіктерде қоғамдық негізде жұмыс жасайтын құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу бойынша кеңестердің құрамында жазасын өтеп шыққан қылмыскерлердің әлеуметтік ортаға бейімделуі үрдісінің жүзеге асырылуын бақылайтын арнайы сектор құрылғаны дұрыс.

Сонымен бірге бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғалар жұмыс жасайтын кәсіпорындарда, мекемелерде бақылау комиссияларын құру қажет.

Түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққан адамның жеке басы туралы мәліметтер алынған соң бақылау комиссиясының немесе кәсіпорынның кәсіподақ комитетінің мәжілісінде өмірлік тәжірибесі мол, алдыңғы қатарлы жұмысшылар тарапынан қоғамдық тәрбиеші тағайындау мәселесін қарап шешкен дұрыс. Қоғамдық тәрбиеші ТМ-нен алынған мәліметтердің, бостандыққа шыққан адаммен, оның отбасы мүшелері не жақын туыстарымен өткізілген әңгімелесулердің негізінде жүргізілуге тиісті тәрбие жұмыстарының жоспарын жасақтап ол өз кезегінде бақылау комиссиясының немесе кәсіподақ комитетінің отырысында бекітілуі тиіс.

Тәрбиелік бағытта жүргізілетін жұмыстардың жоспары бекітілгеннен кейін қоғамдық тәрбиеші бостандыққа шыққан адамның жүріс-тұрысына жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырып онымен тәрбиелік жұмыстар жүргізуі керек.

Тәрбиелік сипаттағы шаралардың арасынан ең алдымен сотталғандардың өздерінің жүріс-тұрыстары және еңбекке деген көзқарастары туралы бақылау

комиссиясының немесе кәсіподақ комитетінің отырыстарында жасалатын есеп берулерін атап көрсетуге болады.

Бостандыққа шыққан адамдардың есебін жүйелі түрде тыңдап отыру оларды тәртіпке салады, өздерінің жүріс-тұрыстарына жауаптырақ қарауға мәжбүр етеді. Есеп берулердің көмегімен «өзін-өзі тәрбиелеуді қолданудың тиімділігі, жағымды іс-тәжірибелер анықталып бекітіледі, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге кедергі келтіретін себептер жойылады» [110, 257]. Осылайша қоғамдық ұйымдардың алдында бостандыққа шыққан адамдардың есеп беруі – бұл олардың жүріс-тұрысын бақылаудың нысаны ғана емес, сонымен бірге тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеуінің құралы да болып табылады.

Бір өкініштісі ТМ-нен бостандыққа шыққандармен тәрбиелік жұмыстар барлық жерде бірдей жүргізілмейді. Қатаң режимдегі түзеу колониясында жазасын өтеп жатқан сотталғандардың үлкен тобының арасында жүргізілген сауалдаманың қортындысына қарағанда олардың басым көпшілігімен (сауалнамаға қатысқандардың 80%) қоғамдық ұйымдардың ешқандай жұмыстарды жүргізбегендігі анықталған. Олардың қалғандарымен тәрбиелік сипаттағы әңгімелер өткізілгенімен олардың жүріс-тұрыстарына жүйелі түрде бақылау қойылмаған. Осының барлығы өз кезегінде сауалнамаға қатысқандардың 42,8% бұрынғы жасаған қылмысы үшін тағайындалған жазадан босатылған сәттен бастап бір жылдың ішінде жаңадан қылмыс жасауларына себепші болған.

Қоғамдық ұйымдардың атап айтқанда бақылау комиссиялары мен кәсіподақ комитеттерінің түзету мекемелерімен бірлескен әрекеті тек осы органдардан бостандыққа шыққандардың жүріс-тұрысы туралы ақпарат алуды қарастырып ғана қоймайды сонымен бірге осындай тұлғаларға олардың тәрбиелік ықпал етулерін білдіреді. Колония қызметкерлері бар мүмкіндікті пайдаланып бостандыққа шыққандардың жүріс-тұрысы есептері тыңдалатын бақылау комиссияларының отырыстарына қатысуы тиіс.

Түзеу мекемелерінің әкімшіліктері өз тарапынан бостандыққа шыққан адамның жүріс-тұрысы туралы ақпаратты алып тұруы тиіс. Бұл түзеу мекемелері үшін де, бостандыққа шыққандармен жұмыс жүргізетін қоғамдық ұйымдар үшін де үлкен маңызға ие болады. Бостандыққа шыққан адамдардың жүріс-тұрысы туралы мезгіл-мезгіл сұрау салып отыру колония әкімшілігіне өздерінің жұмыстарының нәтижелерін, жазаның мақсаттарына қол жеткізудің тиімділіктерін барынша объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Түзеу колонияларының жауапты қызметкерлері бостандыққа шыққандардың жүріс-тұрыстары туралы мәліметтерді тек бостандыққа шыққан уақыттан кейін көп ұзатпай емес сондай-ақ алты айдан, бір жылдан соң да сұратып отырғаны дұрыс. Егер сотталған адам мерзімінен бұрын-шартты босатылған болса, жасақ бастықтары олардың жүріс-тұрыстары туралы мәліметтерді сынақ мерзімінің өне бойына алып отырғаны абзал.

Осылайша қоғамдық ұйымдардың түзеу мекемелерінің әкімшіліктерімен жазадан босатылғандардың жүріс-тұрыстарына бақылауды жүзеге асыруы және олармен тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды жүргізу барысындағы тығыз



әрекеттестігі мен белсенді түрдегі тізе қосып жұмыс жасауы аталған тұлғалардың әлеуметтік ортаға табысты түрде бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Сонымен бірге бақылау комиссиялары мен қоғамдық ұйымдар жазасын өтеп шыққандардың жүріс-тұрыстарына бақылауды жүзеге асыра алатын мерзім туралы мәселе қарастырылып өзінің заңды шешімін тапқаны дұрыс болар еді. Біздің ойымызша бақылау комиссиялары бас бостандығынан айыру орынынан босатылғандардың жүріс-тұрыстарына бақылау жасауды олардың соттылығы жойылғанша немесе алынғанша жүзеге асырғаны ләзім.

Сонымен қатар қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды құқыққа сай жүріс-тұрысқа ынталандыру мақсатында олар ұзақ уақыт бойына өздерін жағымды ұстаған жағдайда қоғамдық бақылауды мерзімінен бұрын тоқтату мәселесін де қарастыру керек. Аталған жағдай жазасын өтеп шыққан адамдардың бостандықтағы өмір жағдайларына табысты түрде бейімделуіне қосымша дем береді деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандармен қатар, жазасын өтеп шыққандардың арасындағы рецидивтік қылмыстардың алдын алуда жазадан босатылғандардың есебінің уақытылы және ұдайы жүргізіліп отыруының маңызы зор екендігін атап өткіміз келеді. Тұлғалардың көрсетілген санатын тұрғылықты немесе жұмыс орындары бойынша есепке алудың тиісті деңгейде ұйымдастырылуы оларды мүмкіндігінше уақытында жұмысқа орналастыруға, олардың өндірістегі және тұрмыстағы жүріс-тұрыстарын бақылауға алуға, алдын алу және тәрбиелік бағыттардағы жұмыстарды жүргізуге, олардың қоғамдық пайдалы қызметке қайтып оралуына кедергі келтіретін факторларды жоюға мүмкіндіктер береді. Ақыр аяғында жазадан босатылғандарды жан-жақты есепке алу әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісіне басшылық жасаудағы мемлекеттік органдардың және қоғамдық ұйымдардың жұмыстарындағы кемшіліктерді анықтауға және оларды жоюға қолайлы жағдай туғызады.

Негізінде түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың жұмысқа орналасуы мен тұрмысын жайластыруды, олардың мінез-құлықтарына бақылау және қадағалау жасауды және олармен тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыруды бірқатар мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар жүзеге асырады. Сондықтан тұлғалардың көрсетілген санатының есебін жүргізудің жүйесі туралы мәселе пайда болады: ол бірегей болып бір орында жинақталуы тиіс пе, әлде керісінше бостандыққа шыққан адаммен жұмыс жүргізетін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарда таратыла орналастырылуы тиіс пе? Аталған мәселенің бір жақты шешілуі біздің ойымызша қателікке ұрындырған болар еді.

Егер жазасын өтеп шыққандардың барлық есебін тек ғана бір мемлекеттік органда мысалы, аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінде жинақталса, онда кәсіпорындар мен ұйымдар, бақылау комиссиялары бостандыққа шыққандардың тиісті санатының әлеуметтік бейімделуінің үрдісіне олардың жеке бастары туралы қажетті мәліметтердің болмауы себепті тиісті дәрежеде басшылық жасай алмайды. Сонымен бірге бостандыққа шыққандардың есебін

жүргізуді әртүрлі мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдарға таратып беру де дұрыс болмайтын сияқты себебі аталған жағдай ауданның немесе қаланың аумағындағы бейімделу үрдісін басқарудағы барлық қызметті үйлестіру мүмкіндігін жоққа шығарар еді. Сондықтан ішкі істер органдары бір жағынан бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың барлығының бірегей есебін жүргізетін, екінші жағынан – кәсіпорындар, ұйымдар және мекемелер, бақылау комиссиялары тәрбиелік бағыттағы жұмыстарды тікелей жүргізіп және жүріс-тұрыстары бақылауға алынуға тиісті бостандыққа шыққан адамдардың есебін жүргізетін жүйе барынша қолайлы және икемді деп санаймыз. Есепке алудың осындай тәсілі барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың бостандыққа шыққандармен жүргізілуге тиісті жұмыстарының негізгі бағыттарын үйлестіруге, олардың әлеуметтік ортаға бейімделу процесін тұтастай алғанда талдап және оларды басқаруға мүмкіндік береді.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарды есепке алудың қалыптасқан жүйесі жалпы алғанда осы талаптарға жауап береді. Ішкі істер органдары ауданның немесе қаланың аумағында түзеу мекемелерінен босатылғандардың бірегей есебін жүргізеді. Дегенмен осы аталған жүйеде әліде болса жетілдіруді қажет ететін жәйттер бар секілді атап айтқанда қазіргі әрекет ететін қылмыстық-атқару заңнамасында бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққандарды есепке алудың міндеттілігі туралы норма қарастырылмаған. Біздің ойымызша Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару Кодексінде жазасын өтеп шыққан қылмыскерлердің барлық санатының олардың соттылығы жойылғанша немесе алынғанша бірегей есебін жүргізудің міндеттілігі туралы ереженің енгізілгені дұрыс.

Әрекет етуші ережелер бойынша бақылау комиссиялары бірнеше мәрте сотталған адамдардың есебін жүргізуді ұйымдастырады. Аталған тұлғалардың есеп карточкаларда олардың фамилиясы, аты, әкесінің аты, туылған жылы, мекен-жайы, сотталғандығының саны, соңғы жазасын өтеген жері, отбасы жағдайы, мамандығы, білімі, бостандыққа шыққаннан кейінгі жұмыс орны сияқты мәліметтер көрсетіледі. Бақылау комиссиясының төрағасы есептің жүргізілуін қадағалап отырады.

Бақылау комиссиялары есепті жүргізетін арнайы аппаратқа ие болмағандықтан бостандыққа шыққандарды уақытында есепке алып отыру үшін олардың ішкі істер органдарының үнемі көмегін қажет ететіндігі түсінікті жағдай, ішкі істер органдары өз кезегінде бақылау комиссияларын оларға қажетті ақпаратпен қамтамасыз етіп отыруға тиісті. Бақылау комиссиялары мен ішкі істер органдарының осындай бірлескен әрекеті болмайынша олар бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққандарға тиісті дәрежедегі бақылауды жүзеге асыра алмайды.

Еліміздің бірқатар облыстарындағы бақылау комиссияларының жұмыс тәжірибесімен танысу жазадан босатылғандарының есебін жүргізуді ұйымдастыруда кемшіліктердің көп екендігін анық көрсетті. Бақылау комиссияларының әділет, ішкі істер органдарымен осындай біріккен

әрекеттерінің болмауы салдарынан есепке тек бақылау комиссияларына өздері хабарласқан бостандыққа шыққан адамдар ғана тұрады. Аталған жағдайда бостандыққа шыққан адамдардың карточкалары олардың өздерінің айтуымен толтырылады сол себепті оларда бұрмаланған мәліметтердің көрсетілуі сирек кездеспейді.

Жазадан босатылғандардың кәсіпорындарда, ұйымдарда және мекемелерде есебін жүргізудің маңызы аз емес. Осындай есепті жүргізу бостандыққа шыққан адамдардың өздері ұсынған, ия болмаса әділет, ішкі істер органдарынан алынған мәліметтердің негізінде ұйымдастырылуы мүмкін.

Қоғамдық ұйымдардың және еңбек ұжымдарының жазасын өтеп шыққан тұлғаларды тәрбиелеудегі жұмыс тәжірибесін зерттеу аталған тұлғалардың есебін жүргізу талапқа сай ұйымдастырылған кәсіпорындар мен мекемелерде ғана өзінің табысқа жете алатындығын анық байқатты.

Жазадан, ең алдымен бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандардың есебін жүргізу мәселесін қарастыруды қортындылай отырып, аталған тұлғалардың жан-жақты есебін жүргізу бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін басқару қызметі заң арқылы жүктелген барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың тығыз бірлескен әрекет етуі жағдайында ғана мүмкін болатындығын баса айту керек.

Бас бостандығынан айыру жазасын өтеп шыққан тұлғаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу үрдісінің аса күрделі мәселе болып табылатындығын біз осыған дейін де атап өткен болатынбыз. Аталған мәселенің оң шешімін табудағы түзеу мекемелердегі ұйымдастырылған жұмыстар жазасын өтеп шыққандармен бостандықтағы өмір жағдайларында да өзінің жалғасын таппас, яғни ол адамдардың тұрмыс-тіршілігін жайластыруда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан тиісті деңгейде ұйымдастырылған шаралар жүзеге асырылмаса түпкі нәтиженің қоғам үшін жағымды болуы екіталай. «Рецидивистер өткен өмірмен қош айтысуға шын ниеттен тілек білдіргенде, қоғам оларға көмекке келуі тиіс» - деп И.И. Карпец өте дұрыс айтқан [111, 80.].

Жекелеген адамның жазаны өтегеннен кейінгі жүріс-тұрысы көп жағдайда жазалаушы-тәрбиелеуші әсер етудің нәтижелеріне емес, постпеницитарлық факторлардың оған қаншалықты әсер ететіндігіне тікелей байланысты. Олардың кейбіреулері тәрбиелік ықпал етулердің нәтижелерін бекітуге жағдай жасаса, қайсы біреулері керісінше жаңадан қылмыс жасауға итермелеуі мүмкін [112, 63-65.].

Қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына табысты бейімделуі үшін аса маңызды болып табылатын оларды жұмысқа орналастыру мен тұрмысын жайластырудағы ішкі істер, әділет және басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жұмыстары қанша маңызды болса да олар тек бостандыққа шыққан адам өзінің өмірін қалыпты жағдайға түсіруде ол тап болуы мүмкін қиындықтарды жеңіп шығуына шын тілектес болатын адамдар ұжымының арасына тап болған кезде ғана өзінің жағымды нәтижелерін бере алады. Осы орайда бостандыққа шыққан адам тап болатын еңбек ұжымында қалыптасқан хал-ахуал ерекше маңызға ие болады.

Себебі әрбір бостандыққа шыққан адам жұмысқа орналаса отырып өзінің уақытының басым көпшілігін өткізетін, әртүрлі байланыстар мен қатынастар орнататын, өзін жеке тұлға ретінде көрсететін, өзінің қарым-қатысқа деген қажеттілігін жүзеге асыратын еңбек ұжымына кіреді. Әрине жұмысқа жаңадан орналасқан кез келген адам үшін жаңа ортаға бейімделіп, оның қалыптасқан дәстүрлерін, қарым-қатыс ережелерін қабылдау, ақыр аяғында ондағы өзінің орынын табу үшін белгілі бір уақыттың қажет болатындығы түсінікті жағдай. Соның ішінде бұл бостандыққа шыққан адам үшін маңыздырақ болып табылады, себебі оған тек жаңа ұжымға ғана емес, шұғыл түрде өзгеріске ұшыраған өмір жағдайларына да бейімделу міндеті пайда болады.

Еңбек ұжымында жазаны өтеу барысында қол жеткізілген түзеу және тәрбиелеу нәтижелерін бекіту жүзеге асады. Еңбек ұжымында қалыптасқан дәстүр, өнегелік-психологиялық хал-ахуалдың ұжымның әрбір жеке мүшесінің жүріс-тұрысына тигізетін ықпалының ықпалының аса маңызды болып табылатындығы белгілі.

Еңбек ұжымдарының және олардың қоғамдық ұйымдарының қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалармен жұмыс жүргізуге кеңнен тартылуы заңда белгіленген уақытта соттылықтың сақталуына байланысты өзіндік ерекшеліктерге ие және осы адамдар бостандыққа шыққан нақ осы алғашқы уақыттарда көмекті, қолдауды және бақылауды қажет етеді.

Қылмыстық жазаны өтегеннен кейін бірден соттылықтың сотталғандық пен жазаны өтеудің салдары ретіндегі сақтандыру қызметі басталады. Дәл осы кезеңде жазасын өтеп шыққан адам бостандыққа шыққандардың есебін жүргізіп, олардың жүріс-тұрыстарына және еңбек пен тұрмыстық мәселелерінің шешілуіне бақылау жасап отыратын әділет, ішкі істер органдарының назарында болады. Соттылықпен байланыстырылатын және ішкі істер органдарының бақылауы мен қадағалауынан көрініс табатын жазасын өтеп шыққандардың құқықтық шектелуі ақыр соңында құқыққа қарсы жүріс-тұрыстың қайталануының алдын алуға бағытталған.

Еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асырмайтындығы белгілі және олар оған тиісті де емес. Оларға өзгеше міндеттер жүктеледі. Ішкі істер, әділет органдарының аталған өрістегі қызметі заңмен және ведомствалық нормативті актілермен реттелген болса, қоғамдық ықпал ету өзінің мазмұны бойынша біршама кеңірек және қатаң реттеушілік сипатқа ие болмайды.

Ең алдымен тәрбиелік ықпал етуді жүріс-тұрыстарын жөнге салу мақсатында үнемі назарда ұстауды қылмыстық жазасын өтегеннен кейін еңбек ұжымына келген адамдар қажет етеді. Оларға қатысты ұйымдастырылып жүзеге асырылатын жұмыстар жеткілікті түрдегі өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін жеңілдету мақсатында еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдар аталған тұлғалардың өндірістегі және тұрмыстағы жүріс-тұрыстарына қоғамдық бақылау жасауы тиіс. Оның мәнісі мен міндеті – еңбек ұжымының күшін

пайдалана отырып бостандыққа шыққан адамның адал еңбек жолына түсіп, құқыққа қарсы жүріс-тұрысқа жол бермеуіне көмектесу болып табылады. Бостандыққа шыққан адам оның тағдырына тек мемлекеттік органдар ғана емес сонымен бірге қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының да алаңдаушылық білдіріп, қажетті көмек көрсетуіне бей-жай қарай алмайды.

Бостандыққа шыққан адамдардың мемлекеттік органдар тарапынан жасалатын бақылауды көп жағдайда мәжүбірлі-ресми ретінде қабылдап, ал еңбек ұжымдары тарапынан жүзеге асырылатын қоғамдық бақылауды психологиялық тұрғыдан әдетте басқаша қабылдайтындығын тәжірибе көрсетіп отыр. Ресми бақылауға қиынға түсетін нәрсенің жұмыс орынындағы шағын әлеуметтік топтың араласуы арқылы жөнге салынатын сәттері сирек емес. Тікелей және күнделікті қарым-қатыстың барысында қақтығыстық жағдайдың қалыптасқандығын аңғарып, оның алдын алу шараларын жүзеге асырудың мүмкіндігі мол және осы тұрғыдан алғанда қоғамдық ықпал етудің пәрменділігі жоғары. Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және еңбек ұжымдарының көмегі жиынтығында қылмыстық жазасын өтеп шыққан азаматтардың өмірінің қалыпты жағдайға түсуіне ықпал ете алады және етуі тиіс.

Еңбек ұжымдарындағы әртүрлі қоғамдық құрылымдар және кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктері әртүрлі көмек көрсетуге тартыла алады. Тұрақты түрінде жүзеге асырылатын бақылау шаралары бостандыққа шыққан адамға бекітілген тәлімгермен жүзеге асырылады. Еңбек ұжымдарының осындай өкілеттіке ие өкілдері аумағында бостандыққа шыққан адам мекендеп жатқан ішкі істер органдарымен бірге сақтандыру сипатындағы әңгімелесулер өткізіп, жеке жұмыстар жоспарындағы тапсырмаларды орындайды.

Қоғамдық ұйымдар мен еңбек ұжымдарының көмегін пайдалану белгілі бір уақыт бойына жүзеге асырылады. Осыған байланысты «сотталған» және «жазасын өтеуден босатылған» ұғымдарының бір мәндес болмайтындығын түсіндіре кеткен орынды олардың біріншісі – барынша кең ұғым.

Бостандыққа шыққан азамат жұмысқа орналасып, тұрмысын жайластырғанға дейінгі уақыт ол үшін аса күрделі кезең. Дәл осы уақытта оған тек туыстарының ғана емес, еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардың да көмегі қажет болатындығы күмәнсіз. Өмірлік маңызы бар мәселелердің шешімін табуы белгілі бір шамада еңбек ұжымымен, жұмыс орынындағы қоғамдық құрылымдармен бақылауға алынады. Бостандыққа шыққан адамға көрсетілетін көмек оның жұмысқа орналасуымен ғана аяқталмауы тиіс – адам еңбек ұжымына бой үйретіп, оның ырғағын қабыл алып, қажетті қарым-қатыстарды қалыптастыруы керек. Сондықтан қоғамдық бақылау, әлеуметтік ортаға бейімделуді жеңілдетуге бағытталған көмек ол қажетті болған кезге дейін жүзеге асырылғаны дұрыс. Қоғамдық ықпал етуді соттылықтың барлық мерзіміне тиісті ету пайда бермеуімен қатар зиянын да тигізуі мүмкін. Адам адал еңбек жолына тұрып, ол енді қылмыс жасамайды деген сенім пайда болған жағдайда қоғам оған өз бетінше өмір сүруге мүмкіндік беріп, ол өзінің өткен

өмірінен дұрыс қортынды шығара білді деп сенім білдіруге құқылы. Заңамада соттылықтың жойылуының қарастырылуы кездейсоқ емес.

Еңбек ұжымдары мен қоғамдық ұйымдардың бостандыққа шыққан адамдарға көмек көрсетулеріне қатысты жұмыстарын жүзеге асырулары үшін ірі кәсіпорындарда аталған тұлғалардың есебін жүргізген дұрыс. Бұл өз кезегінде көмектесуді керек ететіндерді назарда ұстап жәрдем беруге және постпенитенциарлық кезең бойында бақылауды жүзеге асырып, қоғамдық ұйымдардың жұмысын жоспарлауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік ортаға бейімделуді жеңілдетуде бостандыққа шыққан адамға қандай көмектің көрсетілуінің мүмкіндігі туралы мәселе аталған көмекті көрсетуге қандай қоғамдық ұйымдардың тартылуына байланысты анықталады.

Еңбек ұжымдарында өзіндік қызметтері мен міндеттеріне ие болатын әртүрлі қоғамдық ұйымдар жұмыс жасауы мүмкін. Кәсіподақ ұйымдары олардың ішіндегі ең көп сандысы және беделдісі саналады. Жұмысшыларды қоғамдық пайдалы еңбекке, ұжымның қоғамдық өміріне қатысуға тарту да олардың міндеті болып табылады.

Қылмыстық жазасын өтеп шыққандар үшін қоғамдық пайдалы еңбекке араласу әлеуметтік тұрғыдан алғанда пайдалы болып табылатын қатынастар мен байланыстарды орнатып, бекітудің негізі ретінде өте маңызды.

Бостандыққа шыққан адамдардың күнделікті еңбек қызметі жазаны өтеп шыққаннан кейінгі кезеңнің ерекшеліктерінен туындайтын тәрбиелік бағыттағы тәрбиелік шаралармен ұштастырылады. Олардың таңдалып алынуы әрбір қоғамдық құрылымның ерекшеліктері мен қызметінің бағыттарына тәуелділікте шешілгені дұрыс. Олардың кейбіреулері өндірістік үрдісті бақылай отырып, әкімшілікпен бірлестікте жұмысшыны барынша ыңтайлы еңбектік пайдалану, біліктілігін, білім деңгейін арттыру үшін ынталандыру жағдайын қалыптастыру мәселелерін шеше алады. Басқа қоғамдық құрылымдар қызметкердің бос уақытын дұрыс ұйымдастыруын, демалысын дұрыс пайдалануын назарда ұстайды. Нәтижесінде қоғамдық ұйымдардың күш біріктіруінің арқасында бостандыққа шыққандар еңбек ұжымының тәрбиелік бағыттағы жұмыстарының өрісімен тұрақты түрде қамтылып отырады.

Жазасын өтеп шыққан азаматтармен әртүрлі бағыттағы жұмыстарды жүзеге асыра отырып, ішкі істер органдарының қызметкерлері олармен еңбек қызметі орнындағы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуына көмек көрсетулері тиіс.

Өздеріндегі бар өкілеттіктерге сәйкестікте кәсіподақ ұйымдары бостандыққа шыққандардың еңбекке деген көзқарасын және өндірістегі жүріс-тұрыстарын бақылауға алып, сондай-ақ біліктілігін арттыруға көмек көрсетіп, өздері қызығушылық танытқан мамандықты игеруіне жағдай туғыза алады. Еңбек қызметіне байланысты пайда болатын тұрақты қарым-қатынастар тәрбиелік ықпал етулердің барынша оңтайлы нысандарын тандап алып, барынша білікті жұмысшылар мен қызметкерлер қатарынан тәлімгерлерді тағайындауға мүмкіндік береді. Бостандыққа шыққандарды қоғамдық сипаттағы шараларға тарту белсенділіктің артуына жаңа еңбек ұжымында өзінің өмірін қалыпқа түсіріп жатқан адам үшін маңызды болып табылатын

ұжымшылдық сезімінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Кәсіподақ ұйымдарының бостандыққа шыққан адамдар қатысушысы немесе бастаушысы болуы мүмкін қақтығыстық жағдайларды қалпына түсірудегі рөлі де айқын. Кәсіподақ ұйымдарының ұжымда жазасын өтеп шыққан адамға деген дұрыс және төзімді көзқарасты қалыптастыруда, оларға нақты көмек көрсетуде, қоғамдық бақылауды жүзеге асыруда үлкен мүмкіндіктері бар. Сонымен қатар жазасын өтеп шыққандарға қоғамдық ұйымдардың көмегі тек олардың өндірістік қызметінің өрісімен ғана шектелмегені дұрыс. Ондай бағыттағы жұмыстар олардың тұрғылықты жері бойынша да ұйымдастырылуы керек.

Бостандыққа шыққан адам өзі таңдап алған тұрғылықты жеріне келгеннен кейін жағдайдың өзгеруіне, әлдеқандай мәселелерге дұрыс баға бере алмаулардан туындаған олардың жүріс-тұрыстарында ауытқушылықтар орын алулары мүмкін. Бейімделу кезеңінде сәтсіздіктер де орын алуы мүмкін – қылмыстық ортадағы ескі таныстарымен кездесу, үйдегі көршілерінің теріс болмаса да, сенімсіздік көзқарастарды білдіруі; бас бостандығынан айыру орынымен салыстырғанда барлығы қатаң реттелмейтін, тұрақты түрдегі бақылау мен қадағалауға алынбайтын еркін адамдар арасындағы жүріс-тұрыстарға бойын үйрете алмау т.с.с. Осылардың барлығы бостандыққа шыққан адамдарға олар өздігінен әрқашан бақылауға ала алмайтын ықпалдар тигізуі мүмкін.

Егер қылмыс белгілі бір «игілікке» басқа адамдарға залал келтіре отырып ие болудың қарапайым тәсілі болып табылса, ол сонымен бірге құқыққа қайшы, қоғамға зиян келтіретін белгілі бір әлеуметтік-психологиялық жағдайға жауап қайырудың тәсілі болатын болса, онда алдын алу шараларының басымдығы бірінші кезекте жеке тұлғаның әлеуметтік ортамен қатысының өзіне түседі. Аталған жағдайда тұлғаны әлеуметтік бейімдеудің тәсілдері реттеуді талап етеді әлеуметтендіру процесі, яғни тұлғаны әлеуметтік тұрғыдан қабыл алатын байланыстар мен қатынастар жүйесіне дұрыс кірістіру үрдісі, басты назар аударатын объектіге айналады. Осы міндеттерді жүзеге асыруда қоғамдық ұйымдардың мүмкіншілігі өте зор.

Жоғарыда көрсетілгендерді қорытындылайтын болсақ, жазасын өтеп шыққан тұлғалардың тарапынан құқық бұзушылықтарға оның ішінде қоғам үшін аса қауіпті болып табылатын рецидивтік қылмыстарға жол бермеуде оларға қоғамдық ұйымдар тарапынан бақылау жасаудың маңызы өте зор. Қылмыстық жазасын өтеп шыққандардың бостандықтағы өмір жағдайларына табысты түрде бейімделіп, қоғамдық пайдалы байланыстарын қалпына келтіруде сол арқылы олардың қоғамымыздың саналы азаматтары қатарына қосылуын табысты түрде жүзеге асыруына қоғамдық ұйымдар кеңнен тартылуы тиіс. Мәселе тек аталған бағыттағы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылып, қоғамдық ұйымдарды аталған міндеттерді шешуге жұмылдыра білеудегі мемлекеттік органдар тарапынан тиісті деңгейдегі мүдделіктің жетіспейтіндігінде болып отырған сияқты.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің мәселелерінің шешілуі көптеген зерттеушілердің назарын өзіне аударып келеді, себебі аталған мәселенің талапқа сай шешілуінің құқық қорғау органдарының қылмыстылыққа қарсы күресудегі қызметіндегі аса маңызды рөлін ешкім де жоққа шығара алмайды.

Сондықтан берілген жұмыста бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғалардың жағымды әлеуметтік ортаға қайтып оралуының мәселесіне барынша баса көңіл бөлінуі кездейсоқтық емес. Өмір тәжірибесі көрсеткендей, бас бостандығынан айыру жазасының неғұрлым ұзақ мерзіміне және де жазаның аталған түріне бірнеше рет тартылған тұлғалардың жағымды әлеуметтік ортаға бейімделуінің мәселесі, қазіргі таңда аса күрделі әлеуметтік мәселеге айналып отырғаны да шындық.

Қоғам өміріндегі қандай да болмасын бір мәселе әлеуметтік сипатқа ие болатын болса, ондай мәселені (мысалы, тұрғын үймен, жұмыспен, барлығын бірдей қанағаттандыратын жалақымен, зейнетақымен қамтамасыз ету және т. б.) түпкілікті негізде шешу тіптен мүмкін болмайтын да шығар. Дегенмен қоғам мүшелерінің басым көпшілігі үшін аталған мәселелердің оң шешімін табуы немесе мемлекет тарапынан аталған мәселелерді шешу бағытындағы шаралардың жасақталып, табысты түрде жүзеге асырылуы қоғам өмірін тұрақтандырудағы жағымды фактор болып табылатындығын дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Қоғам өмірінің және соған сәйкестікте құқық ғылымының одан әрі дамуы көптеген құбылыстарға деген біздің көзқарастарымыздың өзгеруіне алып келеді. Солардың қатарында жазалау қылмыстылықпен күрестегі бірден бір тәсіл деген ұғым да қазіргі күн тұрғысынан алғанда жеткілікті дәрежеде негізді болып табылмайды. «Кез келген өркениетті қоғамда жазалау қылмыстылықпен күрестегі қажетті, бірақ ең басты құрал болып табылмайды» - деп атап көрсеткен Е. Қайыржановтың пікіріне толықтай қосылу керек [113, 185.].

Өкінішке орай Қазақстандағы сот тәжірибесі ұзақ жылдар бойына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдануды негізгі бағыт ретінде ұстанып келгендігі рас. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі тиімділігінің әлі де болса жеткіліксіз екендігі де анық. Осы ретте қоғам өмірінде басқадай мәселелер пайда болады, атап айтқанда, тәрбиелік ықпал ету шараларының кез келген нысанына қарсылық білдіретін, қылмыстық сипаттағы жүріс-тұрысты өзінің өмір салты ретінде ұстанатын адамдар санаты қалыптасады және де олар қоғам үшін қауіпті болып табылады.

Мамандардың көпшілігі бас бостандығынан айыру жазасына тиімділіктен гөрі мәжүбірлі құбылыс ретінде көзқарас білдіреді [114, 25-27.].

Осы тұрғыдан алғанда бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның тиімділігінің мәселесі пайда болады. Жазаның тиімділігінің негізіне оның



жалпы және жеке сақтандырушылық ықпалдары мен оның сотталғандарды түзеу және тәрбиелеу құралдары ретіндегі мүмкіндігін жатқызуға болады [115, 59.].

Егер адамды бас бостандығынан айыру жазасына тарту жағымсыз және кейбір жағдайларда тым қолайсыз салдарға ұрындыратын болса, жазаның аталған түрін қолданудың жалпы тиімділігі қандай деген сұрақ туындайды. Бас бостандығынан айыру жазасының көмегімен түзеу және тәрбиелеу мүмкін бе? Адамның сотталғанға дейінгі өмір жағдайлары мен жазасын өтеу барысындағы, яғни қоғамнан оқшаулану жағдайындағы қайшылықтар адамға қаншалықты әсер етеді [57, 94-99.]. Сотталғандар үшін бұл қайшылықтар үш фактордан өзінің көрінісін табады: 1) қоғамның моральдық жазғыруына ұшыраған және қауіпсіздіктің арнайы шараларын қолдануды қажет ететін адамдар топтастырылған арнайы мекемелерде ұсталу; 2) өмір үшін аса қажеттілерін қоса есептегендегі өздерінің қажеттіліктерін өтеу мүмкіндігінің шектелуі, ол өз кезегінде тыйым салуларға қарамастан оларды қанағаттандыруға тырысушылықты туындатады; 3) теңгермешілік негіздерде бастауыш әлеуметтік топтарға кірігу, соның салдарынан өзінің жеке басының қасиеттеріне сәйкестікте ол топтарда өзінің орынын табуға тырысушылық.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға тән болатын үрей, қорқыныш, күйгелектік, өшігушілік, секемшілдік сезімдерін аталған факторлардың әсеріне деген тікелей реакция қарастыру керек. Осындай жай-күй әлдеқандай себептермен қоғамнан оқшауланған, өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруда айтарлықтай шектеулерді бастан кешіретін тұлғаларға (мысалы, зерттеушілер, саяхатшылар, апат жағдайына тап болғандар) тән болады [116, 18-29.]. Қылмыстық жаза өзінің болмысы бойынша қайшылықты құбылыс болып табылады. Жалпы алғанда жағымды, алайда қылмыстылықпен күрес өрісіндегі қоғамдық қатынастарды реттеудің өткір құралы бола отырып, ол әлеуметтік және әлеуметтік-психологиялық мәністегі белгілі бір жағымсыз салдарды да пайда қылады. Аталған салдар бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны қолдану барысында өзінің айқын көрінісін табады [55, 45.]. Олар сотталған адамның жеке басына ықпал ету күші бойынша жазаның мазмұнын құрайтын негізгі жазалаушы және түзету-тәрбиелеуші шаралардан асып түседі. [56, 79.].

Бас бостандығынан айыруға сотталғандарға ықпал етудің аса маңызды факторы - олардың өмірлік және тұрмыстық қажеттіліктерін қамтамасыз етуді ұйымдастыру. Бұл сотталған адамның бостандыққа шығуы тұрғысынан алғанда да аса маңызды болып табылады. Жазасын өтеп шыққан бұрынғы қылмыскер өмір сүріп және жұмыс істеу, отбасын құрып оны асырау мүмкіндігіне ие болып, өзі залал келтірген қоғамға масыл болмауы тиіс [117, 63., 118, 66.].

Біздің тарапымыздан жүргізілген зерттеу төмендегідей мазмұндағы теориялық қорытулар мен тұжырымдарды жасақтап және де ғылыми тұрғыдан алғанда негізді болып табылатын ұсыныстар мен кепіл-кеңестерді жасауға мүмкіндік береді:

1. Философия, әлеуметтану, психология ғылымдарында, қылмыстық-атқару құқығында, криминологияда жинақталған теориялық тұжырымдар және теориялық материалдарды талдау негізінде тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ұғымының жалпы анықтамасына сүйене отырып, бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққан тұлғалардың әлеуметтік ортаға бейімделуі ұғымына төмендегідей анықтама берген дұрыс деп санаймыз.

Тұлғалардың ерекше санаты болып табылатын бас бостандығынан айыру орындарынан бостандыққа шыққандарға жеке адамның жағымды әлеуметтік ортамен оның қарым қатынасқа түсуі, жүріс-тұрысы, қызметінің арқасында сол ортаға белгілі бір дәрежеде бейімделуі жолымен көрінісін табатын, әлеуметтік ортаның нормативтік талаптарына, қылмыстық-құқылық нормаларына және қоғамдық өмір ережелеріне бағынуды қарастыратын, мемлекеттік және қоғамдық бақылаудың жүзеге асырылуымен өзінің жүріс-тұрыстарын жоғарыда аталған нормалармен сәйкестікке келтіруге ықпал ететін әлеуметтік үрдісті түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуі ретінде түсіну қажет.

2. Түзеу мекемелерінен бостандыққа шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін уақыт жағынан алғанда төмендегідей кезеңдерге бөлуге болады:

- танысу кезеңі, оның барысында бостандыққа шыққан адамның жаңа әлеуметтік ортаға бойын үйретуі, өзін қоршаған ең жақын әлеуметтік топтармен жеке қарым-қатыстар орнатуы орын алады.

- қалпына келтіру кезеңі, оның барысында бостандыққа шыққан адам өзінің әлеуметтік ұстанымдарын айқындайды, жеке адамның жүріс-тұрыстарының негізгі бағыттары анықталып, ол атқара алатын әлеуметтік рөлдер белгілі болады және де осы рөлдердің әлеуметтік тұрғыдан алғанда қаншалықты пайдалы екендігін бағамдауға мүмкіндік туындайды.

- қорытынды кезеңі, оның барысында жаңа қатынастар бекітіледі, жеке қарым-қатыстар аясы кеңейе түсіп, адам қоғамдағы жеке орынына ие болады.

Сонымен бірге бейімделу үрдісінің қанағаттанарлықсыз жағдайда да жүруі мүмкін, әсіресе қоршаған әлеуметтік орта бостандыққа шыққан адам онымен тұрақты қарым-қатыстың барысында өзінің бойына сіңіруі мүмкін қоғамға қарсы көзқарастарды, ұстанымдар мен бағыттарды ұстанған жағдайда, яғни бостандыққа шыққан адамның кімдермен қатынас жасайтындығы үлкен маңызға ие болады.

3. Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижесі көрсеткендей бас бостандығынан айыру жазасына тартылғандармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстардың тиімділігін тәрбиелік мақсаттағы әртүрлі шаралардың өткізілуі тұрғысынан емес, олардың бостандықтағы өмірге өнегелілік және психологиялық жағынан алғандағы дайындығы, жаңа ортаға бейімделуі, қиындықтарды және өзін қоршаған әлеуметтік ортаның жағымсыз ықпалдарын жеңе білуі қабілетінің жетілдірілуі тұрғысынан бағаланғаны дұрыс.

Қылмыстық заңнаманы, оны қолдану тәжірибесін талдаудың сондай-ақ қоғамнан, әсіресе ұзақ мерзімдерге оқшаулаудың, адамның психофизиологиялық қасиеттеріне тигізетін әсерінің мәселелерін

зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, бас бостандығынан айырудың пайдалы әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне, ал кейде тіптен үзіліп қалуына сотталғандардың әлеуметтік рөлдерінің айтарлықтай шектелуіне, бас бостандығы өзіндегі азаматтар күнделікті өмірінде тап болып жататын көптеген практикалық мәселелерді шешудегі дербестігінен айырылатындығына толық көз жеткізуге болады.

Аталған жағдайлардың бас бостандығынан айыруға сотталғандардың әлеуметтік ортаға өз бетінше бейімделу мүмкіндіктерін шектейтіндігін ескере отырып бас бостандығынан айыру жазасын, атап айтқанда, ұзақ мерзімдерге қатысты қолдану барынша сақтықты талап ететіндігін ұдайы есте ұстап, жазаның аталған түрін әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және қоғам үшін аса қауіпті болып табылатын тұлғаларды оқшаулау мақсатында ғана қолдану, қылмыстылықпен күрес жүргізу саясатының негізгі ұстанымдарының біріне айналуы тиіс.

4. Зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, қылмыстық жазасын өтеп шыққан тұлғалардың еркіндіктегі өмір жағдайларына және әлеуметтік ортаға бейімделуінің бірдей деңгейде жүзеге аспайтындығын анық байқауға болады.

Бостандыққа шыққан адамдардың бейімделуі барысында жағымды әлеуметтік ортаның ықпалынан тыс қалуы, қоғамға пайдалы еңбекпен айналыспауы немесе жұмыс орны мен тұрғылықты жерін үнемі ауыстыруы, қоғамдық пайдалы қарым-қатыстарын қалпына келтіруге тырыспауы олардың қайталап қылмыс жасайтындығы туралы тұжырым жасауға негіз болады. Қатаң режимдегі колонияда жазасын өтеп жүрген сотталғандардың бір тобына жүргізілген зерттеу нәтижесіне қарағанда олардың 24% жаңа қылмысты жасау сәтінде жұмыс істемеген, 12% тұрақты тұрғылықты мекен-жайы болмаған, 42% қоғамдық, әкімшілік және тәртіптік сипаттағы шараларға тартылған. Олардың 27% бостандыққа шыққаннан кейінгі бастапқы үш айдың ішінде, 34% 4-6 айдың ішінде, 39% 7-12 айдың ішінде қайталап қылмыс жасауы, бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазасын өтеп шыққандарға олар бостандыққа шыққаннан кейінгі бір жылдың ішінде оларға мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан тиісті деңгейде бақылау жасаудың аса маңызды болып табылатындығын айқын көрсетеді.

5. Қылмыстық жазасын өтеу барысында жағымды мінезделетін тұлғалардың бостандыққа шыққаннан кейін өздерін тұрақсыз ұстайтын жағдайлары да сирек кездеспейді: қоғамдық орындарда мас күйлерінде жүру, қоғамдық тәртіп ережелерін бұзу, жұмысқа орналасуға ықылас білдірмеу және т.б. Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, осындай жүріс-тұрыстың негізгі себептері болып түзеу мен тәрбиелеудің жеткіліксіз деңгейі ғана емес, сонымен бірге қоғаммен әлеуметтік пайдалы қатынастарын жоғалту, бостандықтағы өмір жағдайларына психологиялық-педагогикалық жағынан дайындықсыз болу, еңбек және тұрмыстық жағдайларын жайластырудағы объективтік қиындықтар да себеп болатындығын анық байқауға болады. Осыдан кейін бостандыққа шыққандардың қоғамдық пайдалы еңбекке араласуы мен тұрмысын

жайластыру мәселесін шешу, оларды әлеуметтік бейімдеудің табысты түрде жүзеге асырылуындағы шешуші фактор ретінде қарастырылуы тиіс.

6. Жазаны өтеуден босатылғандардың әлеуметтік ортаға бейімделуі бей-берекет түрде жүзеге асырылмайды: ол осыған өкілетті мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен басқарылады. Сотталған адамдар жазасын өтегеннен кейін пайда болатын кейбір қоғамдық қатынастар, бостандыққа шыққан адамдардың бейімделуіне кедергі келтіретін факторларды жою немесе алдын алу мақсаттарын көздей отырып, құқық нормаларымен реттелуі тиіс, яғни әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісінің мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар тарапынан басқарылуы кезеңі жазасын өтеп шыққан тұлғалардың бостандықтағы өмір жағдайларына бейімделуінің дербес сатысы ретінде қарастырылуы керек.

7. Қылмыстық жазасын өтеп шыққандарды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу үрдісінің ұйымдастырылуы барысында бостандыққа шыққан тұлғалардың жеке басының ерекшеліктерінің, сотталғандығының санын, жасаған қылмысының сипатын, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеген түзеу колониясының режимінің түрін, сотталғанға дейінгі және сотталғаннан кейінгі жүріс-тұрыстарының ерекшеліктері және басқадай көрсеткіштер міндетті түрде есепке алына отырып жүргізілгені абзал. Бірнеше рет сотталған немесе қауіпті және аса қауіпті рецидивист деп танылған тұлғалардың бейімделу үрдісіне басшылық жасау, бірінші рет сотталған адамдарға қатысты қолданылатын нысандар мен әдістер арқылы жүргізілмегені дұрыс.

8. Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерге қарағанда, бұрын бірнеше рет сотталып түзелу жолына қасарысып түскісі келмейтін тұлғалардың бостандыққа шыққаннан кейінгі мінез-құлқы, олардың бейімделуінің жағдайлары және олармен жасалатын жаңа қылмыстардың сипаты арасында белгілі бір тәуелділіктің болатындығын анық байқауға болады. Біздің зерттеуімізде келтірілген мәліметтер, бостандыққа шыққан адамдардың берілген санатына кіретіндердің, еркіндіктегі өмір жағдайларына барынша қиын және ұзақ бейімделетіндігін көрсетеді. Пайдакүнемдік сипаттағы қылмыстар үшін сотталған адамдардың жеке бастарының ерекшеліктері олардың бейімделу үрдісін басқарудың сипатын айқындайды, ондағы негізгі басымдық олардың өндірістегі, тұрмыстағы және қоғамдық орындардағы жүріс-тұрыстарына бақылау қоюға және олардың қоғамға қарсы шағын топтармен байланыстар орнатуының алдын алуға бағытталған шараларға берілгені дұрыс.

9. Экономикалық қатынастардың үлкен өзгерістерге ұшырауына байланысты қазіргі уақытта жазасын өтеп шыққан адамдарды жұмысқа орналастыру, тұрғын үймен қамту мәселесі аса шиеленісті күйде қалып отыр: біріншіден, ол адамдардың біліктілігінің төмендігі (олар өндіріс үшін маман ретінде ешқандай қызығушылық туғызбайды, ұйымдар мен кәсіпорындардың әкімшіліктерін ондай адамдарды жұмысқа алуға міндеттеу мүмкін емес); екіншіден, (еңбек, елдің әрбір еңбекке қабілетті азаматы үшін конституцияда

бекітілген міндет ретіндегі сапасынан айырылған) сондықтан ондай адамдардың өнегелік-құқықтық жағынан алғандағы бұзылуының дәрежесіне сәйкес олар үшін қоғамдық өндірістен тысқары жеңіл жолмен ақша табуға тырысу сипатты болады; үшіншіден, кәсіпкерлік құрылымдарда жұмысқа орналасу мүмкіндігінің кеңейе түсуі жағымды факторлармен қатар аталған қызмет өрісіне қылмыстық субьмәдениеттің де дендеп енуі қаупін пайда қылады, ол өз кезегінде коммерциялық және сондай басқа да ұйымдардың жұмыс әдістеріне ықпал етіп, кәсіпкерлік пен заңға қайшы қоғамға қарсы қызметтің арасындағы шекараның жойылуына жағдай туғызады. Сондықтан бостандыққа шыққандарды жұмысқа орналастыру және тұрмыстарын жайластыру мәселесінде екі дербес бағытты ұстанған дұрыс деп ойлаймыз: жағымды мінезделетін тұрғын үймен қамтамасыз етілген сотталғандардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу; түзелу жолына түспеген тұлғалардың және тұрмысын жайластыруға мұқтаж тұлғалардың жұмысқа орналасып және тұрмыс мәселелерін шешуін бақылауға алу және аталған мәселелерді табысты шешу үшін арнайы шаралар жасақтап, олардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету.

10. Жазасын өтеп шыққан адамдарға қойылатын құқықтық шектеулер мен оларға жүктелетін өзіндік міндеттердің көлемін айқындау, бұл адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін, әлеуметтік ортаға бейімделу үрдісіне басқару жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметтеріндегі заңдылықты қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Сонымен қатар, біздің ойымызша, қазіргі қолданыстағы қылмыстық- атқару заңында мерзімінен бұрын шартты түрде босатылғандарға қатысты құқықтық шектеулер мен міндеттер жүйесі жеткілікті деңгейде бекітілмеген. Сондай-ақ, бостандыққа шыққандардың аталған санатына бақылауды жүзеге асыратын қоғамдық органдардың құзіреттері туралы мәселе де заңда тиісті шешімін таппаған. Сонымен бірге мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылғандарға қойылуы мүмкін бақылау мерзімінің қысқартылуының немесе ұзартылуының мүмкіндігі заңнамада нақты бекітілгені дұрыс.

11. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп шыққан тұлғаларды бостандықтағы өмір жағдайларына бейімдеу процесінің табысты түрде жүзеге асырылуы тек ішкі істер, әділет органдарының қызметінің негізінде ғана мүмкін болмайды; аталған міндеттердің жүзеге асырылуы қылмыстылықпен күрестегі әсіресе рецидивистік қылмыстардың алдын алудағы маңызды фактор екендігін ескере отырып, оған қоғам және мемлекет тұтастай мүдделілік танытуы тиіс.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Тарих тағылымдары және қазіргі заман; Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. – Алматы. Қазақстан, 1997. – 128 бет
2. Информационно-статистические материалы по итогам 2006 года; Управление комитета по правовой статистике и специальным учетам по Мангистауской области. – Актау, 2006.
3. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. – Астана, 2007 – 372 б.
4. Кудрявцев В. Н. Предисловие к книге А. М. Яковлева «Преступность и социальная психология» М., «Юридическая литература», 1971. – 248 с.
5. Михлин А. С., Потемкина А. Т. Освобожденные от наказания: права, обязанности, трудовое и бытовое устройство: Учебное пособие. – Хабаровск: Высшая школа МВД СССР, 1989 – 96 с.
6. Яковлев А. М. Преступность и социальная психология: М., «Юридическая литература», 1971. – 248 с.
7. Шаргородский М. Д. Система наказаний и их эффективность // Сов. гос-во и право. 1968 г. №1. С. 55.
8. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 79 б.
9. Кузнецова Н. Ф. Криминология как наука // Советская юстиция. 1970 г. №2. С. 8.
10. Никифоров Б. С. К вопросу об изучении эффективности уголовно-правовых мер борьбы с преступностью, «Эффективность уголовно-правовых мер борьбы с преступностью», М., 1968.
11. Стручков Н. А. Советская исправительная политика и ее роль в борьбе с преступностью. Саратов, 1970 – 100 с.
12. Карпец И. И. Проблема преступности. М.: Госюриздат, 1969. – 168 с.
13. Аванесов Г. А. Теория и методология криминологического прогнозирования. – М., Наука, 1968 – 267 с.
14. Глоточкин А. Д., Пирожков В. Ф. Психологическое состояние человека, лишенного свободы. – М., 1968 г.
15. Шафранская К. Д. Фрустрация при переживании жизненных трудностей, «Человек и общество», вып. IX, Л., 1971 г.
16. Кон И. С. Социология личности. – М.: Политиздат, 1967. – 383 с.
17. Шмаров И. В., Кузнецов Ф. Т., Подымов П. Е. Эффективность деятельности исправительно-трудовых учреждений. М., 1968. – 137 с.
18. Общая теория права / Под редакцией А. С. Пиголкина – М.: МГТК им. Н. Э. Баумана, 1995. – 384 с.
19. Большой иллюстрированный словарь иностранных слов: 17000 сл. – М.: ООО «Издательство АСР» 2004. – 957 с.
20. Гилинский Я. И. Стадии социализации индивида / Человек и общества. – Л., 1971. – С. 40-45.

21. Философские проблемы теории адаптации / Под редакцией Г. И. Царегородцева. – М.: Прогресс, 1975. – 252 с.
22. Казначеев В. П. Современные аспекты адаптации. – Новосибирск: Наука, 1980. – 191 с.
23. Андреева Д. А. О понятии адаптации. Исследование адаптации студентов в условиях учебы в вузе // Человек и общество. – Л., 1973. – Вып. XIII. – С. 65-70.
24. Уэллс Г. К. Крах психоанализа. От Фрейда к Фромму. – М.: Прогресс, 1968. – 287 с.
25. Социальная психология личности. – М.: Прогресс, 1979. – 71 с.
26. Свиридов Н. А. Социальная адаптация личности в коллективе // Социологические исследования. – 1980. № 3. С. 44-52.
27. Маркарян Э. С. Вопросы системного исследования общества. – М.: Знание, 1972. – 62 с.
28. Попов С. Сознание и социальная среда. – М.: Прогресс, 1979. – 122 с.
29. Медведов Г. П., Рубин Б. Г., Колесников Ю. С. Адаптация – важная проблема педагогики высшей школы // Советская педагогика. – 1969. № 3. С. 64-71.
30. Растова Л. М. Социальная адаптация личности в коллективе / Автореф. дисс. канд. философ наук. – Томск, 1973. – 23 с.
31. Ананьев Б. Г. Человек как предмет познания мира. – Л.: ЛГУ, 1968. – 339 с.
32. Решетина А. М. Общественно-психологические закономерности социализации личности. – Омск: Омская ВШ МВД СССР, 1974. – 72 с.
33. Войтко В. И. Научно-техническая революция и проблемы социализации личности в условиях научно-технического прогресса. – Киев: Наук. Думка, 1975. – 62 с.
34. Растова Л. М. К вопросу соотношения социализации и социальной адаптации личности // Труды Алтайского политехнического института им. И. И. Ползунова. – Барнаул, 1974. – Вып. 37. – С. 351-356.
35. Зотова О. И., Кряжева И. К. Некоторые аспекты социально-психологической адаптации личности // Психологические механизмы регуляции социального поведения. – М., 1979. – С. 219-232.
36. Яковлев А. М. Проблемы социальной адаптации и противоправное поведение, «Ученые записки ВНИИСЗ», вып. 17, М., 1969.
37. Иванов В. Г. Коллектив и личность М.: Прогресс, 1971. – 136 с.
38. Карпец И. И. Наказание социальные, правовые и криминологические проблемы. – М.: Юрид. Лит., 1973. – 228 с.
39. Антонян Ю. М. Некоторые проблемы ресоциализации судимых лиц // Проблемы борьбы с рецидивной преступностью. – М., 1980. – С. 68-70.
40. Гуськов В. И. Социально-правовые проблемы профилактики рецидивной преступности среди освобожденных от наказания. Дисс...д-р юрид. наук. – М., 1976. 383 с.
41. Шмаров И. В. Преодоление отрицательных последствий отбывания уголовного наказания // Сов. гос-во и право. 1977. № 2. – С. 38-42.

42. Хохряков Г. Ф., Саркисов Г. С. Преступление осужденных: причины и предупреждение. – Ереван: Айастан, 1988. – 288 с.
43. Парыгин Б. Д. Социальная психология как наука. – Л., ЛГУ, 1967. – 348 с.
44. Чукмаитов Д. С. Теоретические основы системы исполнения наказаний по законодательству Республики Казахстан. – Алматы: Баспа, 1999. – 288 с.
45. Шмаров И. В. Предупреждение преступлений среди освобожденных от наказания (проблемы социальной адаптации) «Юридическая Литература» М., 1974. – 136 с.
46. Утевский Б. С. Вопросы теории советского исправительно-трудового права и практика его применения. М., 1957. – 272 с.
47. Түрмедегілер саны азайып келеді // Заң газеті № 85 (709) 16 тамыз 2005 ж.
48. Салауатдинов С. А. Социальная характеристика длительных сроков лишения свободы как меры уголовного наказания // Актуальные проблемы уголовного права и криминологии. – М.: Всесоюзн. инс-т по изучению причин и разработке мер предупреждения преступности, 1981. – С. 76-88.
49. Щепанский Я. Элементарные понятия социологии.- М.: Просвещение, 1969. – 240 с.
50. Михлин А. С. Проблемы досрочного освобождения от отбывания наказания. М.: ВНИИ МВД СССР, 1987. – 152 с.
51. Янкова З. Я. Формирование личности в быту, Социальные исследования», вып. 7, М., 1971.
52. Обзор о состоянии воспитательной работы в исправительных учреждениях республики за 9 месяцев 2007 года / Астана – 2007г. Управление по воспитательной работе Комитета УИС МЮ РК. 11 с.
53. Старков О. В. К вопросу о предмете и системе криминологии. Рязань: РВШ МВД СССР, 1985. – 78 с.
54. Хохряков Г. Ф. Значение пенитенциарной криминологии для развития общей теории причин преступности. М., 1982. – 258 с.
55. Шмаров В. И. Социальные проблемы исполнения уголовного наказания. Рязань: РВШ СССР, 1980. – 96 с.
56. Яковлев А. М. Преступность как социально-правовое явление // Сов. гос-во и право. 1978 № 1 С. 55-59.
57. Гальперин И. М. Социальные изменения и содержание наказания. М.: ВНИИ МВД СССР, 1982. – 78 с.
58. Кудрявцев В. Н. Причины правонарушений. М.: Юрид. лит., 1976. – 191 с.
59. Антонян Ю. М. Социальная среда и формирование личности преступника. – М.: ВНИИ МВД СССР, 1975. – 80 с.
60. Сундарев Ф. Р. Социально-психологические и правовые аспекты исправления и перевоспитания правонарушителей. – Казань: Казан. ун-т, 1976. – 143 с.
61. Блувштейн Ю.Д. Теоретические вопросы статистического изучения личности преступника: Автореф. дис...канд. юрид. наук.- М., 1963. – С.7
62. Михлин А.С. Роль социальных и демографических свойств личности в исправлении и перевоспитании осужденных к лишению свободы. – М., 1970.



63. Антонян Ю. М. Изучение личности преступника. – М.: ВНИИ МВД СССР, 1982. – 80 с.
64. Васильев В. Л. Юридическая психология. – 3-е изд. – СПб: Издательство «Питер», 2000. – 624 с.:
65. Метелкин М. Б., Михлин А. С. Личность особо опасных рецидивистов. – М.: ВНИИ МВД СССР, 1980. – 78 с.
66. Ковалев А. Г. Психологические основы исправления правонарушителей. – М.: ВШ МООП СССР, 1968. – 119 с.
67. Кудрявцев В. Н. Причинность в криминологии. – М.: Юрид. лит., 1968. – 176 с.
68. Антонян Ю. М. Преступность пожилых людей. // Сов. гос-во и право. 1991. № 11. С. 67-73.
69. Тирский В. В. Войтин Н. В. Криминологические и уголовно-правовые значение пожилого возраста. – В сб.: Правовые вопросы с преступностью. – Томск, 1984. С. 25-30.
70. Криминология. Учебник для юридических вузов / Под редакцией проф. В. Н. Бурлакова, проф., академика В. П. Сальникова. – СПб.: Санкт-Петербургская академия МВД России, 1998. – 576 с.
71. Криминология. Учебник для вузов / Под общей редакцией доктора юридических наук, профессора А. И. Долговой. - М.: Издательство НОРМА (Издательская группа НОРМА – ИФРА. М), 2000. – 784 с.
72. Яковлев А. М. Борьба с рецидивной преступностью. – М.: Наука, 1964. – 224 с.
73. Карпец И. И. Индивидуализация наказания в советском уголовном праве. М.: Госюридиздат. 1961. – 158 с.
74. Герцензон А. А. Уголовное право и социология. М.: Юрид. лит. 1970. – 176 с.
75. Аванесов Г. А. Теория и методология криминологического прогнозирования М.: Наука, 1972. – 324 с.
76. Филимонов В. Д. Криминологические основы уголовного права. Томск, 1981. – 260 с.
77. Зельдов С. И. О правовом статусе судимых лиц // Сов. гос-во и право. 1979. № 6 С. 97.
78. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: 2006. – 36 бет.
79. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы. – Алматы: «ЮРИСТ», 2007. – 140 б.
80. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 108 б.
81. Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі, - Алматы: ЮРИСТ, 2006. – 141 б.
82. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы // 2007. № 5-6. 23-49 б.
83. Жазасын өтеуден мерзімінен бұрын-шартты түрде босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру Ережесі. (Қазақстан Республикасы Ішкі

- істер министрінің 2007 жылғы 21 тамыздағы № 340 бұйрығымен бекітілген) // Заң газеті № 168 (1197) 2 қараша 2007 ж.
84. Стручков Н. А. Научная основа совершенствования исправительно-трудового право, «Труды Высшей школы МООП СССР», вып. 16, М., 1967. С. 133.
85. Никифиров Б. С. О рецидиве и судимости // Сов. гос-во и право. 1957. № 5 С. 100.
86. Ераксин В. В., Помчалов Л. Ф. Погашение и снятие судимости в советском уголовном праве М.: Юрид. лит., 1963. – 151 с.
87. Ведомости Верховного Совета СССР 1966. № 30.
88. Ведомости Верховного Совета СССР 1970. № 24.
89. Ведомости Верховного Совета СССР 1981. № 10.
90. Ведомости Верховного Совета СССР 1983. № 39.
91. Иногамов Ш. Х. Социальное назначение и правовое регулирование административного надзора как юридического института // Сов. гов-во и право. 1991. № 9 С. 87-90.
92. Ведомости Верховного Совета СССР 1966. № 32.
93. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару құқығы: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2002. – 256 бет.
94. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі № 28 Заңы.
95. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің ресми мәтіні. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 672 б.
96. Сычев Ю. В. Микросреда и личность. – М.: Наука, 1974. – 168 с.
97. Шестаков Д. А. Введение в криминологию семейных отношений. Л., 1980. – 133 с.
98. Рецидивная преступность: понятие и криминологическая характеристика. – Рига, 1983.
99. Кафаров Т. М. Проблемы рецидива в советском уголовном праве. – Баку, 1972. – 255 с.
100. Ансель М. Новая социальная защита // Гуманистические движения в уголовной политике. – М.: Прогресс, 1970. – С. 68-70.
101. Жорабеков С. Проблемы социальной адаптации осужденных, отбывших длительные сроки лишения свободы. Дисс... канд. юрид. наук, Алматы, 1998. – 131 с.
102. Пенитенциарные системы зарубежных стран. – Киев: Ред. издат. отдел МВД Украины, 1993. – 104 с.
103. Стручков Н. А., Шупилов В. П. Исполнение уголовного наказания в капиталистических странах. – М.: Академия МВД СССР, 1979. – 87 с.
104. Сборник статистических данных о работе судов Мангистауской области за 12 месяцев 2006 года. – Актау: УКПС и СУ ГП РК 2007. – 34 с.
105. Шмаров И. В. Исправительно-трудовое право. - М.: Наука, 1966. – 262 с.

106. Яковлев А.М. Об эффективности исполнения наказания // Сов. гос-во и право. 1964. №1. С. 101.
107. Наташев А.Е., Стручков Н.А. Основы теории исправительно – трудового права. М., 1967. – 164 с.
108. Никитинский В. И. Эффективность норм трудового права. М.: Наука, 1964. – 131 с.
109. Шаргородский М. Д. Наказание, его цели и эффективность. Избранные труды / Сост. и предисловие докт. юрид. наук, проф. Б. В. Волженкина. – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс», 2004. – 657 с.
110. Исправительно-трудова педагогика. – М.: Академия МВД СССР, 1978. – 377 с.
111. Карпец И. И. Современные проблемы уголовного права и криминологии. М.: Юрид. Лит., 1976. – 238 с.
112. Злобин Г. А. О методологии изучения эффективности уголовного наказания в советском уголовном праве и криминологии // Вопросы предупреждения преступности. – М., 1965. – Вып. 1. – С. 63-65.
113. Каиржанов Е. И. Уголовное право Республики Казахстан (общая часть). Алматы, 2003. – 254 с.
114. Хохряков Г. Ф. Наказание в виде лишения свободы: оценка эффективности // Сов. гос-во и право. 1989. № 2 С. 65-73.
115. Коган В. М. Наказание: проблема гуманизации // Сов. юстиция. 1987. № 19. С. 25-27.
116. Хрящева Н. Ю. Особенности психических состояний условиях изоляции. – В кн.: Экспериментальная и прикладная психология. Вып. 10. Серия «Психические состояния». Л., 1981. – С. 18-29.
117. Стручков Н. А. Союзный закон об исполнении наказания // Сов. гос-во и право. 1990. № 1. С. 60-67.
118. Каретников И.В. Криминологические проблемы исполнения и отбывания уголовного наказания в виде лишения свободы // Сов.гос-во и право. 1989. №10. С. 66-72.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ТҮЗЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕН БОСАТЫЛҒАН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ТҮСІНІГІ МЕН НЕГІЗДЕРІ</b>	
1. 1 Жазасын өтеген тұлғалардың әлеуметтік бейімделуінің түсінігі.....	7
1. 2 Түзету мекемелеріндегі сотталғандарды әлеуметтік бейімдеуге дайындау кезеңі.....	25
1. 3 Еркіндіктегі өмір жағдайларына бейімдеу үшін бостандыққа шыққан тұлғалардың жеке басын зерттеудің маңызы.....	40
<b>2 ЖАЗАСЫН ӨТЕГЕН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР</b>	
2. 1 Жазасын өтеп шыққан тұлғалар арасындағы рецидивтік қылмыстылықтың ерекшеліктері.....	60
2. 2 Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың кейбір санаттарының құқықтық шектелуі.....	66
2. 3 Әкімшілік бақылау.....	80
2. 4 Еңбек және тұрмыс мәселелерін шешудің маңызы.....	90
2. 5 Жазасын өтеп шыққан тұлғалардың қайталап қылмыс жасауының алдын алудағы қоғамның рөлі.....	107
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	120
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	126





Пішімі 60x84 1/12  
Көлемі 135 бет 11,25 шартты баспа табағы  
Таралымы 20 дана.  
Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ  
Редакциялық - баспа бөлімінде басылды.  
Ақтау қаласы, 32 ш/а.